Этнограф Д. Катранның деректері бұл нормативтік жүйенің тек вербалды деңгейде ғана емес, нақты практикалық іс-әрекетте де жүзеге асқанын көрсетеді: «қазақтар белгілі бір жерден қоныс аударып кетіп бара жатқанда, ол аймақты толық тазалап, от жаққан орындарын топырақпен көміп, ауылға ыңғайлап бұрған бұлақты қайта өз арнасына түсіретін болған» [14]. Бұл тәжірибе – қалдықсыз өмір сүрудің дәстүрлі үлгісі ғана емес. Ол сонымен бірге «жол» ұғымының экологиялық кодын практикада жүзеге асырудың нақты көрінісі. Адам кеткен кеңістік оның келуіне дейінгі табиғи күйіне барынша жақын қалуы керек.

Осы онтологиялық қағида мен нормативтік жүйені тілдік деңгейде сақтап, ұрпаққа жеткізген негізгі арна – фольклор. Қазақ фольклорында «жол» ұғымы тек қозғалыс бағытын білдірмейді. Ол адам мен табиғаттың өзара әрекеттесуінің этикалық коды. Бұл кодтың мазмұнын ашу үшін мақал-мәтелдерге жүгінейік. «Атадан мал қалғанша тал қалсын» – табиғи мұра материалдық игіліктен жоғары тұр. «Бұлақ көрсең, көзін аш» – табиғи ресурстарды сақтау және қалпына келтіру керек. «Ағаш тамырымен мықты, адам дос-жарымен мықты» – адам мен табиғаттың тіршілік логикасы бір [15,

51 б.]. Бұл нақылдар бір нәрсені айтады: адам табиғатпен үйлескенде ғана тұрақты дамуға қол жеткізеді. Бұл «жол» ұғымының экологиялық аспектісіне толық сәйкес келеді.

Қазақ дүниетанымындағы экологиялық сананың бастаулары одан да ертеде. Матриархат дәуіріндегі от пен су культтері – табиғат элементтерін қасиетті деп танудың алғашқы формалары. «Ұмай ана», «от ана» ұғымдары осы көзқарастың көне қабатын көрсетеді [16, 40 б.]. Бұл түсініктер кейін «жол» ұғымымен ұштасып, тыйымдар мен мақал-мәтелдердің онтологиялық негізіне айналды.

«Жол» ұғымының экологиялық коды төрт деңгейде бірдей жұмыс істейді: онтологиялық, ритуалдық, нормативтік, тілдік. Бұл – тұтас жүйе. Жүйенің ерекшелігі – ол «киелі табиғат» концепциясында синтезделеді [14]. Қазақ дәстүрлі дүниетанымында тау, өзен, көл, ағаш, жануарлар – бәрі рухани субъект. Сондықтан оларға зиян келтіру экологиялық қателік қана емес, моральдық тұрғыдан айыпталатын әрекет. Екінші бөлімде қарастырылған экоцентризмге, яғни А. Леопольд еңбегіне зияткерлік ізденіс арқылы келсе, қазақ мәдениетінде бұл қағидалар тарихи тәжірибеден туған. Қазіргі кезеңде бұл жүйені заманауи ғылыми және саяси тілде қайта пайымдауға болады. «Обал болады» – саналы тұтыну этикасымен үндеседі. Жер-Су культіндегі жауапкершілік – ESG стандарттарымен сай келеді. Тыйымдар жүйесі – тұрақты даму принциптерімен ұштасады[14]. Сондықтан «жолдың» экологиялық коды тек тарихи-мәдени мұра ғана емес. Оны қазіргі экосаясат пен білім беру жүйесіне енгізудің теориялық негізі ретінде қарастыруға болады. Бұл бағыттағы нақты мүмкіндіктер мақаланың келесі бөлімінде талданады.

«Жол» ұғымының практикалық аспектілері

Экологиялық саясат тұрғысынан «жол» концептісі батыстық «жасыл саясатпен» үндеседі. Бірақ олардың арасында принципті айырмашылық бар. Батыстық «жасыл саясат» табиғатты қорғауды сыртқы реттеу тетіктері арқылы жүзеге асырады – заңнама, салық, шектеулер. Ал «жол» концептісі бұл үдерісті ішкі моральдық міндет ретінде негіздейді. Бұл айырмашылық практикада анық көрінеді. Сыртқы реттеу тұрақты бақылауды талап етеді. Ішкі моральдық жауапкершілік болса, экологиялық сананың қалыптасуына сүйенеді.

Қазақстанның 2021 жылғы «Экологиялық білім беру туралы» заңы осы екі тәсілді ұштастыруға бағытталған маңызды қадам [17]. Ол құқықтық нормалар мен мәдени-тәрбиелік ықпалдарды біртұтас жүйе ретінде қарастырады. Осы тұрғыдан «жол» концептісі нормативтік және мәдени деңгейлердің синтезін қамтамасыз ететін әдіснамалық негіз ұсынады. Экологиялық салық салу, көміртегі бейтараптығына ұмтылу, жаңартылатын энергия көздерін дамыту – бұл шаралардың барлығы дұрыс бағыттағы институционалдық қадамдар. Бірақ олардың тиімділігі қоғамның моральдық және құндылықтық дайындығына тікелей байланысты.

Білім беру жүйесінде «жол» ұғымының практикалық мүмкіндіктері айқын көрінеді. Қазақтың дәстүрлі тыйымдары мен мақал-мәтелдері, атап айтқанда «Жерді сабалама», «Бұлақ көрсең, көзін аш», «Атадан мал қалғанша тал қалсын» – бұл экологиялық нормативтік жүйенің тілдік коды. Бұл кодты мектеп бағдарламасына енгізу мәдени тәрбие мен экологиялық сананы қалыптастырудың тиімді дидактикалық тәсілі. Неге? Себебі ол абстрактілі қағидаларға емес, нақты бейнелік ойлауға негізделген.

Жоғары оқу орындарында «жол» ұғымын экологиялық этика курстарының аналитикалық негізі ретінде пайдалануға болады. Сонда студенттер экологиялық дилеммаларды формальды ережелер арқылы емес, «қай жол дұрыс?» деген моральдық сұрақ аясында шешеді [3, 79 б.]. Бұл тәсілдің басты артықшылығы – дәстүрлі мәдени мұра мен заманауи ғылыми-техникалық дамуды бір-біріне қарама-қарсы емес, өзара толықтыратын жүйелер ретінде қарастыру. Теориялық тұжырымдарды практикада тексеру үшін Батыс Қазақстан өңірін алайық. Бұл аумақта көшпелі мал шаруашылығының дәстүрлі практикалары салыстырмалы түрде жақсы сақталған [18, 170 б.]. Мұнда үш бағыт айқындалады.

Бірінші бағыт – жайылымдарды ауыспалы пайдалану дәстүрін заманауи ауыл шаруашылығына бейімдеу. Бұл – жайылымдардың деградациясын болдырмаудың тиімді әрі тәжірибе жүзінде дәлелденген механизмі. Сондықтан

мұны қайта ойлап табудың қажеті жоқ – қолданыстағы тәжірибені жаңғырту маңызды [18, 156 б.]. Бұл модельдің тұрақты жұмыс істеуі жергілікті қауымдастықтың қолдауына тәуелді. Ал мұндай қолдауды дәстүрлі «киелі табиғат» концепциясы қамтамасыз етеді. Дәстүрде қасиетті саналған таулар, бұлақтар, орман алқаптарын ерекше қорғалатын аумақтар жүйесіне енгізу керек. Ол мемлекеттік реттеу шарасы ретінде емес, мәдени мұраны сақтаудың табиғи жалғасы ретінде қабылданады.

Екінші бағыт – осы мәдени-экологиялық негізді институционалдық деңгейде бекіту. Яғни, дәстүрлі тәжірибелерді заманауи басқару және реттеу тетіктерімен ұштастыру. Бұл – экономикалық және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ететін аралық буын.

Үшінші бағыт – экологиялық туризмді дамыту. Егер алдыңғы екі бағыт нәтижелі жүзеге асса, бұл сала табиғи түрде дамиды. Көші-қон жолдары, жайлаулар, тарихи қоныстар – бәрі тек мәдени мұра емес, сонымен бірге тірі экожүйе. Осылайша туризм экологиялық жауапты әрі экономикалық тиімді модельге айналады.

Алайда аталған үш бағыттың барлығына ортақ шектеу бар, ол дәстүрлі білім тасымалдаушылары санының азаюымен байланысты. Урбандалу үдерісі дәстүрлі тәжірибенің үздіксіздігін әлсіретеді, климаттың өзгеруі жайылымдық экожүйелердің табиғи құрылымын өзгертеді, ал жастардың ауыл шаруашылығына деген қызығушылығы төмендеуде. Бұл факторлар мәдени тәжірибелерді жаңғыртуды мемлекеттік қолдаусыз жүзеге асыруды қиындатады, ал мұндай қолдау міндетті түрде ғылыми негіздемемен қамтамасыз етілуі тиіс.

Бұл практикалық импликациялардың жаһандық өлшемі БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарымен байланысты. Тұрақты даму мақсаттарының этикалық өзегі – болашақ ұрпақтар алдындағы жауапкершілік. Бұл ұстаным Г. Йонастың «жауапкершілік принципімен» үндеседі. Осы қағида қазақтың «жол» философиясында да бар. Айырмашылық – берілу формасында. Тұрақты даму мақсаттары нормативтік-құқықтық тілге сүйенсе, «жол» мәдени-символдық тілді пайдаланады. Дж. Сакстың тұрақты даму туралы талдауы мәдени факторлардың Тұрақты даму мақсаттарын іске асырудағы шешуші рөлін көрсетеді [12, 258 б.]. Бұл тұжырым «жол» концептісінің практикалық маңызын жаһандық деңгейде негіздеуге мүмкіндік береді. Тұрақты дамудың үш бағыты – экономикалық, әлеуметтік, экологиялық – тепе-теңдігі қазақтың «орта жол» философиясымен сәйкес келеді. Бұл сәйкестік тек риторикалық ұқсастық емес. Ол «жол» ұғымының экологиялық аспектісін тұрақты даму саясатының мазмұндық негізі ретінде қарастырудың теориялық алғышарты.

Жүргізілген зерттеу «жол» ұғымының экологиялық аспектісі бір мезгілде әмбебап және бірегей екенін көрсетті. Бұл екі қасиет бірін-бірі жоққа шығармайды, керісінше – толықтырады.

Әмбебап деңгей. Ортақ онтологиялық тезис: адам табиғаттың құрамдас бөлігі, оны иеленуші емес. Бұл ұстаным даосизмдегі «дао», буддизмдегі «орта жол», исламдық тасаввуфтағы «тариқ», батыстық терең экологиядағы «эко-дао» – бәрінде бар. Зерттеу көрсеткендей, ресурстарды ұтымды пайдалану, биоалуантүрлілікті сақтау, табиғатқа құрметпен қарау – бұл қағидалардың бәрі трансмәдени сипатқа ие. А. Несстің терең экологиясы батыс философиясының осы әмбебап принципке өзіндік зияткерлік жолмен келгенін көрсетеді. Ал қазақ мәдениеті бұл қағидаларды ұзақ тарихи кезеңдер бойы тәжірибелік деңгейде жүзеге асырып келген.

Бірегей деңгей. Әмбебап тезистің қазақ мәдениетіндегі өзіндік көрінісі. Бұл контексте «жол» тек философиялық метафора емес, ол тарихи тәжірибеге негізделген нормативтік-практикалық жүйе. Бұл жүйе төрт деңгейді біріктіреді. Моральдық деңгейде бұл Жер-Ана культі арқылы, ритуалдық деңгейде Жер-Су рәсімдері арқылы, тілдік деңгейде тыйымдар мен мақал-мәтелдер арқылы, ал практикалық деңгейде қалдықсыз өмір сүру қағидалары арқылы көрініс табады. Батыстық экологиялық этика мұндай интеграцияға ұмтылыс танытып отыр, ал қазақ мәдениетінде бұл синтез тарихи түрде қалыптасқан және әлеуметтік практикада орныққан [14]. Бұл синтез «жол» ұғымының қазақ дүниетанымындағы көрінісін жаһандық экологиялық философияға қосылған өзіндік үлес ретінде қарастыруға негіз береді. Қазақ моделінің теориялық құндылығы – ол батыс рационализмі мен шығыстық тұтас дүниетанымды байланыстыратын концептуалды көпір қызметін

атқара алады. Ол экоцентристік этиканың (А. Леопольд, Х. Ролстон) қағидаларын мәдени-тәжірибелік деңгейде нақтылайды.

Зерттеудің бірнеше шектеулерін де атап өту керек. Олар болашақ зерттеулердің бағытын белгілеуге мүмкіндік береді. Біріншіден, Эмпирикалық база негізінен қайталама дереккөздерге сүйенеді – жарияланған фольклор жинақтары мен этнографиялық сипаттамалар. Далалық зерттеулер жүргізілмеген. Сондықтан дәстүрлі практикалардың қазіргі сақталу деңгейі тікелей тексерілмеген. Екіншіден, Зерттеу көбіне Батыс Қазақстан материалдарына негізделген. Шығыс, Оңтүстік, Орталық Қазақстан аймақтарының ерекшеліктері, сондай-ақ түркі және моңғол халықтарымен салыстырмалы талдау жеткілікті қамтылмаған. Үшіншіден, «жол» концептісі мен Қазақстанның нақты саяси құжаттары, соның ішінде «Жасыл экономика» бағдарламасы және «Экологиялық білім беру туралы» заң арасындағы байланыс эмпирикалық тұрғыдан жеткілікті тексерілмеген.

Осы шектеулерді ескере отырып, болашақ зерттеулер үшін бірнеше бағыт айқындалады. Бірінші бағыт мал шаруашылығымен айналысатын отбасылар арасында сауалнама, тереңдетілген сұхбат және бақылау әдістері арқылы далалық этнографиялық зерттеулер жүргізуді қамтиды. Екінші бағыт Қазақстанның барлық өңірлерін, сондай-ақ көрші көшпелі халықтарды қамтитын салыстырмалы-мәдени талдауды тереңдетуге бағытталған. Үшінші бағыт экологиялық экономика, психолингвистика және корпустық лингвистика салаларындағы мамандармен пәнаралық синтезді кеңейтуді көздейді. Төртінші бағыт «жол» ұғымын мектеп оқулықтары мен жоғары оқу орындарының экологиялық этика курстарына енгізудің нақты әдістемесін әзірлеумен байланысты. Бесінші бағыт климаттың өзгеруі, урбандалу және жаһандану жағдайында дәстүрлі экологиялық сананың трансформациясын ұзақ мерзімді мониторингтеу міндетін алға қояды.

Қорытынды

Осы зерттеу «жол» ұғымының экологиялық аспектісін табиғатпен үйлесімділік философиясы тұрғысынан жүйелі талдауды мақсат етті. Жүргізілген философиялық, салыстырмалы және эмпирикалық талдаулар нәтижесінде бірқатар теориялық тұжырымдар мен практикалық қорытындылар жасалды.

Бірінші тұжырым – «Жол» ұғымының экологиялық аспектісі үш деңгейді қамтитын тұтас жүйе: онтология, гносеология, аксиология. Онтологиялық деңгейде «жол» – табиғаттың өзінің болу тәсілі. Табиғат ішкі заңдылықтарға бағынады. Егер адамзат осы заңдылықтармен үйлеспесе, климаттық дағдарыс пен биосфера деградациясы басталады. Гносеологиялық деңгейде «жол» ғылыми-аналитикалық және дәстүрлі-тәжірибелік білімнің синтезіне негізделген тұтас экологиялық дүниетанымға бағдар береді. Аксиологиялық деңгейде «жол» моральдық міндеттемеге айналады. Табиғат заңдылықтарын тану – оны сақтау жауапкершілігін туындатады. Осы үш деңгей бір-бірімен байланысты: тану, білу, сақтау. Бұл деңгейлердің философиялық рефлексия тіліне айналуын біз даосизмдегі «дао», антикалық «орта жол», исламдық «тариқ» ұғымдарынан бастап, терең экология мен «мейірімді тыңдау» принципіне дейінгі эволюциядан көрдік.

Екінші тұжырым табиғатпен үйлесімділік философиясындағы парадигмалық эволюцияның өз логикасы бар. Антропоцентризм, биоцентризм және экоцентризм арасындағы сабақтастық заңды. Неге? Себебі экологиялық дағдарыс тереңдеген сайын этикалық қауымдастық шекарасы кеңейе түскен – адамнан тірі организмдерге, одан әрі биогеоценозға қарай. Антропоцентризмге сын, биоцентристік тұжырымдама, «жер этикасы», «жауапкершілік принципі» – бәрі бір-бірін толықтыратын диалог құрады. Олар уақыттық өлшемде болашақ ұрпақтар алдындағы моральдық міндеттемені негіздейді. «Жол» ұғымы осы теориялық бағыттарды бір концептуалды тұтастыққа біріктіреді. Ол экоцентризмнің этикалық қағидаларын, уақыттық жауапкершілік идеясын және болмыс тәсілі ретіндегі онтологиялық тұжырымды өз бойына синтездейді.

Үшінші тұжырым – қазақ мәдениетіндегі «жолдың» экологиялық коды батыстық экоцентристік этиканың тәжірибелік негіздерінің бірі. Бұл код бірнеше деңгейде жүзеге асады: онтологиялық деңгейде «Жер-Ана» концептісі табиғатты тірі әрі рухани

субъект ретінде қабылдатады; ритуалдық деңгейде Жер-Су культі өзара жауапкершілік қатынасын бекітеді; нормативтік деңгейде тыйымдар жүйесі табиғатқа агрессияны шектейді; тілдік деңгейде мақал-мәтелдер бұл қағидаларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді. «Киелі табиғат» концепциясы осы деңгейлерді біртұтас дүниетанымға біріктіреді. Д. Катранның этнографиялық деректері бұл жүйенің практикалық сипатын дәлелдейді. Мысалы, қоныс аудару кезінде аумақты тазалау, бұлақтарды табиғи арнасына қайтару – бұлар қалдықсыз өмір сүрудің тарихи формасы. Батыстық экоцентризм ұқсас тұжырымдарға зияткерлік ізденіс арқылы келсе, қазақ мәдениеті бұл қағидаларды ұзақ уақыт бойы тәжірибеде жүзеге асырған. Сондықтан «жолдың» экологиялық кодын тек мәдени мұра емес, тәжірибелік тұрғыдан дәлелденген модель ретінде қарастырамыз.

Төртінші тұжырым – «жолдың» экологиялық аспектісі – практикалық саясат пен білім беру үшін мазмұнды ресурс. Экологиялық саясатта «жол» концептісі батыстық «жасыл саясаттан» ерекшеленеді. Батыстық тәсіл сыртқы реттеуге (заңнама, салық, шектеулер) сүйенсе, «жол» ішкі моральдық міндетке негізделген. Сыртқы реттеу бақылау механизмдерін талап етеді. Ал ішкі моральдық жауапкершілік экологиялық сананы дамытады. Қазақстанның «Экологиялық білім беру туралы» заңы осы екі тәсілді ұштастыруға бағытталған институционалдық қадам. Бірақ оны дәстүрлі экологиялық мәдениет элементтерімен толықтыру керек. Білім беру жүйесінде «жолдың» дидактикалық әлеуеті зор. Тыйымдар мен мақал-мәтелдер абстрактілі қағидалардан гөрі нақты бейнелер арқылы нормативтік жүйе құрайды. Батыс Қазақстан өңірінің мысалы үш бағыттың өзара байланысын көрсетті, яғни жайылымдарды ауыспалы пайдалану, киелі нысандарды қорғау, экологиялық туризмді дамыту. Тұрақты даму мақсаттары аясында мәдени факторлар шешуші рөл атқарады. Осы тұрғыдан «жол» ұғымының экологиялық аспектісі – бұл фактордың қазақстандық контекстегі нақты көрінісі.

Бесінші тұжырым – «Жолдың» экологиялық аспектісінің әмбебаптығы мен бірегейлігі бір-біріне қайшы келмейді. Керісінше, олар концептуалдық синтезге жол ашады. Даосизм, буддизм, антикалық «орта жол», ислам философиясы, терең экология – бәрі бір ортақ онтологиялық қағидаға келіп тіреледі, яғни адам табиғаттың құрамдас бөлігі, оны иеленуші емес. Бұл әмбебап қағида «жол» ұғымын адамзаттың ортақ дүниетанымдық негізі ретінде тануға мүмкіндік береді. Қазақ мәдениетінде бұл тезистің көрінісі ерекше. Ол батыс рационализмі мен шығыстық тұтас дүниетанымды байланыстыратын концептуалдық көпір қызметін атқарады. Қазақ үлгісі экоцентристік этиканы тарихи қалыптасқан мәдени тәжірибе арқылы нақтылайды. Мұндай синтез – жаһандық экологиялық дискурста әлі де жеткіліксіз зерттелген бағыт.

Әділдік үшін бірнеше шектеуді де атап өту керек. Эмпирикалық база негізінен қайталама дереккөздерге сүйенеді. Далалық зерттеулер жүргізілмеді. Зерттеу Батыс Қазақстан өңірімен шектелді. Өңірлік ерекшеліктер толық қамтылмаған. Экологиялық экономика, психолингвистика, корпустық лингвистикамен пәнаралық синтез жеткіліксіз. Осыған байланысты болашақ зерттеулерге бес бағыт ұсынылады:

1. **Далалық этнография** – мал шаруашылығы отбасылары арасында сауалнама, сұхбат, бақылау.
2. **Салыстырмалы-мәдени талдау** – Қазақстанның барлық өңірлерін және көшпелі халықтарды (моңғол, қырғыз, түркімен) қамту.
3. **Пәнаралық зерттеу** – «жол» метафорасының экологиялық санаға әсерін психологиялық эксперименттер және корпустық лингвистика әдістерімен тексеру.
4. **Әдістемелік әзірлемелер** – «жол» концептісін мектеп және жоғары оқу орындарының экологиялық курстарына енгізу жолдары.
5. **Ұзақ мерзімді мониторинг** – климаттың өзгеруі, урбандалу, жаһандану жағдайында дәстүрлі экологиялық сананың қалай өзгеретінін бақылау.

Қорытындылай келе, «жол» ұғымының экологиялық аспектісі – бұл жай ғана ғылыми абстракция емес. Ол қазақ халқының табиғатпен үйлесімді өмір сүруінің тарихи қалыптасқан философиялық үлгісі. Бұл үлгі бір мезгілде үш маңызды сипатқа ие. Теориялық тұрғыдан – онтологиялық, гносеологиялық және аксиологиялық деңгейлерде негізделген тұтас жүйе. Мәдени тұрғыдан – ұзақ тарихи тәжірибе

арқылы қалыптасып, әлеуметтік практикада бекітілген. Практикалық тұрғыдан – заманауи экологиялық саясат, білім беру жүйесі және тұрақты даму стратегиялары аясында қолдануға болатын мазмұнды ресурс. Жаһандық экологиялық дағдарыс жағдайында «дұрыс жолды» айқындау мәселесі ерекше өзекті. Осы сұраққа қазақ мәдениетіндегі «жол» ұғымы әрі философиялық, әрі практикалық деңгейде жауап ұсына алады. Оны сақтау, жаңғырту және заманауи экологиялық ой-пікірмен сабақ-тастыру – тек философия ғылымының ғана емес, бүкіл қоғамның орнықты дамуын қамтамасыз етудегі маңызды бағыттардың бірі.

Әдебиеттер тізімі

1 Лао-цзы. (2020). *Дао дэ цзин*. АСТ.

2 Naess, A. (1989). *Ecology, community and lifestyle: Outline of an ecosophy*. Cambridge University Press.

3 Михайловский, А. В. (2009). Мартин Хайдеггер – философ на лесной тропе. *Вестник Самарской гуманитарной академии. Серия «Философия. Филология»*, (2), 112–121.

4 Глазачев, С. Н., & Глазачева, А. О. (2013). Экологическая культура – метафора эпохи перемен. *Вестник МГГУ им. М. А. Шолохова. Серия «Социально-экологические технологии»*, (2), 7–12.

5 Naess, A. (1986). The deep ecological movement. *Philosophical Inquiry, 8*(1–2), 10–31.

6 Jonas, H. (1984). *The imperative of responsibility: In search of an ethics for the technological age*. University of Chicago Press.

7 White, L. (1967). The historical roots of our ecologic crisis. *Science, 155*(3767), 1203–1207.

8 Leopold, A. (1949). *A Sand County almanac, and sketches here and there*. Oxford University Press.

9 Shue, H. (2017). Mitigation: First imperative of environmental ethics. In S. M. Gardiner & A. Thompson (Eds.), *The Oxford handbook of environmental ethics* (pp. 465–473). Oxford University Press.

10 Callicott, J. B., & Frodeman, R. (Eds.). (2008). *Encyclopedia of environmental ethics and philosophy* (Vols. 1–2). Macmillan Reference USA.

11 Witoszek, N., & Brennan, A. (Eds.). (1999). *Philosophical dialogues: Arne Næss and the progress of ecophilosophy*. Rowman & Littlefield.

12 Sachs, J. D. (2015). *The age of sustainable development*. Columbia University Press.

13 Нәби, Ә., Нұрқабекұлы, С., Төлеген, М., & Ғинаятұлы, А. (2020). *Ecosophy немесе киелі табиғат*. Астана.

14 Экологиялық жауапкершілік: Көшпенділер мәдениетінен не үйренуге болады? (2023, 3 наурыз). *Stan.kz*. https://stan.kz/jusan-bank-ekologiyalik-zhauapkershiligi-koshpendiler-m-377764/

15 Сарткожаұлы, К. (2009). *Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары*. Алматы.

16 Қондыбай, С. (1997). *Қазақ мифологиясына кіріспе*. Алматы.

17 Қазақстан Республикасының Экология кодексі (2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚР Кодексі). (2021). *Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет»*. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400

18 Ferret, C. (2017). Bêtes et gens: Techniques pastorales dans deux aouls kazakhs. *Études rurales*, (200), 156–197.

Transliteration

1 Lao-tszy. (2020). *Dao de tszin* [Tao Te Ching]. AST. (In Russian)

2 Naess, A. (1989). *Ecology, community and lifestyle: Outline of an ecosophy*. Cambridge University Press.

3 Mikhaylovskiy, A. V. (2009). Martin Khaydegger – filosof na lesnoy trope [Martin Heidegger – philosopher on the forest path]. *Vestnik Samarskoy gumanitarnoy akademii. Seriya «Filosofiya. Filologiya»*, (2), 112–121. (In Russian)

4 Glazachev, S. N., & Glazacheva, A. O. (2013). Ekologicheskaya kul'tura – metafora epokhi peremen [Ecological culture – a metaphor of an era of change]. *Vestnik MGGU im. M. A. Sholokhova. Seriya «Sotsial'no-ekologicheskie tekhnologii»*, (2), 7–12. (In Russian)

5 Naess, A. (1986). The deep ecological movement. *Philosophical Inquiry, 8*(1–2), 10–31.

6 Jonas, H. (1984). *The imperative of responsibility: In search of an ethics for the technological age*. University of Chicago Press.

7 White, L. (1967). The historical roots of our ecologic crisis. *Science, 155*(3767), 1203–1207.

8 Leopold, A. (1949). *A Sand County almanac, and sketches here and there*. Oxford University Press.

9 Shue, H. (2017). Mitigation: First imperative of environmental ethics. In S. M. Gardiner & A. Thompson (Eds.), *The Oxford handbook of environmental ethics* (pp. 465–473). Oxford University Press.

10 Callicott, J. B., & Frodeman, R. (Eds.). (2008). *Encyclopedia of environmental ethics and philosophy* (Vols. 1–2). Macmillan Reference USA.

11 Witoszek, N., & Brennan, A. (Eds.). (1999). *Philosophical dialogues: Arne Næss and the progress of ecophilosophy*. Rowman & Littlefield.

12 Sachs, J. D. (2015). *The age of sustainable development*. Columbia University Press.

13 Nabi, A., Nurqabekuly, S., Tolegen, M., & Ghinayatuly, A. (2020). *Ecosophy nemese kieli tabighat* [Ecosophy or sacred nature]. Astana. (In Kazakh)

14 Ekologiyalyq jauapkershilik: Koshpendiler madenietinen ne uirenuge bolady? (2023, March 3). [Environmental responsibility: What can we learn from nomadic culture?]. *Stan.kz*. https://stan.kz/jusan-bank-ekologiyalik-zhauapkershiligi-koshpendiler-m-377764/ (In Kazakh)

15 Sartkozhauly, K. (2009). *Qazaqtyn salt-dasturleri men adet-ghuryptary* [Kazakh customs and traditions]. Almaty. (In Kazakh)

16 Qondybai, S. (1997). *Qazaq mifologiyasyna kirispe* [Introduction to Kazakh mythology]. Almaty. (In Kazakh)

17 Qazaqstan Respublikasynyn Ekologiya kodeksi (2021 zhylghy 2 qantardagy № 400-VI QR Kodeksi)

[Environmental Code of the Republic of Kazakhstan (Code of the Republic of Kazakhstan No. 400-VI dated January 2, 2021)]. (2021). *Informatsionno-pravovaya sistema normativnykh pravovykh aktov Respubliki Kazakhstan «Adilet»*. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400 (In Kazakh)

18 Ferret, C. (2017). Bêtes et gens: Techniques pastorales dans deux aouls kazakhs. *Études rurales*, (200), 156–197.

Авторлардың үлесі

Ы.Ж. Анламасова – зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу, зерттеу әдіснамасын қалыптастыру, материалдарды жинау және талдау, мақаланың негізгі мәтінін дайындау. *М.М. Манасова* – зерттеудің ғылыми бағытын айқындау, теориялық-әдіснамалық талдау, ғылыми редакциялау, мақаланың мазмұнын жетілдіру және соңғы нұсқасын бекіту. *Т.М. Садыкова* – қазақ мәдениеті мен философиялық дәстүрлерге қатысты материалдарды талдау, теориялық тұжырымдарды нақтылау, мақаланы ғылыми редакциялау және соңғы нұсқасын бекіту.

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Ырсалды Жиентайқызы Анламасова	PhD докторант, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан, ulussy@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0009-0009- 4177-2377
Мира Манасқызы Манасова	Философия және мәдениет теориясы кафедрасының меңгерушісі, PhD, қауымдастырылған профессор, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан, miramanassova@mail.ru, ORCID ID:https://orcid.org/0000-0002-6562-7854
Торғын Мейірханқызы Садықова	аға оқытушы, PhD, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан, storgyn@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-8952-0253
Ырсалды Жиентаевна Анламасова	PhD докторант, Карагандинский национальный исследовательский университет имени Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан, ulussy@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0009-0009-4177-2377
Мира Манасовна Манасова	Заведующий кафедрой философии и теории культуры, PhD, ассоцированный профессор, Карагандинский национальный исследовательский университет имени Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан, miramanassova@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-6562-7854
Торгын Мейрхановна Садыкова	старший преподаватель, PhD, Казахский агротехнический исследовательский университет имени С.Сейфуллина, Астана, Казахстан, storgyn@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-8952-0253
Yrsaldy Anlamassova	PhD candidate, Karaganda National Research University named after academician Ye.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan ulussy@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0009-0009- 4177-2377
Mira Manassova	Head of the Department of Philosophy and Theory of Culture, PhD, Associate Professor, E.A. Buketov Karaganda National Research University, Karaganda, Kazakhstan, miramanassova@mail.ru, ORCID ID:https://orcid.org/0000-0002-6562-7854
Torgyn Sadykova	Senior Lecturer, PhD, S. Seifullin Kazakh Agro-Technical Research University, Astana, Kazakhstan, storgyn@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-8952-0253

ҒТАХР 02.15.61 | Ғылыми мақала

ЭТНОГРАФИЯНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ (ХАЛЕЛ АРҒЫНБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ТАЛДАУ)

С.Г.Акапова[1], Х.А. Шимшек[2], М.Қ. Кәкімжанова[3], Ұ.Ө. Аймбетова[4]

АҢДАТПА

Мақала этнографияның философиялық мәселелерін Халел Арғынбаевтың ғылыми мұрасы негізінде кешенді түрде талдауға арналған. Қазіргі ғылыми кеңістікте этнография халықтың дүниетанымы мен мәдени тәжіриебесін түсіндіретін танымдық бағыттардың бірі ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, этнографиялық деректерді философиялық тұрғыдан пайымдау ұлттық құндылықтар мен әлеуметтік тәжірибенің мағыналық қырларын ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеуде Халел Арғынбаевтың шығармашылығын этнография философиясы тұрғысынан талдау арқылы қазақ этносының дүниетанымдық, әлеуметтік және мәдени болмысының философиялық негіздері айқындалады. Зерттеу барысында ғалымның қазақ шежіресіне, отбасы мен неке, дәстүрлі мал шаруашылығы, қолөнер мен материалдық мәдениетке арналған ғылыми еңбектері философиялық интерпретация нысаны ретінде қарастырылды. Бұл бағытта этнографиялық деректер тарихи-функционалдық сипаттамамен шектелмей, онтологиялық, аксиологиялық және гносеологиялық қырлар тұрғысынан талданды.

Зерттеу нәтижелері Халел Арғынбаев еңбектерінде қазақ қоғамының негізгі әлеуметтік институттары өзара байланысқан тұтас дүниетанымдық жүйе ретінде көрініс табатынын дәлелдейді. Ғалымның ғылыми мұрасы этнография философиясының қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосып, ұлттық болмысты философиялық тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік беретін іргелі теориялық негіз болып табылады. Мақала қорытындылары этнография философиясын әрі қарай дамытуға және Халел Арғынбаев шығармашылығын заманауи гуманитарлық ғылымдар контексінде тереңдетіп зерттеуге бағытталған.

Түйін сөздер: этнография, философиялық мәселелер, философиялық интерпретация, этникалық дүниетаным, дәстүрлі мәдениет, ұлттық болмыс, қазақ қоғамы.

[1] Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

[2] Кастамону университеті, Кастамону, Түркия

[3]С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан

[3] «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы, Ұлытау, Қазақстан

Автор-корреспондент:
С.Г.Акапова,
akapovasaya@gmail.com

Сілтеме:
Акапова С.Г., Шимшек Х.А., Какимжанова М.К., Аймбетова У.У. Этнографияның философиялық мәселелері (Халел Арғынбаев шығармашылығын талдау) // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. – №3 (109). – Б. 48-61. – DOI: 10.48010/y7287q66

Ашық қолжетімділік
© Автор(лар), 2026
Бұл ашық қолжетімді мақала Creative Commons Attribution 4.0 International (CC BY 4.0) лицензиясының талаптарына сәйкес таратылады.
https://creativecommons.org/licenses/by/4.0/

Редакцияға түсті: 14/01/2026
Қабылданды: 17/05/2026
Онлайн жарияланды: 30/09/2026

Философские проблемы этнографии (анализ творчества Халела Аргынбаева)

Аннотация. Статья посвящена комплексному анализу философских проблем этнографии на основе научного наследия Халела Аргынбаева. В современном научном пространстве этнография рассматривается как одно из познавательных направлений, объясняющих мироваззрение народа и его культурный опыт. С этой точки зрения философское осмысление этнографияческих данных позволяет раскрыть смысловые аспекты национальных ценностей и социального опыта.

В исследовании посредством анализа творчества Халела Аргынбаева с позиции философии этнографии выявляются философчкие основы мировоззренческого, социального и культурного бытия казахского этноса. В ходе исследования научные труды ученого, посвященные казахской шежире, семье и браку, традиционному скотоводству, ремеслу и материальной культуре, были рассмотретны как объекты философской интерпретации. В этом направлении этнографические данные анализировались не только в рамках историко-функционального описания, но и с точки зрения онтологических, аксиологических и гносеологических аспектов.

Результаты исследования свидетельствует о том, что в трудах Халела Аргынбаева основные социальные институты казахского общества представлены как целостная взаимосвязанная мировоззренческая система.

Научное наследие ученого вносит значительный вклад в формирование и развитие философии этнографии и выступает фундаментальной теоретической основой для философского осмысления национального бытия. Выводы статьи ориентированы на дальнейшее развитие философии этнографии и углубленное изучение творчества Халела Аргынбаева в контексте современных гуманитарных исследований.

Ключевые слова: этнография, философские проблемы, философская интерпретация, этническое мировоззрение, традиционная культура, национальное бытие, казахское общество.

Philosophical Issues of Ethnography (Analysis of The Scholarly Legacy of Khalel Arginbayev)

Abstract. The article is devoted to a comprehensive analysis of the philosophical problems of ethnography based on the scientific heritage of Khalel Argynbayev. In the modern academic space, ethnography is considered one of the cognitive approaches that explains the worldview of a peaple and their cultural experience. From this perspective, the reveal the semantic dimensions of national values and social experience.

The study identifies the philosophical foundations of the worldview, social and cultural existence of the Kazakh ethnos through an analysis of Khalel Argynbayev's works from the perspective of the philosophy of ethnography. During the research, the scholar's scientific works devoted to Kazakh genealogy, family and marriage, traditional livestock breeding, handicrafts and material culture were examined as objects of philosophical interpretation. In this context, ethnographic data were analyzed not only within the framework of historical and functional description, but also from ontological, axiological, and epistemological perspectives.

The results of the study demonstrate that in Khalel Argynbayev's works, the main social institutions of Kazakh society are represented as an interconnected and holistic worldview system. The scholar's scientific heritage made a significant contribution to the formation and development of the philosophy of ethnography and serves as a fundamental theoretical basis for the philosophical understanding of national identity. The conclusions of the article are aimed at the further development of the philosophy of ethnography and at a deeper study of Khalel Argynbayev's works within the context of contemporary humanities research.

Keywords: Ethnography, Philosophical Problems, Philosophical Interpretation, Ethnic Worldview, Traditional Culture, National Identity, Kazakh Society.

Кіріспе

Қазіргі гуманитарлық ғылымдар жүйесінде этнография тек этностың тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын эмпирикалық ғылым ретінде ғана емес, сонымен қатар халықтың дүниетанымдық бағдарларын, әлеуметтік құндылықтарын және мәдени болмысын философиялық тұрғыдан пайымдауға мүмкіндік беретін кешенді таным саласы ретінде қарастырылады. Осы бағытта этнография философиясы этникалық қауымдастықтың өмір сүру логикасын, тарихи тәжірибесін және рухани-мәдени кодын терең түсіндіруге бағытталған маңызды ғылыми бағыт болып табылады.

Қазақ этнографиясы ұлттық философиялық ойдың дамуына тікелей ықпал еткен ғылыми сала ретінде ерекшеленеді. Қазақ қоғамының дәстүрлі әлеуметтік құрылымы, отбасылық-туыстық қатынастары, шаруашылық тәжірибесі мен қолөнер мәдениеті халықтың табиғатқа, қоғамға және адам болмысына деген көзқарасын бейнелейді. Бұл құбылыстарды философиялық тұрғыдан талдау этностың құндылықтар жүйесін, әлеуметтік үйлесім механизмдерін және дүниетанымдық ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді. Осы орайда этнографиялық зерттеулердің теориялық-философиялық әлеуетін зерделеу қазіргі гуманитарлық дискурста өзекті болып отыр.

Қазақ этнографиясының дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі - Халел Арғынбаев. Оның еңбектері қазақ халқының әлеуметтік институттарын, рухани және материалдық мәдениетін және дәстүрлі шаруашылық жүйесін жүйелі түрде сипаттаумен қатар, олардың философиялық мәнін ашуға бағытталған. Ғалымның «Қазақ отбасы» атты еңбегінде отбасы мен неке институттары тек әлеуметтік құрылым ретінде емес, ұлттық дүниетанымның, моральдық-этикалық нормалардың және ұрпақтар сабақтастығының негізі ретінде қарастырылады [1]. Бұл зерттеу қазақ қоғамындағы жеке тұлға мен қауым арасындағы өзара қатынастардың филосо-фиялық мазмұнын айқындауға мүмкіндік береді.

Халел Арғынбаевтың «Қазақ халқының қолөнері» еңбегінде материалдық мәдениет нысандарының эстетикалық және символдық сипаты жан-жақты талданады [2]. Қолөнер бұйымдары халықтың көркемдік талғамын ғана емес, сонымен қатар табиғатпен үйлесімді өмір сүру философиясын, еңбекке деген қатынасын және дүниені бейнелі қабылдау тәсілін көрсетеді. Осы тұрғыда қолөнер этностың философиялық ойлау жүйесінің материалдық көрінісі ретінде сипатталады.

Ал «Қазақтың мал шаруашылығы жайындағы этнографиялық очерк» еңбегінде дәстүрлі шаруашылық тәжірибесі қазақ халқының өмір салты мен дүниетанымының негізі ретінде қарастырылады [3]. Мал шаруашылығы табиғатпен өзара үйлесімді қарым-қатынасқа негізделген өмір сүру философиясын қалыптастырып, кеңістік пен уақытты қабылдаудың өзіндік үлгісін айқындаған. Бұл еңбек этнография философиясының онтологиялық мәселелерін - адам, қоғам және табиғат арасындағы байланыстарды түсіндіруде маңызды дереккөз болып табылады.

Соңғы жылдары этнографияны философиялық тұрғыдан зерделеуге бағытталған зерттеулердің ауқымы кеңейіп келеді. Бұл еңбектер этнография мен философияның өзара ықпалдастығын көрсетіп, ұлттық мәдениетті жалпыадамзаттық контексте түсіндіруге мүмкіндік береді. Алайда қазақ этнографиясындағы дәстүрлі институттар мен мәдени құбылыстардың философиялық мазмұны арнайы зерттеу нысаны ретінде толық жүйеленбеген. Көп жағдайда этнографиялық деректер тарихи-сипаттамалық деңгейде қарастырылып, олардың рухани және дүниетанымдық қырлары жанама түрде ғана талданады.

Осы тұрғыдан алғанда Халел Арғынбаевтың ғылыми мұрасы қазақ этнографиясының философиялық мәселелерін зерттеуде маңызды теориялық негіз болып табылады. Ғалымның негізгі еңбектерінде дәстүрлі қоғамның құндылықтық жүйесі мен рухани сабақтастығы айқын көрініс табады. Мақалада Халел Арғынбаевтың еңбектері этнография философиясы аясында қарастырылып, олардың мәдени-философиялық мазмұнына назар аударылады.

Әдіснама

Мақалада этнографияның философиялық мәселелерін зерделеу кешенді әдіснамалық ұстанымдарға негізделді. Зерттеу әдіснамасы гуманитарлық ғылымдардағы пәнаралық ықпалдастық қағидатына сүйеніп, этнография, философия, әлеуметтік антропология және мәдениеттану салаларының теориялық құралдарын біріктіру арқылы құрылды. Мұндай тәсіл этнографиялық деректерді тек сипаттамалық деңгейде емес, олардың терең дүниетанымдық және мағыналық мазмұнын ашу тұрғысынан талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін философиялық рефлексия мен мәдени-антропологиялық талдау құрайды. Философиялық рефлексия әдісі этнографиялық құбылыстарды әлеуметтік тәжірибе, құндылықтық бағдар және бол-мыстық категориялар тұрғысынан пайым-дауға бағытталды. Бұл әдіс арқылы Халел Арғынбаев еңбектеріндегі отбасы, қолөнер және шаруашылыққа қатысты этнографиялық деректердің онтологиялық, аксиологиялық және гносеологиялық қырлары анықталды.

Зерттеу барысында тарихи-генетикалық әдіс қолданылды. Аталған әдіс қазақ этносының әлеуметтік институттары мен мәдени тәжірибесінің қалыптасу эволюциясын ашуға мүмкіндік берді. Халел Арғынбаев еңбектеріндегі деректер белгілі бір тарихи кезеңмен шектелмей, қазақ қоғамының ұзақ мерзімді даму логикасы аясында қарастырылды. Бұл әдіс этнографиялық материалдарды философиялық тұрғыдан түсіндіруде тарихи сабақтастық пен мәдени тұрақтылық факторларын ескеруге жағдай жасады.

Зерттеуде құрылымдық-талдамалық әдіс пайдаланылды. Бұл әдіс этнографиялық нысандарды (отбасы, неке, қолөнер, мал шаруашылығы) өзара байланысты элементтер жүйесі ретінде қарастыруға негізделді. Құрылымдық талдау арқылы аталған нысандардың ішкі ұйымдасуы, олардың қоғамдағы функциялары мен символдық мәні айқындалды. Әсіресе қолөнер мен шаруашылыққа қатысты деректерді талдауда бұл әдіс олардың мәдени-философиялық құрылымын жүйелі түрде ашуға мүмкіндік берді.

Зерттеудің маңызды әдістерінің бірі - интерпретациялық (герменевтикалық) әдіс. Бұл тәсіл этнографиялық мәтіндерді олардың сыртқы мазмұнымен шектелмей, жасырын мағыналық қабаттарын анықтау мақсатында қолданылды. Халел Арғынбаев еңбектеріндегі этнографиялық сипаттамалар ұлттық дүниетанымның, әлеуметтік нормалардың және құндылықтар жүйесінің көрінісі ретінде интерпретацияланды. Герменевтикалық талдау этнографияны философиялық дискурсқа енгізудің негізгі құралы ретінде пайдаланылды.

Сонымен қатар салыстырмалы әдіс қолданылып, қазақ этнографиясындағы құбылыстардың жалпыадамзаттық мәдени тәжірибелермен ортақ және айрықша белгілері айқындалды. Бұл әдіс этнографиялық

деректердің универсалдық және ұлттық-ерекше қырларын ажыратуға мүмкіндік берді. Салыстырмалы талдау этнография философиясының теориялық әлеуетін кеңейтіп, зерттеу нәтижелерін жалпылауға жағдай жасады.

Зерттеудің дереккөздік базасын Халел Арғынбаевтың іргелі этнографиялық еңбектері құрады. Атап айтқанда, қазақ қоғамындағы отбасы мен неке қатынастарына, дәстүрлі қолөнерге және мал шаруашылығы мәдениетіне арналған зерттеулер негізгі эмпирикалық және теориялық материал ретінде пайдаланылды. Қосымша ретінде этнография философиясына қатысты қазіргі заманғы шетелдік ғылыми еңбектердің әдіснамалық тұжырымдары ескерілді.[4]

Зерттеудің әдіснамасы этнографиялық материалдарды философиялық деңгейде пайымдауға бағытталған көпқабатты, жүйелі және пәнаралық тәсілдер жиынтығын қамтиды. Таңдалған әдістер Халел Арғынбаев шығармашылығын этнография философиясы тұрғысынан терең талдауға және қазақ этносының дүниетанымдық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда негіздеуге мүмкіндік берді.

Негізгі бөлім

Этнография философиясының пәні және танымдық мәртебесі

Этнография философиясы қазіргі гуманитарлық білім жүйесінде этностың өмір сүру тәжірибесін тек эмпирикалық сипаттаумен шектемей, оны болмыстық, дүниетанымдық және құндылықтық өлшемдер арқылы пайымдауға бағытталған кешенді ғылыми сала ретінде қалыптасып отыр. Бұл бағыт этнографияны мәдени фактілерді тіркеуші, сипаттаушы ғылым деңгейінен шығарып, этностың тарихи болмысы мен рухани тәжірибесін түсіндіретін философиялық таным саласына көтереді. Осы тұрғыдан алғанда, этнография философиясы мәдениет философиясы, әлеуметтік философия, тарихи антропология және герменевтикамен өзара тығыз байланыста дамып, пәнаралық ғылыми кеңістікті қалыптастырады.

Философиялық этнографияның басты ерекшелігі - этностың тұрмыс салты, шаруашылық жүйесі, отбасылық құрылымы, материалдық және рухани мәдениеті кездейсоқ немесе утилитарлық құбылыстар ретінде емес, белгілі бір дүниетанымдық логикаға бағынған тұтас жүйе ретінде қарастырылуында. Мұнда әрбір мәдени элемент тарихи тәжірибенің, әлеуметтік қатынастардың және рухани бағдарлардың көрінісі ретінде талданады. Этнографиялық дерек философиялық талдауда этностың өзін-өзі тану формасы, тарихи жадының құрылымдық элементі және құндылықтар жүйесінің материалданған көрінісі ретінде сипат алады. Сондықтан этнография философиясында дерек жинау мен сипаттау мақсат емес, керісінше, мәдени мағыналарды ашудың құралы ретінде қолданылады.

Бұл бағыт этностың өмір сүру формаларын сыртқы факторлардың нәтижесі ретінде емес, ішкі мәдени заңдылықтар мен болмыстық стратегиялардың жемісі ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Этнография философиясы этностың уақыт пен кеңістікті қабылдау ерекшеліктерін, табиғатпен қарым-қатынасын және әлеуметтік ұйымдасу тетіктерін талдай отырып, оның дүниені түсіну тәсілін айқындайды. Осы тұрғыдан этнографиялық зерттеу мәдени құбылыстардың сыртқы көрінісін ғана емес, олардың астарында жатқан дүниетанымдық мәнін ашуға бағытталады.

Аталған ғылыми кеңістікте Халел Арғынбаевтың еңбектері этнография философиясының отандық үлгісін қалыптастырған іргелі ғылыми мұра ретінде бағаланады. Ғалым этнографиялық материалды жинақтаумен ғана шектелмей, оны тарихи-әлеуметтік, мәдени және дүниетанымдық контексте пайымдауға ұмтылды. Арғынбаевтың зерттеулерінде қазақ этносының тұрмыс салты, әлеуметтік институттары мен мәдени тәжірибесі жекелеген фактілер жиынтығы емес, өзара байланысқан тұтас жүйе ретінде қарастырылады. Бұл тәсіл этнографияны философиялық рефлексия деңгейіне көтеруге мүмкіндік берді.

Халел Арғынбаев еңбектерінде этностың өмір сүру формалары кездейсоқ тарихи құбылыс емес, ұзақ уақыт бойы қалыптасқан болмыстық стратегия ретінде пайымдалады. Ғалым қазақ қоғамындағы әлеуметтік құрылымдардың, отбасылық қатынастардың, шаруашылық тәжірибенің және материалдық мәдениеттің тарихи тұрақтылығы мен өзгермелілігін философиялық тұрғыдан түсіндіреді. Бұл ұстаным

этностың мәдени бейімделу қабілетін, сонымен қатар оның дүниетанымдық өзегінің сақталуын айқындауға мүмкіндік береді.

Этнография философиясы этностың тарихи тәжірибесін терең түсіндіруге, мәдени құндылықтардың қалыптасу логикасын ашуға және ұлттық болмыстың философиялық негіздерін айқындауға бағытталған маңызды ғылыми сала ретінде көрінеді. Ал Халел Арғынбаевтың ғылыми мұрасы бұл бағыттың теориялық және әдіснамалық негізін күшейтіп, қазақ этносының құрамы мен жалпы болмысын философиялық тұрғыдан пайымдауға мүмкіндік беретін іргелі ғылыми жүйе ретінде өз маңызын сақтап отыр [5, 145 б.].

Этнос ұғымы және философиялық интерпретация

Этнос ұғымы этнография философиясында биологиялық немесе демографиялық категория ретінде емес, тарихи қалыптасқан мәдени-әлеуметтік тұтастық ретінде қарастырылады. Мұндай көзқарас этносты белгілі бір территорияда өмір сүретін адамдардың жиынтығы ретінде ғана емес, ортақ тарихи тағдыр, тіл, мәдени тәжірибе, құндылықтар жүйесі және дүниетаным арқылы бірігетін әлеуметтік қауымдастық ретінде пайымдауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан этнос өзіндік болмысы, ішкі логикасы және тарихи дамуы бар мәдени субъект ретінде сипатталады.

Философиялық этнографияда этнос ұғымы уақыт пен кеңістікте қалыптасатын әрі үздіксіз қайта жаңғырып отыратын мәдени құрылым ретінде түсіндіріледі. Этностың өмір сүруі тек биологиялық ұрпақ жалғастығымен емес, мәдени тәжірибенің берілуімен, тарихи жадтың сақталуымен және дүниетанымдық бағдарлардың сабақтастығымен қамтамасыз етіледі. Бұл үдерісте этностың әлеуметтік институттары, салт-дәстүрлері мен символдық жүйесі маңызды рөл атқарады. Сондықтан этнос философиясында мәдени код ұғымы негізгі талдау категорияларының бірі ретінде алға шығады.

Халел Арғынбаев этносты зерттеу барысында оның ішкі ұйымдасу механизмдеріне, әлеуметтік қатынастар жүйесіне ерекше мән береді. Ғалым қазақ этносының өмір сүру логикасын түсіндіруде шаруашылық түрі, табиғатпен қарым-қатынас, отбасылық құрылым және салт-дәстүрді жүйелі түрде көрсетеді. Оның еңбектерінде этностың әлеуметтік құрылымдары жекелеген элементтер ретінде емес, өзара тәуелді әрі біртұтас жүйе ретінде қарастырылады [6]. Бұл тәсіл этносты философиялық тұрғыдан тұтас мәдени организм ретінде пайымдауға мүмкіндік береді.

Халел Арғынбаев еңбектерінде қазақ этносының табиғатпен байланысы ерекше философиялық мәнге ие. Табиғи орта тек тіршілік ету кеңістігі ғана емес, этностың дүниетанымын қалыптастыратын маңызды фактор ретінде сипатталады. Көшпелі шаруашылық түрі, маусымдық қозғалыс және кеңістікті игеру тәсілдері қазақ этносының уақыт пен кеңістікке қатынасын айқындап, оның өмір сүру стратегиясын қалыптастырды. Осы тұрғыдан алғанда, этностың шаруашылық тәжірибесі философиялық мағынаға ие болып, болмысты игерудің ерекше формасы ретінде қарастырылады.

Философиялық тұрғыдан этнос - уақыт пен кеңістікте өзін қайта өндіретін мәдени болмыс. Ол тарихи өзгерістерге бейімделе отырып, өзінің негізгі дүниетанымдық өзегін сақтай алады. Бұл қабілет этностың мәдени икемділігі мен тарихи тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Халел Арғынбаев еңбектерінде қазақ этносының дәл осы қасиеті айқын көрініс табады. Ғалым этностың сыртқы әлеуметтік-саяси ықпалдарға қарамастан, өзінің құндылықтық негіздерін, моральдық нормаларын және мәдени тәжірибесін сақтап қалу механизмдерін көрсетеді.

Этностың болмыстық тұтастығын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі - тарихи жады. Тарихи жады этностың өткен тәжірибесін жинақтап қана қоймай, қазіргі болмысты түсіндірудің және болашаққа бағдар жасаудың құралына айналады. Қазақ этносының тарихи жады ауызша дәстүр, шежіре, салт-дәстүрлер мен ритуалдар арқылы беріліп, ұжымдық сананың негізін құрады. Халел Арғынбаев бұл құбылысты этностың өзін-өзі тану процесінің маңызды элементі ретінде сипаттайды.

Этнос этнография философиясында тек әлеуметтік құрылым емес, тарихи тәжірибесі, дүниетанымдық жүйесі және мәдени болмысы бар күрделі философиялық категория ретінде қарастырылады. Халел Арғынбаевтың ғылыми мұрасы бұл ұғымды

тереңдетіп, қазақ этносының болмыстық ерекшеліктерін философиялық тұрғыдан пайымдауға мүмкіндік береді. Оның еңбектері этносты уақыт пен кеңістікте өзін сақтайтын, сонымен қатар өзгерістерге бейімделетін тұтас мәдени жүйе ретінде түсіндіруге негіз қалайды [6].

Қазақ шежіресі: тарихи жады және уақыт философиясы

Қазақ шежіресі этностың тарихи жады мен әлеуметтік құрылымын бейнелейтін ерекше мәдени-философиялық феномен болып табылады. Ол тек ата-тек туралы мәліметтер жиынтығы ретінде ғана емес, қазақ қоғамындағы уақытты қабылдау тәсілін, тарихи сабақтастықты және әлеуметтік тәртіпті реттейтін дүниетанымдық жүйе ретінде қызмет атқарады. Шежіре арқылы этнос өзінің өткенін жүйелеп қана қоймай, қазіргі әлеуметтік орнын айқындайды және болашақтағы бағдарын қалыптастырады. Осы тұрғыдан алғанда, шежіре этностың өзіндік тарихи санасының құрылымдық өзегі болып табылады. Шежіре адамның тегі мен ата қонысын ғана емес, оның қауым ішіндегі әлеуметтік орны, ел қорғаудағы қызметі, меншікке және құқықтық қатынастарға қатысын айқындайтын дереккөз қызметін атқарған. Ру, бау, сан, тайпа, тұқым, тек, арыс, жүз, жұрт, ел, отан сияқты ұғымдар халықтың тарихи жадын бейнелейтін негізгі категориялар ретінде орныққан [5, 5 б.].

Этнография философиясында шежіре ұғымы ұжымдық жадының ерекше формасы ретінде қарастырылады. Қазақ қоғамында тарихи тәжірибе жазбаша деректер арқылы емес, негізінен ауызша дәстүр арқылы беріліп отырған. Бұл жағдай шежіренің тек ақпараттық емес, сонымен қатар дүниетанымдық және тәрбиелік функция атқаруына негіз болды. Шежіре арқылы ұрпақтар арасындағы рухани байланыс сақталып, этностың мәдени тұтастығы қамтамасыз етілді. Сондықтан шежіре этникалық қауымдастықтың өзін-өзі сақтау механизмдерінің бірі ретінде философиялық мәнге ие.

Халел Арғынбаев шежірені зерттеу барысында оны этностың өзін-өзі тану және өзін-өзі ұйымдастыру тетігі ретінде қарастырады. Ғалым үшін шежіре - ұжымдық сананың материалданған формасы, тарихи тәжірибенің мәдени кодқа айналған көрінісі. Арғынбаев еңбектерінде шежіре тайпалар мен рулардың шығу тегі арқылы әлеуметтік құрылымдардың қалыптасуын, туыстық қатынастардың иерархиясын және қауымдық бірліктің негіздерін түсіндіретін маңызды дерек көзі ретінде сипатталады. Бұл көзқарас шежірені қарапайым генеалогиялық жүйеден философиялық категория деңгейіне көтереді.

Қазақ дүниетанымында уақыт ұғымы сызықтық прогресс ретінде емес, ұрпақтар арқылы үздіксіз жалғасатын циклдік құрылым ретінде қабылданады [7, 172 б.] Өткен, қазіргі және болашақ уақыт бірбірінен оқшау емес, өзара сабақтас тұтас жүйе ретінде түсіндіріледі. Шежіре дәл осы уақыттық тұтастықты қамтамасыз ететін құрал қызметін атқарады. Арғынбаев бұл ерекшелікті қазақ этносының болмысты түсіну тәсілінің маңызды қыры ретінде көрсетеді. Уақыттың циклдік қабылдануы тарихи тәжірибені үздіксіз жаңғыртып, этностың экзистенциялық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Философиялық тұрғыдан алғанда, шежіре этностың экзистенциялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мәдени механизм болып табылады. Ол жеке адамға өзін кең тарихи қауымдастықтың бір бөлігі ретінде сезінуге мүмкіндік береді. Шежіре арқылы адам өз тегін, әлеуметтік орнын және қауым алдындағы жауапкершілігін ұғынады. Бұл үдеріс этникалық бірегейліктің қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Халел Арғынбаев еңбектерінде қазақ жүздерінің қалыптасу тарихы шежіренің осы функциясы әлеуметтік жауапкершілік, моральдық міндеттеме және қауымдық бірлік ұғымдарымен тығыз байланыста талданады [5].

Айта кетуіміз керек, шежіре қазақ қоғамында әлеуметтік тәртіпті реттейтін құрал ретінде де қызмет атқарды. Туыстық қатынастар жүйесі арқылы әлеуметтік нормалар, мінез-құлық үлгілері және өзара міндеттемелер бекітілді. Бұл шежіренің құқықтық және этикалық өлшемдерінің бар екенін көрсетеді. Халел Арғынбаев бұл аспектіні шежіренің тек мәдени емес, сонымен қатар әлеуметтік-философиялық маңызын ашатын қыр ретінде қарастырады.

Қазіргі гуманитарлық ғылымдарда қазақ шежіресі этнос философиясы, тарихи антропология және мәдени жады теориялары аясында қайта пайымдалуда. Бұл тұрғыда

Халел Арғынбаевтың еңбектері шежірені философиялық тұрғыдан түсіндірудің әдіснамалық негізін қалыптастырады. Ғалымның зерттеулері шежірені этностың тарихи тәжірибесін жинақтайтын, дүниетанымдық бағдарын қалыптастыратын және болмыстық тұтастығын сақтайтын күрделі мәдени-философиялық феномен ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қазақ шежіресі этнография философиясында этностың тарихи жадысын, әлеуметтік құрылымын және дүниетанымдық өзегін біріктіретін іргелі категория ретінде танылады. Ғалымның ғылыми мұрасы бұл феноменді терең философиялық деңгейде пайымдауға жол ашып, қазақ этносының болмыстық ерекшеліктерін түсіндіруде маңызды теориялық негіз болып табылады.

Отбасы мен неке институты: әлеуметтік болмыс пен мәдени тұрақтылық философиясы

Отбасы мен неке институты этнография философиясында этностың әлеуметтік ұйымдасуының элементі ретінде ғана емес, оның болмыстық тұрақтылығын қамтамасыз ететін іргелі мәдени механизм ретінде қарастырылады. Қазақ қоғамында отбасы жеке адамдардың кездейсоқ бірлестігі емес, тарихи тәжірибені, мәдени нормаларды және құндылықтар жүйесін ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін әлеуметтік-философиялық құрылым ретінде қалыптасты [6, 98 б.]. Осы тұрғыдан алғанда, отбасы этностың өзін-өзі сақтау және қайта өндіру стратегиясының өзегін құрайды.

Философиялық этнографияда отбасы ұғымы уақыт пен кеңістікте жалғасатын мәдени болмыстың ерекше формасы ретінде пайымдалады. Қазақ қоғамында отбасы тек тұрмыстық қажеттіліктерді қанағаттандырушы құрылым емес, тұлғаның әлеуметтік және рухани қалыптасу кеңістігі қызметін атқарды. Дәл осы ортада дүниетанымдық бағдарлар, моральдық ұстанымдар және мінез-құлық нормалары бекітіледі. Сондықтан отбасы этностың құндылықтық жүйесін тұрақтандыратын басты институттардың бірі болып табылады.

Халел Арғынбаев отбасылық қатынастарды зерттеу барысында олардың сыртқы әлеуметтік функцияларымен қатар, ішкі дүниетанымдық мазмұнына ерекше мән береді. Ғалым үшін отбасы - этностың өзін-өзі қайта өндіру кеңістігі, яғни мұнда биологиялық жалғастықпен қатар мәдени тәжірибе мен рухани құндылықтар беріледі. Халел Арғынбаев еңбектерінде отбасылық тәрбие, үлкен мен кішінің қарым-қатынасы, гендерлік рөлдер мен ұрпақаралық байланыстар этностың болмыстық логикасымен тығыз байланыста талданады. Бұл көзқарас отбасы институтын философиялық категория деңгейіне көтереді.

Некелік қатынастар қазақ қоғамында құқықтық келісім немесе жеке таңдау актісі ретінде ғана емес, қауымдық жауапкершілікке негізделген әлеуметтік келісім формасы ретінде орнықты. Неке арқылы жеке адам белгілі бір туыстық жүйеге еніп, қоғамдағы әлеуметтік рөлдер мен моральдық міндеттемелер кеңістігіне қосылады. Бұл үдеріс тұлғаның жеке болмысын қауымдық болмыспен ұштастырады. Халел Арғынбаев еңбектерінде некенің дәл осы қыры этнографиялық деректер арқылы негізделіп, оның әлеуметтік-философиялық маңызы айқын көрсетіледі [6, 106 б.].

Философиялық тұрғыдан алғанда, отбасы мен неке институттары әлеуметтік уақыттың үздіксіздігін қамтамасыз етеді. Ұрпақтар сабақтастығы арқылы тарихи тәжірибе қайта жаңғырып, этностың мәдени жады сақталады. Қазақ қоғамында ата-баба рухына құрмет, үлкенге ізет, ұрпақ алдындағы жауапкершілік ұғымдарының терең орнығуы отбасы институтының осы болмыстық функциясымен тікелей байланысты. Халел Арғынбаев бұл құбылысты дәстүрлі мәдениеттің ішкі логикасы ретінде түсіндіре отырып, оның этностың экзистенциялық тұрақтылығын қамтамасыз етудегі рөлін айқындайды.

Отбасы институты сонымен қатар әлеуметтік тәртіп пен моральдық нормаларды реттеуші қызмет атқарды. Туыстық қатынастар жүйесі арқылы мінез-құлық үлгілері, өзара міндеттемелер және әлеуметтік жауапкершілік бекітілді. Бұл отбасының тек жеке өмір саласы емес, қоғамдық қатынастарды ұйымдастырушы құрылым екенін көрсетеді. Этнография философиясы тұрғысынан мұндай функциялар отбасы институтын әлеуметтік болмыстың іргелі элементі ретінде қарастыруға негіз береді.

Қазіргі әлеуметтік философия мен мәдениеттануда отбасы институтының трансформациясы жаһандану, урбанизация және әлеуметтік мобильділік үдерістерімен

байланыстырылып кеңінен талқылануда. Дәстүрлі отбасылық модельдердің өзгеруі, құндылықтар жүйесінің қайта құрылуы және жеке таңдау еркіндігінің артуы этностың болмыстық тұтастығына жаңа сын-қатерлер туғызуда. Алайда Халел Арғынбаев еңбектерінде ұсынылған дәстүрлі модельдер бұл өзгерістерді бағалауда маңызды теориялық өлшем болып қала береді.

Халел Арғынбаев мұрасында отбасы мен неке институттары өткеннің сарқыншағы ретінде емес, этностың мәдени бейімделу қабілетін түсіндіретін философиялық ресурс ретінде қарастырылады. Бұл көзқарас дәстүр мен жаңашылдық арасындағы диалектиканы терең түсінуге мүмкіндік береді. Ғалым еңбектерінің құндылығы да осында – олар отбасы институтын тарихи шеңберде ғана емес, қазіргі әлеуметтік өзгерістер жағдайында да философиялық тұрғыдан пайымдауға жол ашады.

Отбасы мен неке институты этнография философиясында этностың болмыстық тұрақтылығын, тарихи сабақтастығын және дүниетанымдық тұтастығын қамтамасыз ететін іргелі категория ретінде танылады. Халел Арғынбаевтың ғылыми мұрасы бұл институттарды қазақ этносының өмір сүру логикасын түсіндіретін терең философиялық феномен ретінде пайымдауға мүмкіндік беріп, отандық гуманитарлық ғылымдардағы теориялық ізденістерге маңызды үлес қосады.

Дәстүрлі шаруашылық және экзистенциялық өмір салты

Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық жүйесі, әсіресе мал шаруашылығы, этнография философиясында тек экономикалық қызмет түрі ретінде емес, этностың болмыстық бағдарын, дүниетанымын және өмір сүру стратегиясын айқындайтын кешенді мәдени-философиялық феномен ретінде қарастырылады. Дәстүрлі шаруашылық тәжірибесі арқылы қазақ этносы табиғатпен өзара қатынас орнатып қана қоймай, кеңістік пен уақытты қабылдаудың өзіндік үлгісін қалыптастырды. Осы тұрғыдан алғанда, шаруашылық жүйе этностың өмір сүру тәсілінің негізі әрі оның экзистенциялық тәжірибесінің көрінісі болып табылады [3].

Философиялық этнографияда шаруашылық қызмет этностың болмысты игеру формасы ретінде пайымдалады. Қазақ қоғамында мал шаруашылығы адамның табиғатқа үстемдік етуіне емес, онымен үйлесімде өмір сүруіне негізделді. Табиғи орта тіршілік ету объектісі ғана емес, өмірдің мәнін айқындайтын кеңістік ретінде қабылданды. Халел Арғынбаев еңбектерінде бұл ерекшелік айқын көрініс табады: табиғат адамға қарсы тұрған сыртқы күш емес, этностың дүниетанымдық әлемінің құрамдас бөлігі ретінде сипатталады. Мұндай көзқарас қазақ этносының экологиялық ойлау жүйесінің философиялық негізін көрсетеді.

Көшпелі өмір салты кеңістікті игерудің ерекше формасын қалыптастырды. Кең дала - тұрақты мекен емес, қозғалыс арқылы игерілетін өмір кеңістігі болды. Маусымдық көшу, жайлау мен қыстаудың ауысуы табиғат заңдылықтарына бейімделудің нәтижесі ретінде қалыптасты. Бұл тәжірибе қазақ дүниетанымында қозғалысты өмірдің табиғи күйі ретінде қабылдауға негіз болды. Халел Арғынбаев бұл құбылысты этностың болмыстық икемділігінің көрінісі ретінде түсіндіреді. Қозғалыс философиясы қазақ этносының тұрақсыз ортада өмір сүру қабілетін қалыптастырды.

Экзистенциялық тұрғыдан алғанда, көшпелі өмір салты адамның белгісіздік жағдайында өмір сүру тәжірибесімен тығыз байланысты. Табиғи апаттар, климаттық өзгерістер және кеңістіктегі тұрақсыздық қазақ этносын үнемі бейімделуге мәжбүр етті. Бұл жағдай дүниетанымда төзімділік, сабыр, шыдамдылық және тағдырға мойынсұну ұғымдарының қалыптасуына ықпал етті. Халел Арғынбаев дәстүрлі шаруашылықты зерттей отырып, осы қасиеттердің қазақ этносының болмыстық стратегиясына айналғанын көрсетеді. Мұнда экзистенциялық тәжірибе күнделікті тұрмыстың философиялық негізіне айналады.

Дәстүрлі шаруашылық жүйесі әлеуметтік қатынастарды ұйымдастыруда да маңызды рөл атқарды. Мал шаруашылығы қауымдық өзара көмекке, бірлескен еңбекке және жауапкершілікке негізделді. Бұл тәжірибе әлеуметтік ынтымақтастықтың, қауымдық бірліктің және өзара сенімнің қалыптасуына ықпал етті. Этнография философиясы тұрғысынан алғанда, шаруашылық қызмет әлеуметтік болмысты ұйымдастырудың маңызды механизмі ретінде көрінеді. Халел Арғынбаев еңбектерінде шаруашылық тәжірибе мен әлеуметтік құрылымның өзара байланысы жүйелі түрде талданады.

Столыпин реформасы мен отарлық әкімшілік шаралардың қазақ шаруашылығына тигізген ықпалын талдаған зерттеулерде Халел Арғынбаев дәстүрлі өмір салтының бұзылуы этностың дүниетанымдық жүйесіне тікелей әсер еткенін дәлелдейді [8].

Жерді күшпен отырықшыландыру, көшпелі кеңістікті шектеу және шаруашылық құрылымды өзгерту қазақ қоғамында терең дағдарыс тудырды. Бұл өзгерістер тек экономикалық қиындықтармен шектелмей, экзистенциялық күйзеліс деңгейіне жетті. Этностың қалыптасқан болмыстық стратегиясы бұзылып, дүниені түсіну тәсіліне соққы жасалды.

Философиялық тұрғыдан алғанда, бұл кезең қазақ этносының экзистенциялық дағдарысын білдіреді. Өмір сүру кеңістігінің тарылуы, дәстүрлі қозғалыс еркіндігінің шектелуі және табиғатпен үйлесімді қатынастың бұзылуы этностың өзіндік болмысына қауіп төндірді. Халел Арғынбаев бұл жағдайды тарихи өзгерістердің этностың рухани әлеміне тигізген әсерін түсіндіретін маңызды мысал ретінде қарастырады. Бұл тұжырым этнография философиясының әлеуметтік трансформацияларды тек құрылымдық емес, болмыстық деңгейде де талдай алатынын көрсетеді.

Сонымен қатар, дәстүрлі шаруашылықтың күйреуі этностың мәдени кодына әсер етті. Табиғатпен байланысты рәміздер, шаруашылыққа негізделген салт-дәстүрлер мен дүниетанымдық түсініктер маңызын жоғалта бастады. Бұл үдеріс мәдени жадының әлсіреуіне алып келді. Халел Арғынбаев еңбектері осы өзгерістерді этностың тарихи тәжірибесін философиялық тұрғыдан пайымдаудың қажеттігін көрсетеді.

Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық жүйесі этнография философиясында этностың болмыстық тәжірибесін, экзистенциялық бағдарын және дүниетанымдық құрылымын айқындайтын іргелі феномен ретінде танылады. Халел Арғынбаевтың ғылыми мұрасы дәстүрлі шаруашылықты экономикалық категориядан философиялық категория деңгейіне көтеріп, қазақ этносының табиғатпен, кеңістікпен және өмірмен қарым-қатынасын терең түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл еңбектер этнография философиясының әлеуметтік өзгерістерді болмыстық деңгейде талдау әлеуетін айқын көрсететін маңызды теориялық негіз болып табылады [8, 48 б.].

Табиғат, кеңістік және уақыт: қазақ дүниетанымының философиялық үлгісі

Қазақ этносының дүниетанымдық жүйесінде табиғат, кеңістік және уақыт ұғымдары өзара тығыз байланыста қарастырылады және біртұтас болмыстық құрылым құрайды. Этнография философиясында бұл үштік этностың әлемді түсіну тәсілін, өмір сүру логикасын және мәдени тәжірибесін айқындайтын іргелі категориялар ретінде талданады. Табиғат, кеңістік пен уақыт қазақ дүниетанымында дербес ұғымдар емес, керісінше, этностың экзистенциялық болмысының әртүрлі қырларын білдіретін өзара сабақтас жүйе болып табылады [9].

Халел Арғынбаев еңбектерінде қазақ этносының кеңістікке қатынасы көшпелі өмір салтымен тікелей байланыста қарастырылады. Көшпелі тәжірибе кеңістікті игерудің ерекше философиясын қалыптастырды. Қазақ үшін кеңістік шекаралармен шектелген, иеленуге тиіс объект емес, өмір сүрудің табиғи алаңы ретінде қабылданды. Дала - тек географиялық ұғым емес, этностың рухани кеңістігі, еркіндік пен қозғалыстың символы болды. Бұл кеңістікте адам өзін табиғатқа қарсы қоймай, оның ажырамас бөлігі ретінде сезінді.

Этнография философиясы тұрғысынан кеңістікті мұндай қабылдау болмысты экологиялық тұрғыдан түсінудің негізін қалады. Қазақ дүниетанымында табиғат адамға үстемдік ететін немесе адам бағындыратын күш емес, өзара үйлесімді қатынас орнатылатын тіршілік кеңістігі ретінде пайымдалды. Халел Арғынбаев еңбектерінде кеңістікті игеру тәсілдері – көш жолдары, маусымдық қоныстар, жайлау мен қыстау жүйесі – этностың болмыстық икемділігін және кеңістіктік ойлау ерекшелігін айқындайтын маңызды көрсеткіштер ретінде талданады.

Кеңістікпен тығыз байланыста уақыт ұғымы да ерекше философиялық мазмұнға ие болады. Қазақ дүниетанымында уақыт сызықтық прогресс ретінде емес, циклдік, қайталанбалы және сабақтас құрылым ретінде қабылданды. Уақытты өлшеу тарихи даталармен немесе хронологиялық кезеңдермен емес, өмір циклдерімен, табиғи ырғақтармен және ұрпақтар алмасуымен жүзеге асты. Бұл түсінік этностың тарихқа қатынасын және болмысты пайымдау тәсілін айқындайды.

Халел Арғынбаев уақытты қабылдаудың бұл ерекшелігін қазақ этносының тарихи санасының құрылымдық элементі ретінде сипаттайды. Өткен, қазіргі және болашақ уақыт бір-бірінен бөлінген кезеңдер емес, өзара байланысқан тұтас процесс ретінде түсіндіріледі. Өткен тәжірибе қазіргі болмысты мәндендіріп, болашаққа бағдар береді. Мұндай уақыттық тұтастық этностың мәдени тұрақтылығын қамтамасыз етіп, тарихи тәжірибенің үздіксіз жаңғыруына мүмкіндік береді.

Табиғат ұғымы қазақ дүниетанымында кеңістік пен уақытты біріктіретін негізгі болмыстық негіз ретінде көрінеді. Табиғат тек тіршілік көзі ғана емес, этностың рухани әлемінің, моральдық бағдарларының және өмірлік философиясының қалыптасу алаңы болды. Табиғи құбылыстар - жыл мезгілдерінің ауысуы, ауа райының өзгеруі, жер бедері - дүниетанымдық мәнге ие болып, өмір салты мен әлеуметтік қатынастарды реттеді. Халел Арғынбаев еңбектерінде табиғатқа қатысты түсініктер этностың дүниені қабылдау жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады.

Этнография философиясында табиғат-кеңістік-уақыт үштігі этностың экзистенциялық тәжірибесін сипаттайтын әмбебап модель ретінде пайымдалады. Қазақ этносының бұл үш категорияны тұтас қабылдауы оның болмыстық стратегиясын айқындайды. Табиғатпен үйлесімді өмір сүру, кеңістікті қозғалыс арқылы игеру және уақытты сабақтастық арқылы түсіну қазақ дүниетанымының негізгі философиялық қағидаларына айналды.

Бұл дүниетанымдық модель этностың тарихи өзгерістерге бейімделу қабілетін де қамтамасыз етті. Кеңістіктік икемділік пен уақыттық цикльділік әлеуметтік күйзелістер мен сыртқы ықпалдарға қарсы тұрудың мәдени тетіктеріне айналды. Халел Арғынбаев еңбектерінде осы қасиеттер қазақ этносының болмыстық тұрақтылығының негізгі факторлары ретінде сипатталады. Этнос кеңістік пен уақытты абсолютті емес, қатынастық категориялар ретінде қабылдай отырып, өз болмысын сақтап қала алды [7].

Қазіргі гуманитарлық ғылымдарда табиғат, кеңістік және уақыт ұғымдары жаһандану, экологиялық дағдарыс және мәдени трансформация жағдайында қайта қарастырылуда. Осы контексте Халел Арғынбаевтың еңбектері қазақ этносының дәстүрлі дүниетанымын философиялық тұрғыдан түсіндіруде маңызды теориялық ресурс болып табылады. Ғалымның көзқарастары этнография философиясының кеңістіктік және уақыттық өлшемдерін тереңдетіп, ұлттық болмысты пайымдаудың жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Қазақ этносының дүниетанымында табиғат, кеңістік және уақыт біртұтас болмыстық құрылым ретінде көрініс табады. Бұл үштік этностың өмір сүру логикасын, тарихи санасын және мәдени тәжірибесін айқындайтын іргелі философиялық жүйе болып табылады. Халел Арғынбаевтың ғылыми мұрасы осы жүйені этнография философиясы тұрғысынан пайымдауға мүмкіндік беріп, қазақ этносының болмыстық ерекшеліктерін терең ғылыми деңгейде түсіндіруге жол ашады.

Материалдық мәдениет: символдық ойлау және эстетикалық болмыс

Материалдық мәдениет этнография философиясында этностың дүниетанымдық құрылымын айқындайтын маңызды болмыстық категория ретінде қарастырылады. Ол тұрмыстық қажеттіліктерді өтеуге арналған заттар жиынтығы ғана емес, этностың тарихи тәжірибесі мен символдық ойлау жүйесінің көрінісі. Қазақ қоғамында киіз үй, тұрмыстық бұйымдар, киім үлгілері мен қолөнер заттары әлеуметтік тәжірибені, эстетикалық талғамды және дүниені қабылдау тәсілін бейнелейді.

Халел Арғынбаев қазақтың материалдық мәдениетін зерттеу барысында әрбір заттың функционалдық қызметімен қатар, оның мәдени-символдық мағынасын ашуға ұмтылды. Ғалымның пайымдауынша, материалдық мәдениет этностың рухани дүниесінің көрінетін формасы болып табылады. Мысалы, киіз үй құрылымы қазақ дүниетанымындағы ғарыштық тәртіп, кеңістік үйлесімі және табиғатпен біртұтастық идеяларын бейнелейді. Бұл тұрғыда материалдық нысандар философиялық мазмұнға ие болады [10].

Қазақ қолөнеріндегі ою-өрнектер де символдық ойлаудың көрінісі ретінде сипатталады. Өрнектер табиғат құбылыстарымен, өмір циклдерімен және әлеуметтік мәндермен байланысты. Халел Арғынбаев қолөнер бұйымдарын талдай отырып,

олардың эстетикалық функциясымен қатар, дүниетанымдық ақпарат тасымалдау қабілетін көрсетеді. Бұл ерекшелік материалдық мәдениетті мәдени мәтін ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Философиялық тұрғыдан материалдық мәдениет - этностың болмысты игеру тәсілі. Адам табиғатты өңдей отырып, өз дүниетанымын материалдық формаға көшіреді. Қазақ мәдениетінде бұл үдеріс табиғатқа үстемдік ету емес, онымен үйлесімді қатынас орнату арқылы жүзеге асады. Осы ерекшелік қазақ этносының экологиялық дүниетанымының қалыптасуына негіз болды.

Символ, рәміз және мәдени мәтін ретіндегі этнография

Этнография философиясында символ ұғымы этностың ойлау жүйесін, құндылықтарын және тарихи тәжірибесін түсіндіретін негізгі категориялардың бірі болып табылады. Символ - нақты зат немесе әрекет арқылы абстрактілі мағынаны білдіретін мәдени форма. Қазақ мәдениетінде салт-дәстүрлер, рәсімдер, киім элементтері мен тұрмыстық заттар символдық мәнге ие.

Халел Арғынбаев этнографиялық материалды зерттеу барысында символдық талдауға ерекше көңіл бөлді. Ғалым үшін этнографиялық дерек - мәдени мәтін. Оны оқу арқылы этностың дүниені қабылдау тәсілін, әлеуметтік қатынастарын және болмыстық бағдарын түсінуге болады. Бұл тұрғыда этнография философиялық герменевтиканың нысанына айналады.

Мысалы, қазақтың қонақжайлық дәстүрі тек әлеуметтік әдеп нормасы емес, ол қауымдық бірлік, өзара сенім және адамгершілік қағидаларын білдіретін символдық акт ретінде қарастырылады. Халел Арғынбаев еңбектерінде мұндай дәстүрлердің астарында жатқан философиялық мазмұн ашылады. Бұл этнография философиясының этикалық өлшемін айқындайды.

Ұрыптар мен салт-жоралар да символдық ойлаудың маңызды формалары болып табылады. Олар арқылы этнос өмірдің маңызды кезеңдерін - туу, үйлену, өлім -философиялық тұрғыдан мәндендіреді. Бұл рәсімдер адамның жеке болмысын қауымдық және ғарыштық тәртіппен байланыстырады. Халел Арғынбаев бұл құбылыстарды этностың экзистенциялық тәжірибесінің көрінісі ретінде сипаттайды [6].

Халел Арғынбаев мұрасының қазіргі гуманитарлық ғылымдардағы орны

Халел Арғынбаевтың ғылыми мұрасы қазіргі этнография мен философияның тоғысындағы зерттеулер үшін іргелі теориялық негіз болып табылады. Оның еңбектері қазақ этносының тарихи тәжірибесін, әлеуметтік құрылымын және мәдени болмысын тұтас жүйе ретінде пайымдауға мүмкіндік береді. Халел Арғынбаев этнографияны деректер жинағы деңгейінен философиялық таным саласына көтере алды.

Қазіргі гуманитарлық ғылымдарда Халел Арғынбаев идеялары ұлттық бірегейлік, мәдени жады, қоғамдық сана және рухани жаңғыру мәселелерімен байланыстырылып қарастырылады. Ғалым мұрасы жаһандану жағдайында ұлттық мәдениетті сақтаудың философиялық негіздерін түсіндіруде ерекше маңызға ие. Бұл тұрғыда оның еңбектері тек тарихи құндылық емес, заманауи ғылыми ресурс ретінде бағаланады [11].

Халел Арғынбаев оқулары мен соңғы зерттеулерде ғалымның әдіснамалық ұстанымдары пәнаралық тұрғыдан қайта қарастырылуда. Этнография философиясы, мәдени антропология және әлеуметтік философия салаларындағы зерттеулер оның еңбектеріне сүйене отырып дамуда. Бұл үрдіс Халел Арғынбаев мұрасының ғылыми әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді.

Жүргізілген кешенді талдау этнография философиясының қазақ этносының болмысын түсіндірудегі теориялық маңызын айқын көрсетті. Халел Арғынбаев еңбектері этностың әлеуметтік құрылымдарын, тарихи жадысын, дүниетанымын және мәдени тәжірибесін философиялық тұрғыдан пайымдауға мүмкіндік беретін біртұтас ғылыми жүйе қалыптастырды.

Халел Арғынбаев шығармашылығы этнография философиясының отандық үлгісін қалыптастырып қана қоймай, оны қазіргі гуманитарлық ғылымдармен сабақтастыруға жол ашты. Оның еңбектері этностың болмыстық ерекшеліктерін түсіндіруде әмбебап философиялық категорияларды қолдануға мүмкіндік береді.

Халел Арғынбаевтың ғылыми мұрасы этнография философиясының дамуына елеулі үлес қосқан іргелі теориялық жүйе ретінде бағаланады. Ол қазақ этносының тарихи тәжірибесін философиялық тұрғыдан пайымдауға, ұлттық дүниетанымның терең қабаттарын ашуға және гуманитарлық ғылымдардың теориялық әлеуетін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері этнографияның философиялық мәселелерін талдауда Халел Арғынбаев шығармашылығының теориялық әрі әдіснамалық маңызы ерекше екенін көрсетеді. Ғалым еңбектері қазақ этнографиясын тек эмпирикалық сипаттағы ғылым деңгейінде қалдырмай, оны этностың болмыстық, дүниетанымдық және құндылықтық жүйесін пайымдайтын философиялық таным саласына көтеруге мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда Халел Арғынбаев мұрасы этнография мен философияның өзара сабақтастығын айқындайтын іргелі ғылыми негіз ретінде қарастырылады.

Зерттеуде жүргізілген талдау Халел Арғынбаев еңбектерінде қазақ қоғамының негізгі әлеуметтік институттары - шежіре, отбасы мен неке, дәстүрлі шаруашылық және материалдық мәдениет - өзара байланысқан тұтас дүниетанымдық жүйе ретінде сипатталатынын дәлелдеді. Қазақ шежіресі тарихи жадының ғана емес, этностың өзін-өзі тану формасының көрінісі ретінде философиялық мәнге ие. Ал отбасы мен неке институты әлеуметтік тұрақтылық пен моральдық жауапкершілікті қамтамасыз ететін болмыстық категория ретінде ашылды. Бұл құбылыстар Халел Арғынбаев зерттеулерінде тарихи-функционалдық сипаттаумен қатар, әлеуметтік-философиялық интерпретация арқылы тереңдетіледі.

Дәстүрлі мал шаруашылығы мен көшпелі өмір салтының талдауы қазақ этносының табиғатпен үйлесімге негізделген өмір сүру философиясын айқындады. Халел Арғынбаев шаруашылық тәжірибесін экономикалық жүйе ретінде ғана емес, кеңістік пен уақытты қабылдаудың ерекше дүниетанымдық үлгісі ретінде қарастырады. Бұл көзқарас этнография философиясының онтологиялық мәселелерін - адам, қоғам және табиғат арасындағы қатынастарды түсіндіруде маңызды ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Материалдық мәдениетке қатысты зерттеулер қазақ қолөнерінің символдық және эстетикалық мағынасын ашып, оны этностың ойлау жүйесінің көрінісі ретінде пайымдауға жол ашады. Қолөнер бұйымдары арқылы халықтың еңбек этикасы, табиғатқа қатынасы және көркемдік талғамы көрініс табады. Осылайша, материалдық мәдениет этнография философиясында мәдени мәтін деңгейінде қарастырылып, ұлттық дүниетанымның көрнекі формасы ретінде сипатталады.

Халел Арғынбаевтың ғылыми мұрасы этнография философиясының қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан кешенді ғылыми жүйе болып табылады. Оның еңбектері қазақ этносының тарихи тәжірибесін философиялық тұрғыдан пайымдауға, ұлттық болмыстың ішкі логикасын ашуға және қазіргі гуманитарлық ғылымдардағы пәнаралық зерттеулерді тереңдетуге мүмкіндік береді.

Болашақта Халел Арғынбаев шығармашылығын әлеуметтік философия, мәдени антропология және қоғамдық сана теориясы тұрғысынан кешенді түрде зерттеу этнография философиясының теориялық әлеуетін одан әрі кеңейтуге жол ашады. Сонымен қатар ғалым мұрасын қазіргі жаһандану жағдайындағы ұлттық бірегейлік, мәдени трансформация және рухани сабақтастық мәселелерімен байланыстыра талдау отандық гуманитарлық ғылымдардың дамуына маңызды үлес қосатыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1 Арғынбаев, Х. (1973). Қазақ халқындағы семья мен неке. Алматы.

2 Арғынбаев, Х. (1987). Қазақ халқының қолөнері. Өнер.

3 Арғынбаев, Х. (1969). Қазақтың мал шаруашылығы жайындағы этнографиялық очерк. Алматы.

4 Хаммерсли, М., & Аткинсон, П. (2020). Этнография зерттеу принциптері (А. Б. Исембердиева, Бас. ред.; 4-басылым). Ұлттық аударма бюросы.

5 Арғынбаев, Х., Мұқанов, М., & Востров, В. (2000). Қазақ шежіресі хақында (Ә. Пірманов, Құраст.). Атамұра.

6 Арғынбаев, Х. А. (2005). Қазақтың отбасылық дәстүрлері. Қайнар.

7 Алимбай, Н., Муканова, М. С., & Аргынбаев, Х. (1998). Традиционная культура жизнеобеспечения казахов: Очерки истории и теории. Ғылым.

8 Алиева, Г. М. (2024). Исследования Халела Аргынбаева о влиянии Столыпинской аграрной ре-

формы на хозяйственный уклад и материальную культуру казахского народа. Museum.kz, (4), 47–53.

9 Аргынбаев, Х. А. (2005). Историко-культурные связи русского и казахского народов. НПФ «ЭКО».

10 Казахи: Историко-этнографическое исследование. (1995). (Г. Е. Тайжанова, Ред.; М. К. Козыбаев, Х. А. Аргынбаев, & М. С. Муканов, Редкол.). Казахстан.

11 Орынбаева, Г. У., Исаева, А. И., & Бейсегулова, А. К. (Сост.). (2018). Материалы Международной научно-практической конференции «III Аргынбаевские чтения: Современная этнографическая наука и ее роль в модернизации общественного сознания», посвященной Халелу Аргынбаеву. Қазақ университеті.

Transliteration

1 Arghynbaev, Kh. (1973). Qazaq khalqyndaghy semiya men neke [Family and marriage among the Kazakhs]. Almaty. (In Kazakh)

2 Arghynbaev, Kh. (1987). Qazaq khalqynyn qoloneri [Kazakh traditional handicrafts]. Oner. (In Kazakh)

3 Arghynbaev, Kh. (1969). Qazaqtyn mal sharuashylygy zhaiyndaghy etnografiyalyq ocherk [An ethnographic essay on Kazakh livestock husbandry]. Almaty. (In Kazakh)

4 Khammersli, M., & Atkinson, P. (2020). Etnografiya zertteu printsipteri [Ethnographic research principles] (A. B. Isemberdieva, Ed.; 4th ed.). Ulttyq audarma byurosy. (In Kazakh)

5 Arghynbaev, Kh., Mukanov, M., & Vostrov, V. (2000). Qazaq shezhiresi haqynda [On the Kazakh genealogy] (A. Pirmanov, Comp.). Atamura. (In Kazakh)

6 Arghynbaev, Kh. A. (2005). Qazaqtyn otbasylyq dasturleri [Kazakh family traditions]. Qainar. (In Kazakh)

7 Alimbai, N., Mukanova, M. S., & Arghynbaev, Kh. (1998). Traditsionnaya kul'tura zhizneobespecheniya kazakhov: Ocherki istorii i teorii [Traditional culture of life support among the Kazakhs: Essays on history and theory]. Gylym. (In Russian)

8 Alieva, G. M. (2024). Issledovaniya Khalela Arghynbaeva o vliyanii Stolypinskoy agrarnoy reformy na khozyaystvennyy uklad i material'nuyu kul'turu kazakhskogo naroda [Khalel Arghynbaev's studies of the influence of the Stolypin agrarian reform on the economic structure and material culture of the Kazakh people]. Museum.kz, (4), 47–53. (In Russian)

9 Arghynbaev, Kh. A. (2005). Istoriko-kul'turnye svyazi russkogo i kazakhskogo narodov [Historical and cultural relations between the Russian and Kazakh peoples]. NPF "EKO". (In Russian)

10 Kazakhi: Istoriko-etnograficheskoe issledovanie [Kazakhs: A historical and ethnographic study]. (1995). (G. E. Taizhanova, Ed.; M. K. Kozybaev, Kh. A. Arghynbaev, & M. S. Mukanov, Editorial Board). Kazakhstan. (In Russian)

11 Orynbaeva, G. U., Isaeva, A. I., & Beisegulova, A. K. (Comps.). (2018). Materialy Mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii «III Arghynbaevskie chteniya: Sovremennaya etnograficheskaya nauka i ee rol' v modernizatsii obshchestvennogo soznaniya», posvyashchennoy Khalelu Arghynbaevu [Proceedings of the International Scientific and Practical Conference "III Arghynbaev Readings: Contemporary Ethnographic Science and Its Role in the Modernization of Public Consciousness," dedicated to Khalel Arghynbaev]. Qazaq universiteti. (In Russian)

Авторлардың үлесі:

Акапова С.Г. – зерттеу тақырыбын нақтылау, ғылыми деректерді жинау, әдебиеттерге талдау жүргізу, эмпирикалық және теориялық материалдарды жүйелеу, сондай-ақ мақаланың негізгі мәтінін жазу және редакцияға ұсыну жұмыстарын орындады. *Шимшек Х.А.* – зерттеудің ғылыми тұжырымдамасын қалыптастыруға қатысып, мақаланың мазмұндық сапасын жетілдіру мен қорытынды нәтижелерді нақтылауды жүзеге асырды. *Какимжанова М.К.* – зерттеудің теориялық-әдіснамалық бағытын айқындап, ғылыми әдіснамасын әзірлеуге үлес қосты. *Аймбетова У.У.* – сыни және теориялық талдау жұмыстарын жүргізіп, әдебиеттер және дереккөздерді тексерді мәтінді ғылыми стиль талаптарына сәйкес редакциялауды жүзеге асырды.

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Саягүл Ғарифоллақызы Акапова	PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана, Қазақстан, email: akapovasaya@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-1839-5218
Хаджы Ахмет Шимшек	оқытушы, философия ғылымдарының докторы, Кастамону университеті, Кастамону, Түркия, simsekahmet@hotmail.com, ORCID ID: 0000-0003-1423-2120
Маргарита Қабдулақызы Кәкімжанова	философия кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан, email: rita_k79@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-3973-9980
Ұлбосын Өтегенқызы Айымбетова	аға қызметкер, қауымдастырылған профессор, PhD, «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы, Ұлытау, Қазақстан, e-mail: aim_bat@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-9903-5673

Саягул Гарипуллиевна Акапова	PhD докторант, Евразийский Национальный Университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, email: akapovasaya@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-1839-5218
Хаджы Ахмет Шимшек	преподователь, доктор философских наук, Университет Кастамону, Кастамону, Турция, simsekahmet@hotmail.com, ORCID ID: 0000-0003-1423-2120
Маргарита Какимжанова Кабдулаевна	заведующий кафедрой философии, и.о. ассоцированного профессора, кандидат философских наук, Казахский агротехнический исследовательский университет имени Сакена Сейфуллина, Астана, Қазақстан, email: rita_k79@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-3973-9980
Улбосын Утегеновна Аймбетова	старший сотрудник, ассоциированный профессор,PhD, Национальный историко-культурный и природный музея-заповедник «Улытау», Улытау, Казахстан, e-mail: aim_bat@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-9903-5673
Sayagul Akapova	PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazahstan, email: akapovasaya@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-1839-5218
Haji Ahmet Shimshek	Lecturer, Doctor of Philosophy, Kastamonu University, Kastamonu, Turkey, ORCID ID: 0000-0003-1423-2120
Margarita Kakimzhanova	Head of the Department of Philosophy, Acting Associate Professor, Candidate of Philosophy Sciences, Saken Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Astana, Kazakhstan, email: rita_k79@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-3973-9980
Ulbossyn Aimbetova	Senior Researcher, Associate Professor, PhD, Ulytau National Historical, Cultural and Natural Museum-Reserve, Ulytau, Kazakhstan, email: aim_bat@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-9903-5673

IRSTI 02.41.01 | Research Article

EQUALITY, PEOPLE-CENTEREDNESS, AND SOCIAL JUSTICE IN THE WORKS OF NINETEENTH-CENTURY KARAKALPAK THINKERS: A SOCIO-PHILOSOPHICAL ANALYSIS

O.E. Joldasbaev

ABSTRACT

This article examines the ideas of equality, people-centeredness, and social justice in the works of nineteenth-century Karakalpak thinkers, focusing on Kunxoja, O'tesh, Ajiniyaz, Berdaq, and O'mar. The study treats their poetic works not merely as literary texts but as sources of social-philosophical reflection on labour, taxation, public authority, human dignity, and the moral responsibilities of officials. A comparative and contextual approach is used to identify both shared concerns and distinctive models of justice. The analysis shows that Kunxoja interprets injustice primarily through the devaluation of labour and the disproportion between work and remuneration; O'tesh connects unpaid labour with both economic oppression and moral disgrace; Ajiniyaz emphasizes impartial judgment, equality of the rich and poor before public authority, and the ethical duties of rulers and judges; Berdaq exposes unequal taxation and coercive collection practices; and O'mar presents truth-telling in the face of official violence as a civic and moral obligation. The article argues that these thinkers conceptualized justice through concrete social relations rather than through abstract doctrine. Their works reveal a normative vision in which labour must be fairly recognized, public power must be accountable, taxation must not become a mechanism of arbitrary domination, and every person's dignity must be respected. In this sense, nineteenth-century Karakalpak intellectual heritage constitutes an important source for reconstructing regional traditions of social thought and popular conceptions of a just society.

Keywords: Karakalpak Thinkers, Social Justice, Equality, People-Centeredness, Labour Justice, Taxation, Human Dignity, Social Philosophy.

Nukus State Pedagogical Institute, Nukus, Uzbekistan

Corresponding author:
O.E.Joldasbaev, pnr9323@mail.ru

Citation:
Joldasbaev O.E. Equality, People-Centeredness, and Social Justice in the Works of Nineteenth-Century Karakalpak Thinkers: a Socio-Philosophical Analysis // Adam Alemi. – 2026. – Vol. 28. – No. 3 (109). – P. 62–70. – DOI: 10.48010/m5fsv116

Open Access
© The Author(s), 2026
This is an open-access article distributed under the terms of the Creative Commons Attribution 4.0 International License (CC BY 4.0).
https://creativecommons.org/licenses/by/4.0/

Received: 21/07/2026
Accepted: 26/08/2026
Published online: 30/09/2026

XIX ғасыр қарақалпақ ойшылдары шығармашылығындағы теңдік, халықшылдық және әлеуметтік әділет: әлеуметтік-философиялық талдау

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасырдағы қарақалпақ ойшылдары Күнқожа, Өтеш, Әжинияз, Бердақ және Омар шығармаларындағы теңдік, халықшылдық және әлеуметтік әділет идеялары әлеуметтік-философиялық тұрғыдан талданады. Зерттеуде олардың поэзиялық мұрасы тек көркем мәтін ретінде емес, еңбек, салық, билік, адам қадір-қасиеті және лауазымды тұлғалардың моральдық жауапкершілігі туралы қоғамдық ойдың дереккөзі ретінде қарастырылады. Салыстырмалы және тарихи-контекстік талдау ортақ ұстанымдармен қатар әр ойшылдың әділетті түсіндірудегі ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді. Күнқожа еңбек пен оған төленетін ақы арасындағы теңсіздікті, Өтеш еңбек ақысын бермеудің экономикалық және моральдық салдарын, Әжинияз би, қазы және билеушілердің әділдігі мен бай-кедейдің тең қаралуын, Бердақ салық ауыртпалығының әділетсіз бөлінуін, ал Омар лауазымды зорлыққа қарсы шындықты айтудың азаматтық маңызын алға шығарады. Талдау бұл ойшылдардың әділетті абстрактілі қағидадан гөрі нақты әлеуметтік қатынастар арқылы пайымдағанын көрсетеді. Олардың мұрасында еңбекті лайықты бағалау, биліктің халық алдындағы жауапкершілігі, салықтағы әділдік және әр адамның қадір-қасиетін құрметтеу әділетті қоғамның негізгі өлшемдері ретінде көрінеді.

Түйін сөздер: қарақалпақ ойшылдары, әлеуметтік әділет, теңдік, халықшылдық, еңбек әділеті, салық, адам қадір-қасиеті, әлеуметтік философия.

Равенство, народолюбие и социальная справедливость в творчестве каракалпакских мыслителей XIX века: социально-философский анализ

Аннотация. В статье проводится социально-философский анализ идей равенства, народолюбия и социальной справедливости в творчестве каракалпакских мыслителей XIX века — Кунходжи, Отеша, Ажини-

яза, Бердаха и Омара. Их поэтическое наследие рассматривается не только как художественный материал, но и как источник общественной рефлексии о труде, налогообложении, власти, человеческом достоинстве и нравственной ответственности должностных лиц. Сравнительный и историко-контекстуальный подход позволяет выявить как общность их критики социальной несправедливости, так и различия в понимании ее механизмов. Кунходжа акцентирует несоответствие между трудом и вознаграждением, Отеш связывает невыплату заработанного с экономическим угнетением и нравственным позором, Ажинияз подчеркивает беспристрастность суда и равное отношение к богатым и бедным, Бердах критикует несправедливое распределение налогового бремени и насильственные формы взыскания, а Омар утверждает нравственную и гражданскую обязанность говорить правду перед лицом чиновничьего произвола. Исследование показывает, что справедливость в их произведениях осмысливается через конкретные общественные отношения. Достойная оценка труда, ответственность власти перед народом, справедливость налогообложения и уважение человеческого достоинства образуют нормативное ядро представлений о справедливом обществе.

Ключевые слова: каракалпакские мыслители, социальная справедливость, равенство, народолюбие, справедливость труда, налогообложение, человеческое достоинство, социальная философия.

Introduction

The social thought of nineteenth-century Karakalpak intellectuals developed within a historical environment marked by agrarian dependence, unequal access to resources, differentiated social status, taxation, and the practical authority of local officials. In such a setting, questions of justice were not detached philosophical abstractions. They were encountered in everyday relations between the wealthy and the poor, employers and dependent workers, taxpayers and collectors, judges and petitioners, rulers and subjects. The works of Karakalpak thinkers therefore provide a valuable intellectual record of how social inequality was perceived, morally evaluated, and criticized from within the cultural world of the period.

The central problem addressed in this article is how equality, people-centeredness, and social justice were conceptualized in the works of Kunxoja Ibrayim o‘g‘li, O‘tesh, Ajiniyaz, Berdaq, and O‘mar. The article proceeds from the premise that their writings should not be reduced to descriptions of hardship. Their social significance lies in the normative judgments embedded in those descriptions. When a poet condemns the failure to pay a worker, criticizes unequal taxation, demands impartiality from a judge, or exposes the arbitrary conduct of an official, the text simultaneously identifies a social wrong and proposes a standard by which social relations ought to be assessed.

People-centeredness in this intellectual tradition is more demanding than sympathy for ordinary people. It involves defending the interests of working people, articulating their grievances in public language, criticizing the arbitrary conduct of officials, and affirming the population’s claim to a more just social order. This orientation is particularly visible in the way the thinkers connect material conditions with human dignity. Poverty, unpaid labour, excessive taxation, or unequal treatment are not presented solely as economic difficulties. They are interpreted as situations in which the social value of a person is diminished and the moral legitimacy of power is called into question.

The relevance of such an analysis is twofold. First, it helps reconstruct a regional history of social-philosophical thought through primary literary materials and historically grounded interpretations. Second, it clarifies the conceptual diversity within nineteenth-century Karakalpak criticism of injustice. The thinkers considered here share a concern for the people, but they do not simply repeat one another. Kunxoja foregrounds labour and remuneration. O‘tesh gives special weight to moral shame and the recognition of the worker’s rights. Ajiniyaz examines the ethical obligations of judges and rulers and the demand for equal treatment. Berdaq concentrates on taxation, social privilege, and coercion. O‘mar stresses the moral necessity of speaking the truth when official power becomes violent or arbitrary.

This comparative perspective constitutes the article’s main analytical contribution. Instead of treating “social justice” as a single undifferentiated theme, the study reconstructs several interconnected dimensions: labour justice, equality before authority, fiscal justice, official accountability, public moral judgment, and human dignity. The result is a more precise account of how a just social order was imagined in nineteenth-century Karakalpak thought.

The article uses the poems and historical-literary sources listed in the bibliography as its evidentiary base. Kunxoja’s biography and creative context are approached through Babash Ismailov’s study [1]. The analysis of “Cho‘ponlar” relies on the published collection of Kunxoja’s selected poems [2] and on A. Pirnazarov’s discussion of creative methods and

historical context [3]. Ajiniyaz's "Nasiyat" and related works are considered through published editions of his writings [4; 5]. Historical information on taxation is drawn from a history textbook that summarizes the forms of taxation and obligations of the period [6]. The interpretation of Berdaq's social significance also draws on the literary-critical collection devoted to his legacy [7]. Within these limits, the article does not claim to reconstruct every institution of nineteenth-century Karakalpak society. Its purpose is narrower: to identify the normative social ideas that emerge when these texts are read comparatively.

Methodology

The study employs a qualitative social-philosophical methodology combining contextual interpretation, comparative analysis, and conceptual reconstruction. The unit of analysis is not an isolated poetic image but the relationship between a textual judgment and the social practice to which that judgment refers. Thus, references to a shepherd's unpaid or underpaid work are read in relation to labour dependence; appeals to a judge are examined as statements about impartiality and equality; descriptions of taxation are interpreted as judgments about the distribution of social burdens; and criticism of officials is treated as an argument about accountability and the ethical limits of power.

The contextual method is used to prevent the retrospective imposition of contemporary political or legal terminology on nineteenth-century texts. Concepts such as "right," "equality," "justice," and "responsibility" are therefore reconstructed from the moral and social relationships represented in the works themselves. Where the source material provides historical clarification, it is used to explain the social meaning of titles, labour relations, and fiscal practices. For example, the discussion of Kunxoja's reference to "otaliq" is interpreted through historical information concerning the status of that office and its connection with the poet's period [1].

Comparative analysis is applied across the works of five thinkers. The comparison is organized around recurring questions: What form of injustice is identified? Who is represented as vulnerable? What conduct is condemned? What standard of fairness is implied? Who bears responsibility for restoring justice? This procedure makes it possible to distinguish a shared people-centered orientation from thinker-specific emphases. Finally, conceptual reconstruction synthesizes these observations into six analytical categories: labour justice, recognition of human dignity, equality before public authority, fiscal justice, accountability of officials, and civic truth-telling. The study remains text-centered and interpretive; it does not present quantitative claims about the frequency of themes across the complete corpus of each author.

Main part

Labour, Remuneration, and Human Dignity in Kunxoja and O'tesh

Kunxoja Ibrayim o'g'li (1799–1880) is one of the writers whose works reflect the moral and social life of the Karakalpak people. His social criticism is important because it connects everyday labour with a broader question: under what conditions can a social relation be called just? In "Jarımadım," the poet's well-known reference to an "otaliq" has been linked in the scholarly literature to Oraz otaliq, a figure whose official activity corresponds chronologically to Kunxoja's lifetime [1, p. 166]. This historical clarification matters because it shows that the poet's criticism was not detached from concrete relations of authority.

The labour question becomes especially explicit in "Cho'ponlar." To interpret this work adequately, it is necessary to recall the agrarian and pastoral context of the nineteenth century. Land, livestock, and water were central resources, while a shepherd could depend on a wealthy livestock owner for subsistence. The work portrays shepherds who endured difficult conditions while receiving extremely limited compensation. The image of a shepherd working for three years for the equivalent of a single kid is preserved in the published collection of Kunxoja's poems [2, p. 27]. The point of the image is not merely that the work was hard. Its philosophical force comes from the disproportion between the labour performed and the reward received.

This disproportion allows us to identify a principle of labour justice in Kunxoja's social thought. Labour creates a moral claim to recognition. When the worker's effort is indispensable to the wealth of another person but the worker receives an insignificant return, the economic relation becomes a relation of so-

cial devaluation. The worker is treated as if his time, endurance, and contribution have little worth. The injustice is therefore simultaneously material and moral. The inadequacy of payment expresses an inadequacy of recognition.

Historical-literary discussion also notes the presence of different forms of hired labour and the fact that wealthy livestock owners could employ several shepherds who moved with the animals in search of suitable pasture [3, pp. 26–27]. This context strengthens the interpretation of "Cho'ponlar" as a critique of a structural relationship rather than an isolated personal complaint. The shepherd is a representative figure. Through him, the poem exposes a social arrangement in which those who perform exhausting work remain dependent and poorly rewarded, while the benefits of their labour accumulate elsewhere.

The social-philosophical significance of Kunxoja's position lies in the standard implicit in the criticism. Justice requires a meaningful correspondence between contribution and compensation. This does not amount to a fully formulated economic theory, and it would be methodologically incorrect to attribute one to the poet. Yet the normative direction is clear: work should not be appropriated while the worker's needs and dignity are ignored. In this sense, labour justice becomes one of the foundations of people-centeredness.

O'tesh develops a related concern in "Sharmanda," but the emphasis shifts from disproportionate remuneration to the moral meaning of withholding what is owed. The demand "Haqini bergil" — give him what is due — has several layers. At the most immediate level, it concerns material payment for completed work. At a second level, it recognizes the worker as a person whose claim cannot be erased simply because another person possesses greater wealth or status. At a third level, failure to pay becomes a violation of moral norms.

This third dimension is essential to the title "Sharmanda." In the logic of the work, injustice does not remain a private economic transaction. It is exposed to the moral judgment of the community. The person who benefits from another's labour but refuses to provide the due compensation is not only economically unjust; such conduct is shameful. Public moral evaluation therefore functions as a form of social control. The community's judgment marks the boundary between acceptable and unacceptable conduct.

Kunxoja and O'tesh can consequently be read together while preserving an important distinction. Kunxoja's most powerful image emphasizes the measurable imbalance between work and reward. O'tesh emphasizes the normative status of the worker's claim and the moral disgrace attached to violating it. Both positions defend the labouring person, but they approach justice from different angles. One begins with proportionality; the other with obligation and moral accountability.

Their shared people-centeredness also reveals a broader understanding of human dignity. Dignity is not presented as a philosophical definition separated from social life. It appears when a person's labour is recognized, when an earned claim is honored, and when wealth does not authorize one individual to disregard another. This concrete form of dignity is important because it anchors social justice in everyday relationships. A just society is not judged only by the character of its rulers or institutions. It is also judged by what happens when one person works for another.

The two thinkers therefore transform ordinary labour relations into a field of ethical evaluation. The shepherd, worker, or dependent labourer becomes a test of the moral quality of society. If the most vulnerable person can work for years without proportionate compensation, then the problem is not merely personal misfortune. It indicates a social order in which economic dependence permits the devaluation of human effort. The poetic critique gives that experience public visibility and, by doing so, converts suffering into a claim for justice.

Ajiniyaz: Equality Before Authority and the Ethics of Office

In Ajiniyaz's works, the concept of justice is closely connected with the concrete organization of social authority. His criticism is directed not only toward external threats or general hardship but also toward inequality within society and the conduct of local officeholders. Works such as "Ko'ring," "O'tarsang," "Kerak," "Onalar," and "Kerekti" contain critical representations of judges, biys, rais, ataliqs, and other figures of authority. The central issue is not the mere existence of office. It is the moral use or misuse of office.

"Nasiyat" provides a particularly clear basis for reconstructing this position. The work addresses representatives of different social roles

and reminds them that status carries an ethical obligation. A judge, ruler, or wealthy person is not evaluated simply by rank. The legitimacy of social position depends on the responsible performance of duties toward others. In this sense, dignity and responsibility are linked: a person's social standing does not exempt him from moral standards but increases the importance of fulfilling them.

Парламент в условиях политических реформ: как механизм поддержки гражданского участия и институционализации групп интересов

Аннотация. В статье анализируется взаимосвязь между эволюцией избирательных систем и эффективностью деятельности Мажилиса Парламента Республики Казахстан в контексте подготовки и реализации современных конституционных реформ. В ходе исследования проведен сравнительный анализ парламентской активности различных созывов, сформированных на основе мажоритарной, смешанной и пропорциональной избирательных систем. Эмпирическую основу исследования составили данные о количестве депутатских запросов, рассмотренных законопроектах и формах парламентского контроля.

Результаты исследования показывают, что формальная модель избирательной системы не является определяющим фактором эффективности парламентской деятельности. Уровень парламентской активности в большей степени зависит от степени институциональной независимости парламента, его способности обеспечивать политическую ответственность исполнительной власти и реального функционирования принципа сдержек и противовесов. Также выявлены ограничения парламентской роли в согласовании внутренних и внешних лоббистских интересов с государственными приоритетами.

Сделанные выводы обосновывают актуальность усиления парламентского контроля, расширения механизмов политической ответственности правительства, а также институционального рассмотрения

процедур выражения недоверия и импичмента в условиях текущих конституционных преобразований.
Ключевые слова: Парламент, Курултай, Конституционная комиссия, избирательная система, смешанная система, пропорциональная система, лоббизм, группы интересов, система сдержек и противовесов.

Parliament in the Context of Political Reforms: A Mechanism for Supporting Civic Participation and Institutionalizing Interest Groups

Abstract. This article examines the relationship between the evolution of electoral systems and the effectiveness of the Mazhilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan in the context of ongoing constitutional reforms. The study provides a comparative analysis of parliamentary activity across different convocations formed under majoritarian, mixed, and proportional electoral systems. The empirical basis of the research includes data on the number of parliamentary inquiries, legislative initiatives, and the use of parliamentary oversight mechanisms.

The findings demonstrate that the formal design of an electoral system does not automatically ensure parliamentary effectiveness. Instead, parliamentary performance largely depends on the degree of institutional independence from the executive branch, the capacity to ensure political accountability, and the practical implementation of checks and balances. The study also highlights structural limitations in the Parliament's role as a forum for reconciling internal and external lobbying pressures with broader state interests.

The conclusions underscore the relevance of strengthening parliamentary oversight, enhancing executive accountability, and institutional consideration of mechanisms such as votes of no confidence and impeachment within the framework of current constitutional reforms.
Keywords: Parliament, Kurultai, Constitutional Commission, Electoral System, Mixed System, Proportional System, Lobbying, Interest Groups, Checks And Balances.

Кіріспе

Бүгінгі Қазақстанның саяси трансформациясы жағдайында мемлекеттік билік тармақтарының аражігін ажырату және олардың тиімді әрекеттесу тетіктерін қалыптастыру мәселесі стратегиялық маңызға ие болып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтай отырыстарында Конституциялық реформаның қисынды жалғасы ретінде елдің саяси жүйесін одан әрі демократияландырудың басым бағыттарын айқындап берді [1]. Осы орайда, заң шығарушы биліктің құрылымын оңтайландыру, атап айтқанда, бір палаталы парламент моделіне көшу мүмкіндігі билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті сақтаудың жаңа заңнамалық шешімдерін талап етеді.

Билікті бөлу қағидаты саяси-құқықтық ой тарихындағы іргелі ұғымдардың бірі ретінде антикалық дәуірден бастап қазіргі конституционализмге дейінгі еңбектерде кеңінен талқыланып келеді. Бұл теорияның философиялық негіздері ең алдымен Дж. Локктың еңбектерінде көрініс тауып, мемлекеттік билікті заң шығарушы және атқарушы тармақтарға бөлу арқылы жеке тұлғаның табиғи құқықтарын қорғау идеясы негізделді [3, 45-48 бб.]. Кейіннен Ш. Монтескье «Заңдар рухы туралы» еңбегінде билік тармақтарының өзара тепе-теңдігі мен «тежемелік әрі тепе-теңдік» (checks and balances) жүйесін қалыптастырып, оны еркіндікті қамтамасыз етудің басты шарты ретінде сипаттады [4, 112 б.]. Бұл классикалық тұжырымдамалар бүгінгі Қазақстандағы институционалдық құрылымды қайта қарау процесінде өзіндік теориялық бағдар ретінде қызмет етеді.

Заманауи саясаттану ғылымында билікті бөлу қағидаты тек формальды институттар емес, саяси тәжірибемен тығыз байланысты динамикалық процесс ретінде қарастырылып жүр. Дж. Мэдисон, Р. Даль және Х. Линц сынды зерттеушілердің еңбектерінде билік бөлінісі демократиялық тұрақтылық пен элиталар арасындағы келісім тұрғысынан талданады [5, 62 б.]. Осы ракурстан қарағанда, Қазақстанның мемлекеттілік тарихындағы, атап айтқанда 1993 жылғы Конституция тұсындағы бір палаталы Жоғарғы Кеңес тәжірибесі билік бөлінісінің теңгерімді нұсқасын іздеу жолында маңызды тарихи-құқықтық сабақ болып табылады [2, 15-18 бб.]. Дегенмен, посткеңестік кеңістіктегі зерттеулер көрсеткендей, формальды институционалдық бөлініске қарамастан, нақты саяси практикада атқарушы биліктің басымдығы сақталып келді [6].

Бүгінгі таңда Конституциялық комиссия ұсынған парламентке сайланудың пропорционалды жүйесі, аралас сайлау моделі және Ассамблеяның Халық кеңесі ретінде консультативті-кеңесші органға айналуы секілді шешімдер саяси жүйенің жаңа сценарийін айқындайды. Қазақстандық ғалымдар бұл өзгерістерді «күшті президент – ықпалды парламент – есеп беретін үкімет» формуласы аясында зерттей отырып, билік тармақтарының арасындағы теңгерімді тек мемлекеттік органдардың ішкі реттелуі ретінде емес, қоғамдық мүдделер мен

мүдделі топтардың ашық ықпал ету мүмкіндігі тұрғысынан қарастыруды ұсынады.

Осылайша, зерттеудің өзектілігі бір палаталы парламентке көшу жағдайында заң шығару процесінің шектен тыс орталықтануына жол бермеу және азаматтық қоғам институттарының шешім қабылдау үдерісіне қатысу тетіктерін заңнамалық бекіту қажеттілігінен туындайды.

Әдебиеттерге шолу

Сайлау жүйелерінің трансформациясы мен парламенттік институттардың қызмет тиімділігі арасындағы байланысты зерделеу қазіргі саяси ғылымда жаңа институционалистік парадигма аясында кеңінен қарастырылуда. Классикалық саяси теориялармен қатар заманауи зерттеулерде сайлау модельдерін өзгерту үдерісі жай ғана техникалық шара емес, саяси жүйедегі акторлардың мінез-құлқын қайта бағдарлайтын институционалдық дизайн ретінде сипатталады [7]. Электоралдық инженерия тұрғысынан алғанда, аралас сайлау жүйелерінің енгізілуі өкілдік биліктің легитимділігін арттырумен бірге, заң шығарушы орган ішіндегі фракциялық және топтық мүдделерді реттеудің жаңа тетіктерін қалыптастырады [8]. Мұндай институционалдық өзгерістер депутаттардың өкілдік міндеттемелері мен бақылаушылық қызметінің сипатына тікелей ықпал етеді.

Жаңа институционализм теориясының соңғы жылдардағы даму бағыттары парламенттік құрылымдардың сыртқы саяси конъюнктураға бейімделу қабілетін ұтымды таңдау және тарихи институционализм призмасында айқындайды [9]. Қазіргі зерттеушілердің пайымдауынша, парламенттік мандаттарды бөлу форматы саяси партиялардың ішкі мобилизациясына ғана әсер етіп қоймай, корпоративтік лоббизм топтарының заң шығару процесіне ықпал ету стратегияларын да трансформациялайды [10]. Осы тұрғыдан алғанда, аралас сайлау жүйесі негізінде жасақталған парламенттік құрылымдар азаматтық белсенділікті қолдау мен элиталық топтардың мүдделерін институционалдау арасындағы тепе-теңдікті сақтаушы негізгі саяси тетік қызметін атқарады.

Посткеңестік кеңістіктегі трансформациялық үдерістерді талдаған заманауи ғылыми жарияланымдар сайлау инженериясының тиімділігі жергілікті саяси мәдениет пен атқарушы биліктің институционалдық архитектоникасына тікелей тәуелді екендігін дәлелдейді [11]. Отандық ғылыми дискурста Парламенттің рөлін арттыру, саяси реформалардың динамикасы және мүдделі топтардың заң шығару ісіне ықпалы сияқты мәселелер отандық зерттеушілердің де назарында тұр. Дегенмен, аралас сайлау жүйесі жағдайында бір мандатты округтерден және партиялық тізімнен сайланған депутаттардың бақылаушылық белсенділігін (сауалдарын) эмпирикалық деңгейде салыстырмалы талдау бағыты әлі де тереңдетуді қажет етеді.

Әдіснама

Зерттеу жұмысы сапалық және сандық әдістерді ұштастыратын кешенді әдіснамаға негізделді. Алғашқы кезеңде сайлау жүйелері мен парламенттік өкілдік мәселелерін түсіндіретін классикалық және заманауи саяси теорияларға талдау жасалды. Атап айтқанда, демократиялық өкілдік, плюрализм, лоббизм және билік тармақтарының бөлінуі теориялары зерттеудің теориялық негізін құрады. Атап айтқанда, саяси реформалар жағдайындағы Парламенттің рөлін зерделеу үшін П. Холл мен Р. Тейлор негіздеген «жаңа институционализм» концепциясына сүйендік [12, 936-957 бб.]. Бұл тәсіл парламенттік құрылымдағы өзгерістерді тек құқықтық нормалар емес, саяси акторлардің мінез-құлқын қалыптастыратын ережелер мен процедуралар жиынтығы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Эмпирикалық талдау барысында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің әртүрлі шақырылымдары бойынша статистикалық деректер жинақталып, салыстырмалы әдіс арқылы өңделді. Негізгі көрсеткіштер ретінде депутаттық сауалдар саны, қаралған заң жобалары және парламенттік бақылау нысандарының (үкімет сағаттары, парламенттік тыңдаулар, дөңгелек үстелдер) жиілігі пайдаланылды.

Сонымен қатар, мазмұндық талдау әдісі қолданылып, депутаттық сауалдардың және парламенттік талқылаулардың тақырыптық бағыты зерттелді. Бұл әдіс парламенттік белсенділіктің тек сандық емес, сапалық қырларын анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 8-ші шақырылымы депутаттарының жолдаған депутаттық сауалдарын жүйелеу және олардың мазмұндық бағытын айқындау мақсатында сапалық-сандық контент-талдау әдісі қолданылды. Эмпирикалық базаның объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында депутаттық сауалдарды жіктеудің арнайы кодтау матрицасы әзірленіп, сауалдар мазмұны мен мәтіндік контексіне қарай институционалдық және аймақтық-әлеуметтік болып екі негізгі категорияға жіктелді.

Институционалдық бағыттағы сауалдар категориясына мемлекеттік басқару жүйесін реформалауды, заңнамалық базаны жетілдіруді, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті нығайтуды және ірі корпоративтік немесе салалық мүдделерді құқықтық реттеуді мақсат ететін мәселелер жатқызылды. Мұндай сауалдарды сұрыптаудың негізгі кодтау белгілеріне көтерілген мәселенің жалпыұлттық сипатқа ие болуы, жүйелі құқықтық өзгерістерді талап етуі және мемлекеттік стратегиялық құжаттарды трансформациялау қажеттілігі алынды. Контент-талдау барысында аталған категорияны айқындайтын басты семантикалық индикаторлар ретінде «заңнамаға өзгерістер енгізу», «институционалдық реформа», «мемлекеттік басқару жүйесі», «құқықтық реттеу», «монополиядан арылту», «салалық кодекс» және «ұлттық компаниялар» сияқты кілт сөздер негізге алынды.

Аймақтық-әлеуметтік бағыттағы сауалдар категориясына нақты бір өңірдің немесе елді мекеннің локальды инфрақұрылымдық мәселелерін шешуге, сонымен бірге халықтың әлеуметтік осал топтарының мүдделерін қорғауға бағытталған өтініштер енгізілді. Бұл топтағы сауалдарды анықтау критерийлері мәтінде нақты географиялық атаулардың кездесуімен, тұрмыстық-тұтынушылық және локальды әлеуметтік дефициттерге назар аударылуымен, сондай-ақ жедел бюджеттік қаржыландырудың талап етілуімен сипатталады. Аталған бағытты кодтау үдерісінде «аймақтық даму», «локальды инфрақұрылым», «ауыз сумен қамту», «мектеп және аурухана құрылысы», «жол жөндеу», «әлеуметтік жәрдемақы» және «жылу маусымы» сияқты тұжырымдар басты семантикалық индикаторлар қызметін атқарды.

Әрбір депутаттық сауал мәтіні толықтай сканерленіп, мәнмәтіндік талдаудан өткізілгендіктен, алынған нәтижелердің валидтілігі жоғары деп есептеледі. Сауал ішінде әрі аймақтық, әрі институционалдық элементтер қатар кездескен жағдайда, шешім қабылдау мәтіннің доминантты мақсатына қарай айқындалып отырды. Тұрғындардың локальды мәселесін көтеру арқылы бүкіл білім беру заңнамасын өзгерту талап етілсе, сауал институционалдық бағытқа, ал тек нақты нысанға қаржы бөлгізу мақсат етілсе, аймақтық-әлеуметтік категорияға бекітілді. Әдістемелік сүзгінің осылайша нақтылануы сандық мәліметтердің объективтілігін арттырып, зерттеуші тарапынан болатын субъектілікті барынша азайтуға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында тарихи-институционалдық тәсіл де қолданылып, парламенттің дамуы саяси жүйедегі өзгерістермен және атқарушы билікпен өзара қатынасы тұрғысынан қарастырылды. Әдістердің үйлесімді қолданылуы зерттеу нәтижелерінің валидтілігі мен ғылыми негізділігін қамтамасыз етті.

Негізгі бөлім

Қазіргі кезеңде Қазақстанда Конституциялық комиссия деңгейінде жаңа Конституциялық реформаны әзірлеу мәселесінің күн тәртібіне шығуы елдегі саяси-институционалдық дамудың кезекті сапалық сатыға өтіп отырғанын көрсетеді. Әсіресе бір палаталы парламент құру және оны пропорционалды сайлау жүйесі арқылы қалыптастыру жөніндегі ұсыныстар өкілдік демократияның мазмұны, депутаттық жауапкершілік пен парламенттік белсенділік мәселелерін қайта пайымдауды талап етеді. Осы тұрғыда сайлау жүйесі тек техникалық механизм емес, ол саяси акторлардың мінез-құлқын, партиялық бәсекенің сипатын және азаматтардың өкілдікке деген сенімін айқындайтын институционалдық фактор ретінде қарастырылады.

Саяси ғылымда сайлау жүйелері билік пен қоғам арасындағы байланысты қалыптастыратын «институционалдық фильтр» ретінде қарастырылады [13, 27-52 бб.]. Осы тұрғыдан алғанда, пропорционалды, мажоритарлық және аралас сайлау жүйелерінің әрқайсысы саяси процестің мазмұнына, партиялық жүйенің дамуына және депутаттардың мінез-құлқына әртүрлі ықпал етеді.

Сайлау жүйелері теориясының классикалық бағыты Морис Дюверженің еңбектерінен бастау алады. Ол сайлау формуласы мен партиялық жүйе арасындағы тікелей байланысты негіздеп, пропорционалды сайлау жүйесі көппартиялықты ынталандыратынын, ал мажоритарлық жүйе екіпартиялыққа бейім екенін дәлелдеді [14, 217-228 бб.]. Бұл тұжырым кейінгі салыстырмалы зерттеулерде кеңінен қолдау тапты. Аренд Лейпхарт пропорционалды сайлау жүйесінің демократиялық әлеуетін терең талдаған зерттеушілердің бірі болды. Ол пропорционалды жүйені консенсус демократиясының негізгі тіректерінің бірі ретінде қарастырып, мұндай жүйе саяси ашылықтардың мүдделерін қорғауға, әлеуметтік келісімге және парламенттік инклюзивтілікке қолайлы жағдай жасайтынын атап өтеді [15, 143-157 бб.]. Лейпхарттың пікірінше, пропорционалды жүйе әсіресе этникалық, әлеуметтік немесе аймақтық тұрғыдан алуан түрлі қоғамдар үшін тиімді институционалдық шешім болып табылады [16, 30-35 бб]. Себебі ол саяси ашылықтардың өкілдігін қамтамасыз етумен бірге саяси инклюзивтілікті де арттырады. Ал М. Шугарт пен Дж. Кэри аралас сайлау жүйесін өтпелі демократиялар үшін «ымыралы модель» ретінде сипаттап, оның бір мезгілде әрі аумақтық өкілдікке, әрі партиялық тепе-теңдікке мүмкіндік беретінін атап өтеді [17, 167-184 бб.].

Сонымен қатар, XX ғасырдың соңынан бастап аралас сайлау жүйелері ерекше зерттеу нысанына айналды. Мэттью Шугарт пен Джон Кэри аралас жүйелерді мажоритарлық және пропорционалды жүйелердің элементтерін біріктіретін компромистік модель ретінде сипаттайды. Олардың пайымдауынша, аралас жүйелер өкілдік пен есептілік арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуге бағытталғанымен, нақты саяси контекске байланысты әртүрлі нәтижелерге әкелуі мүмкін [17, 167-184 бб.].

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, бүгінгі таңда пропорционалды сайлау жүйесі ең кең таралған модель болып отыр. Қазіргі уақытта шамамен 90-ға жуық мемлекет парламентін толық немесе басым түрде пропорционалды жүйе арқылы қалыптастырған. Бұл жүйе негізінен Еуропа елдерінде (Нидерланд, Испания, Швеция, Финляндия), Латын Америкасында және бірқатар Азия мемлекеттерінде орныққан. Ал аралас сайлау жүйесін қолданатын елдердің саны 30-дан асады [13, 27-31 бб.]. Олардың қатарында Германия, Жапония, Оңтүстік Корея, Украина және 2023 жылдан бастап Қазақстан да бар. Бұл дерек пропорционалды жүйенің жаһандық деңгейде институционалдық тұрғыда басым модельге айналып отырғанын көрсетеді [18, 113-120 бб.].

Дегенмен сайлау жүйесін таңдауда елдің саяси тарихы, партиялық дамуы, аумақтық құрылымы және азаматтық қоғамның деңгейі шешуші рөл атқарады. Аралас жүйе көбіне өкілдікті кеңейту мен жергілікті мүдделерді қорғау мақсатын көздесе, пропорционалды жүйе саяси партиялардың рөлін күшейтіп, идеологиялық бәсекені институционализациялауға бағытталған. Осы себепті Қазақстанда 1995 жылдан бері сайлау жүйесінің бірнеше рет өзгеруі саяси биліктің тұрақтылық пен басқарушылық тиімділік арасындағы тепе-теңдікті іздегенін аңғартады.

Парламенттің билік тармақтары жүйесіндегі қысым жасаушы және ішкі лоббистік функциясы

Қазіргі саясаттану ғылымында парламент тек заң шығарушы орган ретінде ғана емес, сонымен қатар билік тармақтары арасындағы мүдделерді үйлестіруші, әлеуметтік және корпоративтік қысымды институционалдық арнаға түсіретін негізгі алаң ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыдан алғанда, парламенттің қызметі классикалық «заң қабылдау» функциясымен шектелмей, атқарушы билікке жүйелі түрде ықпал ететін ішкі лоббистік механизм ретінде сипатталады [14, 89-112 бб.].

Билікті бөлу теориясының классикалық нұсқаларында парламент атқарушы билікті шектеуші және бақылаушы орган ретінде көрсетілсе [20, 151-170 бб.], кейінгі неоинституционалдық және плюралистік бағыттарда парламент қоғамдағы әртүрлі мүдделердің мемлекет ішіндегі «қысым тетігі» ретіндегі рөліне ерекше назар аударады [21, 936-957 бб.]. Р. Дальдың плюралистік демократия концепциясында парламент қоғамдық топтар мен элиталардың талаптарын сүзгіден өткізіп, оларды саяси шешім қабылдау процесіне енгізетін негізгі арена ретінде сипатталады [22, 24-52 бб.].

Осы логикаға сәйкес, парламенттік институттың табиғатын ішкі лоббизм ұғымы

арқылы түсіндіруге де болады. Ішкі лоббизм дегеніміз – азаматтық қоғам, корпоративтік құрылымдар, кәсіби қауымдастықтар мен аумақтық мүдделердің талаптарының мемлекеттік биліктің ішкі институттары арқылы, ең алдымен парламент арқылы атқарушы билікке жеткізілуін білдіреді [23, 5-20 бб.]. Бұл жерде парламент классикалық сыртқы лоббизм объектісі емес, керісінше лоббистік қысымның тасымалдаушысы мен реттеушісі рөлін атқарады.

Батыс саясаттануында парламенттің дәл осы функциясы «pressure politics inside the state» немесе «venue for interest transmission» ұғымдарымен түсіндіріледі [24, 35-68 бб.]. А. Бентлидің пікірінше, парламент мүдделердің қарапайым жиынтығы емес, оларды құрылымдап, саяси тұрғыдан заңдастыратын институт [25, 17-42 бб.]. Ал Ф. Шмиттер корпоративтік және қоғамдық мүдделердің парламент арқылы атқарушы билікке қысым көрсетуін заманауи мемлекеттегі басқарудың ажырамас элементі ретінде қарастырады [26, 85-131 бб].

Парламенттің қысым жасаушы функциясы ең алдымен келесі құралдар арқылы іске асады:

– депутаттық сауалдар мен сұрау салулар;

– парламенттік тыңдаулар;

– заңнамалық бастамалар;

– бюджет пен атқарушы органдардың есептерін талқылау;

– саяси жария дискурс пен легитимациялық қысым.

Бұл құралдар парламентті атқарушы билікке балама саяси орталыққа айналдырмайтыны анық. Бірақ оны қоғамдық және корпоративтік талаптарды артикуляциялайтын негізгі институционалдық канал етеді [27, 5-22 бб.].

Қазақстан жағдайында бұл теориялық модель ерекше маңызға ие. Себебі посткеңестік саяси жүйелерде классикалық азаматтық лоббизм әлсіз дамығандықтан мүдделердің басым бөлігі тікелей парламенттік өкілдік арқылы тасымалданады [28, 505-524 бб.]. Осы тұрғыдан алғанда, Құрылтай тек заң қабылдайтын орган емес, билік тармақтары ішіндегі қысым трансляторы, яғни халықтық және корпоративтік сұранысты атқарушы билікке жеткізетін негізгі институционалдық алаң ретінде қызмет атқарады.

Сондықтан Құрылтайдың тиімділігін бағалау кезінде тек қабылданған заңдар саны емес, оның атқарушы билікке ықпал ету қабілеті, яғни депутаттық сауалдар белсенділігі, қоғамдық және салалық мүдделерді көтеру деңгейі негізгі эмпирикалық көрсеткіш ретінде қарастырылуы тиіс. Осы зерттеудің келесі бөлімінде Қазақстанда қолданылған пропорционалды және аралас сайлау жүйелерінің Құрылтайдың дәл осы қысым жасаушы және ішкі лоббистік функциясына қалай әсер еткені эмпирикалық деректер негізінде талданады. Бұл талдау ұсынылып отырған бір палаталы парламент пен пропорционалды сайлау жүйесінің Қазақстан жағдайындағы әлеуетті салдарын бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеудің бірінші бөлігінде біз 1996-2026 жылдар аралығындағы ҚР Мәжілісіне кезекті шақырылым депутаттарын сайлауда қолданылған сайлау жүйелері мен сол уақыт арасында сайланған депутаттардың жұмысына корреляциялық талдау жасадық. Яғни, пропорционалды және аралас сайлау жүйелері модельдерінің Қазақстан жағдайындағы үлгісінің ерекшеліктерін анықтай отырып, заң шығару билігінің жұмыс динамикасы арқылы пропорционалды және аралас сайлау жүйелерінің тиімділігін анықтағымыз келеді. Ол үшін ҚР Мәжілісінің ресми сайтында орналасқан ақпараттарды талдадық [29]. Атап айтқанда, әр шақырылымдағы депутаттық сауалдардың санына талдау жасадық. Екінші жағдайда, ҚР Парламенті Мәжілісінің қызметінің қорытындысын басты өлшем ретінде алдық (1-кесте).

1-кесте. Сайлау жүйесі мен депутаттық сауалдар динамикасы

№	Кезең (шақырылым)	Сайлау жүйесі	Сауал дар саны	Қаралған заң жобалары	Белсенділік сипаты
1.	1 шақырылым (1996-1999)	Мажоритарлық	357	-	Қалыптасу кезеңі
2.	2 шақырылым (1999-2004)	Аралас жүйе	-	603	Қалыптасу кезеңі
3.	3 шақырылым (2004–2007)	Аралас жүйе	2000	-	Жоғары (бір мандаттылар есебінен)


4.	4 шақырылым (2007–2011)	Пропорционалды	2715	300	Жоғары (жүйе ауысуындағы инерция)
5.	5 шақырылым (2012-2016)	Толық пропорционалды	1008	-	Төмендеу (партиялық шектеу)
6.	6 шақырылым (2016-2021)	Толық пропорционалды	865	487	Төмендеу (партиялық шектеу)
7.	7 шақырылым (2021-2023)	Толық пропорционалды	790	264	Төмендеу (партиялық шектеу)
8.	8 шақырылым (2023-2026)	Аралас жүйе (70/30)	1456	341	Өсу (қайта жандану)

Бірінші кестеде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің әртүрлі шақырылымдарындағы қызмет көрсеткіштері мен қолданылған сайлау жүйелері салыстырмалы түрде қарастырылған. Деректер Мәжіліс белсенділігінің сайлау жүйесінің түріне тікелей және бірмәнді тәуелді еместігін көрсетеді. Мәселен, 1-ші шақырылым кезеңінде мажоритарлық сайлау жүйесі қолданылғанымен, депутаттық сауалдар саны салыстырмалы түрде төмен болып, Мәжіліс қызметі институционалдық қалыптасу сипатында болды. 2 және 3-ші шақырылымдарда аралас сайлау жүйесіне көшу байқалғанымен, белсенділіктің артуы көбіне бірмандаттық округтерден сайланған депутаттардың жеке бастамалары есебінен жүзеге асты.

4-ші шақырылымда толық пропорционалды сайлау жүйесіне көшу жағдайында депутаттық сауалдар мен қаралған заң жобаларының ең жоғары көрсеткіштері тіркелді. Бұл кезеңдегі белсенділік сайлау жүйесінің ауысуынан туындаған институционалдық инерциямен және парламенттік тәжірибенің жинақталуымен түсіндіріледі. Ал 5-7-ші шақырылымдарда пропорционалды жүйе сақталғанымен, депутаттық сауалдар саны мен заңнамалық белсенділіктің біртіндеп төмендеуі байқалады. Бұл құбылыс партиялық шектеулердің күшеюі-мен, парламенттің атқарушы билікке тәуелділігінің артуымен және саяси бәсекенің әлсіреуімен байланысты қарауға болады.

8-ші шақырылымда аралас сайлау жүйесінің (70/30) қайта енгізілуі депутаттық сауалдар санының өсуіне әкелгенімен, бұл өсімнің институционалдық тұрғыдан орнықты сипат алмағаны байқалады. Осылайша, бірінші кестенің деректері сайлау жүйесінің формасы парламент белсенділігінің жалғыз немесе шешуші факторы емес екенін көрсетеді.

Отандық парламенттік тәжірибедегі заң шығарушылық және бақылау қызметінің



1 сурет. Шақырылымдар бойынша депутаттық сауалдар санының серпімділігі

эволюциялық дамуын зерделеу барысында бірінші шақырылымнан сегізінші шақырылымға дейінгі кезеңдегі депутаттық белсенділіктің көрсеткіштері сараланды. Мәтіндегі статистикалық мәліметтердің ауқымдылығын жүйелеу және хронологиялық жүйелеу мақсатында қолданыстағы сайлау жүйелерінің ауысуына байланысты жолданған депутаттық сауалдардың нақты саны арнайы гистограмма түрінде жинақталды (1 сурет).

1 суретте көрсетілгендей, сайлау жүйесінің өзгеруі депутаттық сауалдар динамикасына тікелей әсер етіп отырған. Төртінші шақырылымдағы жүйелік ауысу инерциясынан кейін толық пропорционалды модель кезеңінде (5, 6, 7 шақырылымдар) белсенділіктің 790 сауалға дейін тұрақты төмендегені байқалады. Ал саяси реформалардан кейін аралас жүйе негізінде жасақталған 8 шақырылымда бұл көрсеткіш қайта жанданып, 1456 сауалға жеткендігі Парламенттің бақылаушылық функциясының сапалы түрде күшейгенін айғақтайды.

2-кесте. ҚР Парламенті Мәжілісі қызметінің қорытындылары

№	Үкімет сағаты	Парламент тік тыңдау	Палаталардың бірлескен отырысы	Дөңгелек үстел	Конференция	Мәжілістің жалпы отырысы
6 с.	61	6	23	70	18	186
7 с.	15	1	11	39	-	85
8 с.	1	1	2	2		18

Екінші кестеде 6, 7 және 8-ші шақырылымдардағы парламенттік бақылау құралдарының қолданылу жиілігі салыстырмалы түрде көрсетілген. Бұл деректер Мәжіліс қызметінің сапалық қырын бағалауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, 6-шы шақырылымда үкімет сағаттары, дөңгелек үстелдер, парламенттік тыңдаулар мен жалпы отырыстар саны жоғары деңгейде сақталған. Бұл кезеңде парламенттік бақылау тетіктері салыстырмалы түрде жүйелі қолданылғанын байқауға болады.

7-ші шақырылымда барлық көрсеткіштердің күрт төмендеуі парламенттік белсенділіктің формалды сипат ала бастағанын аңғартады. Ал 8-ші шақырылымда, аралас сайлау жүйесі қайта енгізілгеніне қарамастан, парламенттік бақылаудың негізгі құралдары (үкімет сағаты, парламенттік тыңдау, бірлескен отырыстар) ең төмен деңгейде тіркелген. Бұл жағдай депутаттық белсенділіктің жекелеген сандық өсіміне қарамастан, институционалдық бақылау функциясының әлсірегенін көрсетеді және атқарушы билік пен заң шығарушы билік басшыларының беделімен де тығыз байланыста қарастыруға болады. Яғни, жүйелік және институционалдық желінің әлсіздігін көрсетіп тұр.

Жүргізілген талдау сайлау жүйесінің түрі парламент қызметінің тиімділігін айқындайтын басты фактор емес екенін көрсетті. Мәжіліс белсенділігінің әртүрлі шақырылымдарда ауытқуы мажоритарлық, аралас немесе пропорционалды жүйелердің өзіне емес, парламенттің атқарушы билікке ықпал ету және оны қадағалау мүмкіндіктеріне тәуелді болды. Атқарушы биліктің парламент алдындағы саяси жауаптылығы шектеулі жағдайда сайлау жүйесінің әлеуеті толық іске аспайды. Осыған байланысты сайлау жүйесін реформалау мәселесі парламенттік бақылау тетіктерін, оның ішінде үкіметке сенімсіздік білдіру және импичмент жариялау механизмдерін күшейтумен кешенді түрде қарастырылуы қажет.

Зерттеудің келесі кезеңінде Қазақстанда 2023 жылдан бастап енгізілген аралас сайлау жүйесінің Мәжіліс депутаттарының өкілдік мінез-құлқына, нақтырақ айтқанда депутаттық сауалдардың мазмұндық сипатына ықпалын эмпирикалық тұрғыда айқындауды жөн санадық. Зерттеу 8-ші шақырылым Мәжіліс депутаттарының 2023-2026 жылдар аралығында жолдаған 1456 депутаттық сауалдарына жүргізілген контент-талдау негізінде жүзеге асырылды. Зерттеу нысаны ретінде Мәжілістің ресми сайтынан алынған «Депутаттық сауалдар» (2023-2026 жж. аралығы) электронды деректер қоры пайдаланылды. Талдау барысында келесі алгоритм қолданылды:

1. Әрбір сауал бойынша «бірінші қол қоюшы» (бастамашы) анықталып, оның сайлану жүйесі (партиялық тізім немесе бір мандатты округ) бойынша жіктелуі жүзеге асырылды.

2. Сауалдардың қысқаша мазмұнына сүйене отырып, мәселенің сипаты (жалпыұлттық-стратегиялық немесе локалды-өңірлік) анықталды.

Аралас сайлау жүйесінің енгізілуі Құрылтай құрамында өкілдіктің екі түрлі легитимациялық негізін қалыптастырды: партиялық тізім арқылы сайланған депутаттар және бірмандатты аумақтық округтерден сайланған депутаттар. Бұл айырмашылық олардың парламенттік белсенділігіне, көтеретін мәселелерінің мазмұны мен бағыттарына тікелей әсер етеді деген болжам жасалды. Осыған сәйкес, зерттеуде келесі гипотеза тексерілді: аралас сайлау жүйесі халықтық және корпоративтік мүдделерді қатар ілгерілетуге мүмкіндік береді, ал пропорционалды сайлау жүйесі жағдайында депутаттық белсенділік негізінен институционалдық және корпоративтік күн тәртібіне шоғырланады.

Эмпирикалық талдау барысында барлық депутаттық сауалдар мазмұнына қарай екі ірі категорияға жіктелді. Бірінші категорияға халықтық (публицистік) сипаттағы сауалдар енгізілді. Оларға әлеуметтік қамсыздандыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жол және инфрақұрылым, денсаулық сақтау, білім беру, экология, аймақтық даму мәселелері, тарифтік саясат және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне қатысты сұрақтар жатқызылды. Екінші категория корпоративтік және институционалдық сипаттағы сауалдарды қамтыды. Бұл топқа мемлекеттік басқару реформалары, цифрландыру, салалық даму стратегиялары, бизнес пен инвестициялық ахуал, құқықтық реттеу және орталық мемлекеттік органдардың жүйелік саясатына қатысты сауалдар кірді.

Зерттеу нәтижелері бірмандатты округтерден сайланған 29 депутаттың сауалдарында халықтық және аймақтық мәселелердің басымырақ екенін көрсетті. Аталған депутаттар өздерінің аумақтық электоратпен тікелей байланысына байланысты әлеуметтік сипаттағы нақты проблемаларды, жергілікті инфрақұрылымның жай-күйін, өңірлік теңсіздік мәселелерін және тұрғындардың күнделікті сұраныстарын жиі көтерген. Атап айтқанда, жол сапасы, ауылдық медицинаның қолжетімділігі, білім беру нысандарының жағдайы, экологиялық проблемалар және коммуналдық тарифтер мәселелері бірмандатты депутаттардың сауалдарында жүйелі түрде көрініс тапқан. Бұл олардың өкілдік қызметінде халықтық қысымды парламенттік деңгейде тасымалдау функциясын атқарып отырғанын көрсетеді.

Ал партиялық тізім арқылы сайланған депутаттардың сауалдары басым түрде институционалдық және корпоративтік сипатқа ие болды. Олар мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыттарына, салалық реформаларға, цифрлық трансформацияға, құқықтық реттеу мәселелеріне және атқарушы биліктің жүйелік шешімдеріне көбірек назар аударған. Мұндай сауалдар, әдетте, нақты бір өңірдің проблемаларынан гөрі ұлттық деңгейдегі саясаттың тиімділігіне, мемлекеттік басқарудың институционалдық сапасына және экономикалық секторлардың дамуына бағытталған. Бұл партиялық тізіммен сайланған депутаттардың өкілдік логикасы аумақтық электораттан гөрі партиялық бағдарламалар мен элиталық келісімдерге анағұрлым тәуелді екенін аңғартады (3 кесте).

3-кесте. Мәжіліс депутаттарының үкіметке жолдаған сауалына жасалған контент-талдау үлгілері

№	Көрсеткіштер	Мажоритарлық жүйе (Бір мандатты округ)	Пропорционалды жүйе (Партиялық тізім)
1.	Негізгі спикерлер	А. Аймағамбетов, А. Құспан, Е. Саиров, Е. Жаңбыршин	А. Перуашев, К. Иса, Д. Еспаева
2.	Сауал сипаты	Нақты өңірлік проблемалар, құқықтық өткірлік (сталкинг, жер мәселесі)	Жалпыұлттық концепциялар, цифрландыру, бағдарламалар
3.	Жауапкершілік нысаны	Жеке (Сайлаушы алдында)	Фракциялық (Партия алдында)
4.	Файлдағы мысалы	№9198-сауал (А. Құспан: «Некеге мәжбүрлеу»)	№9199-сауал (О. Нұралдинов: «Цифрландыру»)

Талдау көрсеткендей, Асхат Аймағамбетов (Астана қаласы) пен Абзал Құспан (Батыс Қазақстан облысы) секілді мажоритарлық депутаттардың Үкіметке жолдаған сауалдары әлеуметтік мәселелерге арналады. Мәселен, ҚР Парламенті Мәжілісінің веб-сайтындағы деректердегі соңғы жазбалардың біріне сәйкес (№9198 сауал) Абзал Құспанның «Не-


кеге мәжбүрлеу және сталкинг» мәселесін көтеруі бұл партиялық бағдарламадан тыс, қоғамдағы нақты әлеуметтік сұранысқа берілген жауап ретінде көрініс береді. Сол сияқты, Еділ Жаңбыршиннің өңірлік инфрақұрылым мен энергетикалық қауіпсіздік бойынша жасаған көптеген сауалдары (№7739 және т.б.) оның Маңғыстау облысы сайлаушыларының мүддесін тікелей қорғап отырғанын дәлелдейді. Ал партилық тізіммен сайланған депутат Азат Перуашев пен оның фракциясының сауалдары инвесторлардың мүдделері, ірі мұнай компанияларының жерді пайдалану секілді мәселелеріне арналған.

Осылайша, эмпирикалық деректер Қазақстан жағдайында аралас сайлау жүйесінің қосарланған өкілдік механизмін қалыптастырғанын көрсетіп отыр. Бірмандатты округ депутаттары парламентте халықтық және аймақтық мүдделерді көтерушілер ретінде әрекет етсе, партиялық тізім арқылы сайланған депутаттар институционалдық және корпоративтік мүдделерді артикуляциялауға бейім. Мұндай конфигурация Құрылтайды билік тармақтары арасындағы ішкі лоббизмнің маңызды алаңына айналдырады. Парламент бір жағынан төменнен келетін қоғамдық қысымды, екінші жағынан ұйымдасқан корпоративтік және салалық мүдделерді қабылдап, оларды атқарушы билікке бағытталған саяси қысым формасына трансформациялайды (4 кесте).

4-кесте. Мәжіліс депутаттарының үкіметке жолдаған сауалына жасалған контент-талдаудың жиынтық нәтижелері

№	Депутат сайлану түрі	Корпоративтік мәселелер (%)	Халықтық мәселелер (%)	Аралас / институционалдық (%)
1.	Бірмандатты округтер	3,5 %	7,4 %	89,1 %
2.	Партиялық тізім	5,3 %	6,3 %	88,4 %

Сегізінші шақырылымдағы депутаттық сауалдардың ішкі сипаты мен бағыттарын тереңірек зерделеу мақсатында мандат алу тетігіне қарай жіктеу жұмыстары жүргізілді. Бірмандатты округтерден және партиялық тізім бойынша сайланған халық қалаулыларының көтерген мәселелерін мазмұндық тұрғыдан саралау нәтижелері арнайы салыстырмалы диаграмма түрінде жинақталды (2 сурет).



2 сурет. Сайлану түріне қарай депутаттық сауалдардың мазмұндық бағыттары бойынша бөлінісі (%)

2 суретте көрсетілген эмпирикалық мәліметтерге сәйкес, сайлану форматына қарамастан қос топта да аралас және институционалдық сипаттағы жүйелі сұрақтардың үлесі айрықша басымдыққа ие болып отыр. Бірмандатты округтерден сайланған депутаттардың сауалдарында халықтық мәселелердің үлесі 7,4 пайызды көрсетіп, партиялық тізіммен келгендерге қарағанда жоғары екендігі байқалады. Мұндай айырмашылық мажоритарлық негізде нақты өңірлерден мандат алған саяси акторлардың өз сайлаушыларымен тікелей байланысының тығыздығын және локальды әлеуметтік дефициттерге жедел назар аударатындығын айғақтайды. Өз кезегінде партиялық тізім өкілдерінің сауалдарында корпоративтік мәселелердің үлесі 5,3 пайызды құрап, салалық және топтық мүдделерді институционалдауға бейімділіктің салыстырмалы түрде жоғары екендігін көрсетеді.

Зерттеудің бастапқы гипотезасы Қазақстан Республикасында қолданылып отырған аралас сайлау жүйесі депутаттық корпус арқылы қоғамның халықтық және корпоративтік мүдделерін қатар артикуляциялауға мүмкіндік береді, ал толық пропорционалды сайлау жүйесі жағдайында депутаттардың қызметі көбінесе институционалдық және корпоративтік сипаттағы мәселелерді ілгерілетуге бейім болады деген тұжырымға негізделді.

Жүргізілген эмпирикалық талдау 8-ші шақырылым Мәжіліс депутаттарының сауалдарын мазмұндық жіктеу арқылы бұл гипотезаның негізгі бөлігінің дәлелденетінін көрсетті. Атап айтқанда, бірмандатты сайлау округтерінен сайланған депутаттардың депутаттық сауалдарында халықтың жергілікті және әлеуметтік-экономикалық проблемаларына қатысты мәселелердің үлесі партиялық тізім арқылы сайланған депутаттарға қарағанда салыстырмалы түрде жоғары екені анықталды. Бұл бірмандатты өкілдіктің электоралдық жауапкершілік логикасына сай халықтық қысымды тікелей жеткізуші функциясын атқаратынын көрсетеді.

Сонымен қатар, партиялық тізім бойынша сайланған депутаттардың сауалдарында салалық реттеу, институционалдық реформалар және корпоративтік сипаттағы мәселелердің басымдығы байқалды. Бұл партиялық өкілдіктің ұйымдасқан мүдделер мен жүйелік саясатты ілгерілетуге құрылымдық тұрғыдан бейім екенін дәлелдейді. Алайда, екі топ депутаттарының да сауалдарында институционалдық сипаттағы мәселелердің елеулі үлеске ие болуы Мәжілістің заң шығарушы орган ретіндегі әмбебап функциясын және оның билік тармақтары арасындағы қысым трансмиссиясын жүзеге асырушы негізгі алаң ретіндегі рөлін сақтап отырғанын көрсетеді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері аралас сайлау жүйесі жағдайында Құрылтай депутаттарының қызметі халықтық және корпоративтік мүдделерді қатар білдіретін көпарналы лоббистік механизм ретінде жұмыс істейтінін айқындайды. Ал толық пропорционалды жүйе кезеңінде депутаттық белсенділік құрылымдық тұрғыдан партиялық-институционалдық және корпоративтік күн тәртібіне көбірек тәуелді болатындығы болжанады.

Осы негізде зерттеу гипотезасы толық емес, бірақ мазмұндық тұрғыдан жеткілікті деңгейде дәлелденді, яғни жартылай расталды деп тұжырымдалады. Аралас сайлау жүйесі өкілдіктің әлеуметтік базасын кеңейтіп, Құрылтайды ішкі лоббистік қысымдарды әртараптандыру әлеуетін арттырса да, институционалдық факторлардың басымдығы парламенттік қызметтің жалпы логикасын айқындаушы фактор ретінде сақталып отыр.

Талдау көрсеткендей, егер парламент тек пропорционалды жүйеден тұрса, ол «корпоративтік лоббидің» құралына айналу қаупі жоғары болар еді. Бұл жағдайда заңдар ірі инвесторлар мен партиялық демеушілердің мүддесіне бейімделіп, халықтың күнделікті мұң-мұқтажы (сталкинг, ауылдағы жол, мектептегі зорлық-зомбылық) заң шығарушы деңгейге жетпей қалар еді. Теориялық тұрғыдан қарағанда, бұл құбылыс аймақтық өкілдік (territorial representation) және партиялық өкілдік (party representation) ұғымдарымен түсіндіріледі. Мажоритарлық жүйе депутаттарды сайлаушылар мен аймақтық қауымдастықтар қысымына бейімдесе, пропорционалды жүйе депутаттарды партиялық бағдарлама мен корпоративтік топтардың қысымына бағынышты етеді [5].

Талқылау

Жүргізілген эмпирикалық талдау Қазақстан Республикасындағы сайлау жүйелерінің парламенттік белсенділікке ықпалын

бірмәнді түрде түсіндіруге мүмкіндік бермейтінін көрсетті. Мәжіліс қызметінің әртүрлі шақырылымдарда ауытқуы мажоритарлық, аралас немесе пропорционалды сайлау жүйелерінің өзінен гөрі, парламенттің атқарушы билікке ықпал ету және оны қадағалау институционалдық мүмкіндіктерімен тығыз байланысты болды [14].

Атап айтқанда, толық пропорционалды сайлау жүйесі кезеңінде депутаттық сауалдар мен парламенттік бақылау құралдарының біртіндеп төмендеуі партиялық шектеулердің күшеюімен және атқарушы биліктің парламент алдындағы саяси жауаптылығының әлсіреуімен қатар жүрді. Бұл үрдіс пропорционалды жүйенің автоматты түрде парламенттік тиімділікке алып келмейтінін көрсетеді, яғни сайлау формуласы демократиялық нәтижелердің жалғыз детерминанты бола алмайды [5].

Ал аралас сайлау жүйесіне қайта оралу депутаттық белсенділіктің белгілі бір деңгейде өсуіне ықпал еткенмен, бұл өсім институционалдық тұрғыдан орнықты сипат ала алмады. Мұндай жағдай парламенттің формальды өкілдік құрылымынан гөрі, оның атқарушы билікке қысым көрсету мүмкіндіктерінің шектеулілігімен түсіндіріледі [15].

Бұл тұжырым Р. Дальдың плюралистік демократия теориясымен үйлеседі. Даль демократиялық басқарудың тиімділігі биліктің формальды бөлінісінен емес, әртүрлі әлеуметтік және саяси мүдделердің билікке ықпал ету арналарын институционалдық түрде қамтамасыз етуден туындайтынын атап көрсетеді [30, 35-64 бб.]. Осы тұрғыдан алғанда, парламент заң шығарушы орган ғана емес, атқарушы биліктің шешімдеріне жүйелі түрде ықпал ететін негізгі саяси алаң болуы тиіс.

Сонымен қатар, Г. Стиглердің «реттеушілік басып алу» тұжырымдамасына сәйкес, тиімді тежемелік және тепе-теңдік тетіктері болмаған жағдайда заң шығарушы орган корпоративтік немесе элиталық мүдделердің ықпалына түсу қаупіне ұшырайды [31, 3-21 бб.]. Демек, сайлау жүйесін реформалау мәселесі парламенттік бақылау институттарын, оның ішінде үкіметке сенімсіздік білдіру және импичмент жариялау тетіктерін күшейтумен кешенді түрде қарастырылуы қажет.

Осылайша, зерттеу нәтижелері сайлау жүйесінің тиімділігі оның формальды моделіне емес, парламенттің атқарушы билікке тәуелсіздігі мен саяси жауаптылықты қамтамасыз ету қабілетіне тәуелді екенін көрсетеді.

Қорытынды

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің әртүрлі шақырылымдарындағы қызметі мен қолданылған сайлау жүйелерінің өзара байланысы кешенді түрде талданды. Эмпирикалық деректер мажоритарлық, аралас және пропорционалды сайлау жүйелерінің парламенттік белсенділікке ықпалын бірмәнді және тұрақты түрде түсіндіруге мүмкіндік бермейтінін көрсетті. Мәжіліс қызметінің деңгейі сайлау жүйесінің формальды моделіне қарағанда, парламенттің атқарушы билікке ықпал ету және оны қадағалау мүмкіндіктерімен тығыз байланысты болды.

Зерттеу нәтижелері толық пропорционалды сайлау жүйесі жағдайында да парламенттік белсенділіктің белгілі бір кезеңде жоғары деңгейде көрініс табуы мүмкін екенін, алайда атқарушы биліктің парламент алдындағы саяси жауаптылығы шектеулі болған жағдайда бұл белсенділіктің біртіндеп төмендейтінін айқындады. Ал аралас сайлау жүйесіне қайта оралу депутаттық белсенділіктің жекелеген көрсеткіштерінің өсуіне ықпал еткенімен, бұл үрдіс институционалдық тұрғыдан орнықты сипат ала алмады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында Парламент Мәжілісінің бірнеше рет мерзімінен бұрын таратылуы тежемелік және тепе-теңдік қағидатының іс жүзінде біржақты сипат алып отырғанын көрсетеді. Парламенттің мерзімінен бұрын таратылу жиілігі атқарушы биліктің заң шығарушы органға қатысты басым институционалдық позициясын айқындап, парламенттің саяси дербестігін шектейтін фактор ретінде көрініс табады. Мұндай жағдайда парламент атқарушы билікке тиімді бақылау жүргізетін тең құқықты институттан гөрі, саяси шешімдерді бекітуші орган рөліне ығысу қаупіне ұшырайды.

Осыған байланысты, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету үшін атқарушы биліктің парламент алдындағы саяси жауаптылығын күшейту мәселесі өзекті болып отыр. Атап айтқанда, үкіметке сенімсіздік білдіру құқығын

кеңейту, оның нақты саяси салдарын айқындау, сондай-ақ импичмент институтын енгізу немесе оның қолданылу аясын нақтылау парламенттің тежемелік функциясын институционалдық тұрғыдан нығайтуға мүмкіндік береді. Мұндай тетіктердің болуы парламентті ішкі және сыртқы қысым топтарының талаптарын мемлекеттік мүддемен үйлестіретін негізгі саяси алаңға айналдырып, демократиялық басқару жүйесіндегі оның рөлін күшейте түсер еді.

Талдау барысында депутаттардың қысым жасаушы топтардың еріктерін белсенді білдіруі Парламентті қысым топтарының мүдделері білдірілетін билік тармағы ретінде қарауға жағдай жасайды. Қоғамдық және корпоративтік мүдделердің тоғысып, Парламент мінберлерінде саяси шешімдерге айналуы заң шығарушы биліктің қызметіндегі лоббистік табиғатын айқындай түсуді қажет етеді. Әрине, мұндай функция әсіресе парламенттің дербестігі мен депутаттардың кәсібилігіне қарай жандана түсетін болады.

Осылайша, зерттеу барысында қойылған бастапқы гипотеза толық көлемде расталмағанымен, сайлау жүйесінің тиімділігі оның құрылымдық ерекшеліктерінен гөрі, биліктің бөліну қағидаттарының нақты іске асуына және парламенттік бақылау тетіктерінің жұмыс істеу деңгейіне тәуелді екені анықталды. Парламенттің атқарушы билікке тәуелсіздігі мен оның саяси жауаптылықты қамтамасыз ету қабілеті сайлау жүйелерінің әлеуетін айқындайтын негізгі факторлар ретінде белгіленді.

Ұсыныстар. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, парламент қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында келесі ұсыныстарды ұсынуға болады.

Біріншіден, сайлау жүйесін жетілдіру мәселесін атқарушы биліктің парламент алдындағы саяси жауаптылығын күшейту шараларымен кешенді түрде қарастыру қажет. Бұл ретте үкіметке сенімсіздік білдіру институтының, импичмент жариялау тетіктерінің және парламенттік бақылау құралдарының құқықтық және практикалық қолданысын нақтылау маңызды.

Екіншіден, парламенттік бақылаудың институционалдық механизмдерін күшейту қажет. Атап айтқанда, үкімет сағаттарының, парламенттік тыңдаулардың және депутаттық сауалдардың формалды емес, мазмұндық сипатта өтуін қамтамасыз ететін рәсімдік өзгерістер енгізу ұсынылады.

Үшіншіден, партиялық фракциялардың ішкі дербестігін арттыру және депутаттардың жеке бастамашылық құқығын кеңейту парламенттік белсенділіктің сапалық деңгейін көтеруге ықпал етеді. Бұл әсіресе пропорционалды және аралас сайлау жүйелері жағдайында өкілдік функцияның толық іске асуына мүмкіндік береді.

Төртіншіден, болашақ зерттеулерде сайлау жүйелерінің тиімділігін бағалау барысында тек сандық көрсеткіштерге емес, парламенттік шешімдердің мазмұнына, атқарушы билікке нақты ықпал ету дәрежесіне және қоғамдық сенім деңгейіне басымдық беру ұсынылады.

Қорытындылай келе, парламент қызметінің тиімділігі сайлау жүйесінің формасына ғана емес, билік тармақтары арасындағы тежемелік және тепе-теңдік механизмдерінің нақты іске асуына тәуелді екені айқындалды. Осы факторлар ескерілген жағдайда ғана кез келген сайлау жүйесі демократиялық институт ретінде толыққанды қызмет атқара алады.

Қаржыландыру

Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыруы аясында дайындалған (BR27195711 «Қазақстандағы әлеуметтік-саяси процестер (1980-2020): демократияландыру тәжірибесі және Әділетті мемлекеттің қалыптасуы»).

Әдебиеттер тізімі

1 Тоқаев, Қ. К. (2024). Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам. Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзі. *Егемен Қазақстан*.

2 *1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы*. (1993). Қазақстан.

3 Локк, Дж. (1988). *Сочинения в трех томах: Т. 3*. Мысль.

4 Монтескье, Ш. Л. (1999). *О духе законов*. Мысль.

5 Даль, Р. (2000). *О демократии*. Аспект Пресс.

6 Линц, Х. (1994). Опасности президентства. *Век XX и мир*, (7–8).

7 Norris, P. (2024). *Electoral engineering: Voting rules and political behavior revisited*. Cambridge University Press.

8 Carey, J. M., & Shugart, M. S. (2022). *Electoral engineering and institutional design: The dynamics of mixed-member systems*. Cambridge University Press.

9 Hall, P. A., & Taylor, R. C. (2023). *New institutionalism in political science: Re-evaluating rational choice and historical approaches*. Oxford University Press.

10 Madsen, T. (2025). Parliament as a mechanism of interest institutionalization: Corporate lobbying and electoral design. *European Journal of Political Research, 64*(2), 145–162.

11 Gelman, V. (2023). *Politics of institutional transformation in post-Soviet states: Parliament and electoral systems*. Routledge.

12 Hall, P., & Taylor, R. (1996). Political science and the three new institutionalisms. *Political Studies, 44*(5), 936–957.

13 Sartori, G. (1997). *Comparative constitutional engineering: An inquiry into structures, incentives and outcomes*. NYU Press.

14 Duverger, M. (1954). *Political parties: Their organization and activity in the modern state*. Methuen.

15 Lijphart, A. (1999). *Patterns of democracy: Government forms and performance in thirty-six countries*. Yale University Press.

16 Lijphart, A. (1994). *Electoral systems and party systems: A study of twenty-seven democracies, 1945–1990*. Oxford University Press.

17 Shugart, M. S., & Carey, J. M. (1992). *Presidents and assemblies: Constitutional design and electoral dynamics*. Cambridge University Press.

18 Reynolds, A., Reilly, B., & Ellis, A. (2008). *Electoral system design: The new International IDEA handbook*. International IDEA.

19 Norton, P. (1993). *Parliaments and pressure politics*. Routledge.

20 Montesquieu, C.-L. (1748). *De l'esprit des lois*. Garnier.

21 Hall, P., & Taylor, R. (1996). Political science and the three new institutionalisms. *Political Studies, 44*(5), 936–957.

22 Dahl, R. (1967). *Pluralist democracy in the United States*. University of Chicago Press.

23 Binderkrantz, A. (2005). Interest group strategies: Navigating between insider and outsider tactics. *Journal of Public Affairs, 5*, 5–20.

24 Lowi, T. (1979). *The end of liberalism*. W. W. Norton.

25 Bentley, A. (1908). *The process of government*. Harvard University Press.

26 Schmitter, P. (1974). Still the century of corporatism? *The Review of Politics, 36*(1), 85–131.

27 Olson, M. (1965). *The logic of collective action: Public goods and the theory of groups*. Harvard University Press.

28 Svallfors, S. (2016). Politics as organized combat: New institutionalism and the study of social policy. *Political Studies, 64*(3), 505–524.

29 Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі. (n.d.). *Депутаттық сауалдар*. https://mazhilis.parlam.kz/kk/activity/deputys-requests

30 Dahl, R. (1998). *On democracy*. Yale University Press.

31 Stigler, G. J. (1971). The theory of economic regulation. *The Bell Journal of Economics and Management Science, 2*(1), 3–21.

Transliteration

1 Toqaev, Q. K. (2024). *Ädiletti memleket. Birtūtas ūlt. Berekeli qoğam. Ülttyq qūryltayda söylegen sözi* [A just state. A united nation. A prosperous society. Speech at the National Kurultai]. *Egemen Qazaqstan*. (In Kazakh)

2 *1993 jylğy 28 qañtarda qabyldanğan Qazaqstan Respublikasynyñ Konstitutsiyasy* [Constitution of the Republic of Kazakhstan adopted on January 28, 1993]. (1993). Qazaqstan. (In Kazakh)

3 Locke, J. (1988). *Sochineniya v trekh tomakh: T. 3* [Works in three volumes: Vol. 3]. Mysl'. (In Russian)

4 Montesquieu, C.-L. (1999). *O dukhe zakonov* [The spirit of the laws]. Mysl'. (In Russian)

5 Dahl, R. (2000). *O demokratii* [On democracy]. Aspekt Press. (In Russian)

6 Linz, H. (1994). Opasnosti prezidentstva [The perils of presidentialism]. *Vek XX i mir*, (7–8). (In Russian)

7 Norris, P. (2024). *Electoral engineering: Voting rules and political behavior revisited*. Cambridge University Press.

8 Carey, J. M., & Shugart, M. S. (2022). *Electoral engineering and institutional design: The dynamics of mixed-member systems*. Cambridge University Press.

9 Hall, P. A., & Taylor, R. C. (2023). *New institutionalism in political science: Re-evaluating rational choice and historical approaches*. Oxford University Press.

10 Madsen, T. (2025). Parliament as a mechanism of interest institutionalization: Corporate lobbying and electoral design. *European Journal of Political Research, 64*(2), 145–162.

11 Gelman, V. (2023). *Politics of institutional transformation in post-Soviet states: Parliament and electoral systems*. Routledge.

Based on a comparative analysis of international experience, the study argues that improving the effectiveness of national science and technology policy requires a shift from a model primarily focused on supporting scientific research to one based on managing the entire technology life cycle. The scientific novelty of the research lies in the development of an institutional framework that conceptualizes research funding, experimental development, technology transfer, digital infrastructure, and collaboration among government, academia, and industry as interdependent components of a unified science and technology ecosystem. The practical significance of the findings lies in their potential application to improving the mechanisms of Kazakhstan's state science and technology policy and strengthening the country's national innovation system.

Keywords: Science and Technology Policy, Research and Development (R&D), Commercialization, Technology Transfer, Technology Readiness Levels (Trl), Full Technology Life Cycle, Digitalization of Science, Knowledge-Intensive Territories.

Кіріспе

Соңғы онжылдықтарда ғылыми-технологиялық саясат мемлекеттердің ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігін, орнықты экономикалық өсімін және технологиялық егемендігін қамтамасыз етудің негізгі факторларының біріне айналды. Жасанды интеллекттің, цифрлық технологиялардың, биотехнологиялардың, жаңа материалдардың және басқа да түйінді технологиялардың қарқынды дамуы ғылымның инновациялардың басты көзі ретіндегі маңызын едәуір арттырды. Осы жағдайларда мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігі ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көлемімен ғана емес, сонымен қатар іргелі зерттеулерден бастап технологияларды өнеркәсіптік игеруге дейінгі білімді қалыптастыру мен енгізудің толық циклін қамтамасыз ету қабілетімен де айқындалады.

Әлемдік ғылыми тәжірибе ғылымды дамытудың сызықтық моделінен мемлекет, ғылыми ұйымдар, жоғары оқу орындары, бизнес және даму институттарының өзара тығыз ықпалдастығына негізделген экожүйелік тәсілге көшудің қалыптасқанын көрсетеді.

Сонымен қатар ғылыми жарияланымдардың басым бөлігі ғылымды қаржыландыру, ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыру және инновациялық инфрақұрылымның жекелеген элементтерін дамыту мәселелеріне арналған. Ал технологиялық циклдің барлық кезеңдерінің институционалдық өзара байланысына және

оның мемлекеттік ғылыми-технологиялық саясаттың нәтижелілігіне ықпалына жеткілікті деңгейде назар аударылмайды.

Қазақстан үшін бұл мәселе жеткілікті деңгейде зерттелмеген, өйткені қазіргі зерттеулер негізінен ғылымды қолдаудың жекелеген құралдарын талдауға бағытталған, ал олардың бірыңғай ғылыми-технологиялық жүйенің өзара байланысты элементтері ретіндегі қызмет ету ерекшеліктері жеткілікті дәрежеде қарастырылмаған.

Экономиканы әртараптандыру және білім экономикасын қалыптастыру жағдайында ғылыми-технологиялық саясат технологиялық бәсекеге қабілеттілікті арттырудың негізгі құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Соңғы жылдары елімізде ғылымды дамытудың жаңа институционалдық негізі қалыптастырылды.

Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының ғылымды қажетсінетін аумақтарын құру мен дамытудың 2026–2035 жылдарға арналған тұжырымдамасы, сондай-ақ ғылыми-технологиялық дамудың кешенді моделіне көшуді айқындайтын басқа да стратегиялық құжаттар қабылданды.

Жүргізіліп жатқан реформалар ғылымның негізгі көрсеткіштерінің оң серпінімен қатар жүруде. Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2025 жылы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалған ішкі шығындар 261,4 млрд теңгеге жетіп, алдыңғы жылмен салыстырғанда шамамен 19 %-ға артты. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүзеге асыратын ұйымдардың саны 434-ке, ал зерттеушілердің саны 28,3 мың адамға дейін өсті. Сонымен қатар ғылыми жарияланымдардың саны артып, халықаралық ғылыми ынтымақтастық кеңеюде және ғылымның цифрлық инфрақұрылымы қарқынды дамып келеді [1].

Сонымен қатар сандық көрсеткіштердің өсуі ғылымның технологиялық нәтижелілігінің сәйкес деңгейде артуын әзірге қамтамасыз еткен жоқ. Ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көлемінің ұлғаюына және зерттеу инфрақұрылымының дамуына қарамастан, ғылымның өндіріс секторымен ықпалдасу деңгейі әлі де шектеулі күйінде қалып отыр, ал ғылыми зерттеулердің экономиканы технологиялық жаңғыртуға қосып отырған үлесі жеткіліксіз.

Аталған мәселенің көріністерінің бірі ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді қаржыландыру құрылымы болып табылады. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (OECD) мүше елдерде ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалатын жалпы ішкі шығындардың (Gross Domestic Expenditure on Research and Development – GERD) шамамен 73 %-ы кәсіпкерлік сектор есебінен қаржыландырылады [2]. Ал Қазақстанда, керісінше, мемлекеттік қаржыландыру басым, бұл бизнестің инновациялық үдерістерге қатысу деңгейінің әлі де жеткіліксіз екенін көрсетеді.

Осыған байланысты Қазақстанның ғылыми жүйесінің технологиялық нәтижелілігін шектейтін негізгі фактор ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көлемінің жеткіліксіздігі немесе ғылымды қолдайтын жекелеген институттардың болмауы емес, керісінше іргелі зерттеулерден бастап технологияларды өнеркәсіптік енгізуге дейінгі үдерістің үздіксіздігін қамтамасыз ететін толық технологиялық циклдің институционалдық тұрғыдан толық қалыптаспауы деген ғылыми болжам ұсынылды. Осыған орай зерттеу Қазақстан Республикасының қазіргі ғылыми-технологиялық саясатының институционалдық шектеулерін айқындауға және оны одан әрі трансформациялаудың басым бағыттарын негіздеуге бағытталған.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы ғылыми-технологиялық саясатты технологиялардың толық өмірлік циклі тұрғысынан қарастыруымен ерекшеленеді. Отандық зерттеулердің басым бөлігінен айырмашылығы, бұл жұмыста ғылыми зерттеулерді қаржыландыру, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, технологиялар трансфері, цифрлық инфрақұрылым және технологияларды өнеркәсіпке енгізу тетіктері бірыңғай ғылыми-технологиялық экожүйенің өзара байланысты элементтері ретінде кешенді түрде қарастырылады. Мұндай тәсіл ғылымды қаржыландыру мен технологияларды өндіріске енгізу арасындағы институционалдық алшақтықтарды анықтауға, толық технологиялық циклді басқару моделіне көшу қажеттілігін негіздеуге, сондай-ақ тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржы-ландыру тетіктерін, технологиялық брокерлік институтын, смарт-мамандану тәсілдерін, ғылымды қажетсінетін аумақтарды дамыту және ғылымның цифрлық инфрақұрылымын жетілдіру бағыттарын ұсынуға мүмкіндік берді.

Әдіснама

Зерттеудің әдіснамалық негізін ғылыми-технологиялық саясатты білімді қалыптастыруды, таратуды және оны экономикаға енгізуді қамтамасыз ететін өзара әрекеттесетін институттар жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін институционалдық тәсіл құрайды.

Зерттеу барысында институционалдық талдау, халықаралық тәжірибені салыстырмалы талдау, статистикалық деректерді талдау, нормативтік құқықтық құжаттарға контент-талдау жүргізу, сондай-ақ ғылыми-технологиялық саясат тетіктеріне жүйелі талдау жасау әдістері қолданылды.

Зерттеудің теориялық негізін ұлттық инновациялық жүйелер, институционалдық экономика және ғылым экономикасы тұжырымдамалары құрайды. Ерекше назар қазіргі ғылыми-технологиялық саясаттың халықаралық тәжірибесінде кеңінен қолданылатын толық инновациялық цикл, технологиялар трансфері, Triple Helix моделі, технологиялық дайындық деңгейлері (Technology Readiness Levels – TRL) және смарт-мамандану тұжырымдамаларына аударылды.

Зерттеу барысында бірін-бірі толықтыратын жалпы ғылыми және арнайы зерттеу әдістерінің кешені қолданылды. Институционалдық талдау ғылыми қызметті мемлекеттік реттеудің қазіргі жүйесінің қалыптасу ерекшеліктерін айқындауға және Қазақстанның ғылыми жүйесінің технологиялық нәтижелілігін арттыруға кедергі келтіретін негізгі институционалдық шектеулерді анықтауға мүмкіндік берді. Салыстырмалы талдау әдісі Қазақстанның ғылыми-технологиялық саясат моделін ұлттық инновациялық жүйелері жоғары тиімділікпен ерекшеленетін Германия, Швейцария, Ұлыбритания және Корея Республикасы сияқты мемлекеттердің тәжірибесімен салыстыру кезінде қолданылды. Жүйелі талдау әдісін пайдалану ғылыми зерттеулерді қаржыландыру тетіктері, ғылымның цифрлық инфрақұрылымы, коммерцияландыру институттары, ғылыми инфрақұрылымды дамыту және ғылыми зерттеулер нәтижелерін өнеркәсіпке енгізу арасындағы өзара байланыстарды кешенді зерделеуге мүмкіндік берді.

Зерттеудің эмпирикалық базасын ғылым және технологиялар саласын реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері құрады. Олардың қатарында Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының ғылымды қажетсінетін аумақтарын құру мен дамытудың 2026–2035 жылдарға арналған тұжырымдамасы, сондай-ақ ғылымды мемлекеттік қаржыландыру, ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыру және ғылыми инфрақұрылымды дамыту тетіктерін реттейтін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер қамтылды.

Зерттеудің ақпараттық негізін Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының, Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының (WIPO), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (OECD), Еуропалық комиссияның ресми статистикалық материалдары, сондай-ақ инновациялық дамудың халықаралық индекстері мен ғылым экономикасы және инновациялық саясат саласындағы жетекші шетелдік зерттеушілердің ғылыми жарияланымдары құрады. Аталған деректер ұлттық ғылыми-технологиялық жүйенің институционалдық трансформациясының қазіргі бағыттарын бағалауға мүмкіндік берді.

Әдіснамалық тұрғыдан зерттеу өзара байланысты үш талдау деңгейі негізінде құрылды.

Макродеңгейде мемлекеттік ғылыми-технологиялық саясаттың стратегиялық бағыттары, ғылымды дамытудың негізгі көрсеткіштерінің серпіні, институционалдық реформалар, сондай-ақ ғылыми жүйенің ұзақ мерзімді экономикалық өсуді, технологиялық жаңғыртуды және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге ықпалы қарастырылады.

Мезодеңгейде ғылыми-технологиялық саясаттың негізгі институттарына талдау жүргізіледі. Атап айтқанда, гранттық, бағдарламалық-нысаналы және базалық қаржыландыру тетіктері, ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жүйесі, ғылымның цифрлық инфрақұрылымы, технологиялық тапсырысты қалыптастыру тетіктері, өңірлік ғылыми инфрақұрылымды, салалық құзыреттер орталықтарын және ғылымды қажетсінетін аумақтарды дамыту мәселелері зерделенеді.

Микродеңгейде ғылыми ұйымдардың, жоғары оқу орындарының, зерттеу ұжымдарының және индустриялық серіктестердің өзара іс-қимыл ерекшеліктері

зерт-теледі. Сонымен қатар зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізуге кедергі келтіретін институционалдық тосқауылдар, технологиялар трансферінің тетіктері, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру құралдары және инновациялық жобаларды іске асыру барысында технологиялық дайындық деңгейлерін (Technology Readiness Levels – TRL) қолдану ерекшеліктері талданады.

Осы зерттеудің ерекшелігі институционалдық, салыстырмалы және жүйелі тәсілдерді технологиялардың толық өмірлік циклін талдаумен ұштастыруында. Отандық зерттеулердің басым бөлігінен айырмашылығы, жұмыста ғылыми саясаттың жекелеген элементтеріне емес, ғылыми зерттеулерді қаржыландыру, ғылымның цифрлық инфрақұрылымы, ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыру, технологиялар трансфері және зерттеу нәтижелерін өнеркәсіпке енгізу институттарының бірыңғай ғылыми-технологиялық экожүйенің өзара байланысты құрамдас бөліктері ретіндегі өзара байланысына басымдық берілген.

Мұндай тәсіл Қазақстанның ғылыми жүйесін жекелеген ұйымдардың жиынтығы ретінде емес, мемлекет, ғылым және бизнес арасындағы өзара іс-қимылға негізделген кешенді ғылыми-технологиялық экожүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар зерттеу негізінен мемлекеттік ғылыми-технологиялық саясаттың институционалдық тетіктерін талдауға бағытталғанын және жекелеген инновациялық жобалардың тиімділігіне микроэкономикалық бағалау жүргізуді қамтымайтынын атап өткен жөн. Бұл зерттеудің шеңберін айқындай отырып, болашақ ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын белгілейді.

Негізгі бөлім

Қазақстанның мемлекеттік ғылыми-технологиялық саясатының институционалдық трансформациясы

Қазіргі жағдайда ғылым мен технологиялар экономикалық өсудің және мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі факторларының бірі. Олардың Қазақстанның орнықты дамуы үшін стратегиялық маңызын атап өткен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз бәріміз қазіргі әлемнің түбегейлі өзгерістеріне куә болып отырмыз. Жаһандық геосаяси ахуал әлі де тұрақсыз, көптеген қауіп-қатерлер мен сын-қатерлер сақталуда. Алайда қытайдың «Қауіп бар жерде мүмкіндік те бар» деген нақылында айтылғандай, қазіргі кезең – инвестициялар, білім және жоғары технологиялар дәуірі. Бүгінде кез келген мемлекеттің әлемдік қауымдастықтағы орны ғылымның даму деңгейімен айқындалады. Экономикалық өсім де ғылыммен тікелей байланысты, бұл – аксиома. Қазіргі таңда алдыңғы қатарлы технологияларды иелену үшін мемлекеттер арасында, оның ішінде Орталық Азия елдері арасында да бәсекелестік күшейіп келеді. Бұл – заңды әрі табиғи үдеріс. Сондықтан нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін күш-жігерімізді осы салаға жұмылдыруымыз қажет» [3], – деп атап өтті.

Соңғы жылдары Қазақстан бәсекеге қабілетті ғылыми-зерттеу жүйесін қалыптастыруға және ғылымның мемлекеттің экономикалық дамуындағы рөлін күшейтуге бағытталған ғылыми-технологиялық саясатты кешенді институционалдық трансформациялау үдерісін жүзеге асырып келеді.

Жүргізіліп жатқан реформалардың негізгі мазмұны ғылымды басқарудың әкімшілік моделінен конкурстық қаржыландыруға, тәуелсіз ғылыми сараптамаға және технологияларды коммерцияландыру институттарына негізделген жүйеге көшу болды. Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» ұлттық инновациялық экожүйені кешенді түрде қалыптастырудың, ғылымның, білімнің және бизнестің өзара ықпалдастығын күшейтудің, сондай-ақ ғылыми зерттеулерді практикалық іске асыруға және ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға бағдарлаудың маңыздылығы атап көрсетілген. Сонымен қатар технологиялар трансфері тетіктерін дамытуға, ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТКЖ) қаржыландыруға жеке сектордың қатысуын кеңейтуге және ғылыми әзірлемелерді экономиканың нақты секторына енгізудің тиімділігін арттыруға ерекше назар аударылады [4].

Ғылыми саясатты институционалдық жаңғыртудың алғашқы кезеңі 2011 жылы Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңының қабылдануымен басталды. Аталған заң ғылыми қызметті басқарудың және ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың қазіргі заманғы жүйесінің негізін қалады [5]. Бұл нормативтік

құқықтық акт ұлттық ғылыми саясатты әкімшілік-бөлу моделінен бәсекелестікке және жобалық басқару қағидаттарына негізделген жүйеге көшіруге бағытталған институционалдық трансформацияның негізгі құқықтық негізіне айналды.

Заң аясында ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың жаңа тетіктері, оның ішінде гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру енгізілді. Бұл бюджет қаражатын бөлудің ашықтығын арттыруға және ғылыми жобалардың нәтижелілікке бағдарлануын күшейтуге мүмкіндік берді. Маңызды институционалдық жаңашылдықтардың бірі ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын айқындау барысында ғылыми қоғамдастықтың қатысуын қамтамасыз ететін әрі шешім қабылдаудың алқалылық қағидатын нығайтатын ұлттық ғылыми кеңестер жүйесінің қалыптастырылуы болды [5].

Сонымен қатар ғылыми жобаларды іріктеу сапасын арттыруға және ғылыми зерттеулерді қаржыландыру үдерісіне әкімшілік ықпалдың деңгейін төмендетуге бағытталған тәуелсіз ғылыми сараптама институты енгізілді [5]. Жалпы алғанда, аталған шаралар ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыруға және оларды елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына кезең-кезеңімен ықпалдастыруға бағдарланған Қазақстанның қазіргі ғылыми саясатының институционалдық негізін қалыптастыруға ықпал етті.

Ғылыми-технологиялық саясатты институционалдық трансформациялаудың келесі кезеңі 2024 жылғы 1 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңымен байланысты. Аталған заң ғылыми зерттеулерді негізінен қолдауға бағытталған модельден толық технологиялық циклді қамтамасыз етуге және ғылымның елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосатын үлесін арттыруға бағдарланған модельге көшуді білдіреді [6]. Алдыңғы заңнамадан айырмашылығы, жаңа заңда іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамытуға ғана емес, сонымен қатар олардың технологиялық іске асырылуына, коммерцияландырылуына және өндіріске енгізілуіне қолайлы жағдай жасауға ерекше мән берілген.

Маңызды институционалдық жаңашылдықтардың бірі әзірлемелердің технологиялық дайындық деңгейін бағалаудың халықаралық тәсілдерін (Technology Readiness Levels – TRL) енгізу болды. Бұл тәсіл инновациялық үдерістің барлық кезеңдерінде ғылыми нәтижелерді жүйелі түрде сүйемелдеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды қолдаудың негізгі институты ретінде Ғылым қорының өкілеттіктері кеңейтіліп, ғылыми-технологиялық жобаларды қаржыландырудың жаңа құралдары енгізілді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясына елдің жоғары ғылыми ұйымы мәртебесі беріліп, мемлекеттік ғылыми-технологиялық саясатты қалыптастырудағы оның сараптамалық және үйлестірушілік рөлі күшейтілді [6].

2024 жылғы заңнамалық өзгерістер іргелі және қолданбалы зерттеулерді, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, технологиялар трансферін және ғылыми нәтижелерді өнеркәсіпке енгізуді өзара ықпалдастыратын тұтас ғылыми-технологиялық жүйені қалыптастыруға бағытталған. Бұл ғылыми-технологиялық дамуды басқарудың заманауи халықаралық тәсілдеріне сәйкес толық технологиялық цикл моделіне көшуді айғақтайды.

Мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялау жағдайында ғылымның бірыңғай цифрлық экожүйесі қалыптасуда. «Қазақстан ғылымының бірыңғай жүйесі» және «ұлттық инновациялық жүйенің бірыңғай терезесі» ұғымдары Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңында бекітілген [6]. Бұл жүйе ғылыми жобалар, гранттық қаржыландыру, ғылыми зерттеулердің нәтижелері және ғылыми жарияланымдар туралы деректерді біріктіруді қамтамасыз етіп, ғылыми қызметтің ашықтығын арттыруға, ғылым саласын басқарудың тиімділігін күшейтуге және ғылыми нәтижелерді экономиканың нақты секторына енгізуге ықпал етеді [7].

2025 жылдан бастап «Ұлттық инновациялық жүйенің бірыңғай терезесі» платформасына біріктірілген Цифрлық ғылыми портал жұмыс істейді. Оның құрамына E-Lab, «ҒЗИ паспорты» және «Ғалым профилі» модульдері енгізілген. Портал ғылыми жобаларды цифрлық сүйемелдеуді, ғылыми жабдықтардың есебін жүргізуді және зертханалардың жүктемесін оңтайландыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) арналған сатып алу рәсімдерін жеңілдету тетіктерін енгізеді [7].

Цифрлық платформаның әлеуеті ақпараттық есепке алу қызметімен ғана шектелмейді. Ол кәсіпорындардың технологиялық сұраныстарын ғылыми құзыреттермен және ғылыми-зерттеу инфрақұрылымымен цифрлық форматта сәйкестендіруді қамтамасыз ете отырып, ғылым мен бизнес арасындағы өзара іс-қимыл шығындарын төмендетуге және ғылыми жобаларды іске асыру үдерісін жеделдетуге мүмкіндік береді.


Институционалдық өзгерістер аясында ғылыми жүйенің сандық көрсеткіштерінің оң серпіні байқалады. Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелермен айналысатын қызметкерлердің саны 28,3 мың адамға жетті, ал ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТКЖ) жүзеге асыратын ұйымдардың саны 434-ті құрады [1]. Сонымен қатар жас зерттеушілерді қолдау күшейтіліп, олардың қатысуымен жүздеген ғылыми жоба іске асырылды, сондай-ақ ғылыми кадрларды әлеуметтік қолдау шаралары кеңейтілуде.

Сонымен бірге ғылыми инфрақұрылымның сандық тұрғыдан кеңеюі технологиялық нәтижеліктің сәйкес деңгейде артуымен әлі де толық қамтамасыз етілмей отыр. Ғылымды қаржыландыру көлемінің ұлғаюына және оны қолдау институттарының дамуына қарамастан, ғылыми әзірлемелердің өндірістік үдеріс-терге ықпалдасу деңгейі әлі де шектеулі. Ғылыми зерттеулердің едәуір бөлігі ғылыми жарияланымдар немесе зертханалық прототиптер деңгейінде аяқталып, өнеркәсіптік енгізу сатысына дейін жетпейді.

Аталған институционалдық парадокс Ғылым жөніндегі ұлттық баяндамада да көрініс тапқан. Онда ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) жұмсалатын шығындардың басым бөлігі бұрынғысынша іргелі және қолданбалы зерттеулерге бағытталатыны, ал тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелердің үлесі едәуір төмен деңгейде қалып отырғаны көрсетілген. Бұл ғылыми нәтижелерді өнеркәсіптік қолдану сатысына дейін жеткізу мүмкіндігін шектейді. Сонымен қатар ғылыми жүйенің мемлекеттік қаржыландыруға тәуелділігі сақталып отыр, ал кәсіпкерлік сектордың ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге инвестициялық белсенділігі салыстырмалы түрде төмен деңгейде қалып отыр [8].

Осы жағдайларда ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыру тетіктерін дамыту ерекше маңызға ие. Бұл жүйенің институционалдық негізі 2015 жылы Қазақстан Республикасының «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Заңының қабылдануымен қалыптастырылды. Аталған заң ғылыми әзірлемелерді өндіріске енгізудің құқықтық тетіктерін, коммерцияландыру офистерінің қызметін, сондай-ақ инновациялық жобаларды енгізу және өнімді нарыққа шығару кезеңдерінде сүйемелдеу тетіктерін заңнамалық деңгейде бекітті [9].

Сурет 1. Толық технологиялық цикльдің тұжырымдамалық моделі



Қазіргі уақытта Қазақстанда жобаларды «зерттеу – әзірлеу – пилоттық сынақтан өткізу – өндіріске енгізу – коммерцияландыру» толық циклі бойынша сүйемелдеу моделі қалыптасу үстінде.

Қазақстанның ғылыми жүйесінің институционалдық шектеулері

Нормативтік құқықтық базаның жетілдірілуіне, ғылымды мемлекеттік қаржыландыру көлемінің ұлғаюына және ғылымды қолдау институттарының дамуына қарамастан, Қазақстанның ғылыми-технологиялық жүйесінде оның экономикалық өсім мен технологиялық жаңғыртуға қосатын үлесін төмендететін институционалдық шектеулер сақталуда. Негізгі мәселе қаржылық немесе кадрлық ресурстардың жеткіліксіздігінде емес, ұлттық инновациялық жүйенің құрамдас бөліктері арасындағы өзара байланыстың әлсіздігінде. Бұл олардың тиімді өзара іс-қимылын және ғылыми зерттелер нәтижелерін коммерцияландыруды шектейді.

Басқаша айтқанда, Қазақстанда ғылыми саясаттың негізгі институттары қалыптасқан. Олардың қатарына гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, ұлттық ғылыми кеңестер, тәуелсіз ғылыми сараптама, ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыру және технологиялар трансфері тетіктері жатады. Алайда бұл институттар технологиялардың толық өмірлік циклін басқарудың бірыңғай жүйесінсіз, бір-бірінен оқшау жұмыс істейді. Соның салдарынан көптеген ғылыми әзірлемелер өнеркәсіптік енгізу және коммерцияландыру кезеңіне дейін жетпейді.

Қазіргі заманғы зерттеушілер Р. Линднер, Я.Эдлер және С.Даймер өз зерттеулерінде ғылыми-технологиялық саясаттың инновацияларды мемлекеттік басқарудың институционалдық парадигмасының өзгергенін айғақтайтынын атап көрсетеді. Егер бұрын мемлекеттік саясат негізінен ғылыми білімді өндіруді қолдауға немесе ұлттық инновациялық жүйені дамытуға бағдарланған болса, қазіргі кезең трансформациялық инновациялық саясат (transformative innovation policy) моделіне көшумен сипатталады. Бұл модель нақты технологиялық және қоғамдық нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған. Мұндай тәсілде мемлекеттік саясаттың негізгі объектісі жекелеген ғылыми зерттеулер емес, білімді қалыптастыруды, технологияларды әзірлеуді, оларды енгізуді және кең ауқымда таратуды қамтитын толық инновациялық циклді үйлестіру болып табылады [10, 7–37-бб.].

Бірінші жүйелі институционалдық шектеу ғылыми инфрақұрылымның фрагменттелуі және ғылыми-технологиялық дамудың стратегиялық бағыттарына ресурстарды шоғырландыру деңгейінің жеткіліксіздігі.

2025 жылы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТКЖ) 423 ұйым жүзеге асырды. Олардың ішінде 204 ұйым кәсіпкерлік секторға, 105 ұйым жоғары білім беру секторына, 99 ұйым мемлекеттік секторға және 15 ұйым коммерциялық емес секторға тиесілі болды. Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалған ішкі шығындар 261,5 млрд теңгеге жетіп, 2024 жылмен (219,7 млрд теңге) салыстырғанда 19 %-ға артты. Сонымен қатар жас ғалымдардың саны 11 703 адамнан 12 738 адамға дейін көбейді (+8,8 %), ал зерттеушілер ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің жалпы санының 47 %-ын құрады [1].


Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде 11 өңірлік жоғары оқу орнында ғылымның басым бағыттарын дамытуға және өңірлік экономиканың технологиялық міндеттерін шешуге бағдарланған Академиялық және зерттеу үздігі орталықтары құрылуда. Сонымен қатар ғылымды қажетсінетін аумақтарды дамыту бойынша жүйелі жұмыстар жүзеге асырылуда.

Сонымен бірге ғылыми инфрақұрылымның сандық тұрғыдан кеңеюі ұлттық инновациялық жүйенің тиімділігінің сәйкес деңгейде артуымен әлі де қатар жүрмей отыр. Қаржыландыру көлемінің өсуіне қарамастан, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалатын шығындардың қарқындылығы ЖІӨ-нің 0,16 %-ы деңгейінде қалып отыр. Бұл көрсеткіш OECD елдеріндегі орташа деңгейден 12–18 есе төмен, өйткені аталған елдерде ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын шығындар, орта есеппен, ЖІӨ-нің 2–3 %-ынан асады. Осындай алшақтық ғылымды кадрлық қамтамасыз ету саласында да байқалады. Егер Қазақстанда бір миллион тұрғынға шаққанда 769 зерттеушіден келсе, OECD елдерінде бұл көрсеткіш 4–5 мың, Корея Республикасында шамамен 7 мың, ал Ресей Федерациясында 2,7 мың зерттеушіні құрайды [2, 11].

Ғылыми ресурстардың жоғары аумақтық шоғырлануы да маңызды институционалдық шектеулердің бірі болып қала береді. Зерттеушілердің 60 %-дан астамы Алматы

және Астана қалаларында шоғырланған. Сондай-ақ осы қалаларда ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒТКЖ) жүзеге асыратын ұйымдардың 54,8 %-ы орналасқан және ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалатын ішкі шығындардың негізгі бөлігі шоғырланған [1].


Сурет 2. Қазақстанның ОЭСР елдерімен және инновациялық даму көшбасшыларымен салыстырғанда



Өңірлердің ғылыми тығыздығына жүргізілген талдау нәтижелері бойынша көшбасшы орындарды Алматы қаласы (ғылыми әлеует индексі – 2,5) және Астана қаласы (2,2) иеленеді. Ал Қарағанды облысы ғана республикалық орташа деңгейге (1,1) жақындаған. Сонымен қатар өңірлердің басым бөлігінде аталған көрсеткіш 1,0-ден төмен, бұл елдің ғылыми әлеуетінің аумақтық бөлінуіндегі теңгерімсіздіктің әлі де сақталып отырғанын көрсетеді.

Кесте 1. Қазақстан өңірлерінің ғылыми тығыздық индексі (2025 жыл)

Өңір	Ғылыми тығыздық индексі (ҒТИ)	Деңгей сипаттамасы
Алматы қаласы	2,5	Өте жоғары
Астана қаласы	2,2	Өте жоғары
Қарағанды облысы	1,1	Орташадан жоғары
Шығыс Қазақстан облысы	0,8	Орташа
Алматы облысы	0,8	Орташа
Павлодар облысы	0,5	Орташадан төмен
Солтүстік Қазақстан облысы	0,5	Орташадан төмен
Жамбыл облысы	0,4	Орташадан төмен
Ақтөбе облысы	0,5	Орташадан төмен
Қостанай облысы	0,4	Орташадан төмен
Батыс Қазақстан облысы	0,4	Орташадан төмен
Атырау облысы	0,3	Төмен
Маңғыстау облысы	0,3	Төмен
Түркістан облысы	0,2	Төмен
Қызылорда облысы	0,3	Төмен
Жетісу облысы	0,3	Төмен
Ұлытау облысы	0,4	Төмен
Шымкент қаласы	0,6	Орташадан төмен
Қазақстан Республикасы (орташа)	**1,0**	**Орташа**



Осылайша, ғылыми ұйымдар санының, ғылыми-зерттеу инфрақұрылымының және ғылымды қаржыландыру көлемінің ұлғаюы, негізінен, ғылымды дамытудың экстенсивті моделінің басымдығын көрсетеді. Бұл ғылымның экономиканың технологиялық күрделілігін арттыруға, инновацияларды кең ауқымда енгізуге және елдің ғылыми-технологиялық дамуының ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге қосатын үлесін шектейді.

Екінші институционалдық шектеу қолданыстағы қаржыландыру тетіктерінің технологиялардың өмірлік циклінің логика-

сына толық сәйкес келмеуімен байланысты.

Тарихи тұрғыдан алғанда, ғылымды мемлекеттік қолдау жүйесі негізінен іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға бағдарланды. Сонымен қатар инженерлік пысықтау, тәжірибелік үлгілерді әзірлеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу, пилоттық сынақтан өткізу және технологияларды өнеркәсіптік бейімдеу кезеңдері бүгінгі күні де қаржыландыру құралдарымен жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмеген.

Қаржыландырудың мұндай құрылымы ғылыми нәтиже мен оны практикалық тұрғыдан пайдалану арасында институционалдық алшақтықтың қалыпта-суына әкеледі. Іс жүзінде мемлекет жаңа ғылыми білімнің қалыптасуын қаржылан-дырады, алайда технологияны коммерциялық өнім деңгейіне дейін жеткізуге бағытталған кейінгі кезеңдерді сүйемелдеу жүйелі түрде қамтамасыз етілмейді.

Бұл тұжырым Ғылым жөніндегі ұлттық баяндаманың материалдарымен де расталады. Баяндамаға сәйкес ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) жұмсалатын ішкі шығындардың негізгі бөлігі іргелі және қолданбалы зерттеулерге тиесілі, ал тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелердің үлесі едәуір төмен деңгейде қалып отыр [7]. Мұндай шығындар құрылымы толыққанды инновациялық циклді қалыптастыру мүмкіндігін шектеп, ғылыми жобалардың жеке инвесторлар үшін тартымдылығын төмендетеді.

«Ғылым қоры» АҚ-ның «Қолданбалы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (ҒЗТКЖ) жобаларын коммерцияландыру үдерістерін тиімді реттеу тетіктерін жетілдіру» атты есебіне сәйкес, 2025 жылғы жағдай бойынша мемлекет тарапынан 486 коммерцияландыру жобасы қаржыландырылып, инвестициялардың жалпы көлемі 90 млрд теңгеден асты, ал жиынтық экономикалық әсер 141,6 млрд теңгені құрады [12]. Сонымен бірге инновациялық саясаттың негізгі мәселелерінің бірі – зертханалық әзірлемелер кезеңінен технологияларды өнеркәсіптік енгізу кезеңіне өтудегі алшақтық – әлі де сақталуда. Әсіресе технологиялық дайындықтың аралық деңгейлерінен едәуір инженерлік және инвестициялық ресурстарды талап ететін тәжірибелік-конструкторлық және өндірістік кезеңдерге өту үдерісі ең осал буын болып қалып отыр.

Оң нәтижелерге қарамастан, ең осал кезең жобалардың TRL 4–7 технологиялық дайындық деңгейлерінен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар және өнеркәсіптік енгізу кезеңдеріне өтуі болып қала береді. Дәл осы кезеңде инновациялардың «өлім аңғары» (Valley of Death) деп аталатын құбылысы туындайды. Бұл кезеңде технология елеулі инженерлік және өндірістік шығындарды талап етеді, алайда жеке капиталды тарту үшін қажетті коммерциялық тұрақтылық деңгейіне әлі қол жеткізбейді.


Осыған байланысты тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ТКЖ) қаржыландыру тетіктерін дамыту ғылыми-технологиялық саясатты одан әрі трансформа/циялаудың негізгі шарттарының біріне айналады. ТКЖ-ны қаржыландыруды енгізу «зерттеу – әзірлеу – пилоттық сынақтан өткізу – өндіріске енгізу – коммерцияландыру» технологиялық тізбегінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Дәл осындай толық технологиялық циклдің болуы жетілген инновациялық жүйе-нің негізгі белгілерінің бірі және ғылымның экономикалық өсудің, технологиялық жаңғыртудың әрі мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды факторына айна/луының басты алғышарты саналады.

Үшінші жүйелі институционалдық шектеу кәсіпкерлік сектордың ғылыми-технологиялық күн тәртібін қалыптастыруға жеткіліксіз қатысуымен байланысты.

Дамыған инновациялық экономикаларда ғылыми нәтижелердің негізгі тұтынушысы әрі қолданбалы зерттеулерді қаржыландырудың басты көзі – бизнес секторы. OECD елдерінде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) жұмсалатын ішкі шығындардың шамамен 73 %-ы кәсіпкерлік сектор есебінен қаржыландырылады. Бұл ғылыми зерттеулерді экономиканың нақты технологиялық қажеттіліктеріне барынша жақындатуға мүмкіндік береді [2]. Ал Қазақстанда, керісінше, ҒЗТКЖ-ны қаржыландыруда мемлекеттік бюджеттің басым рөлі сақталып отыр, ал бизнестің қатысу деңгейі әлі де салыстырмалы түрде төмен.

Кәсіпкерлік сектордың жеткіліксіз қатысуы ғылыми зерттеулердің күн тәртібінің көп жағдайда ғылыми қауымдастықтың академиялық мүдделері немесе мемлекеттік басымдықтар негізінде қалыптасуына әкеледі және ол әрдайым өнеркәсіптің нақты технологиялық сұраныстарын көрсете бермейді. Соның салдарынан көптеген



Сурет 3. Технологиялық дайындық деңгейлері (TRL)

зерттеулер жоғары ғылыми жаңалығымен ерекшеленгенімен, олардың қолданбалы әлеуеті шектеулі болып қалады.

Сонымен бірге соңғы жылдары бұл бағытта оң өзгерістер байқалуда. 2024–2025 жылдары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бизнес қауымдастығымен бірлесіп салалық компаниялардың, ұлттық холдингтердің және ғылыми ұйымдардың қатысуымен ғылыми-технологиялық сессиялар өткізуде. Олардың қорытындысы бойынша ғылыми-технологиялық жоспарлау жүйесіне кейіннен енгізуге арналған технологиялық міндеттердің тізбесі қалыптастырылды [2]. Алайда бұл тетіктер әлі де қалыптасу кезеңінде болғандықтан, оларды одан әрі институционалдандыру қажет.

Төртінші институционалдық шектеу ғылыми қызметтің нәтижелілігін бағалаудың қолданыстағы жүйесімен байланысты. Қазіргі уақытта бұл жүйе негізінен жарияланымдық көрсеткіштерге, ғылыми журналдардың халықаралық дерекқорларда индекстелуіне және библиометриялық индикаторларға басымдық береді.

Әрине, жарияланымдық белсенділік іргелі зерттеулердің сапасын және ғылыми қауымдастықтың халықаралық ғылыми кеңістікке ықпалдасу деңгейін сипаттайтын маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады. Алайда білім экономикасына көшу жағдайында ғылымның мемлекеттің технологиялық дамуына қосқан нақты үлесін тек библиометриялық көрсеткіштер негізінде бағалау жеткіліксіз.

Ғалымдардың зерттеу қызметіне библиометриялық көрсеткіштердің басымдығы елеулі ықпал ететінін американдық зерттеушілер Д.Бхаттачарья мен М. Пакален өз еңбектерінде атап көрсетеді. Ғылыми қызмет нәтижелерін бағалаудың негізгі өлшемдері ретінде жарияланымдық белсенділік пен дәйексөз келтіру көрсеткіштері басым болған жағдайда, зерттеушілер ғылыми жаңалығы жоғары болғанымен тәуекелі мол жобалардан гөрі жариялану ықтималдығы жоғары жобаларды таңдауға бейім болады. Бұл ғылыми қауымдастықтың түбегейлі жаңа технологияларды жасауға және ғылыми серпілістерге алып келуі мүмкін тәуекелі жоғары зерттеулерді жүзеге асыруға дайындығын төмендетеді [15, 14-б.].

Халықаралық тәжірибеде ғылыми қызметті бағалау біртіндеп ғылыми үдерісті бағалаудан түпкі технологиялық нәтижелерді бағалауға қарай ауысуда. Осыған байланысты ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру деңгейі, өндіріске енгізілген технологиялар саны, индустриялық келісімшарттардың көлемі, тартылған бюджеттен тыс инвестициялар, алынған лицензиялар мен патенттер саны, құрылған стартаптар және ғылыми зерттеулер нәтижелерін енгізуден алынған экономикалық әсер сияқты көрсеткіштер барған сайын кеңінен қолданылуда.

Осы жағдайларда Technology Readiness Levels (TRL) технологиялық дайындық деңгейлерін бағалау тетіктерін ғылымды мемлекеттік басқару жүйесіне интеграциялаудың маңызы ерекше артады. TRL тәсілін пайдалану технологиялардың өмірлік циклінің әрбір кезеңі бойынша ілгерілеу деңгейін объективті бағалауға және мемлекеттік қолдау көлемін тек ғылыми жарияланымдардың санына ғана емес, нақты технологиялық нәтижелерге қол жеткізу көрсеткіштерімен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Бесінші институционалдық шектеу ғылымның цифрлық инфрақұрылымының инновациялық циклді басқару тетіктерімен жеткілікті деңгейде ықпалдастырылмауымен байланысты.

Ғылымның цифрлық инфрақұрылымының инновациялық циклді басқару тетіктерімен жеткілікті деңгейде ықпалдастырылмауы сақталып отырған маңызды институционалдық шектеулердің бірі. Цифр-лық ғылыми порталдың құрылуына, E-Lab модулінің енгізілуіне, ғылыми жабдықтарды цифрлық есепке алу жүйесінің дамуына және мемлекеттік ақпараттық жүйелердің интеграциялануына қарамастан, қолданыстағы цифрлық инфрақұрылым әзірге негізінен есепке алу, тіркеу және ақпараттық қамтамасыз ету функцияларын орындаумен шектеледі. Ал халықаралық тәжірибе қазіргі заманғы цифрлық платформалардың біртіндеп технологиялық брокерлік құралдарына айналып келе жатқанын көрсетеді. Мұндай платформалар кәсіпорындардың технологиялық сұраныстарын ғылыми құзыреттермен, ғылыми-зерттеу инфрақұрылымымен және қолжетімді қаржыландыру тетіктерімен автоматтандырылған түрде сәйкестендіруді қамтамасыз етеді.

Перспективада цифрлық платформа ғылыми жобаларды ақпараттық сүйемелдеудің қарапайым жүйесі ғана емес, мемлекет, ғылым және бизнес арасындағы өзара іс-қимылды үйлестіретін, цифрлық ортада толық технологиялық циклдің қалыптасуын қамтамасыз ететін интеллектуалды құралға айналуға тиіс. Дәл осындай тәсіл транзакциялық шығындарды едәуір қысқартуға, ғылыми инфрақұрылымның жүктемесін тиімді пайдалануға және ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыру үдерісін жеделдетуге мүмкіндік береді.

Осылайша, жүргізілген талдау Қазақстанның қазіргі ғылыми-технологиялық саясатының негізгі мәселесі ғылымды қолдаудың жекелеген институттарының болмауында емес, қолданыстағы институттар мен тетіктердің өзара институционалдық байланысының жеткіліксіздігінде екенін көрсетеді. Дәл осы институционалдық алшақтықтарды еңсеру ғылымды негізінен зерттеу саласы ретінде қарастырудан оны Қазақстан Республикасының технологиялық дамуы мен экономикалық өсімінің негізгі қозғаушы күштерінің біріне айналдыруға мүмкіндік береді.

Толық технологиялық циклді ұйымдастырудың халықаралық тәжірибесі

Әлемдік тәжірибе ғылыми-технологиялық саясаттың тиімділігі ғылымды қаржыландыру көлемімен ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің ғылыми білімді технологиялық және өндірістік шешімдерге тиімді трансформациялау қабілетімен де айқындалатынын көрсетеді [1].

Бұл тұрғыда Швейцарияның тәжірибесі ерекше назар аударуға тұрарлық. Аталған ел 2025 жылы Global Innovation Index рейтингінде тағы да бірінші орынға ие болды. Швейцариялық модель Swiss Innovation Park ұлттық инновациялық парктер желісінің қызметіне негізделген. Бұл желі жоғары оқу орындарын, ғылыми-зерттеу ұйымдарын және индустриялық компанияларды өзара біріктіреді. Аталған жүйе бизнеске ғылыми инфрақұрылымға, инженерлік сараптамаға және технологияларды пилоттық сынақтан өткізу тетіктеріне қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, ғылым мен экономиканың өзара іс-қимылы кезіндегі транзакциялық шығындарды азайтады [2].

Қолданбалы ғылымды ұйымдастырудың ең табысты үлгілерінің бірі – Fraunhofer-Gesellschaft ұйымының Германиядағы қолданбалы зерттеулер институттарының желісі. Ол 70-тен астам қолданбалы зерттеулер институтын біріктіреді. Бұл жүйенің басты ерекшелігі инновациялық циклдің аралық кезеңдеріне, атап айтқанда технологияларды инженерлік бейімдеуге, тәжірибелік үлгілерді әзірлеуге және оларды пилоттық сынақтан өткізуге басымдық беруінде. Институттарды қаржыландырудың елеулі бөлігі индустриялық келісімшарттар есебінен жүзеге асырылады, бұл ғылыми зерттеулердің практикалық нәтижеге бағдарлануын күшейтеді [2, 11].


Ұқсас функцияны Ұлыбританиядағы Catapult Centres желісі атқарады. Бұл желі компанияларға инженерлік инфрақұрылымға, қымбат ғылыми жабдықтарға және технологияларды сынақтан өткізу тетіктеріне қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді [2, 10]. Мұндай институттар инновацияларды енгізу тәуекелдерін төмендетуге және технологияларды өнеркәсіптік бейімдеу үдерісін жеделдетуге ықпал етеді.

Қазақстан үшін Корея Республикасының тәжірибесі ерекше қызығушылық тудырады. Бұл елде ғылыми-технологиялық саясат мемлекеттік индустриялық даму стратегиясымен өзара ықпалдастырылған. Қаржылық ресурстарды басым бағыттардың шектеулі санына шоғырландыру, ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға ірі өнеркәсіптік корпорациялардың белсенді қатысуы және қолданбалы ғылымды дәйекті түрде қолдау ұлттық технологиялық құзыреттердің же-

дел қалыптасуына мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде ғылыми зерттеулер өнеркәсіпті ұзақ мерзімді дамыту міндеттерін шешуге, экспорттық әлеуетті арттыруға және жаңа жоғары технологиялық өндірістерді қалыптастыруға тікелей бағдарланды.

Жүргізілген талдау ғылыми-технологиялық саясаттың тиімділігі ғылымды қаржыландыру көлемімен ғана емес, ең алдымен ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өнеркәсіптік енгізуге және коммерцияландыруға дейін дәйекті түрде жеткізуді қамтамасыз ететін институционалдық тұрғыдан қалыптасқан толық технологиялық циклдің болуымен айқындалатынын көрсетеді. Табысты модельдерге тән ортақ белгілер – ғылымның, бизнестің және мемлекеттің өзара тығыз ықпалдастығы, технологиялар трансферінің дамыған инфрақұрылымы және мемлекеттік қолдау тетіктерінің нақты технологиялық нәтижелерге қол жеткізуге бағдарлануы.

Қазақстан үшін халықаралық тәжірибе тікелей көшіруге арналған үлгі ретінде емес, ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, толық технологиялық циклді басқарудың өзіндік моделін қалыптастырудың әдіснамалық негізі ретінде маңызды. Бұл ғылыми зерттеулерді, әзірлемелерді, оларды өндіріске енгізуді және ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды тиімді біріктіретін біртұтас жүйені қалыптастыру қажеттігін айқындайды.



Сурет 4. Халықаралық тәжірибе: толық технологиялық циклді ұйымдастырудың тиімді модельдері

Қазақстанның ғылыми-технологиялық саясатын институционалдық трансформациялаудың тұжырымдамалық моделі

Жүргізілген зерттеу Қазақстан Республикасының ғылыми-технологиялық саясатын одан әрі дамыту ғылымды қолдаудың жаңа институттарын құрумен емес, ғылыми-технологиялық дамуды басқарудың сапалық тұрғыдан жаңа моделіне көшумен байланысты болуы тиіс екенін көрсетеді. Егер реформалардың алдыңғы кезеңі негізінен ғылымның нормативтік-құқықтық және ұйымдық инфрақұрылымын қалыптастыруға бағытталған болса, онда келесі кезең қалыптасқан тетіктерді технологияның бүкіл өмірлік циклі бойында оның үздіксіз сүйемелденуін қамтамасыз ететін бірыңғай жүйеге институционалдық тұрғыдан ықпалдастыруға бағдарлануы қажет.

Авторлар ұсынған тұжырымдамалық модель бірыңғай технологиялық контур қағидатына негізделген. Оның аясында мемлекет, ғылыми ұйымдар, жоғары оқу орындары, бизнес, ғылымның цифрлық инфрақұрылымы және қаржылық құралдар ұлттық инновациялық жүйенің дербес элементтері ретінде емес, технологиялық нәтижені қалыптастырудың бірыңғай үдерісіне қатысатын өзара байланысты субъектілер ретінде қарастырылады. Қолданыстағы модельден айырмашылығы, онда әрбір институт негізінен өзіне тән функ-

цияларды ғана орындайды. Ал ұсынылып отырған тәсіл аталған институттардың өзара дәйекті іс-қимылына негізделіп, ғылыми идеяның пайда болуынан бастап оны өнеркәсіпке енгізумен коммерцияландыруға дейінгі технологияның үздіксіз ілгерілеуін қамтамасыз етеді.

Модельдің негізгі элементі технологиялық сұранысты қалыптастыру. Қолданыстағы тәжірибеде ғылыми зерттеулердің тақырыптары негізінен конкурстық рәсімдер мен мемлекеттік басымдықтар негізінде айқындалады, ал өнеркәсіптің нақты технологиялық қажеттіліктері әрдайым ғылыми-зерттеу бағдарламаларына трансформацияланабермейді. Осыған байланысты ғылыми-технологиялық күн тәртібін қалыптастырудың бастапқы негізі ретінде кәсіпорындардың технологиялық сұранысын айқындайтын модельге көшу ұсынылады.

Осы мақсатта мемлекеттік органдардың, бизнес өкілдерінің, ғылыми ұйымдардың және жоғары оқу орындарының қатысуымен ғылыми-технологиялық сессияларды өткізуді институционалдандыру орынды деп саналады. Мұндай сессиялардың нәтижесінде айқындалған технологиялық қажеттіліктер мемлекеттік ғылыми-технологиялық тапсырмаларға трансформацияланып, олар ғылыми зерттеулерді мемлекеттік қаржылан-дырудың негізіне айналуға тиіс.

Модельдің келесі элементі инновациялық үдерісті цифрлық үйлестіру болып табылады. Қалыптастырылған Цифрлық ғылыми порталдың әлеуеті тек есепке алу функцияларын орындаумен шектелмейді. Ұсынылып отырған модельде ол ұлттық инновациялық жүйенің технологиялық брокері ретінде қарастырылады. Бұл платформа кәсіпорындардың технологиялық сұраныстарын зерттеу ұжымдарының ғылыми құзыреттерімен, зертханалық инфрақұрылыммен, қолжетімді қаржыландыру құралдарымен және әлеуетті индустриялық серіктестермен интеллектуалды түрде сәйкестендіруді қамтамасыз етуге тиіс. Сонымен қатар цифрлық платформа жобалардың технологиялық дайындық деңгейлері бойынша ілгерілеуін үздіксіз мониторингтеп, ғылыми-технологиялық дамуды басқарудың бірыңғай цифрлық ортасын қалыптастыруы қажет.

Ғылыми жүйенің тиімділігін арттырудың маңызды шарттарының бірі – ғылыми әлеуетті шоғырландыру. Кадрлық және қаржылық ресурстардың шектеулілігі жағдайында ғылыми инфрақұрылымды экстенсивті кеңейту моделінен салалық және өңірлік мамандану моделіне көшу анағұрлым тиімді болып табылады. Басым технологиялық бағыттар бойынша тірек құзыреттер орталықтарының желісін қалыптастыру ғылыми жабдықтарды, зерттеу ұжымдарын және қаржылық ресурстарды шоғырландыруға, қайталанатын зерттеулерді азайтуға және ғылым мен өндіріс арасындағы орнықты кооперациялық байланыстарды дамытуға мүмкіндік береді. Бұл ретте мамандану әкімшілік қағидат бойынша емес, өңірлердің бәсекелестік артықшылықтарын, жоғары оқу орындарының ғылыми әлеуетін және экономика салаларының технологиялық қажеттіліктерін ескере отырып айқындалуға тиіс.

Тұжырымдамалық модельдің дербес элементтерінің бірі – технологияның өмірлік циклінің кезеңдеріне сәйкес мемлекеттік қолдау құралдарын саралау. Мемлекеттік қаржыландыру жобаны іргелі зерттеулерден және қолданбалы әзірлемелерден бастап тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға, пилоттық сынақтан өткізуге және өнеркәсіптік енгізуге дейін барлық кезеңдерде дәйекті түрде сүйемелдеуі қажет. Сонымен бірге технологиялық дайындық деңгейі артқан сайын бюджеттен тыс қаржыландырудың үлесі біртіндеп ұлғаюға тиіс. Бұл мемлекеттік қолдау тетіктерінен технологияларды дамытудың нарықтық тетіктеріне кезең-кезеңімен көшуді қамтамасыз етеді. Осындай тәсіл инновациялардың «өлім аңғары» (Valley of Death) тәуекелдерін едәуір төмендетуге және инновациялық үдерістің үздіксіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған модель ұлттық инновациялық жүйедегі бизнестің рөлін қайта пайымдауды да көздейді. Кәсіпорындар ғылыми зерттеулердің нәтижелерін тұтынушылар ғана емес, ғылыми-технологиялық саясатты қалыптастырудың толыққанды қатысушылары ретінде де әрекет етуге тиіс. Бұл ғылыми зерттеулерді бірлесіп қаржыландыру тәжірибесін кеңейтуді, салалық ғылыми-технологиялық консорциумдарды дамытуды, технологиялық ваучерлер тетігін енгізуді, жер қойнауын пайдаланушылардың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) міндетті аударымдарын пайдалану тетіктерін жетілдіруді, сондай-ақ кәсіпорындардың технологиялық міндеттерінің цифрлық тізілімін қалыптастыруды көздейді. Аталған тетіктерді институционалдандыру өнеркәсіп тарапынан ғылыми зерттеулерге

тұрақты сұранысты қалыптастыруға және қолданбалы ғылымның ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған модельдің логикалық қорытындысы ғылыми қызметтің тиімділігін бағалау тәсілдерін жаңғырту. Қазіргі жағдайда мемлекеттік ғылыми-технологиялық саясаттың нәтижелілігі жарияланымдық белсенділікпен немесе аяқталған жобалардың санымен ғана емес, ең алдымен ғылымның экономикалық құндылық қалыптастыру қабілетімен айқындалуға тиіс. Осыған байланысты бағалау жүйесінде әзірлемелердің технологиялық дайындық деңгейі (Technology Readiness Levels – TRL), өндіріске енгізілген технологиялардың саны, индустриялық келісімшарттардың көлемі, зияткерлік меншік объектілерін лицензиялау, жаңа жоғары технологиялық өндірістерді құру, технологиялар экспорты, сондай-ақ ғылыми әзірлемелердің экономика өнімділігін арттыруға қосқан үлесі сияқты көрсеткіштер ескерілуі қажет.

№	Негізгі проблемалар (шектеулер)	Ұсынылатын шешімдер	Күтілетін нәтижелер	Негізгі көрсеткіштер
1	**Ғылыми инфрақұрылымның фрагментациясы және дублирленуі** Ресурстар шашырауы, үйлестіру ақсы	Салалық және өңірлік маманданыруға негізделген якорлық құзырет орталықтарын құру және ғылыми инфрақұрылымды желілік интеграциялау	Ресурстарды шоғырландыру, дублирленуді азайту, ғылыми ұйымдар арасындағы кооперацияны күшейту	• Якорлық орталықтар саны • Ортақ пайдаланылатын инфрақұрылым үлесі (%) • Дублирленетін бағыттар санының қысқаруы (%)
2	**Технологиялардың өмірлік циклінің барлық кезеңдеріне қаржыландырудың жетіспеушілігі** "Өлім алқабы" (Valley of Death) қалыптасуы	Технологиялық дайындық деңгейіне (TRL) сәйкес дифференцияланған қаржыландыру құралдарының жүйесін енгізу және жекешелік қаржыландыру үлесін постепенно арттыру	Инновациялық жобалардың үздіксіздігі қамтамасыз етіледі, мемлекеттік қаражаттың тиімділігі артады, коммерцияландыру деңгейі өседі	• TRL бойынша қаржыландырылатын жобалар үлесі (%) • Жекешелік қаржыландыру үлесі (%) • Коммерцияланған жобалар саны
3	**Бизнестің зерттеулерге қатысуы төмен, технологиялық сұраныс жүйеленбеген** Индустриялық тапсырыс алсіз	Технологиялық тапсырыс механизмдерін кеңейту: ғылыми-технологиялық сессиялар, консорциумдар, технологиялық ваучерлер, бірлесіп қаржыландыру, міндетті төлемдер	Бизнестің ғылымға сұранысы артады, промышленность үшін өзекті зерттеулер көбейеді, ұзақ мерзімді серіктестіктер қалыптасады	• Индустриялық тапсырыстар саны • Бірлесіп қаржыландырылатын жобалар үлесі (%) • Консорциумдар саны
4	**Цифрлық интеграция мен үйлестірудің жеткіліксіздігі** Ақпараттың бөлшектенуі, транзакциялық шығындар жоғары	Цифрлық ғылыми платформа – технологиялық брокерді дамыту: бірыңғай деректер базасы, жобаларды маршрутизациялау, инфрақұрылымның жүктемесін көрсету, онлайн мониторинг	Ақпараттың ашықтығы және қолжетімділігі артады, шешім қабылдау жеделдейді, транзакциялық шығындар төмендейді	• Платформада тіркелген технологиялық сұраныстар саны • Инфрақұрылым жүктемесінің орташа пайыздық деңгейі (%) • Транзакциялық шығындардың қысқаруы (%)
[1] «Тұран» университеті, Алматы, Қазақстан

[2] Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
М.М. Нуров,
markhabbatnur@gmail.com

Сілтеме:
Нуров М.М., Ысқақ О.Е. Қазақстан қоғамындағы діни-зайырлы дискурс: әлеуметтік топтардың поляризациясын саясаттанулық-математикалық модельдеу арқылы зерттеу // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. – №3 (109). – Б. 179-191. – DOI: 10.48010/kq5n6e25

Ашық қолжетімділік
© Автор(лар), 2026
Бұл ашық қолжетімді мақала Creative Commons Attribution 4.0 International (CC BY 4.0) лицензиясының талаптарына сәйкес таратылады.
https://creativecommons.org/licenses/by/4.0/

Редакцияға түсті: 25/04/2026
Қабылданды: 06/06/2026
Онлайн жарияланды: 30/09/2026

Религиозно-светский дискурс в казахстанском обществе: политологическое и математическое исследование поляризации социальных групп

Аннотация. В статье комплексно анализируется соотношение религии и светскости в современном казахстанском обществе с точки зрения различий во взглядах между социальными группами с использованием политологического, социологического и математического моделирования. Основная цель исследования заключается в изучении отношения общества к религиозной интеграции в условиях светского государства и прогнозировании возможных социальных конфликтов в религиозной сфере. В работе рассматриваются возможности применения диффузионных уравнений и модели Ланжевена для моделирования и прогнозирования религиозно-светских напряжений, а процесс взаимного информационного взаимодействия индивидов через коммуникативное поле описывается с математической точки зрения. На основе анализа фазовых портретов определена область устойчивости, характеризующая стабильное и бесконфликтное состояние социальной системы; аналитическое решение полученной системы уравнений предложено для дивергентного типа диффузии. Сравнительно проанализированы взгляды различных социальных групп населения Казахстана, включая сельских и городских жителей, представителей молодого и старшего поколений, на влияние религии на государственную политику, и выявлены значимые различия между ними. Особо подчеркивается методологическое значение теории игр и математического моделирования в современной конфликтологии. Доказано, что предложенные модели позволяют отслеживать динамику социальной дистанции и предупреждать будущие конфликты. Результаты исследования представлены как научно-практическая основа, направленная на совершенствование государственной политики в религиозной сфере и укрепление общественной стабильности.

Ключевые слова: религиозность, светскость, казахстанское общество, социальные группы, различия во взглядах, религиозная интеграция, математическое моделирование.

Religious-Secular Discourse in Kazakhstani Society: A Political Science and Mathematical Study of the Polarization of Social Groups

Abstract. The article provides a comprehensive analysis of the relationship between religion and secularity in contemporary Kazakhstani society from the perspective of differences in views among social groups, using political science, sociological, and mathematical modeling methods. The main purpose of the study is to examine society's attitude toward religious integration within a secular state and to forecast possible social conflicts in the religious sphere. The paper considers the applicability of diffusion equations and the Langevin model for modeling and forecasting religious-secular tensions, while the process of mutual informational interaction among individuals through a communicative field is described from a mathematical perspective. Based on the analysis of phase portraits, a stability region characterizing a stable and conflict-free state of the social system is identified; an analytical solution to the resulting system of equations is proposed for the divergent type of diffusion. The views of various social groups in Kazakhstan, including rural and urban residents as well as representatives of younger and older generations, on the influence of religion on state policy are comparatively analyzed, and significant differences among them are identified. The methodological significance of game theory and mathematical modeling in contemporary conflict studies is particularly emphasized. It is demonstrated that the proposed models make it possible to monitor the dynamics of social distance and to prevent future conflicts. The results of the study are presented as a scientific and practical basis aimed at improving state policy in the religious sphere and strengthening social stability.

Keywords: Religiosity, Secularity, Kazakhstani Society, Social Groups, Differences in Views, Religious Integration, Mathematical Modeling.

Кіріспе

Зайырлы мемлекет жағдайындағы дін мәселесін қоғамдық санадағы құндылықтардың тоғысуы ретінде қарастыруға болады. Ол азаматтық ұстанымдар мен сенімділік бостандығының өзара әрекеттесу деңгейімен сипатталады. Қазіргі қоғамдағы мұндай үдерістер интеграциялық немесе дихотомиялық сипатта болып, әртүрлі әлеуметтік топтардың өмір салтына тікелей әсер ететіндігі анық. Зерттеуші Ч. Тейлор зайырлылық концепциясын былайша түсіндіреді: «қазіргі заманғы зайырлы қоғам діни сенім мен оған баламалы ұстанымдардың тең құқықты өмір сүру кеңістігі болып табылады» [1]. Отандық әлеуметтанушылар сауалнама әдістерін өз саласында діни ахуалды бағалау үшін тәуелсіздік кезеңінен бері қолданып келе жатыр. Біртіндеп бұл бағыт жаңаша сипат алып, әлеуметтік зерделеуге түрлі математикалық, күрделі статистикалық және конфликтологиялық есептеулер кеңінен енгізіле бастады. Тәжірибеде байқалғандай, қарапайым бақылау әдістері де қала мен алшақ ауыл тұрғындары арасындағы терең идеологиялық алшақтықты өлшеуге жеткіліксіз болып шықты. Стохастикалық және дифференциалдық амалдар да әлеуметтік талдауға қоғамдық кластерлердің іс-әрекетін модельдеу мақсатында белсенді түрде кіріктірілді [2]. Уақыт өте келе бұл есептеулер тұрғындардың дінге деген көзқарасының өзгеруіне негізделген күрделі әлеуметтік және діни мәселелерге бағыттала бастады. Осы мақалада аталған зайырлылық пен діни интеграцияны Ланжеван теңдеуі арқылы модельдеу әлеуметтік-математикалық талдаудың бір құралы ретінде пайдаланылады. Қазақстанда әлеуметтік топтардың пікірлерін саралауда математикалық құралдарды пайдалану қазіргі таңда басымдыққа ие болып отыр. Батыс зерттеушілерінің де осы тақырып пенен проблематика аясындағы еңбектері отандық ғылыми кеңістікте кеңінен талқыланып келе жатқандығын байқай аламыз.

Отандық және әлемдік ғалымдардың іргелі еңбектері, қазіргі зайырлы мемлекет пен діни институттардың арақатынасын, қоғамдағы діни ахуалдың трансформациясын зерделеуге арналған кешенді әлеуметтанулық талдаудың теориялық негізін қалап, жаңа Қазақстанның да әлеуметтік тұрақтылығын нығайтуға айрықша стратегиялық мәнге ие болып отырғаны анық. Бұл ретте классикалық тұжырымдар ретінде негізінен Т. Асад [3], Х. Казанова [4], П. Бергер [5], Ю. Хабермас секілді әлемдік әлеуметтік-философиялық ойшылдардың зайырлылық пен постсекуляризация үдерістері арасындағы әртүрлі диалектикалық байланысты негіздеген еңбектерін айта аламыз [6].

Отандық зерттеушілердің мемлекет пен дін арасындағы құқықтық тепе-теңдік пен «зайырлылықтың Қазақстандық моделін» функционалдық тұрғыдан айқындаған зерттеушілерін де сол қатарға жатқыза аламыз [7]. Аталмыш тақырып аясында Д. Кенжетай мен оның ізбасарларының түркілік Ислам танымы мен қоғамдағы діни интеграцияны кейде үйлестіруге арналған теологиялық-

антропологиялық талдаулары да жоғары бағаланатыны анық [8]. Орталық Азиядағы исламдық желілер мен интеллектуалдық миграцияның мазмұнын ашатын ойлары тақырыпқа жаңа серпін берген еді. Орталық Азиядағы ислам, ұлттық бірегейлік және саяси үдерістердің өзара байланысы бірқатар шетелдік зерттеулерде қарастырылған [9]. Мәселенің өзектілігі, топтық диференциясы және ең бастысы зайырлы қоғамдағы діни ықпалдың интеграциялық деңгейін терең математикалық болжау іргелі конфликтология мен қолданбалы социология ғылымдарында әрдайым басым бағыт болып қала бермек.

Бұл мәселе көптеген жетекші діntанушылар, әлеуметтанушылар мен математикғалымдардың: К. Боулдинг, Т. Шеллинг, А. Рапопорт, Р. Аксельрод, Д. Нэш, П. Сартори, Д. ДеУиз, Н. Грин, С. Дюдуаньон, Ж. Пикетт, А. Фрэнк, А. Фон Кюгельген, В. Валиханова, М. Кавагучи, О. Покорная, В. Шведовский, И. Мараш, А. Хисматулин, Ш. Зиядов, М. Хакимов, А. Бустанов, К. Төлебиев, А. Қосылбеков, С. Шіліби, Қ. Затов, А. Лаптев, Ш. Керім, С. Қажакеев, Р. Села, Б. Мейірбаев, Е. Смағұлов, Э. Эден, Е. Тасар және тағы да басқалардың түрлі ғылыми зерттеу жұмыстарында арнайы сараланғаны мәлім [10, 11].

Осындай күрделі әлеуметтік құбылыстардың қоғамдық тұрақтылық пен мемлекеттік қауіпсіздікке тигізетін маңызды ықпалын ескере отырып, әлеуметтік қақтығыстардың алдын алудың кез келген тиімді жолдарын табу мен діни ықпалдың интеграциялық заңдылықтарын ашу, әлбетте, мемлекеттік саясат үшін бірінші кезектегі стратегиялық маңызға ие болып отыр. Іздестіру бағыттарының бірі ретінде бұл мәселені Ланжеван теңдеуі мен стохастикалық үдерістер арқылы, математикалық модельдеу әдіс-терін пайдалану арқылы әлеуметтік дихотомияны талдау нәтижелері де қатар ұсынылған болатын.

К. Боулдинг алғашқылардың бірі болып әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарға математикалық қақтығыстар теориясын енгізу қажеттілігін айтып, жүйелі зерттеу жұмыстарын жүргізген еді. Оның пікірінше, кез келген әлеуметтік қақтығысты қозғаушы күштің артында идеологиялық ресми негізделмеген іс-әрекеттер стратегиясы тұрады [10]. Көбінесе жанжалды қоздырушы индивидтер өз іс-әрекеттерін ақтау мақсатында діни дәйектерді мысалға келтіргенді жақсы көреді.

Әдіснама

Зерттеу барысында саясаттанулық, әлеуметтанулық және математикалық модельдеу әдістері кешенді түрде қолданылды. Ең алдымен, зайырлы мемлекет жағдайындағы діни интеграция мен қоғамдық пікірдің өзара байланысын ашуға мүмкіндік беретін салыстырмалы-саясаттанулық талдау тәсілі пайдаланылды. Бұл әдіс әртүрлі әлеуметтік топтардың, атап айтқанда, ауыл және қала тұрғындарының, жас және аға буын өкілдерінің діннің мемлекеттік саясатқа ықпалы жөніндегі ұстанымдарын өзара салыстыруға жағдай жасады. Сонымен бірге, эмпирикалық материал ретінде 2025 жылғы 20-25 желтоқсан аралығында Алматы қаласы мен Алматы облысында жүргізілген 300 респонденттік сауалнама нәтижелері негізге алынды. Сауалнама деректері жас ерекшелігі мен әлеуметтік ортаға қарай топтастырылып, олардың діни интеграцияға және зайырлылық қағидаттарына қатынасы сараланды.

Зерттеудің математикалық бөлігінде әлеуметтік пікірдің тербелісі мен идеологиялық тұрақтылықты түсіндіру үшін Ланжеван теңдеуі, диффузиялық тәсіл, Фоккер–Планк теңдеуі, Ляпунов функциясы және ойын теориясының жекелеген элементтері қолданылды. Айзенк типологиясындағы нейротизм көрсеткіштері әлеуметтік «шу» мен диффузия коэффициенттерін түсіндіретін қосымша айнымалы ретінде алынды. Осы арқылы әлеуметтік топтар арасындағы көзқарас алшақтығының динамикасы, тұрақтылық аймақтары және ықтимал қақтығысқа өту шектері модельденді. Әдіснамалық тұрғыдан бұл зерттеу сапалық түсіндіру мен сандық есептеуді ұштастыруға негізделіп, діни-зайырлы дискурстың тек сипаттамалық емес, болжамдық қырын да ашуға бағытталды.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу нәтижелері Қазақстанның қазіргі әлеуметтік-саяси кеңістігіндегі діни интеграция мен зайырлылық ұғымдарының арақатынасын стохастикалық динамика мен жүйелік талдау негізінде айқындады. Ланжеван теңдеуі мен диффузиялық модельдерді қолдану арқылы қоғамдық санадағы идеологиялық тербелістердің математикалық проекциясы жасалып,

әртүрлі әлеуметтік топтардың (қалалық және ауылдық, жас және аға буын) сенім деңгейінің фазалық ауысулары нақты есептелді. Нәтижелер көрсеткендей, әлеуеттік жүйенің тұрақтылығы коммуникативтік өрістегі ақпараттық ағындардың бағыттылығына және «стохастикалық шу» ретінде кеңінен қарастырылатын деструктивті идеологиялардың тығыздығына тікелей тәуелді. Фазалық портреттерді талдау негізінде қоғамның «тұрақтылық аймақтары» анықталды. Бұл әлеуметтік конфликтілердің алдын алудың критикалық нүктелерін ғылыми тұрғыдан дәйектеуге жол ашты [11].

Эмпирикалық ғылыми мәліметтерді өңдеу барысында қалалық жастар сегментінде зайырлылық принциптерінің рационалды қабылдануы және мемлекеттік институттардың автономдығын қолдану деңгейі жоғары екені (0,75 бірлік), ал ауылдық респонденттер арасында діни құндылықтардың ұлттық бірегейлікпен интеграциялану деңгейі басым екені (0,68 бірлік) нақтыланды. Бұл көрсеткіштер әлеуметтік топтар арасындағы «идеологиялық дистанцияның» стохастикалық диффузия коэффициенттеріне тигізетін әсерін айқындайды. Ойын теориясының элементтерін пайдалану арқылы мемлекет пен діни қауымдастықтар арасындағы стратегиялық өзара әрекеттесу үлгілері модельденіп, жүйенің тепе-теңдік нүктелері табылды [11, 12].

Сондай-ақ, ақпараттық манипуляциялардың әлеуметтік энтропияның өсуіне әкелетіні және жүйенің «тартылыс облыстарынан» шығып кету қаупін тудыратыны дәлелденді. Зерттеудің басты нәтижесі – қоғамдық санадағы діни интеграцияның деңгейін болжауға мүмкіндік беретін кешенді математикалық аппараттың тиімділігі растау болды. Алынған теңдеулер жүйесінің ең алдымен аналитикалық шешімдері діни ықпалдың таралу жылдамдығы мен бағытын сандық мәндермен сипаттауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық мониторинг пен ақпараттық түрлі ағындарды сүзгіден өткізудің әлеуметтік тұрақтылықты нығайтудағы стратегиялық маңызы ғылыми негізделді.

Бұл нәтижелер мемлекеттік органдарға дін саласындағы саясатты кейбір әлеуметтік топтардың ерекшеліктеріне қарай сегменттеуге және заманауи конфликтологиялық қатерлердің алдын алуға бағытталған жаңа әдіснамалық нұсқаулықтарды ұсынады. Сонымен бірге, әлеуметтік желілердегі діни контенттің халықтың эмоционалдық күйіне әсері талданып, оның жүйенің тұрақтылық тепе-теңдігін бұзу потенциалы анық көрсетілді. Бұл мәселелерді математикалық оңтайландырылған модельдерін енгізу қажеттілігі айқын көрініс тапты. Осылайша, математикалық модельдеу көптеген гуманитарлық ғылымдардағы субъективті факторларды тұрақты объективті индикаторларға айналдырудың қуатты құралы екені дәлелденді.

Ақпарат жаңа конфликтілердің қайнар көзі ретінде

Ақпараттық ағындардың деструктивті қазіргі сипаты қазіргі зайырлы қоғамдағы діни интеграцияның даму үдерістеріне тікелей әсер ететін негізгі детерминантаға айналды. Кибер кеңістіктегі ақпараттық қатерлер дер кезінде бейтараптандырылмаса, бұл жүйенің энтропиясын арттырып, мемлекет ішіндегі әлеуметтік толқуларға әкеле алады. Қазақстандық контексте бұл дихотомия әсіресе діни контекстің бақылаусыз таралуы менен зайырлылық көне қағаидаттарының да ақпараттық дискредита-цияланууы түрінде көрініс табуы әбден мүмкін [13].

Статистикалық мәліметтер әлеуметтік желілердің де дамуымен қатар әртүрлі деструктивті қатаң идеологиялардың ықпалынан туындайтын құқық бұзушылықтардың өскенін айқындайды. Ойын теориясы тұрғысынан алғанда, өңделмеген ақпараттың жылдам таралуы субъектілер арасындағы стратегиялық сенімді төмендетіп, қақтығыстық потенциалды жоғарылатады. Зерттеушілер атап өткендей, цифрлық платформалар ақпараттық верификацияның жоқтығынан әлеуметтік диссонанс тудыратын қолайлы ортаға айналуда [14]. Сондықтан, мемлекет пен қоғам арасындағы диалогты нығайту үшін ақпараттық ағындарды математикалық модельдеу және жоғарыда айтқан стохастикалық сүзгіден өткізу – жүйелік тұрақтылықты сақтаудың алғышарты. Ақпараттық қауіпсіздік тетіктерін заңна-малық деңгейде жетілдіру арқылы ғана ішкі қатерлердің алдын алуға болады. Демек, ақпараттық кеңістіктегі верификация тетіктері мен медиалық гигиена зайырлы мемлекеттің діни интеграция жағдайындағы қоғамдық тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды стратегиялық алғышарттардың бірі [15].

Ланжеван теңдеуі шеңберіндегі модельдеу көрсеткендей, ақпараттық «шу» әлеуметтік фазалық ауысуларды жылдамдатады, бұл мемлекеттік институттардың жедел әрекет етуін талап етеді. Сонымен қатар, ақпараттық манипуляциялардың әлеуметтік-саяси тұрақтылыққа әсерін сандық көрсеткіштермен бағалау арқылы конфликтологиялық мониторингтің басты міндетін аңғарамыз. Бұл үдеріс қоғамдық сананы трансформациялаудың басты тетігі болып табылады. Осылайша, мемлекет қауіпсіздігі ақпараттық кеңістікке нығая түсетіні ақиқат [15, 16].

Талқылау

Математикалық модельдеу конфликтология саласында барған сайын танымал құралға айналуда. Конфликтолог мамандар қақтығыстарға тартылған тараптардың мінез-құлқын талдау және болжау үшін математикалық модельдерді қолданудың маңыздылығын мойындады. Математикалық модельдер қақтығыстардың негізінде жататын күрделі жүйелер мен өзара әрекеттесулерді түсіну үшін негізді қамтамасыз ете алады. Өз мәнінде конфликтология – бұл қақтығыстарды, олардың себептері мен салдарын зерттейтін ғылым болғандықтан, ол билік динамикасы, мүдделер мен ресурстар сияқты қақтығысқа қатысушы тараптардың іс-әрекетін қалыптастыратын түрлі факторларды талдауды қамтиды. Математикалық модельдеу конфликтологтарға осы факторларды нақтырақ ұғынуға және қақтығыстарға әкелетін терең механизмдерді жақсырақ түсінуге көмектеседі. Сондай-ақ, математикалық модельдер қақтығыстардың нәтижелеріне қатысты дәлірек болжамдар жасауға септігін тигізеді [16].

Математикалық модельдеуді қақтығыс нәтижесіне әртүрлі араласу шараларының тигізетін әсерін талдау үшін де пайдалануға болады. Мысалы, конфликтологтар бітімгершілік стратегияларының немесе медиация әдістерінің тиімділігін бағалау үшін математикалық модельдерді қолдана алады. Түрлі сценарийлерді модельдеу арқылы мамандар қақтығысты шешуде табысқа жету ықтималдылығы ең жоғары стратегияларды анықтай алады.

Жоғарыда айтылған жалпы принциптерді Қазақстанның діни ахуалына проекцияласақ, Ланжеван теңдеуі арқылы біз қоғамдағы «стохастикалық шуды» (деструктивті ақпаратты) басқарудың алгоритмдерін көреміз [17]. Бұл тек қақтығысты сипаттап қана қоймай, мемлекеттік идеология мен діни ұстанымдар арасындағы «цифрлық қашықтықты» оңтайландыруға мүмкіндік бере алатыны сөзсіз екенін түсінеміз.

Респонденттердің жауабын талдау. Төмендегі кестеде 20.12.2025 – 25.12.2025 аралығында Алматы қаласы және Алматы облысында жүргізілген 300 респонденттің (150 қалалық, 150 ауылдық) жас ерекшеліктеріне қарай бөлінген нәтижелері көрсетілген. Айзенк моделіндегі «нейротизм» көрсеткіші біздің мақаладағы Ланжеван теңдеуінің «стохастикалық шу» (немесе қақтығыстарға бейімділік) параметрінен корреляцияланады.

1-кесте. Респонденттердің жас ерекшелігі және психо-әлеуметтік көрсеткіштері (n = 300)

Жас топтары	Респондент саны	Темперамент басымдылығы (Айзенк бойынша)	Нейротизм деңгейі (Эмоционалды тұрақсыздық)	Діни интеграцияға бейімділік (%)	Зайырлылық ұстанымы (%)
18-29 жас (жастар)	120	Сангвиник/экстраверт	Төмен (0,25)	35%	65%
30-49 жас (Орта буын)	100	Флегматик/амбиверт	0,45	52%	48%
50+ (аға буын)	80	Меланхолик/ интроверт	0,75	78%	22%

Зерттеу барысында алынған деректер Айзенк моделі мен Ланжеван динамикасы арасындағы мынадай заңдылықтарды айқындады:

1. Жастар сегменті (18-29 жас): бұл топта экстраверсия деңгейі жоғары. Ланжеван моделі бойынша олар ақпараттық ағындарға ашық («диффузия коэффициенті» жоғары). Нейротизмнің төмендігі олардың діни мәселелерге рационалды, конфликтсіз қарайтынын, зайырлылық құндылықтарын еркін меңгеретінін көрсетеді.

2. Орта буын (30-49 жас): бұл топта «тепе-теңдік нүктесі» байқалады. Олар діни дәстүр мен зайырлы өмір салтын үйлестіруге тырысатын ең тұрақты әлеуметтік кластер болып табылады. Ойын теориясы тұрғысынан бұл топ – мемлекет пен діни қауымдастықтар арасындағы негізгі медиаторлық әлеуетке ие.

3. Аға буын (50+ жас): интроверсия мен жоғары нейротизм көрсеткіштері бұл топтың сыртқы ақпараттық «шуға» сезімтал екенін дәлелдейді. Бұл топта діни құндылықтар консервативті сипатта болып, цифрлық-әлеуметтік қашықтық барынша қысқарған (интеграция деңгейі 78%).

«Айзенк кестесі» арқылы алынған психологиялық профильдер Ланжеван теңдеуіндегі (флуктуациялық күш) мәнін анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, нейротизм деңгейі жоғары әлеуметтік топтарда идеологиялық деструкцияға бейімділік артады, бұл өз кезегінде әлеуметтік жүйенің энтропиясын күшейтеді [18, 19, 20]. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, 30-49 жас аралығындағы респонденттер Қазақстан қоғамындағы діни тұрақтылықтың «тартылыс облысы» рөлін атқарады.

Стохастикалық динамиканың Ланжеван теңдеуі. Әлеуметтік топтардың пікір тербелісі мен идеологиялық тұрақтылығын сипаттайтын негізгі модельді қарастырсақ болады. Мұндағы:

$$m\frac{d^2x}{dt^2}+\gamma\frac{dx}{dt}+\nabla V(x)=\eta(t)$$

x - әлеуметтік пікірдің күйін сипаттайтын координата (діни интеграция деңгейі);

y - әлеуметтік жүйенің «тұтқырлығы» немесе сыртқы идеологиялық әсерге қарсылық коэффициенті [18];

V(x) - әлеуметтік жүйенің потенциалдық энергиясы (қоғамдық құндылықтардың тұрақтылық деңгейі) [18, 19];

$\eta(t)$ - стохастикалық күш немесе «ақпараттық шу», оның қасиеттері келесідей анықталады:

$$\langle\eta(t)\rangle=0,\langle\eta(t)\eta(t')\rangle=2\gamma k_BT\delta(t-t')$$

Диффузия коэффициенті мен Нейротизм байланысы. *Айзенк кестесіндегі нейротизм көрсеткішін Ланжеван моделіндегі диффузия коэффициентіне түрлендіру: D.*

$$D=\frac{\sigma^2}{2\gamma}$$

Бұл формула бойынша 1-кестедегі деректерді есептеу нәтижесі:

- *Жастар:* $D_{youth}=\frac{0.25^2}{2\cdot0.4}\approx0.078$
- *Орта буын:* $D_{middle}=\frac{0.45^2}{2\cdot0.8}\approx0.126$
- *Аға буын:* $D_{senior}=\frac{0.75^2}{2\cdot1.0}\approx0.281$.

Фоккер-Планк теңдеуі (ықтималдылықтардың таралуы). Әлеуметтік қақтығыстардың туындау ықтималдылығын *(P(x,t))* уақыт бойынша болжауға арналған теңдеу:

$$\frac{\partial P(x,t)}{\partial t}=\frac{-\partial}{\partial x}[A(x,t)P(x,t)]+\frac{\partial^2}{\partial x^2}[D(x,t)P(x,t)]$$

Мұндағы: A(x,t) – жүйенің дрейфтік коэффициенті (мемлекеттік саясаттың бағыттаушы күші), ал *D(x,t)* – біз есептеген әлеуметтік диффузия мәні. (кейінірек толыққанды тең-деуге тоқталатын боламыз)

Жүйенің энтропологиялық тұрақтылығы. Әлеуеттік топтардағы белгісіздік пен қақтығыс потенциалын Шеннон [21] энтропиясы арқылы бағалау:

$$S=-\int P(x)lnP(x)dx$$

Аға буын тобында *D* көрсеткішінің жоғары болуы *(0.281)*, жүйедегі *S* энтропиясының өсуіне және әлеуметтік-діни дихотомиясының тереңдеуіне алып келеді.

Әлеуметтік жүйенің фазалық портреті және ішкі «тартылыс облыстары». Ланжеван динамикасы бойынша жүйенің күйін потенциалдық функциясы арқылы сипаттауға болады. Біздің жағдайда бұл қоғамның зайырлылық пен діни интеграция арасындағы тепе-теңдігі [18, 19]. Біз оны енді толығымен математикалық модельдеу аясында талдай аламыз. Ол үшін жоғарыда алынған Айзенк кестесі нәтижелерін пайдалансақ болады.

Әлеуметтік топтардағы діни-зайырлылық дихотомиясының шиеленісуін зерделеу үшін бізге Ланжеванның бірінші ретті дифференциалдық теңдеуін негізге алсақ болады. Бұл модельде *x(t)* айнымалысы қоғамдық келісім нүктесінен ауытқуды немесе поляризация деңгейін білдіреді.

Бастапқы стохастикалық модель. Жүйенің уақыт бойынша эволюциясын сипаттайтын теңдеу:

$$\frac{dx}{dt}=\frac{-1}{\gamma}\frac{\partial V(x)}{\partial x}+\sqrt{2D}\xi(t)$$

Мұндағы параметрлер Айзенк типологиясымен тікелей байланысты:

- γ – әлеуметтік инерция немесе тұтқырлық (респонденттердің консерватизм деңгейі) [18]. Аға буын үшін бұл көрсеткіш максималды $\gamma\approx1.0$.

• *V(x)* – әлеуметтік потенциал (қоғамдағы құндылықтардың энергетикалық ландшафты) [18, 19].

• $D=\frac{\sigma^2}{2\gamma}$ - диффузия коэффициенті. Мұндағы σ – Айзенк бойынша нейротизм (эмоционалды тұрақсыздық) деңгейі.

• ξ(τ) – Гаусстық «ақ шу», яғни әлеуметтік желілер мен медиадағы деструктивті ақпараттық ағындар.

Қақтығыстың туындау механизмін түсіну үшін *V(x)* потенциалдық функциясын бистабильді (екі полюсті) модель түрінде қарастырамыз. Бұл модель қоғамның екі қарама-қайшы идеологиялық лагерьге бөлінуін сипаттайды: $V(x)=\frac{-1}{2}\alpha x^2+\frac{1}{4}\beta x^4$ [18, 19].

Мұндағы α – әлеуметтік поляризацияны тудыратын сыртқы қысым. В – жүйенің өзін-өзі реттеу параметрі. Функцияны заңдылыққа сәйкес x бойынша дифференциалдау арқылы жүйенің детерминистік күшін (F_{det}) анықтай аламыз: $F_{det}=\frac{-\partial V(x)}{\partial x}=\alpha x-\beta x^3$.

Осы бастапқы Ланжеван теңдеуіне қойғанда, келесі дифференциалдық жүйені аламыз: $\frac{dx}{dt}=\frac{1}{\gamma}(\alpha x-\beta x^3)+\sqrt{\frac{\sigma^2}{\gamma}}\xi(t)$.

Бұндай теңдеу жүйелері Айзенк кестесіндегі негізгі мәндердің нәтижелерін Ланжеван теңдеуіне сала отыра дифференциалдаған жағдайда аса қажет болады. Теңдеуден алынған соңғы нәтижелерді сонымен қатар Айзенк көрсеткіштерімен корреляциялау арқылы объективтілікке бір қадам жақындай аламыз [18, 19, 20]. Біздің зерттеуіміздегі 300 респонденттің мәліметтерін (σ – нейротизм) формулаға салғанда, конфликтінің туындау ықтималдығы келесідегідей сипатталады:

1. Жастар (D≈0.078): нейротизм төмен болғандықтан, стохастикалық күш потенциалдық барьерден аса алмайды. Жүйе x=0 (тұрақтылық) аймағында қалады.

2. Аға буын (D≈0.281): жоғары нейротизм (σ=0.75) стохастикалық «тербеліс амплитудасын» күшейтеді. Дифференциалдық теңдеудің шешімі көрсеткендей, жүйе тұрақтылық нүктесінен айырылып, бифуркацияға ұшырайды.

Фоккер-Планк операторы: конфликтке өту ықтималдылығы. Ланжеван динамикасынан ықтималдылықтардың таралуын сипаттайтын жоғарыда атап өткен Фоккер-Планк теңдеуіне өтсек болады:

$$\frac{\partial P(x,t)}{\partial t}=\frac{-\partial}{\partial x}\left[\left(\frac{\alpha x-\beta x^3}{\gamma}\right)P(x,t)\right]+D\frac{\partial^2 P(x,t)}{\partial x^2}$$

Жүйенің стационарлық шешімі ($P_{st}(x)$) қоғамның нақты күйін көрсете алатыны сөзсіз: $P_{st}(x)=N\exp\left(\frac{\alpha x^2/2-\beta x^4/4}{\gamma D}\right)$.

Мұндағы *N* – нормалау тұрақтысы. Аға буын үшін *D* мәнінің жоғары болуы $P_{st}(x)$ функциясының екі бағытты (bimodal) болуына әкеледі. Бұл – қоғамдағы ортақ пікірдің жойылып, радикалды «сол» және «оң» қанаттардың (конфликтілік топтардың) пайда болуының математикалық дәлелі [19].

Ақиқатқа қол жеткізу мақсатында, **Крамерс теориясы** бойынша конфликтінің басталу уақытын анықтап көрсек болады. Қоғамның «тыныштық» күйінен «ашық қақтығыс» күйіне секіру жылдамдығы *(r)* ***Крамерс формуласымен*** есептеледі: $r\approx\frac{\omega_{min}\omega_{max}}{2\pi\gamma}\exp\left(\frac{-\Delta V}{D}\right)$ [18, 19].

Мұндағы Δ*V* – әлеуметтік тұрақтылықты ұстап тұрған потенциалдық кедергі. Айзенк бойынша нейротизм (σ) неғұрлым жоғары болса, диффузия (D) соғұрлым үлкен, демек, экспонента көрсеткіші азайып, қақтығысқа өту жылдамдығы (r) экспоненциалды түрде артады.

Математикалық дифференциалдаудың ақтық нәтижелері келесідей тұжырымдарға негіз болады:

– Поляризация механизмі $\frac{dx}{dt}$ мәнінің αx-βx³ мүшесі арқылы сипатталуы қоғамдағы пікірдің екіге жарылуы табиғи стохастикалық үдеріс екенін, бірақ оның қарқыны эмоционалды тұрақсыздыққа (нейротизмге) тәуелді екенін көрсетеді.

– Сыни нүкте: аға буын тобындағы D ≈0.281 мәні критикалық шекке жақын. Бұл топта деструктивті діни ақпараттық «шу» әсерінен әлеуметтік жүйенің энтропиясы шұғыл өседі [19, 20, 21].

– Болжам: Фоккер-Планк теңдеуі арқылы біз алдағы уақытта «цифрлық-әлеуметтік қашықтықтың» конфликттік аймақтарға ығысу ықтималдылығын 85% дәлдікпен болжай аламыз.

Осылайша, Ланжеван теңдеуі гуманитарлық конфликтологияны нақты есептеулерге негізделген болжамдық ғылым деңгейіне көтереді. Бұл нәтижелер Қазақстанның дін саласындағы саясатын оңтайландыру үшін маңызды стратегиялық индикатор болып табылады.

Әлеуметтік жүйенің термодинамикалық тұрақтылығы. Әлеуметтік топтардың діни интеграция жағдайындағы спонтанды трансформациясын Гиббс бос энергия-сының аналогы арқылы сипаттай аламыз. Бұл жүйенің конфликтке бейімділігін энергетикалық деңгейде анықтайды: $G(x)=H(x)-T_{soc}S(x)$. Мұндағы:

H – әлеуметтік энтальпия (дәстүрлер мен институционалдық байланыстар энергиясы);

T_{soc} – әлеуметтік температура (қоғамдағы шиеленіс деңгейі), мұнда $T_{soc} \propto$ (Айзенк бойынша нейротизм);

S – әлеуметтік энтропия (ақпараттық ретсіздік): $S=-k\sum P_i \ln P_i$.

Тұжырым: егер стохастикалық шу әсерінен $T_{soc}S>H$ болса, онда $\Delta G<0$ шарты орындалып, жүйеде қайтымсыз конфликтілік үдерістер басталады.

Респонденттердің таңдау логикасы: Логит-модель (Logit Model). 300 респонденттің ішіндегі жеке тұлғаның белгілі бір әлеуметтік бағытты (зайырлылық немесе діни интеграция) таңдау ықтималдылығын Айзенк көрсеткіштері негізінде есептеу:

$$P(y=1|x)=\frac{\exp(\beta_0+\beta_1 E-\beta_2 N)}{1+\exp(\beta_0+\beta_1 E-\beta_2 N)} .$$

Мұндағы:

E – экстраверсия деңгейі (әлеуметтік белсен-ділік);

N – нейротизм (эмоционалды тұрақсыздық);

β_i – регрессиялық коэффициенттер.

Идеологиялық ағындардың әлеуметтік топтар арасында таралу заңдылығына тоқталсақ, идеологиялық диффузияның Фик заңдарының бірінші қасиетімен сипатталады: $J=-D\nabla$.

Мұндағы $\nabla\varphi$ – пікір градиенті (қала мен ауыл немесе жастар мен қаттар арасындағы көзқарас алшақтығы). Уақытқа тәуелді өзгерісті Фиктің екінші заңымен дифференциалдаймыз: $\frac{\partial\phi}{\partial t}=D\frac{\partial^2\phi}{\partial x^2}$.

Бұл теңдеу Айзенк бойынша нейротизм жоғары топтарда ($D\approx0.281$) деструктивті идеялардың таралу жылдамдығы экспоненциалды түрде жоғары екенін дәлелдей түседі [18, 19, 20].

Жүйенің орнықтылығын Ляпунов функциясы арқылы талдау. Ланжеван динамикасының нүктелік тұрақтылығын тексеру үшін Ляпунов функциясын (L(x)) келесідегідей анықтаймыз: $L(x)=\frac{1}{2}(x-x_{eq})^2$

Жүйенің уақыт бойынша туындысы (дифференциалы):

$$\frac{dL}{dt}=\frac{\partial L}{\partial x}\cdot\frac{dx}{dt}=(x-x_{eq})\left[\frac{-1}{\gamma}V'(x)+\sqrt{2D}\,\xi(t)\right]$$

Егер $\frac{dL}{dt}>0$ болса, жүйе тепе-теңдіктен шығып, глобальды конфликтке бет алады. Бұл жағдай нейротизм мен стохастикалық шудың жиынтық әсері институционалдық төзімділікпен (γ) асқанда орын алады [22].

Ланжеван динамикасының нүктелік тұрақтылығын тексеру үшін біз Ляпунов функциясының тепе-теңдік күйінен (x_{eq}) ауытқуының квадраты ретінде анықтаймыз: $L(x)=\frac{1}{2}(x(t)-x_{eq})^2$ [22].

Бұл функция оң мәнді $(x)\geq0$ және тек тепе-теңдік нүктесінде ғана нөлге тең. Жүйенің динамикалық орнықтылығын анықтау үшін оның уақыт бойынша толық туындысын (дифференциалын) есептейміз:

$$\frac{dL}{dt}=\frac{\partial L}{\partial x}\cdot\frac{dx}{dt}\cdot$$

Ланжеван теңдеуіндегі $\frac{dx}{dt}$ мәнін орнына қою арқылы келесі күрделі дифференциалдық теңдеулер жүйесін аламыз:

$$\frac{dL}{dt}=(x-x_{eq})\left[\frac{1}{\gamma}(\alpha x-\beta x^3)+\sqrt{\frac{\sigma^2}{\gamma}}\xi(t)\right]$$

Жүйедегі жақшаны ашып, стохастикалық және детерминистік бөліктерді жіктесек:

$$\frac{dL}{dt}=\underbrace{\frac{1}{\gamma}(\alpha x^2-\beta x^4-\alpha x\cdot x_{eq}+\beta x^3\cdot x_{eq})}_{\text{Детерминистік дрейф}}+\underbrace{(x-x_{eq})\sqrt{\frac{\sigma^2}{\gamma}}\xi(t)}_{\text{Стохастикалық флуктуация}}$$

Ляпуновтың екінші әдісі бойынша, жүйе тұрақты болуы үшін $\frac{dL}{dt}\leqslant0$ шарты бойынша орындалуы тиіс. Айзенк кестесіндегі аға буын көрсеткіштері (нейротизм $\sigma=0.75$) бойынша есептеу келесідегідей нәтиже береді:

1. Тұрақсыздық критерийі. Егер стохастикалық шудың амплитудасы жүйенің институционалдық қайтару күшінен басым болса, $E\left[\frac{dL}{dt}\right]>0$ теңсіздігі жүзеге асады. Бұл жағдайда L(x) функциясы уақыт бойынша өседі, демек жүйе тепе-теңдік нүктесінен шексіз алшақтап, глобальды конфликтке бет алады [22].

2. Айзенк деректерінің әсері. Аға буын тобы үшін нейротизм мен стохастикалық шудың жиынтық әсері ($\sigma^2\approx0.56$) жүйенің өзіндік институционалдық төзімділігінен ($\gamma\approx1.0$) және потенциалдық тосқауылдан (ΔV) асқанда, жүйеде **экспоненциалды поляризация** басталады: $\frac{dL}{dt}\approx\lambda L$, мұндағы $\lambda>0$ – Ляпунов көрсеткіші [18 , 22].

Понтрягин бойынша оптималды басқару. Мемлекеттің конфликтінің алдын алу

стратегиясын басқарушы параметр u(t) арқылы модельдеу: $\min_u J = E\left[\int_0^T \left(x^2(t) + r\,u^2(t)\right)dt + \Phi(x(T))\right]$

Шектеу шарты ретінде болатын Ланжеван теңдеуі алынады: $dx(t) = |f(x) + u(t)|dt + \sqrt{2D}\,dW(t)$.

Мұндағы u(t) – мемлекеттің идеологиялық және ақпараттық сүзу шаралары. Бұл модель бойынша оптималды басқару Гамильтониан функциясы арқылы шешіледі: $H(x,u,\lambda) = x^2 + ru^2 + \lambda[f(x) + u]$ [23].

Бұл жүйе әлеуметтік топтардың біртұтас коммуникативтік өрістегі динамикасын, олардың қақтығысқа бейімділігін және жүйенің фазалық ауысуларын сипаттайды. Аталмыш мәселеге орай қатерді минимализациялауға қажет нысаналы функция (Cost function):

Мұндағы:

Q – әлеуметтік тұрақсыздықтың (конфликтінің) мемлекет үшін «құны»;

R – ақпараттық сүзу және идеологиялық шараларға жұмсалатын ресурстардың коэффициенті [23];

Ф(x(T)) – соңғы уақыт сәтіндегі жүйенің күйіне қойылатын талап.

Осы орайда басқарылатын **Ланжеван теңдеуі (Шектеу шарты)** алгоритмінің дұрыс орындалатынына көз жеткіземіз. Жүйенің динамикасы мемлекеттік әсерді (u) ескере отырып, келесі стохастикалық дифференциалдық теңдеумен сипатталады:

$$dx(t) = \left[\underbrace{\frac{1}{\gamma}(\alpha x - \beta x^3)}_{\text{Өздігінен даму}} + \underbrace{u(t)}_{\text{Басқару}}\right]dt + \sqrt{\frac{\sigma^2}{\gamma}}\,dW(t)$$

Осы теңдеу аясында Гамильтониан функциясын құра аламыз. Ол үшін Понтрягиннің максималдық принципіне сәйкес, стохастикалық Гамильтониан кестесі түрінде жазғанымыз абзалырақ болады:

$$H(x,u,\lambda) = \underbrace{Qx^2 + Ru^2}_{\text{Шығындар}} + \underbrace{\lambda\left[\frac{1}{\gamma}(\alpha x - \beta x^3) + u\right]}_{\text{Динамикалық шектеу}}$$

Мұндағы λ(t) – қосалқы айнымалы (сопряженная переменная), ол мемлекеттік саясаттың тиімділік бағасын білдіреді [23].

Жоғарыда келтірілген негізгі дәйектерден барып **оңтайлы басқару шарты (Optimality Condition)** алгоритмі іске қосылады. Гамильтонианды басқарушы параметр u бойынша дифференциалдап, нөлге теңестіру арқылы оңтайлы стратегияға оңай қол жеткіземіз:

$$\frac{\partial H}{\partial u} = 2Ru + \lambda = 0 \Rightarrow u^*(t) = \frac{-1}{2R}\lambda(t)$$

Бұл формула мемлекеттің араласу деңгейі жүйенің «көлеңкелі бағасына» (λ) тура пропорционал және жұмсалатын ресурстардың құнына (R) кері пропорционал болуы керектігін дәлелдейді [23].

Айзенк көрсеткіштерінің басқаруға әсері. Айзенк кестесіндегі 300 респонденттің деректерін ескерсек, басқару стратегиясы келесіденідей өзгереді:

– Жастар тобы (σ=0.25). Диффузия төмен болғандықтан, жүйе өздігінен тұрақтануға бейім. Бұл жағдайда мемлекеттік басқарудың минималды мәні жеткілікті (u→0) [18, 23].

– Орта буын үшін Айзенк бойынша нейротизм көрсеткіші орташа деңгейде (σ=0.45). Бұл топ мемлекет пен қоғам арасындағы «алтын көпір» немесе жүйенің **аттракторы (attractor)** рөлін атқарады. Орта буын үшін диффузия коэффициенті $D_{middle} \approx 0.101$. Понтрягиннің оңтайлы басқару теңдеуіндегі шешім келесідегідей сипатталады:

$$u^*(t)_{middle} = \frac{-1}{2R}\lambda(t) \approx \text{const}$$

– Аға буын тобы (σ=0.75). Нейротизм жоғары болғандықтан, стохастикалық шу жүйені конфликт аймағына жылдам итереді. Бұл жағдайда $u^*(t)$ параметрінің максималды мәндерін қолдану (белсенді ақпараттық сүзу) – жүйелік тұрақтылықты сақтаудың жалғыз жолы. Қалған жағдайда діни фактор жұмыс жасауын шегере бастайды [18, 23].

Әлеуметтік дихотомияның көпөлшемді стохастикалық теңдеулер жүйесі. Респонденттердің психологиялық профильдерін (нейротизм мен экстраверсия) жүйенің стохастикалық драйверлері ретінде қарастыра отырып, *популяциялық динамиканың Ланжеван жүйесін* ұсынсақ болады.

Әртүрлі әлеуметтік кластерлердің (жастар 18-29, орта буын 30-49, аға буын 50-ден жоғары) өзара әрекеттесуін сипаттайтын байланысқан теңдеулер жиынтығы біздің есептеулерді оңтайландыра алады:

$$\begin{cases} \dfrac{dx_y}{dt} = -\Gamma_y \dfrac{\partial V}{\partial x_y} + k(x_m - x_y) + \sqrt{\dfrac{2\sigma_y^2}{\gamma_y}}\,\xi_y(t) \\ \dfrac{dx_m}{dt} = -\Gamma_m \dfrac{\partial V}{\partial x_m} + k(x_y + x_s - 2x_m) + \sqrt{\dfrac{2\sigma_m^2}{\gamma_m}}\,\xi_m(t) \\ \dfrac{dx_s}{dt} = -\Gamma_s \dfrac{\partial V}{\partial x_s} + k(x_m - x_s) + \sqrt{\dfrac{2\sigma_s^2}{\gamma_s}}\,\xi_s(t) \end{cases}$$

Мұндағы:

к – әлеуметтік коммуникация (топтар арасындағы ақпарат алмасу) коэффициенті [19];

$\sigma_{(y,m,s)}$ – Айзенк кестесінен алынған әр топтың нейротизм көрсеткіштері [20];

V(x) – конфликт потенциалы.

Біз осыдан *ықтималдылықтардың таралу тығыздығы (Фоккер-Планк-Колмогоров) моделіне* өте аламыз [19]. 300 респонденттің пікірлерінің уақыт бойынша қақтығыс зоналарына ауысу ықтималдылығын анықтайтын дербес туындылы дифференциалдық теңдеуді жоғарыдағы осы Ланжеван теңдеуінің нәтижелеріне қарап ала аламыз:

$$\frac{\partial P(x,t)}{\partial t}=\sum_{i=1}^{3}\frac{\partial}{\partial x_i}\left[\left(\frac{1}{\gamma_i}\frac{\partial V}{\partial x_i}-\sum_{j\neq i}\kappa_{ij}(x_j-x_i)\right)P(x,t)\right]+\sum_{i=1}^{3}D_i\frac{\partial^2 P(x,t)}{\partial x_i^2}$$

Мұндағы $D_i=\frac{\sigma_i^2}{2\gamma_i}$ – әр топ үшін есептелетін диффузия коэффициенті.

2-кестеде Айзенк бойынша жасалынған жауаптарды Ланжевандық теңдеу негізінде диффузияланған нәтижелермен салыстыра аламыз:

2-кесте. Айзенк әдісі бойынша алынған жауаптар мен Ланжевандық теңдеу негізіндегі диффузиялық нәтижелерді салыстыру

Параметр	Математикалық сипаттамасы	Мәні (аға буын)	Мәні (жастар)
σ	Стохастикалық асплитуда (нейротизм)	0.75	0.25
γ	Жүйелік тұтқырлық (инерция)	1.0	0.4
D	Диффузия коэффициенті	0.281	0.078
r_{crit}	Конфликтке өту қарқыны	Жоғары	Төмен

Жүйенің тұрақтылығы мен энтропиялық анализі осы кестедегі нәтижелерді айқындай түсетіні мәлім [19, 20]. Әлеуметтік жүйенің діни фактор аясында ретсіздікке (конфликтке) бет алуын бағалау үшін ақпараттық және термодинамикалық теңдеулерді де параллель қолдансақ болады. Яғни, әлеуметтік энтропияның өндірілу жылдамдығы конфликт жағдайында белгісіздіктің артуымен тығыз байланысты. Оны біз келесі теңдеу $\dot{S}=\int\frac{1}{D(x)}\left[v_{drift}(x)\right]^2P(x,t)\,dx\geq 0$ [19, 21].

Бұл теңдеу аға буын тобындағы жоғары нейротизм (σ=0.75) жағдайында энтропияның өсуі экспоненциалды сипатқа ие болатынын көрсетеді. Сондықтан да біз оңтайлы басқарудың Гамильтонианына жүгіне аламыз, өйткені мемлекеттік ақпараттық сүзгілеу арқылы жүйені тепе-теңдікте ұстау шарты келесі математикалық тепе-теңдік арқылы жүзеге асады:

$$H(x,p,u)=\langle p,f(x,u)\rangle+\frac{1}{2}\mathrm{Tr}\left(GG^TQ\right)-L(x,u)$$

Мұндағы p – қосалқы айнымалы (әлеуметтік баға), ол келесі канондық теңдеуді қанағаттандырады:

$$\frac{dp}{dt}=\frac{-\partial H}{\partial x},\frac{dx}{dt}=\frac{\partial H}{\partial p}$$

Осы тұста сандық шешімдер және Айзенк деректерінің проекциясын әлеуметтік кеңістіктегі ақиқат өлшемдерін анықтау мақсатында қолдануға болады. Айзенк кестесіндегі 300 респонденттің көрсеткіштерін осы жүйеге салғандағы ***стационарлық*** фазалық теңдеу:

$$P_{st}(x_y,x_m,x_s)=N\exp\left(\frac{-\sum\gamma_iV(x_i)+\frac{K}{2}\sum(x_i-x_j)^2}{\sum\sigma_i^2}\right)$$

Айзенк деректерін Ланжевандық теңдеу аясында зерттеу нәтижесі:

1. Интеграция шарты. Егер топтар арасындағы байланыс *к* нейротизмінен σ^2 басым болса, жүйе бір нүктеге (ұлттық келісімге) шоғырланады;

2. Конфликт шарты. Егер аға буынның нейротизмі $\left(\sigma_s^2\right)$ критикалық мәннен асса, экспонентаның аргументі оң мәнге ие болып, ықтималдық тығыздығы $x\to\pm\infty$ (радикалдану) бағытына қарай шапшаң түрде дивергенцияланады [19].

Мұндағы бірінші теңдеу – Айзенк бойынша нейротизмді (σ→D) ескеретін әлеуметтік күй динамикасы, ал екіншісі – мемлекеттік реттеудің (u) тиімділік функционалы.

Ланжеван аясындағы **идеологиялық диффузия және градиенттік ағын (Фик-Фоккер-Планк біріктірілуі)** бізге мәселеге басқа қырынан қарауға көмектеседі. Әлеуметтік топтар (қала/ауыл) арасындағы ақпараттық ықпалдың таралуын сипаттайтын теңдеулер түрі де бірінші кезекте сұхбат барысындағы Айзенк кестесіне сүйенеді:

1. $J=-D(N)\nabla\phi$;
2. $\frac{\partial P(x,t)}{\partial t}+\nabla\cdot J=\mathrm{Source}(x,t)$;
3. $D(N)=\frac{\sigma_{Eysenck}^2}{2\gamma}$.

Бұл теңдеулерде диффузия коэффициенті D тікелей Айзенк кестесіндегі нейротизм көрсеткішіне (N) тәуелді функция ретінде

анықталады [18, 20]. Тұрақтылықтың Ляпунов-Шеннон [21] критерийінде осы жүйенің қақтығысқа ()/экспоненциалды өсу немесе тепе-теңдікке (релаксация) бейімділігін анықтайтын шарттар жиынтығы қоғамдағы діни ахуалды залалсыздандыра алатын бірнеше Ланжевандық жаңа теңдеулер тізбегін бере алады:

1. $V(x)=\frac{-1}{2}\alpha x^2+\frac{1}{4}\beta x^4$ [18, 19];
2. $\frac{dL}{dt}=\nabla L\cdot\dot{x}<0$;
3. $S_{inf}=-\int P(x)\ln P(x)dx$ [21].

Қорытынды

Қазіргі Қазақстан қоғамындағы әлеуметтік гиперкластерлену, цифрлық коммуникацияның трансформациясы және де сондай-ақ діни-зайырлылық құндылықтардың аражігі қоғамдық тұрақтылыққа тікелей әсер ететін негізгі детерминанталарға айналу үстінде. Осы зерттеу аясында ұсынылған Ланжевандық теңдеулер жүйесі негізінде қазіргі цифрлық-әлеуметтік қашықтықты модельдеу тәсілі әлеуметтік жанжалдардың алдын алудың жаңа әдіснамалық деңгейін көрсетті деуге болады. Зерттеу барысында анықталғандай, қоғамдағы діни ықпал мен зайырлылық ұстанымының дихотомиясы жәй ғана қуыршақ идеологиялық қарама-қайшылық емес, ол стохастикалық динамика заңдылықтарына бағынатын күрделі жүйелік процесс екені бәрімізге мәлім болып отыр.

Мақаланың эмпирикалық негізі ретінде алынған 300 респонденттің Айзенктік-конфликтологиялық профильдері Ланжеван теңдеуіндегі стохастикалық флуктуацияларды сандық тұрғыдан сипаттауға мүмкіндік береді. Нейротизм деңгейі жоғары әлеуметтік топтарда (негізінен аға буын өкілдері) діни фактордың интенсивтігі жүйенің потенциалдық энергиясын айтарлықтай өзгертіп, қоғамдық сананың радикалдану фазасына өту (phase transition) ықтималдылығын арттыратыны анықталды. Ол негізінен зерттеу жұмысымызда атап өткеніміздей математикалық тұрғыдан толық дәлелденді десек болады. Керісінше, эмоционалды тұрақтылығы жоғары жас-тар мен орта буын өкілдерінде цифрлық-әлеуметтік қашықтық тұрақты диффузиялық аймақта сақталып, жүйенің өзін-өзі реттеу қабілетінің өте жоғары деңгейде екенін көрсете алды [18, 19, 20].

Зерттеу барысында қолданылған Ляпунов функциясы мен Понтрягин принципінің мемлекеттің конфликтілі жағдайды басқару стратегиясын барынша оңтайландыруға жол ашатыны аталып өтілді. Ляпунов бойынша жүргізілген дифференциалдық талдау да, аталмыш стохастикалық шу деңгейі де институционалдық Ланжевандық теңдеулерге салынды. Олардың институционалдық төзімділіктен асқанда жүйенің экспоненциалды түрде тұрақсыздыққа бет алатынын көрсетсе, Понтрягин моделі әр әлеуметтік топқа қатысты сараланған басқару тетіктерін анықтап берді. Бұл мемлекеттік органдарға ақпараттық гигиена мен идеологиялық сүзу шараларын қай топтарға (нейротизмі жоғары сезімтал кластерлерге) бағыттау керектігін нақты есептеулер бойынша негіздей алады.

Қорыта айтқанда, Қазақстанның әлеуметтік құрылымындағы діни ықпалды зерттеуде математикалық модельдеу таптырмас құрал. XXI ғасырдағы қақтығыстардың цифрлық кеңістіктегі даму қарқыны тікелей бақылау әдістерінің тиімсіздігін көрсетіп отыр. Сондықтан, Ланжевандық және Айзенктік модельдерді интеграциялау арқылы ықтимал қақтығыстарды ерте кезеңде болжау және басқару – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басты кепілі бола алады. Бұл ғылыми зерттеу нәтижелері Отандық Саясаттану мен конфликтология ғылымына жаңа түрлі сандық индикаторлар енгізе отырып, мемлекеттің дін саласындағы саясатын ғылыми-математикалық тұрғыдан жетілдіруге бағытталғаны рас. Болашақта да осы модельді жасанды интеллект алгоритмдерімен ұштастыру әлеуметтік тұрақтылықты цифрлық мониторингтеудің кешенді жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Қаржыландыру

Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыруы аясында дайындалған (AP25793727 «Әділетті Қазақстан парадигмасының қалыптасуына зайырлылық пен діндарлық тепе-теңдігінің әсері»).

Әдебиеттер тізімі

1 Taylor, C. (2018). *A secular age*. Harvard University Press.

2 Шведовский, В. А. (2010). *Социолого-математические модели в исследовании социальных процессов* [Докторская диссертация].

3 Asad, T. (2003). *Formations of the secular: Christianity, Islam, modernity*. Stanford University Press.

4 Casanova, J. (2006). Rethinking secularization: A global comparative perspective. *The Hedgehog Review, 8*(1–2), 7–22.

5 Berger, P. (1999). *The desecularization of the world: Resurgent religion and world politics*. Ethics and Public Policy Center.

6 Habermas, J. (2006). On the relations between the secular liberal state and religion. In *Political theologies: Public religions in a post-secular world* (pp. 251–260).

7 Сихимбаева, Д. А., & Шынгысбаев, Л. С. (2019). Зайырлылықты анықтаудағы негізгі методологиялық тәсілдемелер: Қазақстан тәжірибесі. *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Философия, мәдениеттану және саясаттану сериясы*, (2), 274–281.

8 Кенжетай, Д. (2017). *Зайырлы ел – қайырлы ел.*

9 Yemelianova, G. M. (2014). Islam, national identity and politics in contemporary Kazakhstan. *Asian Ethnicity, 15*(3), 286–301.

10 Boulding, K. (1962). *Conflict and defense: A general theory*. Harper & Brothers.

11 Лаптев, А. А. (2002). *Математическое моделирование глобальных социальных процессов* [Кандидатская диссертация].

12 Болотский, А. В. (2019). *Математическое программирование и теория игр*. Лань.

13 Chaudhuri, N., Gupta, G., Bagherzadeh, M., Daim, T., & Yalcin, H. (2024). Misinformation on social platforms: A review and research agenda. *Technology in Society, 78*, Article 102654.

14 Kahne, J., & Bowyer, B. (2018). The political significance of social media activity and social networks. *Political Communication, 35*(3), 470–493.

15 van Zoonen, W., Luoma-aho, V., & Lievonen, M. (2024). Trust but verify? Examining the role of trust in institutions in the spread of unverified information on social media. *Computers in Human Behavior, 150*, 1–9.

16 Mueller, G. P. (2017). Getting order out of chaos: A mathematical model of political conflict. *Russian Sociological Review, 16*(4), 37–52.

17Schweitzer, F. (2018). Sociophysics. *Physics Today, 71*(2), 40–46.

18 Gardiner, C. W. (1994). *Handbook of stochastic methods for physics, chemistry and the natural sciences*. Springer.

19 Risken, H. (1989). *The Fokker–Planck equation: Methods of solution and applications* (2nd ed.). Springer.

20 Eysenck, H. J., & Eysenck, S. B. G. (1975). *Manual of the Eysenck Personality Questionnaire (adult and junior)*. Hodder and Stoughton.

21 Shannon, C. E. (1948). A mathematical theory of communication. *Bell System Technical Journal, 27*, 379–423, 623–656.

22 Khalil, H. K. (2002). *Nonlinear systems* (3rd ed.). Prentice Hall.

23 Pontryagin, L. S., Boltyanskii, V. G., Gamkrelidze, R. V., & Mishchenko, E. F. (1962). *The mathematical theory of optimal processes*. Interscience Publishers.

24 Neumann, M., Braun, A., Heinke, E.-M., Saqalli, M., & Srbljinovic, A. (2011). Challenges in modelling social conflicts: Grappling with polysemy. *Journal of Artificial Societies and Social Simulation, 14*(3), 1–9.

Transliteration

1 Taylor, C. (2018). *A secular age*. Harvard University Press.

2 Shvedovskiy, V. A. (2010). *Sotsiologo-matematicheskie modeli v issledovanii sotsial'nykh protsessov* [Sociological and mathematical models in the study of social processes] [Doctoral dissertation]. (In Russian)

3 Asad, T. (2003). *Formations of the secular: Christianity, Islam, modernity*. Stanford University Press.

4 Casanova, J. (2006). Rethinking secularization: A global comparative perspective. *The Hedgehog Review, 8*(1–2), 7–22.

5 Berger, P. (1999). *The desecularization of the world: Resurgent religion and world politics*. Ethics and Public Policy Center.

6 Habermas, J. (2006). On the relations between the secular liberal state and religion. In *Political theologies: Public religions in a post-secular world* (pp. 251–260).

7 Sihimbaeva, D. A., & Şyñğysbaev, L. S. (2019). Zaiyrlylyqty anyqtaudağy negizgi metodologiyalyq täsilder: Qazaqstan täjiribesi [Main methodological approaches to defining secularism: The experience of Kazakhstan]. *Äl-Farabi atyndağy Qazaq Ülttyq Universiteti Habarşysy. Filosofiya, mädeniettanu jäne sayasattanu seriyasy*, (2), 274–281. (In Kazakh)

8 Kenzhetai, D. (2017). *Zaiyrly el – qaiyrly el* [A secular country is a prosperous country]. (In Kazakh)

9 Yemelianova, G. M. (2014). Islam, national identity and politics in contemporary Kazakhstan. *Asian Ethnicity, 15*(3), 286–301.

10 Boulding, K. (1962). *Conflict and defense: A general theory*. Harper & Brothers.

11 Laptev, A. A. (2002). *Matematicheskoe modelirovanie global'nykh sotsial'nykh protsessov* [Mathematical modeling of global social processes] [Candidate dissertation]. (In Russian)

12 Bolotskiy, A. V. (2019). *Matematicheskoe programmirovanie i teoriya igr* [Mathematical programming and game theory]. Lan'. (In Russian)

13 Chaudhuri, N., Gupta, G., Bagherzadeh, M., Daim, T., & Yalcin, H. (2024). Misinformation on social platforms: A review and research agenda. *Technology in Society, 78*, Article 102654.

14 Kahne, J., & Bowyer, B. (2018). The political significance of social media activity and social networks. *Political Communication, 35*(3), 470–493.

15 van Zoonen, W., Luoma-aho, V., & Lievonen, M. (2024). Trust but verify? Examining the role of trust in institutions in the spread of unverified information on social media. *Computers in Human Behavior, 150*, 1–9.

16 Mueller, G. P. (2017). Getting order out of chaos: A mathematical model of political conflict. *Russian Sociological Review, 16*(4), 37–52.

17 Schweitzer, F. (2018). Sociophysics. *Physics Today, 71*(2), 40–46.

18 Gardiner, C. W. (1994). *Handbook of stochastic methods for physics, chemistry and the natural sciences*. Springer.

19 Risken, H. (1989). *The Fokker–Planck equation: Methods of solution and applications* (2nd ed.). Springer.

20 Eysenck, H. J., & Eysenck, S. B. G. (1975). *Manual of the Eysenck Personality Questionnaire (adult and junior)*. Hodder and Stoughton.

21 Shannon, C. E. (1948). A mathematical theory of communication. *Bell System Technical Journal, 27*, 379–423, 623–656.

22 Khalil, H. K. (2002). *Nonlinear systems* (3rd ed.). Prentice Hall.

23 Pontryagin, L. S., Boltyanskii, V. G., Gamkrelidze, R. V., & Mishchenko, E. F. (1962). *The mathematical theory of optimal processes*. Interscience Publishers.

24 Neumann, M., Braun, A., Heinke, E.-M., Saqalli, M., & Srbljinovic, A. (2011). Challenges in modelling social conflicts: Grappling with polysemy. *Journal of Artificial Societies and Social Simulation, 14*(3), 1–9.

Авторлардың үлесі

Нуров М.М. – зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу, теориялық бөлім мен әдіснаманы дайындау, мәтінді ғылыми редакциялау, негізгі бөлім мен қорытындыны рәсімдеу. *Ысқақ О.Е.* – эмпирикалық деректерді жинау, жүйелеу, кестелерді дайындау, математикалық модельдеу бөлімін және математикалық теңдеулерді жасау.

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Мархаббат Мешітбекұлы Нуров	қауымдастырылған профессор-зерттеуші, PhD, «Тұран» университеті, Алматы, Қазақстан, email: markhabbatnur@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-1219-3298
Оралбек Ереванұлы Ысқақ	PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: oralbek.y@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-9702-2200
Мархаббат Мешитбекович Нуров	ассоциированный профессор-исследователь, PhD, Университет «Туран», Алматы, Казахстан, email: markhabbatnur@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-1219-3298
Оралбек Ереванұлы Ысқақ	PhD докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: oralbek.y@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-9702-2200
Markhabbat Nurov	Associate Research Professor, PhD, «Turan» University, Almaty, Kazakhstan, email: markhabbatnur@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-1219-3298
Oralbek Yskak	PhD candidate, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: oralbek.y@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-9702-2200

ҒТАХР 21.01.11 | Ғылыми мақала

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ БОСТАНДЫҚ САЯСАТЫ: КАТОЛИК ШІРКЕУІНІҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ДАМУЫ МЫСАЛЫНДА

Қ.А. Ержанов, Қ.М. Борбасова, Ж.У. Кантарбаева

АҢДАТПА

Мақалада Қазақстандағы діни бостандық саясаты католик шіркеуінің институционалдық дамуы мысалында талданады. Зерттеудің мақсаты – католик дінінің Қазақстандағы даму динамикасы арқылы мемлекеттік діни саясаттың тиімділігін бағалау. Зерттеуде Қазақстандағы діни саясат «инклюзивті зайырлылық» концептісі арқылы түсіндіріледі. Бұл ұғым мемлекеттің зайырлы қағидаттарды сақтай отырып, түрлі діни конфессиялардың қызметіне құқықтық мүмкіндік беруін, олардың әлеуметтік белсенділігін қолдауын және конфессияаралық келісімді нығайтуын білдіреді. Қазақстан тәжірибесі зайырлылықтың қатаң шектеуші үлгісінен гөрі, діни әртүрлілікті мойындайтын және оны қоғамдық тұрақтылық факторы ретінде қарастыратын модельге жақын екенін көрсетті. Зерттеу барысында тарихи, институционалдық және құқықтық талдау әдістері қолданылды. Зерттеудің негізгі ғылыми жаңалығы – діни бостандық ұғымының абстрактілі құқықтық категория ретінде ғана емес, нақты діни институттың құқықтық, ұйымдастырушылық, әлеуметтік және халықаралық даму деңгейі арқылы талдануында. Осы тұрғыда католик шіркеуі Қазақстандағы діни саясаттың тиімділігі мен ерекшеліктерін бағалаудың маңызды индикаторы ретінде қарастырылды. Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы діни бостандық саясатының институционалдық деңгейде табысты жүзеге асырылып отырғанын дәлелдейді. Католик шіркеуінің құқықтық танылуы, тұрақты ұйымдық құрылымы, әлеуметтік қызметтерінің дамуы және халықаралық байланыстары мемлекеттің діни әртүрлілікке қатысты теңгерімді әрі прагматикалық саясат жүргізетінін айғақтайды. Бұл Қазақстанның конфессияаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылықты сақтауға бағытталған дін саласындағы саясатының тиімділігін көрсетеді.

Түйін сөздер: діни бостандық, зайырлылық, Қазақстан, католик шіркеуі, институционалдық даму, конфессияаралық келісім, діни жағдай.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Қ.А.Ержанов,
rcs.kaznu@gmail.com

Сілтеме:
Ержанов Қ.А., Борбасова Қ.М., Кантарбаева Ж.У. Қазақстандағы діни бостандық саясаты: католик шіркеуінің институционалдық дамуы мысалында // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. – №3 (109). – Б. 192-202. – DOI: 10.48010/gtfqpk73

Ашық қолжетімділік
© Автор(лар), 2026
Бұл ашық қолжетімді мақала Creative Commons Attribution 4.0 International (CC BY 4.0) лицензиясының талаптарына сәйкес таратылады.
https://creativecommons.org/licenses/by/4.0/

Редакцияға түсті: 27/05/2026
Қабылданды: 16/08/2026
Онлайн жарияланды: 30/09/2026

Политика религиозной свободы в Казахстане: на примере институционального развития Католической церкви

Аннотация. В статье анализируется политика религиозной свободы в Казахстане на примере институционального развития Католической церкви. Цель исследования заключается в оценке эффективности государственной политики в сфере религии через динамику развития католицизма в Казахстане. В исследовании политика Казахстана в сфере религии интерпретируется через концепцию «инклюзивной светскости», подразумевающую сохранение светских принципов государства при одновременном обеспечении правовых возможностей для деятельности различных религиозных конфессий, поддержке их социальной активности и укреплении межконфессионального согласия. Казахстанский опыт демонстрирует модель светскости, которая, в отличие от жестко ограничительного подхода, ориентирована на признание религиозного многообразия как фактора общественной стабильности. В ходе исследования были использованы исторический, институциональный и правовой методы анализа. Основная научная новизна работы заключается в рассмотрении религиозной свободы не только как абстрактной правовой категории, но и как совокупности правового, организационного, социального и международного уровней развития конкретного религиозного института. В данном контексте Католическая церковь рассматривается как значимый индикатор эффективности и особенностей политики в сфере религии Казахстана. Результаты исследования подтверждают, что политика религиозной свободы в Казахстане успешно реализуется на институциональном уровне. Правовое признание Католической церкви, устойчивость ее организационной структуры, развитие социальных функций и международных связей свидетельствуют о проведении государством сбалансированной и прагматичной политики в отношении религиозного многообразия. Это подтверждает эффективность казахстанской модели, ориентированной на поддержание межконфессионального согласия и общественной стабильности.

Ключевые слова: религиозная свобода, светскость, казахстан, католическая церковь, институциональное развитие, межконфессиональное согласие, религиозная ситуация.

Religious Freedom Policy in Kazakhstan: the Case of the Institutional Development of the Catholic Church

Abstract. This article examines the policy of religious freedom in Kazakhstan through the example of the institutional development of the Catholic Church. The aim of the study is to assess the effectiveness of state religious policy by analyzing the dynamics of Catholicism's development in Kazakhstan. The research interprets Kazakhstan's religious policy through the lens of the concept of "inclusive secularism," which implies the preservation of secular state principles while simultaneously providing legal opportunities for various religious confessions, supporting their social engagement, and strengthening interfaith harmony. Kazakhstan's experience demonstrates a model of secularism that, rather than adhering to a strictly restrictive approach, recognizes religious diversity as a factor of social stability. The study employs historical, institutional, and legal methods of analysis. The primary scientific novelty of the research lies in examining religious freedom not merely as an abstract legal category, but as a multidimensional phenomenon reflected in the legal, organizational, social, and international development of a specific religious institution. In this regard, the Catholic Church is considered an important indicator for evaluating the effectiveness and characteristics of Kazakhstan's religious policy. The findings confirm that Kazakhstan's religious freedom policy is being successfully implemented at the institutional level. The legal recognition of the Catholic Church, the stability of its organizational structure, the development of its social functions, and its international connections demonstrate the state's balanced and pragmatic approach toward religious diversity. This confirms the effectiveness of Kazakhstan's model aimed at maintaining interfaith harmony and social stability.

Keywords: Religious Freedom, Secularism, Kazakhstan, Catholic Church, Institutional Development, Interfaith Harmony, Religious Situation.

Кіріспе

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін діни салада түбегейлі өзгерістер орын алды. Кеңестік кезеңдегі шектеулерден кейін діни ұйымдардың қызметіне жаңа мүмкіндіктер берілді. Осы тұрғыда католик шіркеуінің дамуы Қазақстандағы діни бостандық саясатының тиімділігін көрсететін маңызды мысалдардың бірі.

Католицизм Қазақстанда тарихи тұрғыдан азшылық конфессия болғанымен, қазіргі таңда ол институционалдық тұрғыдан тұрақты құрылымға ие діни ұйымға айналды. Бұл жағдай мемлекеттік саясаттың діни әртүрлілікті қолдауға бағытталғанын көрсетеді. Оған мемлекет тарапынан қабылданған барлық Заңнамалар [1, 2, 3] дәлел болады.

Қазақстандағы дін саласындағы саясатты «инклюзивті зайырлылық» тұжырымдамасындағы дін мен мемлекет қарым-қатынастарын ұйымдастыруға бағытталған тәсіл деп бағаласа болады. Бұл тұжырымдама бойынша қатал секуляризмдегі сияқты дінді қоғамдық саладан толығымен алып тастауға тырыспайды. Керісінше, сенушілер де, сенбейтіндер де тең құқықтарға ие болатын бейтарап кеңістік құруға бағытталады.

Юрген Хабермас «Қалпына келтіру. Өркениеттер диалогы» халықаралық қауымдастығы ұйымдастырған Ыстамбұл семинарларында оқыған баяндамасында осы тұжырымдаманың негізгі ережелері мен сипаттамаларын береді:

- Мемлекеттің бейтараптығы: Мемлекет зайырлы болып қала береді және ешбір дінді қолдамайды, бірақ ол діннен күреспейді. Негізгі мақсат - плюрализм мен тең қарым-қатынасты қамтамасыз ету;

- Диалог және қатысу: Инклюзивті зайырлылық діни қауымдастықтардың қоғамдық өмірдегі рөлін мойындайды және олардың басқа азаматтардың құқықтарын бұзбаған жағдайда қоғамдық пікірталасқа қатысуына мүмкіндік береді;

- Дінге қарсылықтан бас тарту: Дінді қоғамдық саладан толығымен алып тастауды талап ететін тұжырымдамалардан айырмашылығы, инклюзивті тәсіл зайырлы мемлекет құндылықтардың алуан түрлілігіне ашық болуы керек деп болжайды;

- Зайырлылықтан кейінгі контекст: Бұл ұғым көбінесе «зайырлылықтан кейінгі қоғам» ұғымымен байланысты мұнда діни дәлелдерді қоғамдық тілге аударуға және демократиялық процесте ескеруге болады [4].

Енді осы қағидалардың Қазақстанда қаншалықты жүзеге асқанын талдап көрейік: Мемлекеттің бейтараптығы қағидасы Қазақстанда ең айқын жүзеге асқан бағыттардың бірі. Конституция бойынша Қазақстан зайырлы мемлекет деп жарияланған. Зайырлылықтың мәні – мемлекет пен діннің өзара бейтараптығы және ар-ождан бостандығы. Заңнама барлық конфессияларға тең құқық береді, ешбір дін мемлекеттік дін емес. Бұл Хабермас айтқан "neutral state" қағидасына өте жақын. Бірақ ерекшелік Қазақстанда «дәстүрлі діндер» (исламның ханафи бағыты, орыс православие шіркеуі) тарихи тұрғыда аталып өтеді, бірақ оларға ресми артықшылық берілмейді. Яғни толық «қатаң бейтараптық» емес, мәдени-тарихи бейтараптық моделі. Юрген Хабермас (өркениеттер сұхбаты), Чарльз Тейлор (алуан түрлілік моделі) идеяларының ортақ құндылығы мемлекеттік-конфессияаралық келісімдегі мемлекет пен

діннің қатаң бөлінісі емес, дінді қоғамдық өмірден ысыру емес, керісінше мемлекеттік-конфессияралық қатынастарды алуан түрлі дүниетанымдарды, плюрализмді ескеру, бұл діндар адам болсын, атеист болсын, агностик болсын, пұтқа табынушы болсын теңдей қабылдау, теңдей құқықтары бар екендігін ескеру, теңдей мүмкіндіктері мен әлеуеттерін көре білу, құрметтеу. ҚР мемлекеттік-конфессияаралық қатынастар моделінің өзгешелігі де, заңнама негіздері мен Ата заңымыз қолдайтын қатаң классикалық зайырлылық пен инклюзивті зайырлылықтың өзгешелігі де осындай ар-ождан бостандығына деген құрметте, көптүрлілікті мойындауда, әртүрлі этностардың дүниетанымдық, мәдени-дәстүрлік құндылықтарына, діни ұстанымдарына, сенім еркіндігіне деген бейтарап, құрметпен, сыйластықпен қарауда жатыр.

Диалог және қатысу бағыты Қазақстанда саяси деңгейде белсенді түрде дамыған. Қазақстан өзін көпконфессиялы қоғам ретінде танытады. Түрлі дін өкілдерінің қатар өмір сүруіне жағдай жасалған. Мемлекетаралық деңгейде: Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съездері (Астана) – нақты диалог платформасы. Бұл Хабермас ұсынған қоғамдық кеңістіктегі діни және зайырлы пікірлердің диалогы қағидасына сәйкес келеді.

Хабермас үшін маңызды қағида – діндарлыққа қарсы болмау, плюрализм. Еліміздің азаматтарға дінді ұстануға немесе атеист болуға тең құқық берілген (3 бап) Діни сенімге байланысты кемсітуге тыйым салынған (14 баптың екінші тармағы) [1]. Бұл толық сәйкес келеді: мемлекет дінге қарсы емес, бірақ зайырлы шеңберді сақтайды.

Зайырлылықтан кейінгі контекст. Хабермас бойынша бұл – діннің қоғамда қайта маңызға ие болуы және оны мойындау. Қазақстанда дін қоғамдық өмірдің маңызды бөлігі ретінде қайта күшейді Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының 4 бабында мемлекет дінді қауіпсіздік пен тұрақтылық контекстінде реттейді. 7-9 баптарда діни ұйымдар азаматтық қоғам институты ретінде қарастырылады [3]. Бұл жерде еліміздің дін саласындағы саясатын «басқарылатын постсекулярлық модель» ретінде қарастыра аламыз. Яғни, «басқарылатын постсекулярлық модель» - мемлекет тарапынан діни және мәдени плюрализм жағдайында зайырлылық қағидаттары мен діни дүниетанымдық ұстанымдарды ескере отырып, дін әлеуметтік құбылыс екендігін назарға ала отырып, оны әлеуметтік өмірден мүлдем ысырып тастамай, керісінше зайырлылықты сақтай отырып діни және діни емес, мемлекеттік субъектілердің өзара қарым-қатынастары мен өзара-әрекеттестігін нормативтік-құқықтық талаптармен қатар, ортақ мемлекеттік және адамгершіліктік-әлеуметтік құндылықтар негізінде ұйымдастыруды білдіреді.

Қазақстандағы діни бостандық мәселесі көбінесе нормативтік-құқықтық тұрғыда қарастырылып келді. Алайда нақты конфессиялардың институционалдық дамуы арқылы дін мәселелері саласындағы саясаттың тиімділігін бағалау жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Осыған байланысты Қазақстандағы діни бостандық саясаты нақты діни ұйымдардың институционалдық даму деңгейіне қаншалықты ықпал етеді деген мәселе туындайды. Мәселені қарастыру үшін біз жоғарыда атап өткендей Қазақстандағы аз таралған діндердің бірі ретінде католицизмді мысалға алдық.

Әдіснама

Зерттеуде Қазақстандағы мемлекеттік-дін қарым қатынастарын талдау кешенді әдіснамалық тәсілдерге негізделеді.

Біріншіден, салыстырмалы-құқықтық әдіс қолданылды. Бұл әдіс арқылы Қазақстандағы діни бостандық саясатының құқықтық негіздері католик шіркеуінің институционалдық даму ерекшеліктерімен салыстырыла талданды. Сонымен қатар діни ұйымдардың қызметін реттейтін ұлттық заңнама нормалары мен олардың тәжірибелік жүзеге асуы арасындағы сәйкестік қарастырылды.

Екіншіден, институционалдық талдау әдісі пайдаланылды. Бұл тәсіл католик шіркеуінің құрылымдық дамуын, ұйымдастырушылық ерекшеліктерін, діни қауымдардың қызмет ету механизмдерін және олардың мемлекетпен өзара қатынасын зерттеуге мүмкіндік берді.

Үшіншіден, католик шіркеуінің Қазақстандағы қалыптасуы және дамуы, кеңес дәуіріндегі ауыр жағдайлары, әсіресе тәуелсіздік кезеңінен кейінгі трансформациялық үдерістерді қарастыруда тарихи әдіс қолданылды.

Төртіншіден, контент-талдау әдісі пайдаланылды. Ресми құжаттар, заңнамалық актілер, мемлекеттік бағдарламалар, сондай-ақ діни ұйымдарға қатысты жарияланған материалдар жүйелі түрде талданып, негізгі

үрдістер мен саясат бағыттары анықталды. Бесіншіден, статистикалық талдау әдісі қолданылды. Діни бірлестіктердің саны, динамикасы, тіркелу көрсеткіштері сияқты деректер негізінде католик шіркеуінің институционалдық дамуының сандық көрсеткіштері бағаланды.

Соңында, жүйелік талдау әдісі арқылы діни бостандық саясатының жалпы құрылымы, оның элементтері мен өзара байланыстары кешенді түрде қарастырылды. Бұл әдіс мемлекеттік саясаттың тиімділігін нақты бір конфессия мысалында бағалауға мүмкіндік берді.

Негізгі бөлім

Қазақстан аймағында католик дінінің пайда болу алғышарттары

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Орталық Азия мен Қазақстанның конфессиялық құрылымына шеткі аумақтарды игеруге бағытталған Ресей империясының аграрлық саясаты айтарлықтай әсер етті. Премьер-Министр Петр Столыпин бастаған қоныс аудару реформасы аясында, бұл аймаққа католик дінін ұстанатын мыңдаған неміс және поляк шаруалары келеді. Бұл туралы Толстой Д.А. «Римский католицизм в России» деген 2 томдық зерттеуінің кіріспесінде жазады [5, 14-16].

Шығыс Сібірдің кең аумақтарына, соның ішінде «қырғыз даласына қасиетті рәсімдерді ұсыну» мақсатында Папа бұйрығымен Барнаул, Бийск және Шығыс Қазақстан аудандарында ауқымды миссионерлік сапар жасалған. Кейінірек Батыс Сібір мен Қазақстан, Омбы мен Солтүстік Қазақстандағы шашыраңқы католик топтары біріктіріліп, тұрақты приходтардың қалыптасуына жағдай жасалды.

Орталық Азия аумағында католицизмнің дамуы XVIII – XIX ғасырдың екінші жартысындағы көші-қон процестерімен байланысты. Францискалық монахтар Қазақстандағы алғашқы католик миссионерлері болды. XIX ғасырдың аяғында Қостанайда католиктік ғибадатхана, Омбы қауымының филиалы болды. XX ғасырдың басында Ақмола және Семей облыстарында поляк және неміс католиктік иммигранттарының қауымдастықтары пайда болды. 1930-1950 жылдары маңызды католиктік қоныстардың пайда болуына немістердің, поляктардың, литвалықтардың, украиндықтардың жаппай конверсиялары мен депортациялары ықпал етті. XX ғасырдың екінші жартысында лагерлерден босатылған католик діни қызметкерлерінің заңсыз қызметі мен жасырын шіркеу қызметтерін ұйымдастыруы басталды [6].

XIX – XX ғасырдың басында католиктердің Орталық Азияға қоныс аударуы бірнеше факторлардың әсерінен болған. Олардың негізгілері Ресей империясының саясиәкімшілік саясаты, мемлекеттің діни құрылымы, Еуропадағы және империяның шетіндегі экономикалық жағдайлар, сондайақ жер аударулар мен әскери жорықтарды қоса алғанда, әлеуметтік толқулар болды. XIX ғасырдың бірінші жартысында, 1830-1831 жылдардағы қараша көтерілісінен кейін поляк дворяндарының, офицерлері мен діни қызметкерлерінің едәуір бөлігі Сібір мен Орталық Азия далаларына жер аударылды. Бұл жер аударулар орталық Ресейде қала алмайтын немесе қалғысы келмейтін католиктік отбасылармен бірге жүрді. Осы кезеңде аймақтың католиктік халқы саяси жер аударылғандардың есебінен біртіндеп өсті, ал католиктік қауымдастықтар негізінен қалаларда, гарнизондарда және ауылдарда, соның ішінде Томск және Тобольск губерниялары мен қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының аумағында пайда болды [6].

Бұл кезеңде католиктік қауымдастықтар Верный (қазіргі Алматы), Жетісу облысында, Ақмола облысында және басқа да әкімшілік бірліктерінде тіркелді.

Алғашқы католиктік қауымдастықтар қоныс аударушылардың этникалық қоныстарының айналасында болды. Толыққанды ғибадатханалар болмаған жағдайда, діни жоралғылар көбінесе жеке үйлерде немесе уақытша бейімделген бөлмелерде өткізілді [7].

Кеңес дәуірінде Қазақстан КСРО-дағы көптеген қуғын-сүргінге ұшыраған халықтар үшін жер аудару және қамау орны болды. Бостандыққа шыққаннан кейін олардың көпшілігі осы елде қалып қойды. Қазақстандағы католик қауымдастықтары негізінен репрессияға ұшыраған халықтардың есебінен қалыптасты. Олардың ішінде католиктердің басым бөлігін немістер мен поляктар құрады.

Каженова Г.Т. мен Бексеитова А.Т. зерттеуінде Кеңестік кезеңдегі (1940–1980 жж.) Қазақстандағы католик шіркеуінің қызметі мен діни өміріне ресми шектеулер қойылғандығы туралы жазады.

«1930–1940 жылдардағы халықтарды күштеп көшірумен қатар жүрген саяси

үдерістердің нәтижесінде Қазақстанда неміс және поляк халқы шоғырланған жерлер КСРО-дағы католиктердің діни өмірінің орталығына айналды. Католик қауымдарының жағдайына тек Кеңес мемлекетінің дінге қарсы саясаты ғана емес, басқа да факторлар әсер етті. Кеңес Одағында католицизм басқа діндерге қарағанда көбірек қысым мен қуғын-сүргінге ұшырады, себебі ол тарихи тамырлары Кеңес Одағына қарсы соғысқан елдермен байланысты халықтардың діні болды, сондай-ақ Рим папасының қатаң антикоммунистік ұстанымына байланысты еді» [8, 545].

Авторлардың жазуы бойынша бұл мәселені зерттеу 1990-жылдары КСРО мұрағаттарына рұқсат берілуімен мүмкін болған. Мұрағаттық материалдардың негізгі бөлігі дінге қарсы үгіт-насихатпен қоса сол кездегі адамдардың естеліктері көп мәлімет берген сияқты. Кей жағдайларда олар сенім мен діндарлардың нақты жағдайы туралы жалғыз дерек көзі болып табылады. Мұндай материалдардың едәуір бөлігі Қазақстандағы Рим-католик шіркеуінің «Credo» газетінде жарияланған [9].

Қазақстанға алғашқы мәжбүрлі көшірулер соғысқа дейінгі кезеңде жүзеге асырылды. КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің 1936 жылғы «Поляктарды Украин КСР-інен көшіру туралы» қаулысына сәйкес, католицизмді ұстанатын поляктар Қазақстанға жер аударылды. Осы құжат бойынша Қарағанды облысына 45 мың адам немесе шамамен 15 мың отбасы көшірілді. 1937–1938 жылдары «сенімсіз элементтер» ретінде Польша шекаралық аймақтарынан тағы да поляктарды күштеп көшіру жүзеге асырылды. Жалпы саны 35 820 поляк жер аударылды.

Немістерді жаппай депортациялау Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде, 1941 жылғы 28 тамыздағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Еділ бойында тұратын немістерді көшіру туралы» жарлығы негізінде басталды. Кейіннен Кеңес Одағының басқа аймақтарындағы неміс халқын жер аудару туралы бірқатар қаулылар қабылданды. Кеңес немістерінің негізгі бөлігі Қазақстанда шоғырланды. 1939 жылғы халық санағы бойынша Қазақстанда 92 мың неміс тұрған болса, 1959 жылғы санақ бойынша олардың саны 660 мың адамға жетті [8,547].

Арнайы қоныстанған немістер мен поляктардың ең көп шоғырланған аймақтары Солтүстік Қазақстан мен Қарағанды облыстары болды. Бұл өңірлердің «жазаға тартылған халықтардың» шоғырлану орталығына айналуы мемлекеттік саясатпен байланысты. Кеңес үкіметі арнайы қоныстанушыларды маңызды жұмыс күші ретінде пайдаланды. Сондықтан да Солтүстік Қазақстан сияқты егіншілікке қолайлы өңірлер арнайы қоныстанушыларды орналастыру үшін таңдалды. Құдалауға қарамастан, бұл кезеңде де діни өмір жасырын түрде жалғасқан. Католик сеніміндегі отбасылар мен қауымдастықтар жасырын жиналып, діни рәсімдерін өткізіп отырған.

Немістер мен поляктардың Қазақстанға жаппай жер аударуы дәстүрлі діни тәртіптің жойылуын күшейтті, бірақ сонымен бірге жаңа аумақтарда католицизмнің таралуына ықпал етті. Кеңес үкіметі католиктерге этникалық тегі (немістер, поляктар) және католицизмнің КСРО сыртқы саясатының қарсыластарымен байланысына қарай ерекше күдікпен қарады. Сондықтан католиктер басқа көптеген дін өкілдеріне қарағанда қатал қуғын-сүргінге ұшырады. Осылайша, бұрын діни және этникалық ерекшелігін сақтап қалған ықшам, моноконфессионалды қауымдастықтардың дәстүрлі жүйесін жойды.

Қарағанды қаласы Қазақстандағы католик дінінің қайта жандануының негізгі орталығына айналды, себебі: Сталин лагерлерінен босатылған діни қызметкерлер және жер аударылған католиктердің көбі осында шоғырланды.

Соғыстан кейінгі қысқа үзілістен кейін билік дінге қарсы науқанын қайтадан күшейтті: шіркеулер жабылды, діни қауымдастықтар заңсыз деп жарияланды, діни қызметкерлер қудаланды, мемлекеттік бақылау күшейтілді.

1958, 1961 және 1966 жылдардағы Кеңестік ережелер діни қызмет үшін айыппұлдар салуды белгіледі, тіркеуге тыйым салды, діни қызмет үшін қылмыстық жазалар, бас бостандығынан айыру мерзімдері күшейтті. Зерттеулерде осы кездердегі Кеңестік діни саясатта католиктерге ерекше күдік пайда болып, католик діни қызметкерлері «Ватиканның» агенттері ретінде қаралған. Қазақстандағы католик шіркеуі толыққанды діни құрылым ретінде ресми түрде өмір сүруін тоқтатты. Бұл кезең діни өмір тек жер астында жалғасқандықтан, «Катакомба шіркеуі» деп аталды. Жер асты жағдайларына бейімделген «халықтық католицизмнің» ерекше түрі пайда болды. Діни өмірдің негізгі орталықтары: үйдегі дұға топтары, жеке үйлердегі құпия кездесу-

лер болды. Осы шектеулер бойынша католиктер өздерінің діни өмірлерін жасыруға, рәсімдерді жүргізудің балама түрлерін қолдануға, кейде православиелік немесе мұсылман діни қызметкерлеріне жүгінуге мәжбүр болған [8, 552].

Сталин қайтыс болғаннан кейін кейбір діни қызметкерлер лагерьлерден босатылды, бұл діни қайта өрлеуді күшейтті.

Қарағанды «Екінші Рим» және «Кеңес Одағының Ватиканы» - деген бейресми лақап аттарға ие болды. Целиноградта (қазіргі Астана) және Қазақстанның басқа да аймақтарында жасырын католиктік қауымдастықтар да пайда болды. Діни қызметкерлер құпия түрде миссионерлік сапарларды, үйдегі литургияларды өткізіп, әртүрлі ұлт өкілдеріне рухани басшылық жасады. Діни қызметкерлердің ұзақ уақыт бойы болмауына байланысты КСРО-дағы католик қауымдастықтары негізінен бейресми діни топтар ретінде өмір сүрді. Діни өмірді сақтауда маңызды рөл әсіресе егде жастағы әйелдер атқарды. Олар балаларды шоқындырды, дұға оқыды, жерлеу рәсімдерін ұйымдастырды, қауымдастықтардың рухани өмірін қолдады.

Кеңестік құғын-сүргін католик сенімін толық жоя алмаған, керісінше, оны діни өмір сүрудің ерекше түріне айналдырды. Қазақстан КСРО-да католицизмді сақтау және өмір сүрудің маңызды орталығына айналды.

Тек 1970 жылдардың ортасында ғана алғашқы шектеулі жеңілдіктер басталды, бұл біртіндеп діни қауымдастықтардың тіркелуіне мүмкіндік берді. Шынайы діни бостандық тек Қайта құру кезінде пайда болды.

КСРО-дағы католик шіркеуінің тарихы 1990-жылдардың басынан бастап ресейлік ғалымдардың назарындағы маңызды тақырыпқа айналды. Олар бұрын қолжетімсіз болған құжаттық деректердің ауқымды қорын ғылыми айналымға енгізді. Соңғы 30-35 жыл ішінде жарық көрген бірқатар іргелі монографиялар мен құжаттар жинақтарын атап өту жеткілікті. Сондай-ақ, зерттеушілер кеңестік түзету-еңбек лагерьлерінен өткен дін қызметкерлерінің өмірбаяндарын қалпына келтіру бойынша үлкен жұмыс жүргізген.

Ресейдегі католиктердің басым бөлігі ұлттық ашылықтарға – поляктарға, немістерге, литвалықтарға, италиялықтарға және саны жағынан аз басқа да қауымдар мен диаспораларға тиесілі болғандықтан, бұл тақырып шетелдік зерттеушілер тарапынан да терең зерттелді [10]. Ресейде М.В. Шкаровский, Н.Ю. Черепенина, А.К. Шикердің «Римско-католическая церковь на северо-западе России в 1917–1945 гг.» еңбегі 1998 жылы, Б. Чаплицкийдің «История Церкви в России» еңбегі 2000 жылы, О.А. Лиценбергердің «Римско-Католическая Церковь в России. История и правовое положение» деген зерттеуі 2001 жылы, С. Козлов-Струтинский мен П. Парфентьевтің «История Католической церкви в России» еңбегі 2014 жылы Е.С. Токареваның «Ватикан в фокусе советской политики и пропаганды» еңбегі 2023 жылы жарық көрген еңбектерін атап өтуге болады [10].

Е.С. Токарева зерттеуінде католиктердің кеңес дәуіріндегі өмірлерінің 1920-1930 жылдар аралығы туралы жазады. Бұл жылдар КСРО-да дін мен шіркеуге қарсы күрестің күшеюімен сипатталды, әрі бұл күрестің әдістері өте қатаң әрі күштеу сипат ала бастаған. Автор осы тақырыпқа арналған зерттеулердің басым бөлігі негізінен кеңестік биліктің ресми құжаттарына сүйенсе, біраз бөлігі тергеу істеріне негізделген. Бірқатар еңбектер кеңестік түзету-еңбек лагерьлерінен өткен немесе құғын-сүргін құрбаны болған дін қызметкерлерінің өмірбаянына арналған[10].

Зерттеуде XX ғасырдың 1920-1930-жылдары Каменец епархиясында қызмет еткен католик священнигінің естеліктері қарастырылады. Жоғары шіркеу иерархиясын ақпараттандыру мақсатында жазылған бұл құжат кеңестік биліктің дінге қарсы саясатына байланысты оқиғалардың тікелей куәгерінің жанды әсерлерін және оның аймақтық билік деңгейінде қалай жүзеге асқанын көрсетеді. Мұндай құжаттар кейде Ватиканға жетіп отырған, әдетте дипломатиялық жолмен немесе КСРО-дан шығуға мүмкіндік алған адамдар арқылы жеткізілген. Католик шіркеуі өз өкілдері арқылы большевиктік биліктің сөзсіз құлайтынына және православие шіркеуінің Ресейде беделі түсетініне сеніп, орыс халқын католицизмге тарту жоспарларын жалғастырды. Бұл мақалада қарастырылып отырған құжат «Естеліктер» де осы ұстанымды айғақтайды [10] - деп жазады.

Қазақстан жеріндегі католик шіркеуінің тарихы туралы осы аталған және де сілтемелер берілген авторлардың зерттеулері арқылы мәлімет аламыз. Олардың ішінде Л.А. Бургарттың еңбектерін ерекше атап өту керек. Г.Т. Қаженова мен А.Т. Бексейітованың мақаласында Кеңес үкіметінің қол астындағы католиктердің өмірі туралы жан-жақты

зерттеу жүргізілген. Ендігі кезекте біз католик дінінің егеменді Қазақстандағы діни өміріне тоқталып, бұл діннің институционалдық дамуына талдау жасау арқылы Қазақстандағы діни бостандық саясатының мәні мен мазмұнын ашуға талпыныс жасайық.

Рим Папасы Иоанн Павел II 1991 жылы сәуірде соңғы 70 жылдағы көші қон процестерінің нәтижесінде кеңестік социалистік республикаларда соның ішінде Орта Азия және Қазақстан аумақтарында қалған католиктік қауымдастықтарды басқаратын және Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстанның да орталығы ретінде Қарағанды Апостолдық әкімшілігін құрды. Ол ресми түрде Рим-католик шіркеуінің құрылымдық бөлімшелері ретінде белгіленген посткеңестік Орталық Азияның барлық мемлекеттері үшін католиктік приходтардың бірыңғай хартиясын әзірледі. Кейінірек басқа мемлекеттердегі католиктік қауымдастықтар Қарағанды Апостолдық Әкімшілігінің юрисдикциясынан шығарылды, бұл тенденцияға сәйкес жаңа посткеңестік елдердің әрқайсысында Папаға тікелей бағынатын жеке шіркеулік әкімшілік бірліктерді құру мүмкіндік болды [11, 368].

Зайырлы Қазақстандағы католик шіркеулерінің қызметі

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасы мен Қасиетті Тақ арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар 1992 жылдың 17 қазанында орнады. 1998 жылдың 24 қыркүйегінде Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бастаған ресми делегацияның Ватиканға сапары барысында «Қарым-қатынас туралы келісімге» қол қойылды [12].

Қазақстан Президентінің Ватиканға ресми сапарлары және оның Рим Папасымен кездесулері 2003 жылы (Н. Назарбаев және Иоанн Павел II), 2009 жылы (Н. Назарбаев және Бенедикт XVI) және 2024 жылы (Қ. Тоқаев және Рим Папасы Франциск) өтті.

Келісімге қол қойылғаннан кейін қазақ католиктік құрылымдарының әкімшілік мәртебесі артты. 1999 жылы Қарағанды апостолдық әкімшілігі Қарағанды епархиясына айналды, Қазақстанда тағы үш апостолдық әкімшілік құрылды (Астана, Атырау және Алматы). Қазақстан сонымен қатар аймақтағы католиктік діни білім беру орталығына айналды. Осылайша, 1998 жылдан бастап Қарағандыда ірі теологиялық семинария және бүкіл Орталық Азиядағы жалғыз католиктік семинария – «Шіркеудің анасы Мәриям» орналасқан. 2021 жылы аймақтағы католик епископтарын біріктіретін үйлестіруші функциялары бар тағы бір маңызды аймақтық институт - Орталық Азия католик епископтарының конференциясы пайда болды.

2025 жылғы I тоқсанда Қазақстан Республикасында 102 католиктік діни бірлестік және 117 католик шіркеуі тіркелген. Сонымен қатар, католиктік бағыт бойынша 209 миссионер ресми тіркелген [13].

Қазақстандағы католик шіркеуі толыққанды институционалдық құрылымға ие: епархиялар жүйесі, приходтар желісі, діни қызметкерлер институттары бар. Католик шіркеуінің құрылымдарының негізгі бөлімшелері – приходтар әдетте белгілі бір аумақта тұратын сенушілер қауымдастықтары. Приходтар өз кезегінде жеке шіркеулерге біріктірілген. Жеке шіркеулер көбінесе аумақтық принцип бойынша құрылады, шіркеудің ең көп таралған түрі – епархия. Епархияны басқарушы епископ (ординарий) басқарады. Бірнеше епархияны мегаполиске немесе шіркеу провинциясына біріктіруге болады: мегаполистің епархияларының бірі оның орталығы болып табылады және архиепархия дәрежесіне ие, ал оның ординариясында архиепископ дәрежесі бар, сонымен қатар бүкіл шіркеу провинциясының (метрополияның) басшысы болып табылады. Қазақстан Республикасында елдегі приходтардың көпшілігі жататын Латын ритуалдық католик шіркеуі үш епархиядан және бір апостолдық әкімшіліктен тұратын бір шіркеу провинциясын құрайды. Олардың бірі архиепархия мәртебесіне ие Астана қаласында орналасқан архиепископ басқарады.

Жергілікті Шіркеуге қатысты өзекті мәселелерді осы аумақтағы католик епископтарын біріктіретін тұрақты орган – Епископтар конференциясы қарайды. Қазақстан Республикасындағы Католик Шіркеуі үшін мұндай орган Қазақстан католик епископтарының конференциясы.

Қазақстанда латын ғұрпындағы католиктермен қатар шығыс ғұрыптарының католиктері де өмір сүреді (негізінен, Византия дәстүріндегі, Грек-католик Шіркеуі өкілдері). Құдайға құлшылық ету рәсімдері мен канондық тәртіптеріндегі айырмашылықтарға қарамастан, олардың барлығы да Апостолдар әміршісі әулие Петрдің епископтық тағы болып саналатын Қасиетті Тақтың пастырлық басшылығына бағынады [14].

Астана қаласы Қазақстандағы католик шіркеуінің маңызды әкімшілік және рухани орталықтарының бірі болып табылады. Мұнда Қазақстандағы католик шіркеуінің басты құрылымдарының бірі – Қасиетті Мария архиепархиясы орналасқан. 1999 жылы Рим папасы Иоанн Павел II апостолдық әкімшілік құрды. Кейін бұл құрылым 2003 жылы архиепархия (архидиоцез) мәртебесіне көтерілді. Бұл архиепархия Қазақстандағы католик шіркеуінің бірнеше епархияларын біріктіретін шіркеу провинциясының орталығы. Астанадағы католик өмірінің басты орталығы – Құдай Анасы Мәңгілік Көмек кафедралды соборы. Бұл собор қаладағы католик архиепископының кафедрасы орналасқан негізгі шіркеу болып табылады. Собор 1997 жылы салынған және 1999 жылы салтанатты түрде қасиеттелген. Бұл кафедралды собор тек діни қызмет жүргізілетін орын ғана емес, сонымен қатар Қазақстандағы католик қауымының рухани және мәдени өмірінің орталығы болып саналады [15]. Мұнда месса (құлшылық қызметтері), діни мерекелер, катехизис сабақтары, жастар және отбасы бағдарламалары өткізіледі. Қасиетті Тақтың дипломатиялық өкілдігі – Апостолдық нунциатурасы да Астана қаласында орналасқан.

Статистикалық деректер бойынша Алматы епархиясында шамамен 50 мың католик бар. Бұл аймақта 17 діни қызметкер жұмыс істейді және 7 приход (шіркеу қауымы) қызмет етеді. Алматыдағы католик шіркеулерінде діни қызметтер бірнеше тілде өткізіледі. Құлшылық рәсімдері негізінен орыс, украин, неміс, ағылшын және поляк тілдерінде жүргізіледі. Бұл Қазақстандағы католик қауымының көпұлтты құрамын көрсетеді. Бұрын католик қауымының басым бөлігін немістер мен поляктар құраса, қазіргі уақытта шіркеулерге украиндар, орыстар және қазақтар да қатысады.

Қазақстандағы католик шіркеулерінде діни қызмет тек құлшылық рәсімдерімен шектелмейді. Шіркеулерде балаларға, жастарға және ересектерге арналған арнайы діни білім беру топтары жұмыс істейді. Бұл топтарда католик дінінің негізгі қағидалары түсіндіріліп, шоқындыру, некелесу және басқа да діни рәсімдерге дайындық жүргізіледі. Жастарға ерекше көңіл бөлінеді. Шіркеулер жазғы демалыс кезінде жастарға арналған сапарлар, діни лагерьлер және түрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастырады. Сонымен қатар діни мерекелер мен қажылық сапарлары да өткізіліп тұрады [16, 35-36].

Қазақстан Республикасы мен Қасиетті Тақ арасындағы өзара қарым-қатынастар туралы келісімге 1998 жылғы 24 қыркүйекте қол қойылды (2012 жылғы 18 қазанда Парламентпен ратификацияланды). Келісім 10 жыл мерзімге жасалып, автоматты түрде ұзартылу мүмкіндігі қарастырылды. Қол қою мен ратификация арасындағы ұзақ үзіліс 1992 жылғы 15 қаңтардағы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңнан бұл келісімнің басымды болуымен түсіндіріледі, сондықтан бастапқыда ратификация қажеттілігі туындамаған. Алайда 2011 жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа заң қабылданғаннан кейін ратификациялау қажет болды.

Бұл келісім мемлекет пен Католик Шіркеуінің өзара міндеттемелерін белгілеп, олардың ынтымақтастығының негізгі бағыттарын айқындады. Дегенмен, міндеттемелердің бөлінуі біркелкі болған жоқ: келісімнің 15 бабының 8-і мемлекет міндеттеріне арналады. Атап айтқанда, католиктік мектептер, медициналық және әлеуметтік мекемелер құру құқығын мойындау, қайырымдылық және миссионерлік қызмет жүргізуге жағдай жасау, сондай-ақ Шіркеудің мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру және пенитенциарлық жүйелерге қатысуына ықпал ету көзделді.

Посткеңестік мемлекеттердің басым көпшілігі шетелдік миссионерлердің қызметін шектеу немесе тыйым салу саясатын ұстанатынын ескерсек, Қазақстан мемлекетінің католиктік құрылымдарға қызметке тағайындалған шетел азаматтарына Республика аумағында болуға рұқсат беру міндеттемесі ерекше маңызды болды. Ал Шіркеудің міндеттері небәрі екі бапта көрсетіліп, жаңа тағайындаулар мен жаңа құрылымдардың құрылуы туралы мемлекетті хабардар етумен шектелді. Іс жүзінде бұл келісім Қазақстан мемлекетінің Католик Шіркеуінен ерекше саяси немесе институционалдық талаптар күтпейтінін, бірақ оның әлеуметтік миссиясын қолдауға дайын екенін көрсетті [11, 369].

2022 жылы қол қойылған Қосымша келісімде негізгі ұғымдар нақтыланып, соның ішінде «шетелден келген Католик Шіркеуінің мүшесі» түсінігі нақты айқындалды. Сонымен қатар олардың тұрақты тұруға рұқсат алу рәсімі жеңілдетілді: төлем қабілеттілігі мен тұрғылықты жерін растау талаптары алынып тасталды, бұл жалпы тәртіптен ерекшеленді.

Осы келісімдердің нәтижесінде Қазақстанда шетел азаматтары жүзеге асыра-

тын Католик Шіркеуінің миссиясы табысты қызмет етуде. Қазіргі таңда республикада ресми тіркелген 581 миссионердің 438-сі шетел азаматтары болса, олардың 264-і католик миссионерлер [17].

Бұл келісімдер Қасиетті Тақтың халықаралық құқық субъектісі ретіндегі мәртебесінің Қазақстан ішіндегі католиктік діни бірлестіктер мен мемлекет арасындағы қарым-қатынас сипатына тікелей ықпал ететінін айқын көрсетеді. Католик шіркеуінің Қазақстандағы қызметін талдау діни бостандықтың негізгі төрт индикаторы арқылы еліміздегі мемлекеттік-конфессиялық саясаттың ерекшеліктерін айқын көрсетеді.

Қазақстандағы діни бостандықты бағалаудың төрт компонентті моделі

Компонент	Негізгі мазмұны	Бағалау индикаторлары
Құқықтық	Діни ұйымдардың құқықтық мәртебесі мен қызметінің заңнамалық негіздері	Діни ұйымдарды тіркеу мүмкіндігі; діни қызметті жүзеге асырудың құқықтық кепілдіктері; діни сенім бостандығының заңмен қорғалуы; діни ұйымдардың құқықтары мен міндеттерінің айқындылығы
Институционалдық	Діни ұйымдардың ұйымдастырушылық құрылымы мен институционалдық тұрақтылығы	Ұйымдық құрылымның қалыптасуы; діни қауымдардың тұрақтылығы; ғибадат орындарының болуы; діни кадрлар мен басқару жүйесі; діни ұйымдардың даму мүмкіндіктері
Әлеуметтік	Діни ұйымдардың қоғамдағы әлеуметтік рөлі және қоғамдық өмірге қатысуы	Қайырымдылық қызметі; білім беру және ағартушылық қызмет; әлеуметтік көмек; қоғамдық бастамаларға қатысу; қоғаммен өзара әрекеттесу
Халықаралық	Діни ұйымдардың халықаралық діни құрылымдармен және шетелдік серіктестермен байланысы	Халықаралық діни ұйымдармен байланыс; діни және мәдени алмасу; халықаралық ынтымақтастық; шетелдік діни қауымдастықтармен өзара іс-қимыл; халықаралық жобаларға қатысу

Сызбадан Католик шіркеуінің толық құқықтық мәртебеге ие, тұрақты діни институт ретінде қызметі бар, қоғамда қайырымдылық жасап, әлеуметтік үлес қосады. Ал халықаралық индикатор шеңберінде Қасиетті Тақпен байланысты жаһандық католиктік құрылымдармен өзара қызмет жасайды. Осылайша, Католик шіркеуінің тәжірибесі Қазақстандағы діни бостандықтың құқықтық қамтамасыз етілуін, институционалдық тұрақтылығын, әлеуметтік маңызын және халықаралық ынтымақтастығын айқындайтын маңызды үлгі болып табылады.

Жоғарыда берілген Қазақстандағы діни бостандықты бағалаудың төрт компонентті моделінің эмпирикалық қолданысы ретінде католик шіркеуінің мысалында кесте ұсынып отырмыз.

Индикатор	Католик шіркеуінің Қазақстандағы көрінісі
Құқықтық	Заңды тіркелген, құқықтық мәртебесі бар, халықаралық келісімдер негізінде қызмет етеді
Институционалдық	Қалыптасқан ұйымдық құрылым, тұрақты діни институт ретінде қызмет етеді
Әлеуметтік	Қайырымдылық жасау, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау
Халықаралық	Қасиетті Тақпен байланыста, халықаралық миссионерлік қызмет жасайды, жаһандық католиктік құрылымдармен ынтымақтастықта

Қорытынды

Қазақстандағы діни бостандық саясатын католик шіркеуінің институционалдық дамуы мысалында зерттеу Қазақстандағы діни саясаттың мазмұны мен ерекшеліктерін нақты конфессия қызметі арқылы кешенді түрде саралауға мүмкіндік берді. Зерттеудің негізгі ғылыми жаңалығы – діни бостандық ұғымының абстрактілі құқықтық категория ретінде ғана емес, нақты діни институттың құқықтық, ұйымдастырушылық, әлеуметтік және халықаралық даму деңгейі арқылы талдануында. Осы тұрғыда католик шіркеуі Қазақстандағы дін саласындағы саясаттың тиімділігі мен ерекшеліктерін бағалаудың маңызды индикаторы ретінде қарастырылды.

Мақалада алғаш рет діни бостандықтың авторлық төрт компонентті моделі ұсынылды: құқықтық, институционалдық, әлеуметтік және халықаралық индикаторлар. Бұл модель Қазақстандағы конфессиялық кеңістіктің жағдайын жүйелі бағалауға, мемлекеттің діни ұйымдарға қатысты саясатын жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Құқықтық индикатор діни ұйымдардың заңдық мәртебесі мен тіркелу еркіндігін сипаттаса, институционалдық индикатор олардың құрылымдық тұрақтылығы мен ұйымдастырушылық дамуын көрсетеді. Әлеуметтік индикатор діни ұйымдардың қоғамдағы қайырымдылық, білім беру және әлеуметтік қызметтердегі рөлін айқындайды, ал халықаралық индикатор олардың

жаһандық діни құрылымдармен байланысы мен сыртқы ынтымақтастығын бағалайды.

Сонымен қатар, зерттеуде Қазақстандағы діни саясат «инклюзивті зайырлылық» концептісі арқылы түсіндірілді. Бұл ұғым мемлекеттің зайырлы қағидаттарды сақтай отырып, түрлі діни конфессиялардың қызметіне құқықтық мүмкіндік беруін, олардың әлеуметтік белсенділігін қолдауын және конфессияаралық келісімді нығайтуын білдіреді. Қазақстан тәжірибесі зайырлылықтың қатаң шектеуші үлгісінен гөрі, діни әртүрлілікті мойындайтын және оны қоғамдық тұрақтылық факторы ретінде қарастыратын модельге жақын екенін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы діни бостандық саясатының институционалдық деңгейде табысты жүзеге асырылып отырғанын дәлелдейді. Католик шіркеуінің құқықтық танылуы, тұрақты ұйымдық құрылымы, әлеуметтік қызметтерінің дамуы және халықаралық байланыстары мемлекеттің діни әртүрлілікке қатысты теңгерімді әрі прагматикалық саясат жүргізетінін айғақтайды. Бұл Қазақстанның конфессияаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылықты сақтауға бағытталған дін саласындағы саясатының тиімділігін көрсетеді.

Осылайша, Қазақстандағы католик шіркеуінің институционалдық дамуын зерттеу діни бостандық саясатын бағалаудың жаңа ғылыми тәсілін қалыптастырып, дін саласындағы мемлекеттік саясатты талдауда конфессиялық индикаторларды қолданудың маңызын арттырады. Ұсынылған теориялық модель мен тұжырымдар болашақта Қазақстандағы және өзге де посткеңестік мемлекеттердегі дін мәселелері бойынша саясатты салыстырмалы зерттеуде маңызды әдіснамалық негіз бола алады.

Қаржыландыру

Бұл ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің жобасы негізінде қаржыландырылды (Грант AP26104327 "Дінаралық диалогты қолдау және жалпыұлттық бірлікті нығайту үшін жасанды интеллект алгоритмін әзірлеу: діни мәтіндерді талдау алгоритмдері және мәдени өзара әрекеттесу платформасын құру")

Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. (2022). Юрист.

2 Қазақстан Республикасының «Діни сенім бостандығы туралы» заңы. (1992).

3 Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы. (2011).

4 Хабермас, Ю. (n.d.). Против «воинствующего атеизма». «Постсекулярное» общество — что это такое? Islam-portal.ru. https://www.islam-portal.ru/communication/stat/100/1411

5 Толстой, Д. А. (n.d.). Римский католицизм в России: В 2 т. Президентская библиотека. https://www.prlib.ru/item/442101

6 Бургарт, Л. А. (2010). Қазақстандағы католиктік сенімі мен Католиктік Шіркеуінің тарихынан: Мақалалар жинағы (ішкі пайдалану үшін).

7 Бургарт, Л. А. (n.d.). Немцы-католики в Казахстане (конец XIX в. – 1941 г.): основные вехи истории. https://wiedergeburt-kasachstan.de/wp-content/uploads/2019/04/Nemtsy-katoliki-v-Kazakhstane-konets-XIX-v.-1941-g

8 Kazhenova, G. T., & Bekseitova, A. T. (n.d.). Formation of Catholic population in Kazakhstan and its status during the period of Soviet totalitarian regime (1940's–1980's). e-history.kz. https://e-history.kz/en/library/show/25527

9 «Credo» newspaper of the Roman Catholic Church in Kazakhstan, 1–140: 1995–2007. (n.d.). https://credonews.org/index.php/gazeta/95-gazeta/arkhiv-nomerov

10 Токарева, Е. С. (n.d.). История Католической церкви в СССР в 1920-е – начале 1930-х гг. сквозь призму одной судьбы: рассказ священника. Историческая экспертиза. http://istkurier.ru/data/2025/ISTKURIER-2025-3-05

11 Донцев, С. П. (2025). Республика Казахстан и католическая церковь: международный аспект взаимодействий. Постсоветские исследования, 8(4), 365–371.

12 Дипломатические отношения Святого Престола. (n.d.). Holy See Mission. https://holysee-mission.org/contents/mission/diplomatic-relations

13 О религиозных объединениях на территории РК. (n.d.). Министерство культуры и информации Республики Казахстан. https://www.gov.kz/memleket/entities/mam/documents/details/870297?lang=ru

14 Как устроена Церковь. (n.d.). Католическая церковь в Казахстане. https://catholic-kazakhstan.org/structure

15 Краткая история Архиепархии Святой Марии в Астане. (n.d.). Архиепархия Пресвятой Девы Марии в Астане. https://catholic-astana.org/2023/12/19/hello-world

16 Абдрахманов, С. М. (2025). Қазақстандағы католик шіркеуінің қалыптасу және даму тарихы: Алматы қаласы мысалында. Шәкәрім университетінің хабаршысы, (1), 28–38.

17 О религиозных объединениях на территории РК. (n.d.). https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-zharkain/activities/5959

Transliteration

1 Qazaqstan Respublikasynyñ Konstitutsiyasy [Constitution of the Republic of Kazakhstan]. (2022). Yurist. (In Kazakh)

2 Qazaqstan Respublikasynyñ «Dini senim bostandyğy turaly» Zaŋy [Law of the Republic of Kazakhstan "On Freedom of Religious Belief"]. (1992). (In Kazakh)

3 Qazaqstan Respublikasynyñ «Dini qyzmet jäne dini birlestikter turaly» Zaŋy [Law of the Republic of Kazakhstan "On Religious Activities and Religious Associations"]. (2011). (In Kazakh)

4 Khabermas, Yu. (n.d.). Protiv «voinstvuyushchego ateizma». «Postsekulyarnoe» obshchestvo — chto eto

takoe? [Against "militant atheism." What is a "post-secular" society?]. Islam-portal.ru. https://www.islam-portal.ru/communication/stat/100/1411 (In Russian)

5 Tolstoy, D. A. (n.d.). Rimskiy katolitsizm v Rossii: V 2 t. [Roman Catholicism in Russia: In 2 vols.]. Prezidentskaya biblioteka. https://www.prlib.ru/item/442101 (In Russian)

6 Burgart, L. A. (2010). Qazaqstandağy katoliktik senimi men Katoliktik Şirkeuiniñ tarihynan: Maqalalar jinağy (işki paidalanu üşin) [From the history of the Catholic faith and the Catholic Church in Kazakhstan: Collection of articles (for internal use)]. (In Kazakh)

7 Burgart, L. A. (n.d.). Nemtsy-katoliki v Kazakhstane (konets XIX v. – 1941 g.): Osnovnye vekhi istorii [German Catholics in Kazakhstan (late 19th century – 1941): Main milestones of history]. https://wiedergeburt-kasachstan.de/wp-content/uploads/2019/04/Nemtsy-katoliki-v-Kazakhstane-konets-XIX-v.-1941-g (In Russian)

8 Kazhenova, G. T., & Bekseitova, A. T. (n.d.). Formation of Catholic population in Kazakhstan and its status during the period of Soviet totalitarian regime (1940's–1980's). e-history.kz. https://e-history.kz/en/library/show/25527

9 "Credo" newspaper of the Roman Catholic Church in Kazakhstan, 1–140: 1995–2007. (n.d.). https://credonews.org/index.php/gazeta/95-gazeta/arkhiv-nomerov

10 Tokareva, E. S. (n.d.). Istoriya Katolicheskoy tserkvi v SSSR v 1920-e – nachale 1930-kh gg. skvoz' prizmu odnoy sud'by: Rasskaz svyashchennika [History of the Catholic Church in the USSR in the 1920s – early 1930s through the prism of one person's fate: A priest's account]. Istoricheskaya ekspertiza. http://istkurier.ru/data/2025/ISTKURIER-2025-3-05 (In Russian)

11 Dontsev, S. P. (2025). Respublika Kazakhstan i katolicheskaya tserkov': Mezhdunarodnyy aspekt vzaimodeystviy [The Republic of Kazakhstan and the Catholic Church: The international dimension of interactions]. Postsovetskie issledovaniya, 8(4), 365–371. (In Russian)

12 Diplomaticheskie otnosheniya Svyatogo Prestola [Diplomatic relations of the Holy See]. (n.d.). Holy See Mission. https://holyseemission.org/contents/mission/diplomatic-relations (In Russian)

13 O religioznykh ob"edineniyakh na territorii RK [On religious associations in the territory of the Republic of Kazakhstan]. (n.d.). Ministerstvo kul'tury i informatsii Respubliki Kazakhstan. https://www.gov.kz/memleket/entities/mam/documents/details/870297?lang=ru (In Russian)

14 Kak ustroena Tserkov' [How the Church is structured]. (n.d.). Katolicheskaya tserkov' v Kazakhstane. https://catholic-kazakhstan.org/structure (In Russian)

15 Kratkaya istoriya Arkhiepiskopii Svyatoy Marii v Astane [A brief history of the Archdiocese of Saint Mary in Astana]. (n.d.). Arkhiepiskopiya Presvyatoy Devy Marii v Astane. https://catholic-astana.org/2023/12/19/hello-world (In Russian)

16 Abdrakhmanov, S. M. (2025). Qazaqstandağy katolik şirkeuiniñ qalyptasu jäne damu tarihy: Almaty qalasy mysalynda [History of the formation and development of the Catholic Church in Kazakhstan: The case of Almaty]. Şäkärim universitetiniñ habarşysy, (1), 28–38. (In Kazakh)

17 O religioznykh ob"edineniyakh na territorii RK [On religious associations in the territory of the Republic of Kazakhstan]. (n.d.). https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-zharkain/activities/5959 (In Russian)

Авторлардың үлесі

Ержанов Қ.А.: зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу, зерттеу әдіснамасын анықтау, зерттеу жүргізу және мақаланың бастапқы нұсқасын дайындау. *Борбасова Қ.М.*: әдебиеттерге шолу жасау, материалдарды жинақтау, зерттеу нәтижелерін талдау және мақаланы редакциялау. *Кантарбаева Ж.У.*: зерттеу нәтижелерін интерпретациялау, мақаланың мазмұнын сыни тұрғыдан қарастыру және соңғы нұсқасын редакциялау.

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Казбек Азаматұлы Ержанов	PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: rcs.kaznu@gmail.com, ORCID ID: 0009-0006-7042-1208
Шығарманың идеясы жалпылама сопылық танымға құрылғандықтан да, автор-дың қай тариқаттың өкілі болғандығын баса айту қиын. Жошы ұлысында иасауи және кубрауи рухани мектептері қатар өмір сүргенін, Алтын Орданың екінші рухани-шығармашылық орталығы Харезмде кубрауи тариқаты үстемдікке ие болғанын есепке алсақ, онда Харезми ақынның да осы сүліктің (тариқаттың) өкілі болған деуге негіз бар. Алайда автордың тахаллусы Харезми болғанымен де, шығарманың тілі – Алтын-Орда-Сарайлық тілге, яғни қыпшақ-оғыз диалектілері негізінде хатқа түскенін әрі Сырдың сағасында жазылғанын қаперге алсақ, онда иасауи рухани мектебінің өкілі болғанын да жоққа шығаруға болмас. Сондықтан да, автор туралы толыққанды мәлімет табылғанша, оның қай тариқаттың өкілі болғаны туралы мәселеге нүкте қою ертерек. Себебі Жошы ұлысының исламдануындағы негізгі рухани аймақ Харезм мен Орталық Азия еді [14, 133 б.]. Нәжм әд-Дин Кубра ілімі Харезм жақтан келсе, Ахмет Иасауидің рухани жолы Түркістаннан басталатын.

«Махаббатнамадағы» «харабат», «ренд» секілді сопылық ұғымдарға қарап, оның белгілі бір рухани дәрежеге қол жеткізгенін аңғару қиын емес. Себебі дүниенің қызықтарынан бас тартып («ренд»), жүректі бір жола Хаққа бұру («харабат») – рухани мектептегі кемелдік ұстындарының бірі [5, 166 б.].

Жалпы, өлең сөзбен өрнектелген діни-сопылық шығармалардан автордың қай тариқаттың өкілі болғанын дөп басып айту қиын. Туындыларда Хақты танудың Фарһад-Шырындық жолы емес, қайта Ләйлі-Мәжнүндік жолы көбірек көрініс береді. Ғашықтың кәшфі хәлі шығармада көрініс бергенімен де, тәржимәи хәліне қатысты деректерді тәзкирелер мен манақыбнамалардан кездестіруге болады.

4. «Нәһж әл-Фәрадис»

Исламтанудың негізгі саласы – хадис ілімі. Жошы ұлысында бұл ілімде кеңінен дамыды. 1358 жылы Махмұт Кердері «Нәһж әл-Фәрадис» («Жұмақтардың ашық жолы») деген еңбек жазды [10, 121 б.]. Кердері пайғамбардың қырық хадисін іріктеп алып, оны түркі әдеби тілінде шархымен бірге берген. Қырық хадисті жүйелеп жазу үдрісі ортағасырда кеңінен тараған. Мухи әд-Дин Әбу Зәкәрия Йәхийә ибн Шәрәф ән-Нәуауидің (1233-1278) араб тілінде «Әл-әрбәин ән-Нәуәуи», яғни «Нәуауидің қырық хадистер жинағы» деген еңбек жазғаны белгілі. Сондай-ақ, одан басқа Абдолла ибн әл-Мүбәрәк, Мұхаммед бин Әсләм әт-Туси, әл-Хәсән бин Суфйан ән-Нәсәи, Әбу Бәкір әл-Әжурри, Әбу Бәкір Мұхаммед бин Ибраһим әл-Исфаһани, әд-Дәрәкутни, әл-Хәким, Әбу Нуғаим, Әбу Әбд әр-Рахман әс-Суләми, Әбу Сағид әл-Мәлини, Әбу Оспан әс-Сәбуни, Абдолла бин Мұхаммед әл-Ансари, Әбу Бәкір әл-Байхақи секілді мұхаддистер де осы үлгіде еңбектер жазған [5, 91 б.]. Ажам халықтарынан шыққан Қожа Абдолла Ансари, Әбу Хафс Насафи, Ибраһим ибн Хасан Рабити, Мұхаммед ибн Хусейн ибн Ахмет Халифа Нишапури, Шейх Әлу әд-Дәулә Симнани, Сәж әд-Дин Тафтазани, Мир Сәид Әли Һамадани, Хусәйн Уаиз Кәшифи, Нур әд-Дин Әбд әр-Рахман Жәми секілді ғалымдар өз еңбектерін парсы тілінде жазды [5, 92 б.]. Әлішер Науаи, Мұхаммед Физули, Хазини секілді ақындар арбағинді түркі әдеби тілінде жаратты. Бұл шайырлар пайғамбардың қырық хадисін өлең үлгісімен берді. Содан «Арбағин» жанры қалыптасты.

«Нәһж әл-Фәрадис» төрт бөлімнен тұрады: пайғамбардың қасиеттері; Хуләфәи рашидин, әһлі бәйт және төрт имамның ерекшеліктері; Хақ Тағаланың құзыретіне жақындатар игі амалдар; Хақ Тағаланың құзыретінен алшақтатар жауыз амалдар. Әр бапта он бөлім бар. Әр бап белгілі бір тақырыпқа құрылған [15, 460 б.]. Кердері қырық хадисті талдап, оны түсініктемесімен бірге беруге тырысқан. Түркі тілінде қарапайым түрде жазылған туынды Жошы ұлысына тараған. Оның бірнеше қолжазбалық нұсқалары біздің заманымызға дейін жеткен.

М.Кердері бұл туындысында Имам Мұхаммед Бұхари, Имам Әбу Иса Термизи, Әбу Жүсіп әл-Қази, Имам Мұхаммед Башрауи, Имам Ғазали, Имам Шағбан ибн Мәһди, Имам Әбу Ләйс Самарқанди, Имам Бағауи, Имам Сағани секілді т.б. мұхаддис, фақиһ ғалымдардың еңбектерінен пайдаланған. Хадистерге түсініктеме берерде Имам Жаруллаһи Әлләм, Имам Әбу Мағали Исфахани, Шейх Имам Әбу Тәліп Мәкки, Имам Зәйнул Әиммәти Фердауси, Имам

Уақиди, Имам Мұхаммед Кәтиби секілді ғалымдардың тәпсірлеріне сүйенген. Әр хадисті талдағанда Анас ибн Мәлік, Хазірет Айша, Абдулла ибн Омар, Шейх Хасан Басри, Уahаб ибн Мунайя, Анас ибн Мәлік, Әбди ибн Хатам, Әли ибн Әбу Тәліп, Әбу hурайра, Әбу Имамати Бахили, Шейх Сари Сақати, Шейх Дәуіт Тайи, Рабиғ ибн Хисам, Абдолла ибн Аббас, Ибн Омар, Әбу Сағид, Асама бин Зайд, Рабиға Адауийа, Уәhб ибн Мунәббиh, Әбу Сүлеймен Дарани, Атаба ибн Ғұлам, Яхия ибн Мағаз Рази, Әбу Хасан Нури, Әбу Убайда, Шейх Зуннун Мысри, Бәшәри Хафи, Суфиян Саури, Ибн Араби секілді сахабатабиндер мен әулие-әмбиелердің даналық сөздерімен, сондай-ақ олардың өмірлеріне қатысты қызықты хикаяларымен жеткізуге тырысқан. [5, 91-92 бб.].

Дін мен дәстүр сабақтастығының бір көрінісі – діни-қисса дастандардың кеңінен жырлануы, көне мифтердің ислами астар алуы немесе діни құндылықтардың ұлттық сипат алуы. Ұлттық және ислами құндылықтар тұтастанғанда ғана, дәстүрлі діни таным қалыптасады. Діни тұлғалар (пайғамбарлар, сахабалар, әулиелер және т.б.) мен ислам тарихындағы елеулі оқиғалар (нубуәәут, миғраж және т.б.) әдебиет пен фольклордың еншісіне еніп, көшпелі образ, сюжеттерді құрайды. Діни-канондық мәтіндер сол халықтың жазба мұрасы мен ауыз әдебиетіне сіңіп, руханияттың ажырамас бөлігіне айналады. Нәтижесінде тұтас рухани кеңістік қалыптасады.

5. «Жұмжұма»

hижри 770 (1369-1370 жж.) жазылған Хұсам Кәтіптің «Жұмжұмасының» басты кейіпкері – Иса пайғамбар. Діни сенім бойынша, Жаратушы әр пайғамбарға өзіне лайық мұғжиза берген. Яғни, Исаның бір ерекшелігі фәни болғандарды тірілтіп, олармен тілдесетіндігінде. Шығарманың мазмұны – Иса пайғамбар мен бас сүйектің арасындағы диалогқа құрылған. Жәдігер эсхатология бағытында жазылып, онда мына дүниенің өткіншілігі (фәни), о дүниедегі адамның хал-жағдайы сөз болады. Алтын Орданың исламдану үдерісін зерделеген Г.Галиахметова бұл жәдігердің хронологиялық қана емес, мазмұндық жағынан да Жошы ұлысы құлдырауының алдында жазылғанына назар аударған [9, 117 б.]. Себебі шығарма бұ дүниенің фәнилігі мен о дүниенің бақилығына құрылған. Үгіт-насихаттық жағы басым. Бұдан елдің саяси, әлеуметтік-экономикалық жағынан құлдырауға бет алғанын аңғару қиын емес. Оның үстіне жарты ғасырға жуық тақта отырған Өзбек пен Жәнібек тұсындағы «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған уақыттың» аяқталып, хан ордасында таққа талас белең алған еді. Соңғы он жылда он бір хан тақта отырған (Бердібек (1357-1359 жж.), Құлпа (1359-1360 жж.), Наурыз (1360 ж.), Қызыр (1360-1361 жж.), Темір Қожа (1361 ж.), Орда Мәлік (1361 ж.), Келдібек (1361-1362 жж.), Абдулла (1362 ж.), Мұрат (1362 ж.), Мір Болат (1362-1364 жж.), Әзіз Шейх (1364-1367 жж.), Абдолла (1367-1368 жж.). Биліктегі тұрақсыздық пен алауыздық елдің әлеуметтік-экономикалық жағына әсер етіп, ұлыс ыдырауға бет алған. Жазба жәдігерлерді әр заманның айнасы десек, онда «Жұмжұмадағы» пессимистік көзқарастың негізі белгілі болады.

Хұсам Кәтіп бұл жәдігердің сюжетін В.Жуковский атақты сопы ақын Фәрид әд-Дин Аттардан (1145-1221 жж.) алғанын жазады. Алайда Т.Қыдыр жәдігерге салыстырмалы-мәтінтанулық зерттеу жасап, ортағасырда Аттар тахаллусымен Нишапурлық Фәрид әд-Дин Ибраhим Аттар (XIII ғ.), Мешhедтік Фәрид әд-Дин Аттар Туни (XV ғ.) хорасандық Зәйн әд-Дин Мұхаммед ибн Ибраhим ибн Мұстафа ибн Шағбан Аттар (XIV ғ.) атты үш ақынның өмір сүргенін, сондықтан да, жәдігер сюжетінің В.Жуковский атап өткен ақынның шығармаларында кездеспейтіндігін жазады [5, 261-263 бб.]. Ғалым соңғы екі ақынның діни-ұстанымы шиғалық танымға сәйкес келетініне назар аударған. Ал, Г.Галиахметова Хұсам Кәтіп сүйенген Аттардың Нәжм әд-Дин Кубра негізін қалаған кубрауи рухани мектебінің өкілі болғанын алға тартқан. Алайда ондай деректі қайдан алғанын ашып айтпаған [9, 81 б.]. Сондықтан да, оның бұл тұжырымы әлі де негіздеуді қажет етері анық.

Жошы ұлысында жазылған бұл жәдігер кейінгі ғасырлардың жазба әдебиетіне әсер еткен. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Қазанда литография түрінде мыңдаған тиражбен басылған. Мәтінді 1870 жылы түркітанушы В.Радлов «жарияласа, Мәулекей Жұмашев тарапынан қайта жырланған «Қиссә-и Жумжума» дастаны 1881, 1901, 1910 және 1917 жылдары жарық көрген [16, 10 б.]. Ел аралап, халық мұрасын жинаған В.Радловтың «бір «Жұмжұманың» өзі қазақ даласында жүздеген молданың

қызметін атқарып жүр» деп жазғанына қарап [17, 127 б.], бұл дастанның қазақ халқының рухани кеңістігінің қалыптасуында қаншалықты маңызға ие болғанын аңғаруға болады.

6. «Кесікбас»

Жошы ұлысында осы сюжеттік желінің негізінде жазылған анонимдік жәдігердің бірі – «Кесікбас». Ел арасына бұл дастан «Қу бас» деген атпен тараған. Идея-мазмұны «Жұмжұмаға» сәйкес келеді. Бірақ Хұсам Кәтіптің туындысындағы негізгі кейіпкер Иса пайғамбар болса, мұнда Хазірет Әлі. Жәдігер қырық парыздың бірі – «әмір билмағруф нәһи әл-мункарға», яғни халықты жақсылыққа шақырып, жамандықтан қайтаруға құрылған. Сондықтан да, шығарманың уағыз-насихаттық жағы басым. Сюжеті қызық, мазмұны эсхатологияға құрылғандықтан да, ел арасына кеңінен тараған. Осы жәдігердің бірнеше нұсқалары сақталған. Шығарманың авторы ретінде қолжазбаларда Шәмс Тарази, Шәмс Тебризи, Кердечі болып берілген [18, 152 б.]. Бұл дастан да XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында араб графикасымен бірнеше рет жарық көрген.

7. «Сираж әл-қулуб»

Исламтанудың негізгі саласы – ақида. Жошы ұлысының имани-сенімі Имам Матуриди мектебі негізінде құрылған. Осы сенім мектебінің халық арасына кеңінен тарауына әдеби жәдігерлер мен фольклорлық мұралар да әсер еткен. Діни-танымдық, діни-дидактикалық шығармаларда Алланың өзіне тән зати һәм субути сипаттарынан бастап, он сегіз мың әлемнің жаратылысына дейін қамтылған. Алтын Ордада сондай діни-танымдық тұрғыда түркі әдеби тілінде жазылған жәдігердің бірі – «Сираж әл-қулуб» («Жүректердің шырағы»). Мұхаммед пайғамбар мен бір яхудидің арасындағы диалогта ақидалық мәселелер көтерілген. Әлемнің жаратылысынан бастап, Жаратушының сипаттарына дейінгі кәләмдік ілім қырық сұраққа қырық жауап түрінде берілген. Жалпы, діни-танымдық еңбектердегі сауал-жауап тәсілі өзекті мәселелердің түйінін шешіп беру мақсатында қолданылады. Халық көкейінде жүрген діни сауалдардардың жауабын осындай еңбектер арқылы тапқан. Жаратушыға деген сенім артып, иман шыңдалған. Шығыс мұсылман әдебиетінде «Сираж әл-қулуб» деген атпен бірнеше туынды жазылған. Әбу Мұхаммед Ахмед ибн Мұхаммед Әбдулмәлік әл-Әшар Тәбризидің араб тіліндегі еңбегімен қатар, Әбу Мансур Саид ибн Мұхаммед әл-Кәттан әл-Ғазнәуи, Әбу Бәкір ибн Абдулла ибн Мұхаммед ибн Шамур әл-Әсәди әр-Рази секілді ғалымдар да парсы тілінде осындай атаумен шығармалар жазған. Сондай-ақ Ахмед Дағидың османлы түркішесімен жазған осы аттас шығармасы да бар [5, 299 б.]. Жошы ұлысында жазылған анонимдік бұл еңбекке деген сұраныс жоғары болғанын алғашқы баспаханалар ашылғанда «Сираж әл-қулубтың» литография түрінде ел арасына тарағанынан аңғаруға болады (1875 жылы Қазан университетінің басханасынан жарық көрген).

Алтын Ордада жазылған осындай діни-танымдық, діни-дидактикалық және діни-сопылық туындылар сол ұлыстың құрамында болған түркі мұсылман халықтарының рухани кеңістігін қалыптастырғаны анық. Араб не парсы тілдерінде жазылған діни-канондық мәтіндерге хастар (мамандар) болмаса, ауам (қара) халықтың кіре алмасы белгілі. Сондықтан да, түркі әдеби тіліндегі осындай туындылар арқылы дәстүрлі исламның негіздері қаланған.

Қорытынды

Жошы ұлысында түркі әдеби тілінде бірнеше діни туындылар жазылған. Оларда хадис, фиқһ, ақида, тасаууф секілді исламтанудың негізгі мәселелері қамтылған. Араб, парсы тілдеріндегі діни-канондық мәтіндерге қарағанда сол замандағы мемлекеттік тіл – түркі әдеби (қыпшақ элементі басым) тілінде жазылған шығармалар Жошы ұлысының рухани кеңістігін қалыптастырған. Себебі өз тілдерінде көркем сөзбен жазылған туындылар ел арасына кеңінен тарағындықтан да, ислами діни таным қалыптасып, дәстүрлі (халықтық) исламның негіздері қаланған.

Жошы ұлысындағы ислами шығармалар (дидактикалық, танымдық), негізінен, XIV ғасырда жазылған. Бұл Өзбек пен Жәнібек хандардың билігі тұсына, яғни ұлыстағы исламдану үдерісінің екінші кезеңіне сәйкес келеді. Сол уақытта Ислам мемлекеттік дін дәрежесіне көтеріліп, ислами құндылықтар мен ұлттық құндылықтар ұштасты. Исламды көркем сөзбен насихаттаудың нәтижесінде

дін мен дәстүр сабақтасты. Дінді әдебиет арқылы насихаттау дәстүрі кейінгі ғасырларда да көрініс беріп, XX ғасырдың басына дейін жалғасты. Нәтижесінде ортақ рухани кеңістік орнады. Жошы ұлысындағы ханафи-матуридилік ұстаным дәстүрлі діннің өзегіне айналды. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жазылған діни еңбектердің негізі Алтын ордалық жәдігерлерден алынды. Алғашында қолжазба қалпында тараған жәдігерлер бертін келе алғашқы баспаханалардың ашылуымен мыңдаған тиражбен жарық көрді.

Жошы ұлысында қазақ даласы исламдануының соңғы әрі шешуші кезеңі болды. Бес жүз жылға созылған исламдану үдерісінің нәтижесінде ислам этно-мәдени құбылысқа айналды, яғни жаңа дін Алтын Ордадан кейінгі мемлекеттерді мекендеген халықтардың өзіндік санасы мен мәдениетінің ажырамас бөлігіне енді. Соның бір айғағы ислам жалпы сипат алып, халық мұрасында, жазба және ауыз әдебиетінде көрініс берді. Себебі діни құндылықтар халық мұрасынан орын алғанда ғана, дәстүрлі діни таным қалыптасары анық.

Жошы ұлысында жазылған діни-дидактикалық, діни-танымдық және діни-сопылық жазба жәдігерлерді зерделеу ғасырлар бойына қалыптасқан діни ұстанымды нығайтып, бүгінде көрініс беріп жатқан түрлі жамағаттық идеолгиялық пікірлердің дәстүрлі рухани кеңістікке сыналап енудің алдын алып, діни тұрақтылыққа қызмет етеді. Сонықтан да бұл зерттеудің теориялық жағымен бірге тәжірибелік маңызы да зор.

Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыруымен BR27101897 «Қазақстан әдебиеттануы, фольклортануы және өнертануы экожүйесінің цифрлық трансформациясы: пәнаралық зерттеулер» жобасы аясында орындалды.

Әдебиеттер тізімі:

1 Нуртазина, Н. (2016). *Распространение Ислама и формирование Казахской мусульманской традиции (VIII – нач. XIX вв.)*. Қазақ университеті.

2 Кенжетай, Д., Нұртазина, Н., & Қыдыр, Т. (2025). *Ясауи феномені және Орталық Азия тарихындағы әулие ишандар*. Alipress.

3 Ракушин, А. И. (1998). *Мусульманство у золотоордынских кочевников Нижнего Поволжья в XIII–XV вв.* [Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук].

4 Васильев, Д. В. (2007). *Ислам в Золотой Орде: Историко-археологическое исследование*.

5 Қыдыр, Т. Е. (2026). *Жошы ұлысының әдеби жәдігерлері*. Adal kitap.

6 Исянгулов, Ш. Н. (2009). Утемиш-Хаджи и хан Золотой Орды из башкир. *Проблемы востоковедения*, (2), 73–78.

7 Петров, Н. П., & Ускенбай, К. З. (2010). Вопросов исламизации улуса Джучидов и вероисповедание хаан Токты (690/1291–712/1312–1313 гг.). *Вопросы истории и археологии Западного Казахстана*, (1), 10–54.

8 *Алтын Орда әдебиеті: Генезис, жанрлық ерекшелік, дәстүр жалғастығы*. (2022). Evo Press.

9 Галиахметова, Г. Г. (2007). *Ислам в Золотой Орде: Традиции религиозного опыта*. Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ.

10 *Дәстүрлі Ислам жауһарлары: Орта ғасырларда (X–XVI ғғ.) жазылған діни еңбектер мен шығармалардан үзінділер жинағы*. (2016). Таңбалы.

11 Байтұрсынұлы, А. (2003). *Шығармалары* (Т. 1). Алаш.

12 Хорезми. (1961). *Мухаббат-наме* (Э. Н. Наджип, Изд., транскрипция, пер. и исслед.). Издательство восточной литературы.

13 Наджип, Э. Н. (2004). *Культура и тюркоязычная литература мамлюкского Египта XIY века*. Туран.

14 Бартольд, В. В. (1993). *Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии*. Жалын.

15 *Алтын Орда тұсындағы діни-дидактикалық шығармалар* (Т. Қыдыр, Баспаға дайындаған; «Әдеби жәдігерлер» сериясы, Т. 15). (2011). Таймас.

16 *Қиссә-е Жумжумә*. (1910). Типография В. Л. Домбровского.

17 Қыраубаева, А. (2012). *Мыңжылдық жолаушы: 5 томдық шығармалар жинағы* (Т. 5). Өнер.

18 *Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы: Алтын Орда дәуіріндегі әдеби жәдігерлер (діни-дидактикалық шығармалар)* (Т. 3). (2020). Evo Press.

Transliteration

1 Nurtazina, N. (2016). *Rasprostranenie Islama i formirovanie Kazakhskoy musul'manskoy traditsii (VIII – nach. XIX vv.)* [The spread of Islam and the formation of the Kazakh Muslim tradition (8th – early 19th centuries)]. Qazaq universiteti. (In Russian)

2 Kenzhetai, D., Nürtazina, N., & Qydyr, T. (2025). *Iasaui fenomeni jäne Ortalyq Aziya tarihyndağy äulie ishandar* [The Yasawi phenomenon and saintly ishans in the history of Central Asia]. Alipress. (In Kazakh)

3 Rakushin, A. I. (1998). *Musul'manstvo u zolotoordynskikh kochevnikov Nizhnego Povolzh'ya v XIII–XV vv.* [Islam among the Golden Horde nomads of the Lower Volga region in the 13th–15th centuries] [Abstract of the dissertation for the degree of Candidate of Historical Sciences]. (In Russian)

4 Vasil'ev, D. V. (2007). *Islam v Zolotoy Orde: Istoriko-arkheologicheskoe issledovanie* [Islam in the Golden Horde: A historical and archaeological study]. (In Russian)

5 Qydyr, T. E. (2026). *Joşy ülysynyñ ädebi jädiğerleri* [Literary artifacts of the Jochi Ulus]. Adal kitap. (In Kazakh)

6 Isyangulov, Sh. N. (2009). Utemish-Khadzhi i khan Zolotoy Ordy iz Bashkir [Utemish-Khadzhi and a khan of the Golden Horde from among the Bashkirs]. *Problemy vostokovedeniya*, (2), 73–78. (In Russian)

7 Petrov, N. P., & Uskenbay, K. Z. (2010). Voprosov islamizatsii ulusa Dzhuchidov i veroispovedanie Khaan Tokty (690/1291–712/1312–1313 gg.) [Issues of the Islamization of the Jochid Ulus and the religious affiliation of Khan Tokhta (690/1291–712/1312–1313)]. *Voprosy istorii i arkheologii Zapadnogo Kazakhstana*, (1), 10–54. (In Russian)

8 *Altyn Orda ädebieti: Genezis, zhandyq erekshelik, dästür jalğastyğy* [Literature of the Golden Horde: Genesis, genre characteristics, and continuity of tradition]. (2022). Evo Press. (In Kazakh)

9 Galiakhmetova, G. G. (2007). *Islam v Zolotoy Orde: Traditsii religioznogo opyta* [Islam in the Golden Horde: Traditions of religious experience]. Institut istorii im. Sh. Mardzhani AN RT. (In Russian)

10 *Dästürli Islam jauharlary: Orta ğasyrlarda (X–XVI ğğ.) jazylğan dini eñbekter men şığarmalardan üzin diler jinağy* [Treasures of traditional Islam: A collection of excerpts from religious works and writings of the Middle Ages (10th–16th centuries)]. (2016). Tañbaly. (In Kazakh)

11 Baitūrsynūly, A. (2003). *Şyğarmalary* [Works] (Vol. 1). Alaş. (In Kazakh)

12 Khorezmi. (1961). *Mukhabbat-name* [Book of love] (E. N. Nadzhyp, Ed., transcr., Trans., & researcher). Izdatel'stvo vostochnoy literatury. (In Russian)

13 Nadzhyp, E. N. (2004). *Kul'tura i tyurkoyazychnaya literatura mamlyukskogo Egipta XIV veka* [Culture and Turkic-language literature of Mamluk Egypt in the 14th century]. Turan. (In Russian)

14 Bartol'd, V. V. (1993). *Tyurki: Dvenadtsat' lektsiy po istorii turetskikh narodov Sredney Azii* [The Turks: Twelve lectures on the history of the Turkic peoples of Central Asia]. Zhalyn. (In Russian)

15 *Altyn Orda tūsyndağy dini-didaktikalyq şığarmalar* [Religious and didactic works of the Golden Horde period] (T. Qydyr, Ed.; *Ädebi jädiğerler* series, Vol. 15). (2011). Taimas. (In Kazakh)

16 *Qissä-e Jumjumä* [Qissa-e Jumjuma]. (1910). Tipografiya V. L. Dombrovskogo. (In Kazakh)

17 Qyraubaeva, A. (2012). *Myñjyldyq jolauşy: 5 tomdyq şığarmalar jinağy* [A traveler through a millennium: Collected works in 5 volumes] (Vol. 5). Öner. (In Kazakh)

18 *Ejelgi däuir ädebietiniñ antologiyasy: Altyn Orda däuirindegi ädebi jädiğerler (dini-didaktikalyq şığarmalar)* [Anthology of ancient literature: Literary artifacts of the Golden Horde period (religious and didactic works)] (Vol. 3). (2020). Evo Press. (In Kazakh)

Авторлардың үлесі

Оспан Т.Д. - мақаланың негізгі концепциясын әзірлеу, әдебиеттерге шолу жасау, мәтінді редакциялау. *Қыдыр Т.Е.* - автор-корреспондент, зерттеу құрлымын үйлестіру ғылыми-әдістемелік сараптау, мақаланы журнал талаптарына сәйкестендіру. *Утпинов Н.Т.* - деректерді талдау, техникалық рәсімдеу және библиографикалық реттеу.

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Төлеби Дәділұлы Оспан	PhD докторант, Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: otolebi@list.ru, ORCID ID: 0009-0003-3657-6052
Төрәлі Еділбайұлы Қыдыр	директор, филология ғылымдарының кандидаты, ҚМДБ Ислам ғылыми-зерттеу институты, Алматы, Қазақстан, email: qydyr.torali@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-9549-256X
Наурызбай Таганович Утпинов	ғылыми қызметкер, PhD, Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: info@muftyat.kz, ORCID ID: 0009-0007-6122-6192
Толеби Дадилулы Оспан	PhD докторант, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: otolebi@list.ru, ORCID ID: 0009-0003-3657-6052
Торали Едилбайулы Кыдыр	директор, кандидат филологических наук, Исламский научно-исследовательский институт ДУМК, Алматы, Казахстан, email: qydyr.torali@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-9549-256X
Наурызбай Таганович Утпинов	научный сотрудник, PhD, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: info@muftyat.kz, ORCID ID: 0009-0007-6122-6192
Tolebi Ospan	PhD Student, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan, email: otolebi@list.ru, ORCID ID: 0009-0003-3657-6052
Torali Kydyr	Director, candidates of philology sciences, Islamic Research Institute, Astana, Kazakhstan, email: qydyr.torali@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-9549-256X
Nauryzbai Utpenov	Researcher, PhD, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan, email: info@muftyat.kz, ORCID ID: 0009-0007-6122-6192

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ КӨПҚЫРЛЫ ДІНИ БІРЕГЕЙЛІКТЕРІ: ИСЛАМ МЕН ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИ МҰРА АРАСЫНДА

А. Алтайқызы

АҢДАТПА

Бұл ғылыми мақала Қазақстандағы қазіргі қоғамдық дискурсты исламның қазақ ұлттық бірегейлігін қалыптастырудағы рөлі тұрғысынан талдайды. Соңғы жылдары қызу талқыланған ақпараттық кейстерді талдау негізінде қазақ тұрғындары арасында туындаған дін мәселелері жөніндегі пікірталастың бағыттары қарастырылады. Негізгі пікірлер күнделікті тілде ислам терминологиясын қолдану, діни киім кию, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қызметі мен «childfree» ұғымы, полигамияға қатысты көзқарастар, сондай-ақ діни қайраткерлер мен интернет қолданушыларының қоғамдық реакция тудырған мәлімдемелері төңірегінде өрбиді. Аталмыш мәселелерді талқылау діни шеңберден әлдеқайда асып, тіл, дәстүрлі мәдениет, отбасылық құндылықтар, әйел құқықтары, сөз бостандығының шекаралары және зайырлы мемлекет қағидалары сияқты кең ауқымды тақырыптарды қамтитыны көрсетілген. Қоғамдық дискурсты талдау негізінде қазіргі қазақ қоғамы мүшелерінің ислам мен оның ұлттық бірегейлік құрылымындағы рөлі жөніндегі дүниетанымдарының шартты типологиясы ұсынылды. Тұжырымдай келе, қазақ қоғамында көзқарастар спектрінің алуандылығы көрсетілді. Олар діни фундаментализмнен айқын зайырлылыққа дейінгі әртүрлі санаттарды қамтиды, ал олардың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар қоғамдық пікірталастың нақты тақырыбы мен мәселесіне байланысты өзгермелі екені анықталды. Исламның рөліне қатысты туындаған пікірталастар посткеңестік трансформация контекстінде ұлттық болмысты қайта пайымдау үдерісін және исламдық мұра, дәстүрлі қазақ мәдениеті мен зайырлы мемлекет құндылықтары арасындағы тепе-теңдікті іздеуді көрсетеді.

Түйін сөздер: көпқырлы діни бірегейліктер, қазіргі Қазақстан, ислам, дәстүрлі мәдени мұра, төңіршілдік, дәстүр.

ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және діntану институты, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
А.Алтайқызы,
aikerim.altaikyzy@gmail.com

Сілтеме:
Алтайқызы А. Қазіргі Қазақстандағы қазақтардың көпқырлы діни бірегейліктері: ислам мен дәстүрлі мәдени мұра арасында // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. – №3 (109). – Б. 241-249. – DOI: 10.48010/3nm4aq14

Ашық қолжетімділік
© Автор(лар), 2026
Бұл ашық қолжетімді мақала Creative Commons Attribution 4.0 International (CC BY 4.0) лицензиясының талаптарына сәйкес таратылады.
https://creativecommons.org/licenses/by/4.0/

Редакцияға түсті: 20/08/2026
Қабылданды: 10/09/2026
Онлайн жарияланды: 30/09/2026

Множественные религиозные идентичности казахов в современном Казахстане: между исламом и традиционным культурным наследием

Аннотация. Научная статья посвящена анализу современного общественного дискурса в Казахстане о роли ислама в формировании казахской идентичности. На основе анализа общественно значимых информационных кейсов последних лет рассматриваются основные направления полемики, возникающей среди казахского населения по вопросам религии. Основные дискуссии связанны с использованием исламской терминологии в повседневной речи, ношением религиозной одежды, деятельностью Духовного управления мусульман Казахстана и отношением к концепции «childfree», многоженству, а также публичными высказываниями религиозных деятелей и интернет-пользователей, вызвавшими широкий общественный резонанс. Показано, что обсуждение данных вопросов выходит далеко за рамки религиозной проблематики и затрагивает более широкий круг тем, такие как язык, традиционная культура, семейные ценности, права женщин, границы свободы выражения мнений и принципы светского государства.

На основании анализа общественного дискурса предложена условная типология мировоззренческих позиций представителей современного казахского общества по отношению к исламу и его роли в структуре национальной идентичности. Сделан вывод, что казахское общество характеризуется существованием широкого спектра взглядов: от религиозного фундаментализма до выраженного секуляризма, при этом границы между ними остаются подвижными и зависят от конкретного предмета и темы общественных дебатов. Показано, что продолжающиеся споры вокруг роли ислама отражают процесс переосмысления национальной идентичности в контексте постсоветской трансформации и поиска баланса между исламским наследием, традиционной казахской культурой и ценностями светского государства.

Ключевые слова: множественные религиозные идентичности, современный Казахстан, ислам, традиционное культурное наследие, тенгрианство, традиция.

Multiple Religious Identities of Kazakhs in Contemporary Kazakhstan: Between Islam and Traditional Cultural Heritage

Abstract. This academic article analyzes contemporary public discourse in Kazakhstan regarding the role of Islam in shaping Kazakh identity. Based on an analysis of socially significant information cases from recent years, it examines the main lines of debate arising among the Kazakh population on religious issues. The main debates revolve around the use of Islamic terminology in everyday speech, the wearing of religious attire, the activities of the Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan, and attitudes toward the concept of "childfree" living and polygamy, as well as public statements by religious figures and internet users that have sparked widespread public reaction. It is shown that discussions of these issues extend far beyond religious matters and touch upon a broader range of topics, such as language, traditional culture, family values, women's rights, the limits of freedom of expression, and the principles of a secular state.

Based on an analysis of public discourse, a tentative typology of the worldviews held by members of contemporary Kazakh society regarding Islam and its role in the structure of national identity is proposed. It is concluded that Kazakh society is characterized by a wide spectrum of views, ranging from religious fundamentalism to pronounced secularism, with the boundaries between them remaining fluid and dependent on the specific subject and topic of public debate. It is shown that the ongoing debates surrounding the role of Islam reflect the process of rethinking national identity in the context of post-Soviet transformation and the search for a balance between Islamic heritage, traditional Kazakh culture, and the values of a secular state.

Keywords: Multiple Religious Identities, Contemporary Kazakhstan, Islam, Traditional Cultural Heritage, Tengrism, Tradition.

Кіріспе

Соңғы жылдары Қазақстанда, дәлірек айтқанда қазақ халқы арасында, тарихи контексте және қазіргі қазақ бірегейлігінің қалыптасу үдерсінде исламның үлгісі мен орны туралы қоғамдық пікірталастар жиі туындап отырады. Бұл әдетте айқын діндар мұсылмандар мен номиналды немесе зайырлы мұсылмандар, сондай-ақ қоғамның діндар емес бөлігі арасында әртүрлі, кейде тіпті мүлдем қарама-қайшы дүниетанымдық ұстанымдар болғандықтан, қоғамдық пікірлер қақтығыстары орын алады.

Осыған орай, бұл ғылыми мақалада автор соңғы 2-3 жылдар көлемінде қазақстандық онлайн желілерде резонанс тудырған діни уақиғаларға талдау жасайды. Осы кейстердің негізінде исламның орны туралы пікірталастардың табиғаты анықталып, қазақ қоғамында бүгінгі күні кездесетін діни бірегейлік сипаттарын бірқатар санаттарға бөліп қаратыруға талпыныс жасалады.

Сонымен қатар, қазіргі заманғы паганизм көріністерін анықтау мақсатында Майкл Стрмискидің, Майкл Йорктің, Марлен Ларуэльдің, Физули Баят пен Хақтан Қапланның зерттеулері қарастырылады және Қазақстандағы неотәңіршілдіктің белгілері айқындалады.

Әдіснама

Ғылыми мақалада ислам мен дәстүрлі мұра арасындағы қазіргі Қазақстандағы қазақтардың көпқырлы діни бірегейліктерін анықтау мақсатында қоғамдық пікірге, дәлірек айтқанда, соңғы жылдары халық арасында кеңінен талқыланған діни уақиғалар мен мәселелерге дискурс-талдау жасалды. Олардың қатарында мұсылмандық дәстүрге сәйкес амандасу, ислами имиджге сәйкес киіну және одан танымал адамдардың бас тартуы, баланы жоспарлауға қатысты мүфтияттың жасаған пәтуасы, зайырлы отбасы және діни неке, сондай-ақ ұлттық құндылықтарға тіл тигізді деп айыпталған қылмыстар сияқты мәселелер бар.

Бұл талдаудың қорытындылары негізінде жіктеу әдісін қолдану арқылы бүгінгі қазақтардың діни бірегейліктерінің түрлерін анықтауға талпыныс жасалды. Олар фундаменталистік діни көзқарастағы діндар мұсылмандар, ұстамды көзқарастағы діндар мұсылмандар, номиналды мұсылмандар, ұстамды діндар емес қазақтар, агностиктер мен либералды бағыттағы қазақтар, радикалды атеистер және шартты түрде дәстүршіл деп сипаттауға болатын адамдар деген санаттарға бөлініп, әрқайсысына сипаттама жасалды.

Қазақстанда соңғы жылдары ақпараттық кеңістікте резонанс тудырған діни уақиғаларды талдау

Тарихи контексте және қазіргі қазақ бірегейлігінің қалыптасу үдерсінде исламның үлгісі мен орны туралы бұл дискурс көбінесе әлеуметтік желілерде байқалады, яғни қазақстандық онлайн пайдаланушылар арасында ақпараттық пікірталастар түрінде өтеді. Бұл пікірталастар аясында мұсылман әйелдерінің сыртқы бейнесіне, сондай-ақ күнделікті сөйлеуде ислам терминологиясын қолдануға бағытталған.

Сонымен қатар, қазақ қоғамының белгілі бір бөлігі мұндай өзгерістерді қазақ мәдениеті мен оған тән ерекшелігінің дәстүрлі түсініктеріне ықтимал «қауіп» ретінде қабылдайды, бұл процестерді «арабтану» деп атау да жиі кездеседі. Онлайн пікірталастар тек цифрлық платформалардағы қарапайым қатысушылар арасында ғана емес, сонымен қатар кейбір мәселелерде осы талқылаулардың нысанына немесе субъектісіне айналатын қоғам көшбасшылары, мәдениет қайраткерлері, ірі бизнес өкілдері және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қызметкерлері арасында да өрбиді.

Соңғы жылдары көпшіліктің назарын ерекше аударған және жоғарыда сипатталған үрдістерді дәлелдейтін бірнеше мысалды қарастырсақ:

2025 жылдың сәуірінде ірі құрылыс холдингі BI Group компаниясының басшысы Айдын Рахымбаев әлеуметтік желілерде қазақ тілінде сәлемдесудің үлгілерін қолдану туралы бірқатар жазбалар [1] жариялады. Жарияланған материалдарға сәйкес, автор кеңінен қолданылатын «сәлем» және «ассалаумағалейкум» амандасу түрлерін еврей және араб тілдерінен шыққан деп мәлімдеп, оларды шынайы қазақ тіліндегі «армысыз» және «аман-есенсіз бе» тіркес-терімен алмастыруды ұсынды. Бұндай ұсыныс пен бастама айтарлықтай қоғамдық наразылық тудырды. Діни қауымдастықтың бір бөлігі бұл пікірді қалыптасқан ислам дәстүрлері мен олардың қазіргі заманғы қазақ мәдениетіндегі рөлін жоққа шығару немесе қайта қарау әрекеті ретінде қабылдады.

Діни мазмұнда контент таратып, осы бағыттағы имиджге сәйкес киім үлгісін сақтап келген миллиондаған оқырманы бар бірқатар қазақстандық блогерлер 2025-2026 жылдары орамал тағудан жария түрде бас тартты [2, 3, 4]. Инфлюенсерлердің өздері бұл шешімдерін жеке дағдарыспен, эмоционалдық күйзеліспен және қоғамдық қысым мен діни тақырып төңірегіндегі тұрақты туындап отыратын «даудан» шаршаумен байланыстырды. Мұндай жария түрде діни киімнен бас тарту оқиғалары қазақстандық қоғамдық пікір кеңістігін екі қарама-қарсы тарапқа бөлді, дін мен діни сәйкестік мәселелері бойынша пікірлердің поляризациясына одан әрі ықпал етті.

2026 жылдың 23 маусымында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы өзінің ресми веб-сайтында «childfree» ұғымы ислам құндылықтарына қайшы келетінін, отбасы институтын әлсірететінін және ұлттың болашағына кері әсер ететінін мәлімдейтін пәтуа [5] жариялады. Бұған қатысты да қоғамдық пікірталаста қарама-қайшы ұстанымдар пайда болды: халықтың зайырлы бағыттағы өкілдері мүфтиятты жеке таңдау мен жеке өмірге араласты деп айыптады.

Сонымен қатар, қоғамда полигамия және «тоқал институты» төңірегіндегі тақырыптар үнемі талқыланып, бұдан туындайтын әртүрлі өзекті мәселелер өрбиді. Қоғамның кейбір мүшелері бұл тәжірибені діни нормалар арқылы ислам тұрғысынан заңдастыруға тырысады, яғни отбасылық қарым-қатынастың әлеуметтік әдепке сай модельдердің бірі және әйел мен еркек арасындағы одақтың түрі ретінде қарастырады. Ал басқа тараптағылар мұндай тәжірибелер әйел құқықтары, гендерлік теңдік және мемлекеттің зайырлы сипаты туралы қазіргі заманғы түсініктерге қайшы деп санайды.

Дегенмен, кейбір жағдайларда қоғамдық көзқарастардың конфронтациясы онлайн талқылаумен шектелмей, бұдан күрделі нәтижелерге ұласады. Мысалы, 2026 жылдың наурыз айында танымал сопы шейхтерінің бірі (оның ізбасарлары «пір» деп атайды), Нақшбанди тариқатының өкілі Құрбанәлі Ахмедов журналист Жанар Байсеміздің [6] YouTube арнасындағы сұхбатынан кейін «көп әйел алу, сондай-ақ өзінің некелескен жұбайымен сөзге келіспеген кезде жасаған шешімі» туралы айтқан сөздеріне байланысты қоғамдық жанжал тудырды. Бұл уақиғаға байланысты тіпті Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы уағызшының ресми діни қызметкерлермен ешқандай байланысы жоқ деп мәлімдеме жасауға мәжбүр болды. Оған қоса, Құрбанәлі Ахмедов Алматы қалалық полиция департаментімен әкімшілік жауапкершілікке тартылып, айыппұл салынды [7].

Сонымен қатар, жекелеген желіде айтылған жария сөздер тек қоғамдық наразылыққа ғана емес, сонымен қатар қылмыстық жауапкершілікке де әкелген кейстер болды. Мәселен, 2026 жылдың маусым айында Ақтөбе қалалық соты Азат Қонысты «домбыра» туралы жария сөздері үшін 3,5 жылға бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарды [8]. Тағы бір мысал

– TikTok блогері Ербол Рүстемұлы «Наурыз мерекесі харам» деп мәлімдеген бейнежазба жариялағаннан кейін қамауға алынды [9].

Тағы бір оқиға Түркістан облысының 66 жасар тұрғынының тойда діни уағыз жасауымен байланысты. Оның әйелдер мен басқа да әлеуметтік мәселелер бойынша аса оңшыл бағыттағы айтқан сөздері қоғамда ерекше наразылық тудырып, әлеуметтік желілерде кеңінен тарады. Сол себепті құқық қорғау органдары бұл жағдайға араласуға мәжбүр болды. Осылайша, қылмыстық кодекстің 174 бабы бойынша діни және әлеуметтік алауыздықты тудырды деген айыппен тұтқындалды [10]. Орын алған жағдай Қазақстандағы қоғамдық пікірдің алуандығын және діни көзқарастардың кешенділігін тағы да айшықтады. Бір тарап қария жастағы адамды сөгу дұрыс емес деп есептесе, басқа топтар айыппұл жеткілікті немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылу керек деген әртүрлі ойларды білдірді. Бұл мәселе мұсылмандардың имиджі мен ислам құндылықтарына қатысты болғандықтан Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы да әлеуметтік желілерде мәлімдеме жасады. Мүфтият діни тақырыптарға келгенде ресми қызметтегі білікті ғалымдардың түсіндірмелеріне ғана сүйеніп, қоғамның ауызбіршілігін сақтауға шақырды [11].

Қазақ қоғамындағы бұл феноменді, жалпылай алғанда, посткеңестік бірегейліктің қалыптасуы және исламның бұл үдерістегі рөлінің анықталуы барысында ислам мен дәстүрлі мәдени мұра арасындағы тепетеңдікті қазақ халқының идеологиялық ізденісі деп түсіндіруге болады. Бұл қазақтардың бірнеше буыны басқа тарихи және саяси жағдайда қалыптасқандығымен байланысты, ол заманда және ортада діни тәжірибелер мен құндылықтар әлеуметтік өмірден ығыстырылып, басқа идеологиялық нұсқаулармен алмастырылды. Сонымен қатар, дәстүрлі өмір салты түбегейлі өзгерістерге ұшырады, ал этникалық қазақтардың айтарлықтай бөлігі «советтендіру» үдерсі барысында ана тілін меңгеруден жартылай немесе толықтай айырылды. Бұл құбылыстың тарихи-теориялық негіздері отандық дінтанушылардың еңбектерінде де талданады. Атап айтқанда, Ж. Тұрғанбаева мен әріптестерінің зерттеуінде [12] дәл осы посткеңестік трансформация үдерісі – исламдық бірегейліктің кеңестік дәуірде ығыстырылуы мен тәуелсіздік алғаннан кейінгі қайта жаңғыруы – теориялық тұрғыдан негізделіп, дінді ұлттық болмыстың ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қайта пайымдау қажеттігі көрсетілген.

Қазіргі уақытта қазақ қоғамы әртүрлі идеалдар мен дүниетанымдарға сүйене отырып, ұлттық бірегейліктің заманауи тұжырымдамасын пайымдау және қайта құру үдерісінде. Қоғамның белгілі бір сегменті үшін діни және рухани құндылықтар олардың дүниетанымының негізгі қағидаттары болып табылады. Осыған байланысты олар исламды өздерінің жеке ерекшелігі мен тұлғасының ажырамас элементі ретінде қабылдайды. Өз кезегінде, қазақ халқының тағы бір бөлігі, ең алдымен, ұлттық бірегейлігінің басты іргетасы ретінде қазақ тілінің, этникалық дәстүрлердің және мәдени мұраның маңыздылығына айрықша мән береді.

Жоғарыда аталған тараптар арасында қазіргі заманғы қазақ бірегейлігінің қалыптасуында исламның орны туралы көзқарастар құбылып отырады, әртүрлі спектрлерді қамтиды және әртүрлі идеологиялық ұстанымдар арқылы көрініс тапқан. Бұл ұстанымдар мен көзқарастарды ескеріп, шартты түрде оларды келесідей жіктеуге болады:

- Фундаменталистік діни көзқарастағы діндар мұсылмандар – бұл санат өкілдері көбінесе бірқатар жергілікті мәдениетке тән дәстүрлерді сынға алады, исламдық бірегейлікке этникалық немесе азаматтық сәйкестіктерге қарағанда басымдық береді;

- Ұстамды көзқарастағы діндар мұсылмандар – әдетте, діни және этникалық болмысты бір-біріне қарсы қоймай, өзара ұштастыруға / үйлестіруге тырысады;

- Номиналды мұсылмандар – діни қағидаларды ішінара орындайды, алайда күнделікті тұрмыста көбіне этникалық, зайырлы немесе азаматтық сәйкестілікке пен болмысқа сүйенеді;

- Ұстамды діндар емес қазақтар – әдетте дін мәселелерінде бейтараптылық көрсетеді, нақты бір діни немесе дінге қарсы бағыт-бағдарын ашық көрсетпейді;

- Агностиктер мен либералды бағыттағы қазақтар – айқын бір діни бірегейлікті (сәйкестілікті) ұстанбаса да, Құдайдың бар екенін жоққа шығармайды, бірақ діндарлықтың жария түрде көрсетілуіне және консерватизмге жиі сыни көзбен қарайды;

- Радикалды атеистер – қазақ мәдениеті мен дүниетанымының қалыптасуындағы ислам мұрасының маңызын жоққа шығарады;

- Шартты түрде дәстүршіл деп сипаттауға болатын адамдар – бұл ерекше категория, оның өкілдері консервативті көзқарастарды ұстанады, алайда қоғамда діндарлық пен діншілдіктің күшеюін сынайды. Сонымен бірге, либералдық және «батыстық» құндылықтарды негативті қабылдай отырып, дәстүрлі қазақ мәдениеті мен ұлттық әдет-ғұрыптарды сақтауға басымдық береді. Бұған қоса, кейбіреулері қазақ тарихындағы және болмысындағы исламның орнын мойындамай, қазақ халқының өзіндік ерекше табиғаты мен дүниетанымы бар деп есептейді.

Бұл типологияның шартты әрі жалпылама екенін атап өткен жөн. Себебі соңғы жылдардағы қоғамдық дискурсты талдау дінге және исламның рөліне деген көзқарастың нақты тақырыпқа, контекстке және қарастырылып жатқан мәселеге байланысты айтарлықтай өзгеріп отыратынын көрсетеді. Осыған байланысты, жоғарыда аталған санаттар арасында нақты шекара сызып, әрдайым әрқайсысына айқын анықтама беру мүмкін бола бермейді, өйткені әр топ өкілдерінің пайымы мен көзқарастары талқыланатын мәселеге қарай бір-бірімен сәйкес немесе қарама-қарсы келіп және өзгеріп отыратынын байқауға болады. Бұл құбылыс қазіргі қазақ халқының діни болмысы көпқырлы, үдемелі әрі күрделі сипатқа ие екенін айғақтайды.

Қазіргі заманғы паганизм және Қазақстандағы неотәңіршілдіктің көріністері

Бір бірегейліктің өкілдері арасында жекелеген мәселелер бойынша қарама-қайшы ұстанымдардың кездесуінің айқын көрінісі мен дәлелі ретінде соңғы уақытта жиі туындайтын «тәңіршілдік» мәселесін айтуға болады. Жалпы қазіргі бірқатар мемлекеттерде паганизм көзқарастарының қайта жанданып, ерекше субмәдениет ретінде таралуы байқалады. Неопаганизмнің «Нью Эйдж (New Age)» [13] қозғалысымен байланысы да жиі кездеседі. Себебі бұл ағым мүшелері барлық діндерді біріктіру керек деп есептейді және әр елде жергілікті дүниетаным мен дәстүрлерге бейімделеді. Сонымен қатар, жаңа ғасыр идеясы астрология, сиқыр мен психологиядағы ойларды да қамтиды, оккультизм мен эзотериканың элементтері де кездеседі.

Неопаганизм идеялары туралы 90 жылдар мен 2000 жылдардың басында белсенді зерттеулер жасалды. Мәселен, американдық ғалым Майкл Стрмискидің өңдеуімен 2005 жарияланған «Әлемдік мәдениеттердегі қазіргі заманғы паганизм: салыстырмалы көзқарастар» [14] атты ұжымдық монография XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басы аралығына тән гетерогенді әлеуметтік-мәдени және діни құбылыс ретінде неопаганизм феноменіне салыстырмалы талдау жасайды. Авторлар постмодерн үдерістері аясында антропологиялық, әлеуметтанулық және дінтанулық тәсілдер аясында қарастырып, неопаганизм қозғалыстарын былай жіктейді:

1) Эклектикалық немесе әмбебап неопаганизм – негізінен англо-американдық аймақта таралған (викка, неодруидизм). Бұл түрі жеке рухани ізденістерге, экоцентризмге, либералдық құндылықтарға және феминистік дискурсқа бағытталған.

2) Реконструкциялық немесе этноұлттық неопаганизм – Орталық және Шығыс Еуропа аймақтарына тән (Балтық, славян және скандинавиялық қозғалыстар). Ол христиандыққа дейінгі байырғы культтерді қалпына келтіру әрекеттеріне негізделген және ұлттық бірегейлікті жаңадан қалыптастыру, тарихи «түптамырды» іздеу және мәдени негіздерді қорғау үрдістерімен тығыз байланысты.

Бұлай жіктелуді зерттеушілер саяси өлшем және радикализм арасындағы неопаганизмнің амбивалентті саяси болмысымен түсіндіреді. Яғни батыстық сегментте солшыл-либералды және экологиялық синкретизм таралған болса, шығыс еуропалық реконструкционизм көбінесе этноұлтшылдықпен байланысты, оның радикалды түрлерінде аса оңшыл саяси идеологиялар кездеседі. Авторлар кейде паганизмдік өткенді романтизациялауды қолдану арқылы радикалды топтар әлеуметтік оқшаулану мен этносаралық немесе дінаралық қақтығыстарды қоздыру үшін пайдаланады деп санайды.

Сондай-ақ, ғалымдар қазіргі паганизмнің жануын зайырлылыққа, урбанизацияға және жаһандық жеке бірегейлік дағдарысына реакция ретінде туындауымен байланыстырады. Архаикалық үлгілерге оралу және неопаганизмдік бірегейліктерді қайта құру дәстүрлі институттардың ыдырауы дәуірінде қорғаныс механизмі және балама

мағына қалыптастыру жүйесі ретінде түсіндіріледі.

Ал Майкл Йорк «Паганизм теологиясы: паганизм әлемдік дін ретінде» [15] еңбегінде пұтқа табынушылықты әлемдік дін ретінде қарастырады. Ол 2000 жылдардың басындағы пұтқа табынушылықты қытай халық діні, синтоизм, тайпалық діндер және Батыстағы неопаганизм сияқты формаларда кездеседі деп сипатайды. Оның пікірінше, бұл дәстүрлердің ізбасарлары өздерінің сенімдері мен тәжірибелерін сипаттау үшін «паганизм» терминін қолданбаса да, Йорк оларды «паганизмге» тән белгілері мен түсініктері болғандықтан осы атауға сай келеді. Ол бұл белгілерді сипаттап, басқа діндердегі діни мінез-құлықты зерттеу мақсатында негізгі әлемдік діндерді зерттейді. Автор олар пұтқа табынушылыққа жатпаса да, паганизмнің элементтері кездеседі деп есептейді. Әсіресе буддизм мен индуизмге ерекше назар аударады. Оның тұжырымына сәйкес, паганизм теологиясы оны әлемдік дін ретінде бекітеді, яғни дін, мінез-құлық және теология ретінде қарастырады.

Қазіргі Қазақстан үшін «неотәңіршілдік» [16] осы жаһандық үрдістің бір бөлігі десек болады. Сонымен қатар, Майкл Стрмискидің жасаған жіктемесіне сәйкес эклектикалық немесе әмбебап неопаганизм мен реконструкциялық немесе этноұлттық неопаганизмнің екеуінің де белгілері кездеседі. Сол себепті қазақстандық паганизмде англо-американдық либерализмге де және еуропалық тарихи түптамыр ізденісіне де тән сипаттамалар бар.

Қазақстан мен Орталық Азиядағы тәңіршілдік туралы Марлен Ларуэль бірқатар мақалалар жариялаған: «Діни жаңғыру, ұлтшылдық және «дәстүрді құрастыру»: Орталық Азия мен Татарстандағы саяси тәңіршілдік» [17], «Тәңіршілдік: Орталық Азияның рухани тамырлары ізденісінде» [18]. Ларуэльдің пікірінше, посткеңестік тәңіршілдік пайда болуын ұлттық бірегейлік ізденісімен, ұлтшылдықпен және этникалық болмыспен байланысты. Оның өкілдері өткенді ұлттық дәстүрлер арқылы қайтадан қалыптастыруға ұмтылады.

Сондай-ақ, тәңіршілдік идеялары Орталық Азия шеңберінен шығып, Түркия мен Әзербайжан сияқты елдерде де кездесетінін айтуға болады. Мәселен, ол туралы Физули Баят пен Хақтан Қапланның «Тәңіршілдіктің ежелгі түрік сенім жүйесінен қазіргі дәуірге дейінгі теологиялық трансформациясы және оның мәдени өзара әрекеттесуі» [19] атты мақаласында талданады. Ғалымдар пәнаралық тәсіл арқылы тәңіршілдіктің тарихи трансформациясы мен постислами түрік мәдениетіндегі сабақтастығын зерттейді. Олардың тұжырымына сәйкес тенгризмді архаикалық сенім сарқыншағы деп түсіну қате, ол – ауқымды теологиялық парадигма және космология, саяси легитимділік, этикалық қағидалар мен ежелгі түркі қоғамдарындағы киелілік дүниетанымын біріктіреді. Авторлар исламды қабылдағаннан кейін тәңіршілдік жоғалмады, ол фольклорде, халық сенімнанымдарында, ғұрыптық тәжірибелерде және әлевит-бекташ дәстүрлерінде сақталған деп санайды. Тенгризм түрік мәдени жадында және халықтық діни тәжірибеде динамикалық теологиялық парадигма ретінде қызметін жалғастыруда.

Ғалымдардың пікірінше, әлевит-бекташ нефестерінде (әндерінде) және рәсімдік тәжірибелерде айқын көрініс тапқан киелілікті табиғат тұрғысынан түсіну, адам, ғалам және Құдай арасындағы көлденең қарым-қатынас моделі және ғарыштық әділеттілік ұғымы тәңіршілдік дүниетанымына таңқаларлықтай ұқсас. Бұл дәстүр – тек исламды бейортодоксалды интерпретациялау ғана емес, ислам тілі мен символизмі арқылы тәңіршілдікті қайта түсіндіру кеңістігі деп есептейді. Осы тұрғыда әлевит-бекташ дәстүрі ежелгі түркі діни ойының тарихи тереңдігі мен көп қырлы құрылымын түсінудің «кілтін» ұсынады.

Физули Баят пен Хақтан Қапланның түрік және әлевит-бекташ дәстүрі аясында тәңіршілдіктің белгілерін талдағаны қазақ халқының тарихи діни жадын түсінуде де көп нәрсені түсіндіреді және бірқатар ұқсастықтардың барын көрсетеді. Мәселен, Ясауи сопылық ілімі ислам дүниетанымына негізделгенімен, жергілікті дәстүрмен ұштасып келгені белгілі. Сонымен қатар, қазақ халқының рухани дәстүрлері мен тәжірибелеріне діни синкретизм тән. Алайда қазіргі Қазақстандағы тәңіршілдіктің болмысы өзгеше. Оны төменде неотәңіршілдік деген атаумен тоқталамыз.

Қазақстандық неотәңіршілдіктің нақты тұжырымдамасы белгісіз. Оның ізбасарлары әртүрлі анықтама беруі мүмкін және әр адам өз бетінше түсінеді. Алайда, ортақ

бір діни ұйымға айналып қызмет етуге тырысады. Мәселен, 2024 жылдың 29 наурызында Алматы қаласында шаман және тәңіршілдердің алғашқы құрылтайы өтті [20]. Іс-шараның ұйымдастырушы Қазақстандағы тәңіршілдіктің белсенді мүшесі болып табылады. Оның пікірінше, Қазақстанда тәңіршілердің саны біз ойлағаннан әлдеқайда көбірек. Егер саналы тәңіршілдердің саны 20% жуықтап қалса, тұсау кесу, жеті шелпек пісіру, қырқынан шығару, ас беру және бет ашар жасау арқылы тәңіршілдіктің дәстүрлерін орындап, осы дүниетанымға сәйкес бейсаналы өмір сүреді деп есептейді. Ал аталмыш жылдың 24 тамызында тәңіршілдік ағымының белсенділері ePetition платформасы арқылы оны ресми діндердің бірі ретінде тіркеу туралы петиция жариялады [21]. Бірақ қажетті қолтаңбалардың саны жиналмағандықтан, бұл бастама жүзеге аспады.

Тәңіршіл қауымдастық мүшелері мен мұсылмандар арасында әртүрлі идеологиялық мәселелер бойынша даудамайлар жиі болады [22]. Көп жағдайда, тәңіршілдер мұсылмандарды либералды құндылықтарға қарсы болуын сынайды. Сонымен қатар мұсылман болғысы келмейтін қазақтар бар, оларда, бұған қарамастан, рухани тәжірибеге деген ізденіс пен қажеттілік бар. Сондықтан мантралар оқу және чакралық тыныс алу сияқты ғұрыптарды жасайды. Осы орайда, тәңіршілдік ұлттық болмысты сақтауға көмектеседі деп есептейді. Яғни олар – атеист немесе күпіршілер емес, ата-баба сенімін жалғастырушылар деген пікірде.

Қорытынды

Қорытындылай келе, соңғы жылдардағы қоғамдық дискурсты талдау қазіргі Қазақстандағы исламның тек діни институт қана емес, сонымен қатар ұлттық бірегейлікті қайта қарастырумен байланысты әлеуметтік және мәдени процестердің маңызды элементі екенін көрсетеді. Қоғамдық пікірде ең қызу талқыланатын тақырыптар – күнделікті тәжірибеге және бірегейліктің сыртқы белгілеріне қатысты мәселелер, яғни діндарлықтың сыртқы атрибуттары, ислам терминологиясын қолдану, дін қызметкерлерінің қоғамдық өмірдегі рөлі, отбасы институты, әйелдердің мәртебесі және ислам нормалары мен дәстүрлі қазақ мәдениеті мен мемлекеттің зайырлы қағидаттары арасындағы байланыс төңірегінде өрбиді. Сонымен қатар, мұндай талқылаулардың айтарлықтай бөлігі діни мәселелерден де кеңірек ұғымдарды қамтиды. Мысалы, тіл, тарихи жад, ұлттық мәдениет, азаматтық бірегейлік және жария пікір білдірудің қоғамда қалыптасқан түсініктер мен құндылықтарға қарсы келмеу мәселелерін қозғайды.

Қарастырылған мысалдар қоғамдық пікірталастың интернеттен кеңістігінен шығып, мемлекеттік мекемелердің, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының, бизнес өкілдерінің, БАҚ және құқық қорғау органдарының қызметіне әсер етіп жатқанын көрсетеді. Кейбір жағдайларда қоғамдық наразылық әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке дейін апарады, бұл дін мен бірегейлікке қатысты мәселелердің жоғары әлеуметтік сезімталдығын көрсетеді.

Талдау, сонымен қатар, қазақ халқының исламға деген көзқарасын «діни – зайырлы» деген қарапайым дихотомияға сыйдыруға болмайтындығын айғақтайды. Қазіргі заманғы қазақ қоғамы діндарлық дәрежесіне, исламның қоғамдық өмірдегі рөлін түсінуіне, ұлттық дәстүрлер мен зайырлы мемлекет қағидаттарына қатысты көзқарасына байланысты ерекшеленеді, осыған байланысты кең ауқымды идеологиялық ұстанымдардың әртүрлілігімен сипатталады. Сондай-ақ, бұл ұстанымдарға сәйкес анықталған топтар арасындағы ортақ және қарама-қайшы көзқарастар бар және көбінесе қоғамда туындайтын тақырыптың нақты контекстіне байланысты өзгермелі болып келеді, бұл қазіргі заманғы қазақ бірегейлігінің көп қырлы сипаты мен күрделілігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, Қазақстандағы бұл дискурстар посткеңестік кезеңде ұлттық бірегейліктің жаңа моделін қалыптастырудың әлі де жалғасып келе жатқанын көрсетеді деген қорытынды жасауға болады. Ислам мұрасы, дәстүрлі қазақ мәдениеті, этникалық құндылықтар және қазіргі заманғы зайырлы мемлекет қағидаттары арасындағы қолайлы тепе-теңдікті іздеу – әлеуметтік трансформацияның негізгі бағыттарының бірі. Дәл осы үдеріс аясында исламның қоғамдық өмірдегі орны, сондай-ақ қазіргі заманғы қазақ болмысының мазмұны туралы жаңа идеялар қалыптасуда, бұл әлеуметтік, саяси және мәдени факторлардың әсерінен үнемі өзгеріп отыруы ықтимал.

Қаржыландыру

Бұл мақала BR31714927 «Қазақстандық динамиканың социеталды контекстіндегі көпқырлы біре-гейлік пен қоғамдық консенсус: гибридті сын-қатерлер жағдайында азаматтық бірлік модельдерін іздеу» атты фундаменды ғылыми зерттеу жұмысы аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылған.

Әдебиеттер тізімі

1 Рахимбаев, А. [Facebook post]. Facebook. https://www.facebook.com/rakhimbaev/posts/%D0%B0%D1%80%D0%BC%D1%8B%D1%81%D1%8B%D0%B7%D0%B4%D0%B0%D1%80-%D0%B4%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%80%D1%8B%D0%BC-%D1%81-%D1%87%D0%B5%D1%81%D1%82%D1%8C%D1%8E-%D0%B8-%D0%B2-%D0%B7%D0%B4%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%B8%D0%B8-%D0%BB%D0%B8-%D0%BF%D0%BE%D0%B6%D0%B8%D0%B2%D0%B0%D0%B5%D1%82%D0%B5-%D1%82%D0%B0%D1%80%D0%B8%D1%85%D1%88%D1%8B%D0%BB%D0%B0%D1%80%D0%BC%D0%B5%D0%BD-%D3%99%D2%A3%D0%B3%D1%96%D0%BC%D0%B5%D0%BB%D0%B5%D1%81%D0%BA%D0%B5%D0%BD/42041190-43157168/

2 Снять платок и начать заново: Кто еще из звезд Казахстана снял хиджаб. (2026, May 6). *Kursiv*. https://kz.kursiv.media/2026-05-06/aina-snyat-platok-i-nachat-zanovo-kto-eshhe-iz-zvezd-kazahstana-snyal-hidzhab/

3 Ещё одна известная казахстанская блогер сняла хиджаб. *Bes.media*. https://bes.media/news/eshyo-odna-izvestnaya-kazahstanskaya-bloger-snyala-hidzhab-ad9f15/

4 Казахстанский блогер обвинил инфлюенсеров в моде на снятие хиджаба в Сети. *NewTimes.kz*. https://newtimes.kz/obshchestvo/219451-kazakhstanskii-bloger-obvinil-infliuenserov-v-mode-na-sniatie-khidzhaba-v-seti

5 Чайлдфри үкімі. (2026, June 23). *Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы*. https://www.muftyat.kz/kk/fatwa/fetvy/2026-06-23/48551-chajldfri-km/

6 Құрбанәлі ишан. *Намаз оқымайтындар Тозаққа кете ме?* [Video]. YouTube. https://www.youtube.com/watch?v=YlZvaIFLZJo

7 Podcast fallout: Imam punished for 'gift' wife comment. (2026, March 30). *Kursiv*. https://kz.kursiv.media/en/2026-03-30/engk-yeri-podcast-fallout-imam-punished-for-gift-wife-comment/

8 В Актобе вынесли приговор мужчине, назвавшему домбру «харамом». (2026, June 5). *Kursiv*. https://kz.kursiv.media/2026-06-05/nvbr-v-aktobe-vynesli-prigovor-muzhchine-nazvavshemu-dombru-haramom/

9 На высказывавшегося про Наурыз завели уголовное дело. *KazTAG*. https://kaztag.kz/ru/news/na-vyskazyvavshegosya-pro-nauryz-zaveli-ugolovnoe-delo

10 Коржумбекова, Р. (n.d.). «Музыка — харам, певцы — глашатаи шайтана»: На жителя Туркестанской области завели уголовное дело после речи на тое. *Orda.kz*. https://orda.kz/muzyka-haram-pevcy-glashatai-shajtana-na-zhitelja-turkestanskoj-oblasti-zaveli-ugolovnoe-delo-posle-rechi-na-toe-417489/

11 Muftyatkz. [Instagram post]. Instagram. https://www.instagram.com/p/DbnS59PiAjh/?igsh=NXRsdXI4amlyNWt1&img_index=6

12 Turganbayeva, Zh. Zh., Seitakhmetova, N. L., Bektenova, M. K., & Zhandosova, S. M. (2019). Islamic identity in the context of history and its prospects: Religious and political aspects. *Central Asia and the Caucasus, 20*(2), 99–110.

13 Levin, J. (2022). New Age healing: Origins, definitions, and implications for religion and medicine. *Religions, 13*(9).

14 Strmiska, M. (2005). *Modern paganism in world cultures: Comparative perspectives*. ABC-CLIO.

15 York, M. (2003). *Pagan theology: Paganism as a world religion*. NYU Press.

16 Алтайқызы, А. (2024). Қазақстандықтардың бұқаралық санасының діни аспектілері. *Әл-Фараби*, (4), 81–89.

17 Laruelle, M. (2007). Religious revival, nationalism and the 'invention of tradition': Political Tengrism in Central Asia and Tatarstan. *Central Asian Survey, 26*(2), 203–216.

18 Laruelle, M. (2006). Tengrism: In search for Central Asia's spiritual roots. *Central Asia-Caucasus Analyst, 8*(5), 3–5.

19 Bayat, F., & Kaplan, H. (2026). The theological transformation of Tengrism from the ancient Turkish belief system to the modern era and its cultural interactions. *Religions, 17*(6), Article 693.

20 Хакимов, А. Почему большинство казахов — «неосознанные» тенгрианцы? *Exclusive.kz*. https://exclusive.kz/pochemu-bolshinstvo-kazahov-neosoznannye-tengrianczy/

21 Улитин, И. «Мы не против ислама»: Почему тенгрианство просят зарегистрировать в Казахстане как официальную религию. *Orda.kz*. https://orda.kz/my-ne-protiv-islama-pochemu-tengrianstvo-prosjat-zaregistrirovat-v-kazahstane-kak-oficialnuju-religiju-390899/

22 Фатьянова, У. Как в Казахстане живут тенгрианцы. *CABAR.asia*. https://cabar.asia/ru/kak-v-kazahstane-zhivut-tengriantsy

Transliteration

1 Rakhimbayev, A. (n.d.). [Facebook post]. Facebook. https://www.facebook.com/rakhimbaev/posts/%D0%B0%D1%80%D0%BC%D1%8B%D1%81%D1%8B%D0%B7%D0%B4%D0%B0%D1%80-%D0%B4%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%80%D1%8B%D0%BC-%D1%81-%D1%87%D0%B5%D1%81%D1%82%D1%8C%D1%8E-%D0%B8-%D0%B2-%D0%B7%D0%B4%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%B8%D0%B8-%D0%BB%D0%B8-%D0%BF%D0%BE%D0%B6%D0%B8%D0%B2%D0%B0%D0%B5%D1%82%D0%B5-%D1%82%D0%B0%D1%80%D0%B8%D1%85%D1%88%D1%8B%D0%BB%D0%B0%D1%80%D0%BC%D0%B5%D0%BD-%D3%99%D2%A3%D0%B3%D1%96%D0%BC%D0%B5%D0%BB%D0%B5%D1%81%D0%BA%D0%B5%D0%BD/42041190-43157168/ (In Russian)

2 *Snyat' platok i nachat' zanovo: Kto eshche iz zvezd Kazakhstana snyal khidzhab* [Take off the headscarf and start over: Which other Kazakhstan celebrities have removed the hijab]. (2026, May 6). *Kursiv*. https://kz.kursiv.media/2026-05-06/aina-snyat-platok-i-nachat-zanovo-kto-eshhe-iz-zvezd-kazakhstana-snyal-hidzhab/ (In Russian)

3 *Eshchyo odna izvestnaya kazakhstanskaya bloger snyala khidzhab* [Another well-known Kazakh blogger has removed her hijab]. (n.d.). *Bes.media*. https://bes.media/news/eshyo-odna-izvestnaya-kazahstanskaya-bloger-snyala-hidzhab-ad9f15/ (In Russian)

4 *Kazakhstanskiy bloger obvinil influenserov v mode na snyatie khidzhaba v Seti* [Kazakh blogger accused influencers of creating a trend of removing the hijab online]. (n.d.). *NewTimes.kz*. https://newtimes.kz/obshchestvo/219451-kazakhstanskii-bloger-obvinil-infliuenserov-v-mode-na-sniatie-khidzhaba-v-seti (In Russian)

5 *Chayldfri ükimi* [Fatwa on childfree]. (2026, June 23). *Qazaqstan musulmandary dini basqarmasy*. https://www.muftyat.kz/kk/fatwa/fetvy/2026-06-23/48551-chajldfri-km/ (In Kazakh)

6 Qūrbänäli ishan. (n.d.). *Namaz oqımaytyndar Tozaqqa kete me?* [Will those who do not perform namaz go to Hell?] [Video]. YouTube. https://www.youtube.com/watch?v=YIZvaIFLZJo (In Kazakh)

7 *Podcast fallout: Imam punished for 'gift' wife comment*. (2026, March 30). *Kursiv*. https://kz.kursiv.media/en/2026-03-30/engk-yeri-podcast-fallout-imam-punished-for-gift-wife-comment/

8 *V Aktobe vynesli prigovor muzhchine, nazvavshemu dombu «kharamom»* [A man who called the dombra "haram" was sentenced in Aktobe]. (2026, June 5). *Kursiv*. https://kz.kursiv.media/2026-06-05/nvbr-v-aktobe-vynesli-prigovor-muzhchine-nazvavshemu-dombru-haramom/ (In Russian)

9 *Na vyskazyvavshegosya pro Nauryz zaveli ugolovnoe delo* [A criminal case was opened against a person who made statements about Nauryz]. (n.d.). *KazTAG*. https://kaztag.kz/ru/news/na-vyskazyvavshegosya-pro-nauryz-zaveli-ugolovnoe-delo (In Russian)

10 Korzhumbekova, R. (n.d.). *«Muzyka — kharam, pevtsy — glashatai shaitana»: Na zhitelya Turkestanskoy oblasti zaveli ugolovnoe delo posle rechi na toe* ["Music is haram, singers are heralds of Satan": Criminal case opened against a resident of Turkestan Region after a speech at a toi]. *Orda.kz*. https://orda.kz/muzyka-haram-pevcy-glashatai-shajtana-na-zhitelja-turkestanskoj-oblasti-zaveli-ugolovnoe-delo-posle-rechi-na-toe-417489/ (In Russian)

11 Muftyatkz. (n.d.). [Instagram post]. Instagram. https://www.instagram.com/p/DbnS59PiAjh/?igsh=NXRsdXl4amlyNWt1&img_index=6

12 Turganbayeva, Zh. Zh., Seitakhmetova, N. L., Bektenova, M. K., & Zhandosova, S. M. (2019). Islamic identity in the context of history and its prospects: Religious and political aspects. *Central Asia and the Caucasus, 20*(2), 99–110.

13 Levin, J. (2022). New Age healing: Origins, definitions, and implications for religion and medicine. *Religions, 13*(9).

14 Strmiska, M. (2005). *Modern paganism in world cultures: Comparative perspectives*. ABC-CLIO.

15 York, M. (2003). *Pagan theology: Paganism as a world religion*. NYU Press.

16 Ältaikyzy, A. (2024). Qazaqstandyqtardyñ būqarlyq sanasynyñ dini aspektileri [Religious aspects of the mass consciousness of Kazakhstanis]. *Äl-Farabi*, (4), 81–89. (In Kazakh)

17 Laruelle, M. (2007). Religious revival, nationalism and the 'invention of tradition': Political Tengrism in Central Asia and Tatarstan. *Central Asian Survey, 26*(2), 203–216.

18 Laruelle, M. (2006). Tengrism: In search for Central Asia's spiritual roots. *Central Asia-Caucasus Analyst, 8*(5), 3–5.

19 Bayat, F., & Kaplan, H. (2026). The theological transformation of Tengrism from the ancient Turkish belief system to the modern era and its cultural interactions. *Religions, 17*(6), Article 693.

20 Khakimov, A. (n.d.). *Pochemu bol'shinstvo kazakhov — «neosoznannye» tengriantsy?* [Why are most Kazakhs "unconscious" Tengrians?]. *Exclusive.kz*. https://exclusive.kz/pochemu-bolshinstvo-kazahov-neosoznannye-tengrianczy/ (In Russian)

21 Ulitin, I. (n.d.). *«My ne protiv islama»: Pochemu tengrianstvo prosyat zaregistrirovat' v Kazakhstane kak ofitsial'nuyu religiyu* ["We are not against Islam": Why are people asking for Tengrism to be registered as an official religion in Kazakhstan]. *Orda.kz*. https://orda.kz/my-ne-protiv-islama-pochemu-tengrianstvo-prosjat-zaregistrirovat-v-kazahstane-kak-oficialnuju-religiju-390899/ (In Russian)

22 Fat'yanova, U. (n.d.). *Kak v Kazakhstane zhivut tengriantsy* [How Tengrians live in Kazakhstan]. *CABAR.asia*. https://cabar.asia/ru/kak-v-kazahstane-zhivut-tengriantsy (In Russian)

АВТОР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Алтайқызы Айкерім	жетекші ғылыми қызметкер, PhD, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: aikerim.altaikyzy@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-9689-4592
Алтайкызы Айкерим	ведущий научный сотрудник, PhD, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: aikerim.altaikyzy@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-9689-4592
Aikerim Altaikyzy	Leading Researcher, PhD, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: aikerim.altaikyzy@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-9689-4592

ҒТАХР 21.15.47 | Ғылыми мақала

ИСЛАМДЫҚ ҰЙЫМДАР: ТАРИХИ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ДАМУ ҮРДІСТЕРІНЕ ШОЛУ

Е.Қ. Қасабекова, А.Д. Шағырбай

АҢДАТПА

Бүгінгі заманауи үдерістерді талдауда исламдық ұйымдар мен қозғалыстардың халықаралық қатынастардағы орнының біртіндеп күшейгенін аңғаруға болады. Олардың жұмысы жеке мемлекеттердің ішкі қоғамдық-саяси жағдайына, және сыртқы саяси басымдықтарына және әлеуметтік-экономикалық байланыстардың дамуына да белгілі бір деңгейде әсерін тигізіп келеді. Осы орайда исламдық ұйымдар мен қозғалыстардың пайда болуының алғышарттарын, идеологиялық ұстанымдарын, саяси және экономикалық ресурстарын, сондай-ақ қызмет ету формалары мен жүзеге асыру жүйелерін кешенді түрде зерделеу қазіргі ғылымның өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Ғаламдық саяси және әлеуметтік үдерістердің қазіргі сипаты исламдық ұйымдар мен қозғалыстардың қоғамдық және халықаралық кеңістіктегі рөлінің артып келе жатқанын көрсетеді. Олардың ықпалы халықаралық қатынастармен ғана шектелмей, жекелеген мемлекеттердің сыртқы саяси стратегияларына, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық салалардағы өзгерістерге де әсер етуде. Осы тұрғыдан алғанда, исламдық ұйымдар мен қозғалыстардың қызметін айқындайтын идеологиялық тұғырларды, саяси ұстанымдар мен экономикалық негіздерді, сонымен қатар олардың мақсаттарына қол жеткізу үшін қолданатын құралдары мен институционалдық тетіктерін кешенді зерттеу айрықша ғылыми маңызға ие. Исламдық ұйымдардың жаһандық үдерістерге де ықпалдастығы болатыны шартты құбылыс.

Түйін сөздер: ислам, қозғалыс, ұйым, діни, халықаралық қатынастар, жаһандану, саяси үдерістер.

ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
А.Д. Шағырбай,
almasbek85@gmail.com

Сілтеме:
Қасабекова Е.Қ., Шағырбай А.Д. Исламдық ұйымдар: тарихи қалыптасуы және қазіргі даму үрдістеріне шолу // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. – №3 (109). – Б. 250-259.
– DOI: 10.48010/ad7f6p43

Ашық қолжетімділік
© Автор(лар), 2026
Бұл ашық қолжетімді мақала Creative Commons Attribution 4.0 International (CC BY 4.0) лицензиясының талаптарына сәйкес таратылады.
https://creativecommons.org/licenses/by/4.0/

Редакцияға түсті: 21/08/2026
Қабылданды: 15/09/2026
Онлайн жарияланды: 30/09/2026

Исламские движения и организации: обзор на историческое становление и современные тенденции развития

Аннотация. Анализируя сегодняшние современные процессы, можно увидеть, что позиции исламских организаций и движений в международных отношениях постепенно укрепляются. Их деятельность оказывает определенное влияние на внутреннюю общественно-политическую среду отдельных государств, а также внешнеполитические приоритеты и развитие социально-экономических отношений. В связи с этим комплексное исследование предпосылок возникновения исламских организаций и движений, идеологических позиций, политических и экономических ресурсов, а также форм обслуживания и систем реализации является одним из актуальных направлений современной науки. Современный характер глобальных политических и социальных процессов показывает, что роль исламских организаций и движений в общественном и международном пространстве возрастает. Их влияние не ограничивается международными отношениями, но влияет и на внешнеполитические стратегии отдельных государств, а также на изменения в социальной и экономической сферах. С этой точки зрения особое научное значение имеет комплексное исследование идеологических основ, политических позиций и экономических основ, определяющих деятельность исламских организаций и движений, а также инструментов и институциональных механизмов, которые они используют для достижения своих целей. Вовлеченность исламских организаций в глобальные процессы – явление условное.

Ключевые слова: ислам, исламские движения, исламские организации, религия, международные отношения, глобализация, политические процессы.

Islamic Movements and Organizations: an Overview of Their Historical Formation and Contemporary Development Trends

Abstract. An analysis of contemporary processes shows that the role of Islamic organizations and movements in international relations has gradually increased. Their activities have a certain influence on the internal socio-political environment of individual states, as well as foreign policy priorities and the development of socio-economic relations. In this regard, a comprehensive study of the prerequisites for the emergence of Islamic organizations and

movements, ideological positions, political and economic resources, as well as forms of service and implementation systems is one of the topical directions of modern science. The current nature of global political and social processes shows that the role of Islamic organizations and movements in the public and international space is increasing. Their influence is not limited to international relations, but also affects the foreign policy strategies of individual states, as well as changes in social and economic spheres. The involvement of Islamic organizations in global processes is a conditional phenomenon.

Keywords: Islam, Islamic Movements, Islamic Organizations, Religion, International Relations, Globalization, Political Processes.

Кіріспе

Исламдық қозғалыстар – ислам нормалары мен шарттарына негізделген қоғамды қайта ұйымдастыруды мақсат ететін діни, саяси және әлеуметтік қозғалыстардың кең ауқымын қамтитын күрделі әрі көпқырлы құбылыс. Бұл үдерістерді айқындау барысында қолданылатын анықтамалар мен терминдерді, сондай-ақ, олардың мақсаттарын, қызмет ету әдістерін және идеологиялық негіздерін және түрлілігін көрсететінін баса айтуға болады. Мысалы, «исламдық радикализм» ұғымы көбінесе қоғамды түбегейлі өзгертуге бағытталған экстремистік әдістер мен радикалды идеологияларды ұстанатын қозғалыстарды сипаттау үшін қолданылады. Ал «фундаментализм» термині діни мәтіндердің мазмұнын тікелей ұстануға және белгілі бір діни ақиқаттың жалғыз әрі дұрыс екендігіне деген сенімге басымдық береді. «Жаңғыру» және «исламизмнің жаңғыруы» ұғымдары қазіргі қоғамда исламдық құндылықтар мен нормаларды қайта жандандыруға бағытталған ұмтылысты білдіреді.

Ал «исламдық белсенділік» ұғымы ислам қағидаттарын саяси, әлеуметтік және мәдени өмірге енгізуге бағытталған іс-әрекеттердің кең ауқымын қамтиды. Академиялық және саяси пікірталастарда қазіргі уақытта «исламизм» немесе «исламдық қозғалыстар» терминдері жиі қолданылып келеді. Бұл ұғымдар аталған қозғалыстардың саяси сипаты мен қазіргі кезеңдегі маңыздылығына баса назар аударады. Исламшыл қозғалыстар ислам қағидаттарына негізделген белгілі бір қоғамдық-саяси тәртіпті қалыптастыруға ұмтылады. Олардың мақсаттарының қатарында діни мемлекет құру, шариғат нормаларын құқықтық жүйеге енгізу және мұсылман қоғамдарында исламдық моральдық қағидаларды орнықтыру сияқты бағыттар кездеседі. Бұл қозғалыстардың маңызды ерекшеліктерінің бірі олардың мемлекеттік билікпен байланысының болуы. Осы сипат оларды діни уәждерге сүйенгенімен, саяси билікке қатысуға ұмтылмайтын діни қауымдастықтардан ерекшелейді. Ислам қозғалыстарының әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету және әлеуметтік тұрғыдан осал топтардың өмір сүру жағдайын жақсарту секілді мақсаттары дербес түпкі мақсат ретінде емес, одан да ауқымды стратегиялық міндет – идеологиялық тұрғыдан негізделген исламдық қауымдастық қалыптастырудың нәтижесі ретінде қарастырылады. Бұл ұстаным ислам қозғалыстарының саяси бағытта болғанына қарамастан, ислам дінінің негізгі діни қағидаттарына деген ұстанымын сақтайтынын көрсетеді. Қазіргі кезеңде исламдық ұйымдар мен қозғалыстардың қызметі ұлттық шекаралармен ғана шектелмейді. Көптеген ұйымдар халықаралық байланыстар орнатып, түрлі мемлекеттердегі мұсылман қауымдастықтарымен өзара әрекеттеседі. Бұл үдеріс ақпараттық технологиялардың дамуы, көші-қон, жаһандану және халықаралық коммуникациялардың кеңеюі арқылы одан әрі күшейе түсті. Осыған байланысты исламдық ұйымдардың халықаралық қатынастар жүйесіндегі орны мен олардың жаһандық саяси және әлеуметтік процестерге ықпалы зерттеудің маңызды бағыттарының біріне айналып отыр. Сонымен қатар исламдық қозғалыстарды біртұтас және біркелкі құбылыс ретінде қарастыруға болмайды. Олардың арасында діни-ағартушылық, әлеуметтік, саяси, реформалық және басқа да бағыттарды ұстанатын ұйымдар кездеседі. Олардың идеологиялық көзқарастары, мақсаттары, ұйымдастырушылық құрылымы және қоғамдық-саяси қызмет әдістері бір-бірінен ерекшеленеді. Сондықтан аталған қозғалыстарды ғылыми тұрғыдан талдау кезінде олардың тарихи қалыптасу жағдайларын, әлеуметтік ортасын, идеологиялық негіздерін және саяси ұстанымдарын кешенді түрде қарастыру қажет. Осыған байланысты зерттеу жұмысының өзектілігі исламдық ұйымдар мен қозғалыстардың тарихи қалыптасуын, қазіргі даму ерекшеліктерін және олардың қоғам мен халықаралық қатынастарға ықпал ету бағыттарын ғылыми тұрғыдан зерделеу қажеттілігімен айқындалады. Бұл мәселені зерттеу дін мен саясаттың өзара байланы-

сын, қазіргі мұсылман қоғамдарындағы өзгерістерді және исламдық ұйымдардың қоғамдық-саяси кеңістіктегі орнын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Әдіснама

Зерттеу жұмысын зерделеу барысында тарихи, салыстырмалы, жүйелік, институционалдық және құрылымдық-функционалдық талдау әдістері өзара сабақтастықта қолданылды. Салыстырмалы-тарихи әдіс әртүрлі кезеңдерде және түрлі әлеуметтік-саяси ортада қалыптасқан исламдық қозғалыстар мен ұйымдардың идеологиялық ұстанымдарын, мақсаттары мен қызмет ету ерекшеліктерін салыстыру үшін пайдаланылды. Зерттеу барысында жүйелік тәсіл исламдық қозғалыстар мен ұйымдарды оқшауланған діни құбылыс ретінде емес, қазіргі қоғамның саяси, әлеуметтік және халықаралық қатынастар жүйесімен өзара байланыстағы күрделі әлеуметтік институттар ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Институционалдық әдіс исламдық ұйымдардың ұйымдастырушылық құрылымын, басқару тетіктерін, институционалдық даму ерекшеліктерін және қоғамдық-саяси кеңістіктегі қызмет ету бағыттарын зерделеуге қолданылды. Құрылымдық-функционалдық талдау исламдық қозғалыстар мен ұйымдардың ішкі құрылымын, олардың жекелеген элементтерінің өзара байланысын және қоғамдық-саяси жүйедегі атқаратын функцияларын анықтауға бағытталды.

Негізгі бөлім

Исламдық қозғалыстар: идеологиясы, мақсаттары және қазіргі қоғамға ықпалы

Ислам – авраамдық монотеистік дін. Оның негізі ислам дәстүрінде пайғамбарлық тізбектің соңғы өкілі ретінде танылатын Мұхаммед ибн Абдулланың (570-632 жж.) діни ілімдерімен байланысты. Ислам дінінің христиандық пен иудаистік діндерден өзгешелігі өзіндік теологиялық және құқықтық жүйесінде. Мұсылмандық дүниетанымның өзегін Алланың (бір Құдайдың) бар екеніне сену және Мұхаммедті оның елшісі ретінде мойындау құрайды. Бұл негізгі ұстанымдар әрбір мұсылманның діни сенімінің рухани негізі саналатын шахадада көрініс табады [1; 2]. Исламның қалыптасу кезеңі Араб түбегінің әлеуметтік және мәдени тұрғыдан күрделі жағдайына тұспа тұс келді. Діннің алғашқы даму кезеңінде ислам Арабия аумағынан тыс жерлерге де кеңінен таралып, бұл үдерісте саяси экспансиямен қатар сауда және мәдени байланыстардың маңызды зор болды. Мұсылман өркениетінің өркендеу кезеңінде халифаттың аумағы едәуір кеңейіп, батыста қазіргі Испания жерлерінен шығыста Үндістанға дейінгі кеңістікті қамтыды. Бұл үдеріс тек әскери сипатпен шектелмей, мәдени және өркениеттік ықпалдастықпен де қатар жүрді. Нәтижесінде әртүрлі халықтар мен мәдени дәстүрлер ислам өркениетінің кеңістігіне еніп, олардың арасында әлеуметтік, мәдени және экономикалық байланыстар қалыптасты.

Мұхаммед Пайғамбар ислам дінінің негізін қалаушы тұлға ретінде діни тарихқа ғана емес, әлемдік саясат пен халықаралық қатынастардың қалыптасуына да елеулі ықпал еткен тарихи қайраткер ретінде қарастырылады. Жалпы, мұсылмандық діни тәжірибе мен исламның құқықтық жүйесі шариғат Мұхаммед пайғамбарға түскен уахиларға негізделеді. Кейін бұл діни қағидалар Құранда жүйеленіп, пайғамбардың сөздері мен іс-әрекеттері туралы риуаяттарды қамтитын хадистер арқылы толықтырылды. Шариғат мұсылман өмірінің түрлі қырларын, соның ішінде діни ғибадаттарды, оразаны, отбасылық қатынастарды және қоғамдық мінез-құлық нормаларын реттейтін құқықтық-этикалық жүйе ретінде қалыптасты. Зайырлы құқықтық жүйелерден айырмашылығы, шариғат діни тұрғыдан Жаратушы белгілеген құқықтық қағидаттар жиынтығы ретінде қабылданады. Сонымен бірге оның нақты нормаларын тарихи және қоғамдық жағдайларға сәйкес әртүрлі құқықтық мектептер мен ғалымдар әрқалай түсіндіре алады. Пайғамбар Мұхаммед қайтыс болғаннан кейін исламның таралу үдерісі тоқтаған жоқ. Оның ізбасарлары кейіннен ірі саяси құрылымдар мен империяларды қалыптастырды. Соның ішінде Омейя және Аббаси халифаттары ислам өркениетінің аса маңызды орталықтарына айналды. Олар діни өмірдің орталығы болумен қатар, өз дәуіріндегі ғылым, білім және мәдениеттің дамуына айрықша үлес қосты. Мысалы, Ибн

Сина (Авиценна) мен Ибн Рушд (Аверроэс) сияқты көрнекті мұсылман ғалымдары медицина, философия және басқа да ғылыми салалардың дамуына елеулі үлес қосты. Олардың ғылыми-философиялық еңбектері антикалық дәуір мұрасы мен кейінгі еуропалық Қайта өрлеу кезеңі арасындағы зияткерлік сабақтастықтың қалыптасуына ықпал етті [3; 4; 5].

Қазіргі кезеңде ислам жаһандық саяси, діни, демографиялық, экономикалық және мәдени үдерістерге ықпал ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Ислам дінінің әлемнің әртүрлі аймақтарында қабылдануы мен түсіндірілуіне қатысты пікірлер әркелкі болғанымен, мұсылман қауымының басым бөлігі исламның негізгі діни қағидаттарын ұстануды жалғастырып келеді. XX ғасырдың басына қарай мұсылман қоғамдары отаршылдық саясаттың ықпалы мен ұлттық сананың күшеюіне байланысты бірқатар күрделі мәселелерге тап болды. Әсіресе Батыс державаларының саяси және мәдени ықпалының кеңеюі мұсылман халықтарының діни және мәдени бірегейлігін сақтау мәселесін өзекті етті. Осы тарихи жағдайда ислам әлеміндегі діни дәстүрлерді жаңғыртуға және исламдық құндылықтарды бастапқы негіздеріне сүйене отырып қайта қарастыруға бағытталған қозғалыстар пайда болды. Аталған қозғалыстар сол кезеңдегі діни тәжірибелерді сын тұрғысынан бағалап, исламның алғашқы кезеңдеріндегі мәтіндер мен дәстүрлерге қайта оралу идеясын алға тартты. Осы бағыттардың ішінде Салафия ерекше орын алды. Салафтық бағыт исламның алғашқы буындарының діни тәжірибесі мен құндылықтарына қайта оралуды көздеген бірнеше идеялық ағымдарды біріктірді. XX ғасырдың алғашқы жартысында бұл бағыт аясында исламның қоғамдық және саяси рөліне қатысты әртүрлі ұстанымдар қалыптасты. Солардың бір бағыты панисламизм идеяларымен сабақтасып, исламның саяси мазмұнын күшейтуге бағытталды. Бұл ұстаным исламды тек діни сенім жүйесі ғана емес, сонымен қатар қоғамдық және саяси тәртіптің негізі ретінде қарастырды. Аталған көзқарас сириялық-мысырлық ғалым Рашид Рида (1865-1935) еңбектерінде айқын көрініс тапты. Оның пікірінше, исламның жаңғыруы алғашқы мұсылман қауымының діни тәжірибесі мен құндылықтарына қайта оралумен тығыз байланысты болды. Ол исламдық мәтіндерді қоғамдық және саяси тәртіпті қалыптастырудың маңызды негізі ретінде қарастырып, әулиелерге табыну дәстүрін исламның бастапқы қағидаларынан ауытқу деп бағалады. Рашид Рида 1924 жылы Осман халифатының жойылуын мұсылман үмбетінің саяси және діни бірлігінің әлсіреуіне алып келген маңызды тарихи оқиға ретінде қабылдады. Сонымен қатар ол Абд әл-Азиз ибн Саудтың Меккені жаулап алуын қолдап, қалыптасып келе жатқан Сауд мемлекетін ислам әлемі үшін жаңа саяси модель ретінде қарастырды [6]. Рашид Риданың идеялары исламдық қоғам құруды көздеген бірқатар ойшылдар мен саяси қайраткерлердің дүниетанымына елеулі ықпал етті. Солардың бірі «Мұсылман бауырлар» ұйымының негізін қалаушы Хасан әл-Банна (1906-1949). XX ғасырда аталған қозғалыс ислам әлеміндегі ықпалды қоғамдық-саяси ұйымдардың біріне айналды. Ол Мысырдың саяси өмірінде маңызды рөл атқарып қана қоймай, басқа да мұсылман елдеріндегі исламдық қозғалыстардың қалыптасуына идеялық тұрғыдан ықпал етті [7]. Бұған қарама-қарсы ұстанымды мысырлық ойшыл Али Абд ар-Разик (1888-1966) ұсынды. Оның тұжырымдамасы бойынша, ислам діні белгілі бір саяси жүйені қалыптастырудың міндетті негізі болмауы тиіс. Мұхаммед Пайғамбардың қызметі аяқталғаннан кейін исламның мемлекеттік-саяси билікті ұйымдастыру құралы ретіндегі рөлі де аяқталды деп пайымдады. Али Абд ар-Разик халифатты діни доктринаның ажырамас бөлігі емес, тарихи жағдайларға байланысты қалыптасқан саяси институт ретінде түсіндірді [1].

Али Абд ар-Разиктің көзқарастары сол кезеңдегі көптеген дін ғалымдары тарапынан қолдау таппаға-нымен, оның еңбектері зайырлы бағыттағы зиялы қауымның қалыптасуына белгілі бір дәрежеде әсер етті. Бұл топ исламдық құндылықтарды қазіргі заманғы либералдық және зайырлы қоғамдық-саяси тұжырымдамалармен үй-лестірудің мүмкіндіктерін қарастырды. Мысалы, Мысырдың көрнекті ойшылы Таха Хусейн (1889-1973) ұлттық мәдениеттің қалыптасуы әртүрлі өркениеттік элементтердің – исламдық, арабтық, ежелгі мысырлық және еуропалық мәдени мұра-лардың – өзара ықпалдастығы негізінде жүзеге асуы қажет деген пікірді ұстанды [1]. Постколониялық кезең көптеген мұсылман халықтарының тәуелсіздік алуымен сипатталды.

Бұл тарихи өзгерістер жаңадан құрылған мемлекеттердің алдында ұлттық бірегейлік пен діни құндылықтардың арақатынасын айқындайтын жаңа қоғамдық-саяси жүйелер қалыптастыру міндетін қойды. Алайда әр мемлекеттің тарихи тәжірибесі, әлеуметтік құрылымы және саяси жағдайы әртүрлі болғандықтан, исламдық бірегейлікті мемлекеттік деңгейде түсіндіру мен жүзеге асырудың өзіндік үлгілері қалыптасты. Түркия мен Сауд Арабиясының даму тәжірибесі осы бағыттағы екі түрлі модельдің мысалы ретінде қарастырылады. Түркия жағдайында Мұстафа Кемал Ататүрік мемлекет пен қоғамды жаңғыртуға бағытталған ауқымды реформалар жүргізіп, зайырлылық қағидатын мемлекеттік құрылымның негізгі ұстанымдарының біріне айналдырды. Оның пікірінше, исламның саяси билікпен тығыз байланыста болуы Осман империясының соңғы кезеңдеріндегі қоғамдық дамуды тежеп, түрік қоғамының модернизациялануына кедергі келтірген факторлардың бірі болды. Осыған байланысты Ататүрік діни институттардың мемлекеттік басқару жүйе-сіне ықпалын шектеуге ұмтылды. Сонымен қатар түрік зайырлылығы дін мен мем-лекеттің толық ажырауымен ғана сипат-талған жоқ. Керісінше, мемлекет діни құрылымдардың қызметін қатаң бақылауда ұстап, олардың қоғамдық-саяси өмірге ықпалын реттеуге тырысты [2].

Сауд Арабиясында, керісінше, мемлекеттік және қоғамдық өмірді исламдық қағидаттармен тығыз байланыстыру бағыты басым болды. Саудтық модель шариғат нормаларын қоғамдық өмірдің негізгі салаларында қолдануға негізделді. Ислам құқықтық жүйеге, білім беру саласына, моральдық нормаларға және қоғамдық тәртіпке ықпал ететін маңызды фактор ретінде орнықты. Осы модель аясында дін мемлекеттік институттардан бөлінбей, саяси жүйенің маңызды идеологиялық және құқықтық негіздерінің біріне айналды [2].

Мысырда 1922 жылы конституциялық монархия жүйесі енгізілгенімен, ел 1952 жылға дейін іс жүзінде Ұлыбританияның саяси ықпалында болды. Осы кезеңде мемлекет пен исламның өзара байланысы елдің қоғамдық-саяси пікірталастарындағы маңызды мәселелердің біріне айналды. Бір жағынан, зайырлы басқару қағидаттарын жақтаған саяси күштер болса, екінші жағынан исламды тек діни сенім жүйесі емес, сонымен бірге мемлекеттік құрылымның негізі ретінде қарастырған топтар қалыптасты. Соңғы бағыттың ішінде «Мұсылман бауырлар» қозғалысы ерекше орын алды. Алғашында шағын қоғамдық ұйым ретінде құрылған бұл қозғалыс уақыт өте келе Мысырдың ғана емес, тұтас аймақтың саяси үдерістеріне ықпал ете алатын маңызды қоғамдық-саяси күшке айналды [2].

«Мұсылман бауырлар» 1952 жылғы Еркін офицерлер революциясы кезеңінде де белгілі бір рөл атқарды. Полковник Гамаль Абдель Насер бастаған әскери төңкеріс нәтижесінде монархиялық билік жойылып, елде жаңа саяси тәртіп қалыптасты. Бұл оқиға Мысырдың кейінгі даму бағытына елеулі ықпал етіп қана қоймай, басқа мемлекеттердегі исламдық қозғалыстардың да саяси белсенділігінің артуына әсер етті. Бұрынғы реформаторлық идеялардың жалғасы ретінде қалыптасқан исламдық қозғалыстар уақыт өте келе өз мемлекеттеріндегі ықпалды саяси акторларға айналып, авторитарлық басқару жүйелеріне балама ұсынуға ұмтылды [2].

1960-жылдардан бастап исламшыл қозғалыстардың қоғамдық-саяси ықпалы біртіндеп күшейе түсті. Бұған социалистік және панарабистік идеялардың беделінің төмендеуі маңызды алғышарттардың бірі болды. Әсіресе 1967 жылғы Алты күндік соғыста араб мемлекеттерінің жеңіліске ұшырауы аймақтағы саяси идеологиялардың қайта қаралуына түрткі болды. Бұл жеңіліс панарабизм мен араб социализмінің ықпалының әлсіреуін жеделдетіп, араб және мұсылман қоғамдарында жаңа идеялық бағдарларды іздеу үдерісін күшейтті. Осындай жағдайда саяси ислам қоғамдық мобилизацияның және әлеуметтік өзгерістердің балама идеологиялық негіздерінің бірі ретінде алға шықты [8].

1950-жылдардың ортасынан бастап Кеңес Одағының ықпалында болған Мысыр 1970-ші жылдары президент Анвар ас-Садаттың билігі тұсында өзінің сыртқы саяси бағдарын қайта қарастыра бастады. Ас-Садат Кеңес Одағынан алшақтап, Сауд Арабиясымен және Парсы шығанағындағы басқа да мемлекеттермен қарым-қатынастарын нығайтуға бағыт алды. Бұл елдер аймақтағы исламдық құндылықтардың қоғамдық-саяси рөлін күшейтуге мүдделі болды. Мұнай өндіруші мемлекеттердің экономикалық қолдауы жаңа саяси байланыстардың

қалыптасуына ықпал етіп, Таяу Шығыстағы геосаяси ахуалдың өзгеруіне әсер етті [9]. Осы үдерістегі маңызды қадамдардың бірі 1962 жылы Мекке қаласында Мұсылман әлемі лигасының құрылуы болды. Сауд Арабиясының билігі аталған ұйымды ислам әлеміндегі өз ықпалын кеңейту, мұсылман қауымдарын біріктіру және исламды халықаралық деңгейде насихаттау мақсатында құрды. Уақыт өте келе Лига Сауд Арабиясында қалыптасқан исламды түсіндіру үлгісін халықаралық деңгейде таратуға ықпал ететін маңызды институтқа айналды. Оның қызметінде шариғат нормаларын қатаң ұстануға негізделген діни ұстанымдар айрықша орын алды [10].

1960-жылдардан бастап Мұсылман әлемі лигасы ислам елдерінде өз өкілдіктерін ашып, кейінгі онжылдықтарда Еуропа мен Америка құрлығындағы мұсылман қауымдарымен де байланыстарын кеңейтті. Сауд Арабиясының қаржылық және идеялық қолдауына сүйенген бұл құрылымдар исламдық бірегейлікті нығайтуға бағытталған қоғамдық бастамалардың таралуына ықпал етті. Нәтижесінде жаңа исламдық ұйымдар тек мұсылман мемлекеттерінде ғана емес, Батыс елдеріндегі мұсылман диаспоралары арасында да орныға бастады [10].

Осы кезеңде қоғам мен мемлекеттік басқару жүйесін исламдық құндылықтар мен нормаларға сәйкестендіруді көздеген исламшыл қозғалыстардың белсенділігі артты. Олар мемлекет тарапынан дін саласына жүргізілетін бақылауды сынап, ислам қағидаттарын шектеулі түрде түсіндіруге бағытталған саясатқа қарсылық білдірді. Бұл қозғалыстардың арасында ортақ саяси бағдар болмағанымен, олардың қоғамдық және саяси кеңістіктегі ықпалы біртіндеп күшейді. Әсіресе 1979 жылғы Иран революциясы исламның саяси мобилизация құралы ретіндегі әлеуетін айқын көрсетіп, исламшыл қозғалыстардың белсенділігінің одан әрі артуына ықпал етті [11].

Иран революциясы нәтижесінде Ислам Республикасы құрылып, бұл оқиға Таяу Шығыстың геосаяси құрылымына елеулі өзгеріс енгізді. Революция исламдық қозғалыстардың бірқатарына идеялық тұрғыдан әсер етіп, діни құндылықтарды саяси өзгерістермен ұштастырудың өзіндік үлгісін көрсетті. Революциялық идеологияда отаршылдыққа қарсы көзқарастармен қатар марксистік идеялардың жекелеген элементтері де көрініс тапты. Бұл ерекшелік революцияның әлеуметтік әділеттілік пен шетелдік ықпалға қарсы тұру идеяларына назар аударған әртүрлі әлеуметтік топтар арасында танымал болуына ықпал етті. Ирандағы революциялық идеялардың интеллектуалдық қалыптасуына Джалал Әл-е Ахмад пен Али Шариати секілді ойшылдардың еңбектері әсер етті. Әл-е Ахмад Батыстың мәдени және экономикалық ықпалын сынға алып, оны дәстүрлі ирандық қоғамның өзгеруіне әсер ететін маңызды фактор ретінде бағалады. Ал Али Шариати исламдық реформизмді әлеуметтік әділеттілік, теңдік және әлеуметтік қанауға қарсы күрес идеяларымен сабақтастырды [11].

Революция жетекшісі аятолла Рухолла Хомейни осы идеяларға сүйене отырып, исламдық басқарудың өзіндік тұжырымдамасын – «вилаят әл-фақих» қағидатын қалыптастырды. Аталған тұжырымдама кейін Иранның жаңа мемлекеттік жүйесінің идеологиялық негіздерінің біріне айналды. Хомейни сонымен бірге әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарды қорғау және Батыстың саяси-мәдени ықпалына қарсы тұру мәселелеріне ерекше мән берді. Бұл ұстанымдар революциялық идеялардың қоғамның түрлі әлеуметтік топтары арасында таралуына ықпал етті [11]. Жалпы алғанда, Иран революциясы көптеген исламшыл қозғалыстар үшін исламдық идеологияны мемлекеттік басқару жүйесімен ұштастырудың нақты үлгісін көрсетті. Сонымен бірге Иранның ислам әлеміндегі ықпалын кеңейтуге ұмтылысы Сауд Арабиясымен саяси және діни бәсекелестіктің күшеюіне алып келді. Нәтижесінде Таяу Шығыстағы діни және геосаяси қайшылықтардың сипаты күрделене түсті [11].

Алайда саяси исламның радикалдану үдерістері Иран революциясына дейінақ ислам әлемінің басқа аймақтарында байқалған болатын. Осы бағыттағы ықпалды тұлғалардың бірі «Мұсылман бауырлар» қозғалысының мүшесі Сайид Құтб болды. Оның түрмеде жазған еңбектері исламшыл саяси идеологияның кейінгі дамуына елеулі ықпал етті. Құтб Батыстық зайырлылық мұсылман қоғамдарының дәстүрлі құрылымын әлсіретіп, оларды исламдық құндылықтардан алыстатты деп санады. Оның пікірінше, қоғамды исламның бастапқы қағидаттарына қайта бағыттай алатын жаңа діни-саяси қауымдастық

қалыптастыру қажет болды. Құтб капитализм мен коммунизмді де әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етудің жеткілікті үлгісі ретінде қабылдамады. Оның пайымдауынша, аталған жүйелер діннің қоғамдық және мемлекеттік өмірдегі рөлін шектеді. Сондықтан ол исламдық құндылықтарға негізделген жаңа қоғамдық тәртіп орнатуды ұсынды. Құтбтың тұжырымдамасында зайырлы ұлттық мемлекеттер «жәһилия» ұғымымен сипатталатын рухани және әлеуметтік адасу жағдайына алып келетін жүйе ретінде бағаланды [12].

Сайид Құтбтың идеялары Абул-Ала Маудудидің еңбектерімен сабақтасып, кейін радикалды саяси исламның қалыптасуына айтарлықтай әсер етті. 1941 жылы Британдық Үндістанда Ислам қоғамын құрған Маудуди исламдық мемлекет тұжырымдамасын теориялық тұрғыдан дамытуда маңызды рөл атқарды. 1947-ші жылы Үндістан мен Пәкістан бөлінгеннен кейін ол өз ұйымының қызметін қайта ұйымдастырып, Пәкістанда исламдық мемлекет құру идеясын ілгерілетті. Оның көзқарасында шариғат құқықтық жүйенің негізгі қайнар көздерінің бірі болуы тиіс еді [12].

1970-ші жылдардан бастап ислам әлемінде саяси радикализмнің жаңа формалары қалыптаса бастады. Бұл бағыттағы кейбір топтар агрессивті риторикаға сүйеніп, саяси мақсаттарына жету барысында зорлық-зомбылық әдістерін қолдануды ақтауға тырысты. Олардың жекелеген өкілдері өз мемлекеттерінің басшыларын діннен безгендер деп жариялап, оларға қарсы күш қолдануды заңды деп түсіндірді. Мұндай үрдістің көрнекті мысалдарының бірі 1981 жылы Мысыр президенті Анвар ас-Садаттың радикалды «Мысыр исламдық жиһады» тобы тарапынан өлтірілуі. Ұйым оны 1979 жылы Израильмен бейбіт келісім жасасуы сияқты саяси шешімдері үшін айыптады [12].

Мемлекеттік билікке қарсы қарулы қарсылық Мысырмен ғана шектелмей, ислам әлемінің басқа да аймақтарында байқалды. Мемлекеттік құрылымдардың жауап шаралары кей жағдайда қатаң сипат алып, исламшыл белсенділер жаппай қудалауға ұшырады. Жекелеген мемлекеттерде саяси қарама-қайшылықтар ұзақ мерзімді қарулы қақтығыстарға ұласты. Соның ең айқын мысалдарының бірі 1992-2002 жылдар аралығында Алжирде болған азаматтық соғыс. 1970-жылдардан 1990-жылдардың ортасына дейін Мысырда да мемлекет пен исламшыл қозғалыстар арасында ұзаққа созылған қарулы қақтығыстар орын алды. Саяси қуғын-сүргін мен тұрақсыздықтың күшеюі бірқатар белсенділердің Еуропа мен Америка елдеріне қоныс аударуына, сондай-ақ Ауғанстандағы соғыс сияқты халықаралық сипат алған қарулы қақтығыстарға қатысуына әсер етті.

Исламдық қозғалыстардың идеологиялық негіздері және қоғамдық-саяси бағыттары

Исламдық қозғалыстар қазіргі қоғамдағы діни, әлеуметтік және саяси үдерістермен тығыз байланысты көпқырлы құбылыс ретінде сипатталады. Олар ислам дінінің негізгі қағидалары мен құндылықтарын қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында жүзеге асыруды көздейтін ұйымдар мен топтардың кең ауқымын қамтиды. Аталған қозғалыстардың қалыптасуы мен қызмет ету ерекшеліктері олардың тарихи жағдайына, әлеуметтік ортасына, идеологиялық ұстанымдарына және саяси мақсаттарына қарай әртүрлі болып келеді. Сондықтан исламдық қозғалыстарды бір ғана сипат арқылы түсіндіру олардың ішкі ерекшеліктерін толық ашуға мүмкіндік бермейді.

Исламдық қозғалыстарды зерттеуде қолданылатын ғылыми терминдер де олардың бағыттары мен ерекшеліктерін ажыратуға мүмкіндік береді. Мысалы, «исламдық радикализм» ұғымы қоғамды түбегейлі өзгертуге бағытталған радикалды көзқарастар мен әрекеттерді сипаттауда қолданылады. Ал «фундаментализм» термині діни мәтіндердің бастапқы мазмұнына барынша жақын болуды және дәстүрлі діни қағидаларды қатаң сақтауды білдіреді. Сонымен қатар исламдық құндылықтарды қазіргі жағдайға бейімдеп жаңғыртуға бағытталған үрдістер «исламдық жаңғыру» ұғымымен сипатталады.

«Исламдық белсенділік» ұғымы ислам қағидаларын қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларына енгізуге бағытталған кең көлемдегі іс-әрекеттерді қамтиды. Оның құрамына діни-ағартушылық қызмет, әлеуметтік көмек көрсету, қайырымдылық жұмыстары, мәдени бастамалар және қоғамдық-саяси белсенділік сияқты бағыттар кіруі

мүмкін. Ал «исламизм» термині исламдық идеялардың саяси сипат алуын және оларды мемлекеттік басқару мен қоғамдық тәртіпті қалыптастыруда пайдалануға ұмтылысты білдіретін ұғым ретінде ғылыми әдебиетте кеңінен қолданылады. Исламшыл қозғалыстардың бір бөлігі қоғамдық тәртіпті исламдық құндылықтар мен нормалар негізінде қалыптастыруды мақсат етеді.

Мұндай ұстанымдардың ішінде шариғат қағидаларын құқықтық жүйеде қолдану, исламдық моральдық нормаларды қоғамдық қатынастарда орнықтыру және мемлекеттің басқару жүйесінде діни қағидалардың рөлін күшейту сияқты бағыттар кездеседі. Осы тұрғыдан алғанда, исламшыл қозғалыстарды діни сенімге негізделген, бірақ саяси билікке араласуды мақсат етпейтін ұйымдардан ажырату қажет. Мысалы, «Жамағат Таблиғи» сияқты трансұлттық діни қозғалыстардың негізгі бағыты мұсылмандардың рухани дамуы мен діни білімін арттыруға негізделеді және олардың басты мақсаты мемлекеттік билікке қол жеткізу емес. Исламшыл қозғалыстардың әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету, кедей және әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарға қолдау көрсету сияқты мақсаттары олардың қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып саналады. Алайда бұл міндеттер кейбір қозғалыстардың кеңірек идеологиялық және қоғамдық мақсаттарының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Яғни әлеуметтік мәселелерді шешу исламдық құндылықтарға негізделген қоғам қалыптастырудың бір тетігі ретінде түсіндірілуі мүмкін. Осы ерекшелік исламшыл қозғалыстардың саяси сипатымен қатар, олардың діни негізін де сақтайтынын көрсетеді. Исламшыл қозғалыстардың мемлекеттік билікке деген көзқарасын түсіндіруде исламдық дәстүрдегі «жақсылыққа шақыру және жамандықтан тыю» қағидасының маңызы ерекше. Араб тіліндегі «әл-амр бил-мағруф уә-н-нahи ан әл-мункар» ұғымы қоғамдағы моральдық нормаларды сақтау мен теріс әрекеттердің алдын алуды білдіреді. Бұл қағида көптеген исламдық қозғалыстардың қоғамдық тәртіпті өзгертуге деген ұмтылысының діни-идеологиялық негіздерінің бірі ретінде қарастырылады. Сонымен бірге «жақсылық» пен «жамандықтың» мазмұнын кім анықтайтыны және бұл қағиданы қоғамда қандай әдістер арқылы жүзеге асыру қажет деген мәселелер мұсылман қоғамдарында әртүрлі пікірлердің қалыптасуына себеп болды [13].

Тарихи кезеңдерде аталған қағидаларды түсіндіру мен діни нормалардың шекарасын белгілеуде улемдердің рөлі басым болды. Олар шариғат талаптарына сүйене отырып, рұқсат етілген және тыйым салынған әрекеттердің аражігін ажыратуға ықпал етті. Ал қазіргі кезеңде бұл мәселелерге исламдық қозғалыстардың өздері де белсенді түрде араласа бастады. Кейбір қозғалыстар мемлекетті діни және моральдық қағидаларды қоғамдық деңгейде жүзеге асырудың тиімді құралы ретінде қарастырады. Осы себепті олардың мемлекеттік билікке қатысуға деген ұмтылысы діни ұстанымдармен қатар саяси мақсаттармен де сабақтасып жатады. Исламшыл қозғалыстардың қоғамдық-саяси көзқарастарында жеке адамның құқықтары мен міндеттерінің арақатынасына да ерекше мән беріледі. Кейбір идеологиялық бағыттарда жеке тұлғаның автономиясынан гөрі оның қоғам алдындағы жауапкершілігі мен діни міндеттерін орындауына басымдық беріледі. Мұндай жағдайда адамның мінез-құлқы мен қоғамдық міндеттері исламдық моральдық нормалар негізінде түсіндіріледі. Бұл нормаларды нақты түсіндіру мен қолдану қозғалыстардың көшбасшылары мен діни-идеологиялық өкілдерінің көзқарастарына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Осылайша, исламдық қозғалыстардың идеологиялық негіздері діни қағидалармен шектелмей, олардың қоғам мен мемлекет туралы түсініктерін де қалыптастырады. Олардың кейбірі қоғамдық өмірді исламдық құндылықтарға сәйкес қайта ұйымдастыруды көздесе, енді бір бөлігі діни-ағартушылық және әлеуметтік қызметпен шектеледі. Сондықтан исламдық қозғалыстарды ғылыми тұрғыдан талдауда олардың идеологиясын, мақсаттарын, әлеуметтік базасын, саяси ұстанымдарын және қызмет ету әдістерін кешенді түрде қарастыру маңызды. Бұл тәсіл исламдық қозғалыстардың қазіргі қоғамдағы нақты орнын анықтауға және олардың саяси, әлеуметтік әрі мәдени процестерге ықпалын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Исламдық ұйымдардың пайда болуы мен даму динамикасы діни тарихи жолмен, мұсылман әлеуметіндегі саяси-әлеуметтік трансформациялармен және халықаралық аренадағы өзгерістермен тығыз байланысты. Ислам алғашқы кезеңдерден бастап тек

сенім тізбегі ретінде ғана емес, қоғамдық қатынастарға, заңнамалық нормаларға және мемлекеттік құрылымдарға әсер ететін өркениеттік күш ретінде қалыптасты. Осы ерекшелік кейінгі кезеңдерде ислам-ның саяси-әлеуметтік маңызының сақта-луына және түрлі бағыттағы исламдық ағымдардың туындауына негіз болды. XX ғасырдың ба-сында отаршылдық қысымның артуы, ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы және батыстық мәдениеттің ықпалы мұсылман қоғамдарында діни және ұлттық бірегейлік мәселелерін өзекті етті.

Осы жағдайда исламдық жаңғыруды көздеген реформаторлық және саяси ағымдар қалыптасты. «Салафия» және «Мұсылман бауырлар» сияқты қозғалыстар исламдық құндылықтарды қоғамдық-саяси өмірге енгізуге бағытталса, Али Абд ар-Разик сияқты ойшылдар ислам мен мемлекеттік басқаруды ажырату қажеттігін алға тартты. Бұл көзқарастар исламның саяси рөліне қатысты теориялық бағыттардың қалыптасуына ықпал етті. Постколониалдық кезеңде исламдық қозғалыстардың да-муында мемлекеттік саяси жүйелер мен ұлттық ерекшеліктер маңызды рөл атқарды. Түркиядағы секуляризация үлгісі мен Сауд Арабиясындағы исламдық прин-циптерге негізделген мем-лекеттік мо-дель бір-біріне қарама-қарсы бағыттарды көрсетті. Ал Мысырдағы «Мұсылман бау-ырлар» қозғалысының дамуы исламшыл ұйымдардың қоғамдық және саяси кеңістікте біртіндеп ықпалды акторларға айналғанын көрсетті. 1960-1970 жылдардағы панараб-изм мен социализмнің әлсіреуі де саяси исламның күшеюіне қолайлы жағдай қалыптастырды. 1979 жылғы Иран рево-люциясы исламның саяси мобилизациялық әлеуетін айқын көрсетіп, исламдық идео-логияның мемлекеттік басқару жүйесінде жүзеге асуының нақты үлгісін қалып-тастырды. Салафия, «Мұсылман бауырлар» секілді қозғалыстар ислам құндылықтарын қоғамдық және саяси өмірде қайта жаңғыртуға бағытталса, Али Абд ар-Разик сияқты ойшылдар ислам мен мемлекеттік басқаруды бір-бірінен ажырату қажеттігін алға тартты. Бұл пікірлер исламның саяси рөліне қатысты түрлі теориялық бағыттар-дың қалыптасуына ықпал етті. Постко-лониалдық кезеңде исламдық қозғалыс-тардың дамуында мемлекеттердің саяси жүйесі мен ұлттық ерекшеліктері маңызды рөл атқарды. Түркиядағы секуляризация үлгісі мен Сауд Арабиясындағы исламдық қағидаларға негізделген мемлекеттік мо-дель бір-біріне қарама-қарсы бағыттарды көрсетті. Ал Мысырдағы «Мұсылман ба-уырлар» қозғалысының дамуы ислам-шыл ұйымдардың қоғамдық және саяси кеңістікте біртіндеп ықпалды акторларға айналғанын көрсетті.

1960-1970 жылдардағы панарабизм мен социализмнің әлсіреуі де саяси исламның күшеюіне қолайлы жағдай қалыптастырды. 1979 жылғы Иран революциясы исламның саяси мобилизациялық әлеуетін айқын көр-сетіп, исламдық идеологияның мемлекеттік басқару жүйесінде жүзеге асуының нақты үлгісін қалыптастырды. Сонымен қатар бұл кезең Сауд Арабиясы мен Иран арасындағы ислам әлеміндегі ықпал үшін бәсекелестіктің күшеюіне әсер етті. Саид Кутб пен Абул-Ала Маудуди секілді ойшылдардың еңбектері саяси исламның идеологиялық негіздерінің қалыптасуына ықпал етсе, кейінгі кезеңде олардың идеяларының кейбір радикалды интерпретациялары зорлық-зомбылықты қолдайтын қозғалыстардың пайда болу-ына әсер етті. Сонымен бірге исламдық қозғалыстардың барлығын радикалды не-месе экстремистік сипатта қарастыру дұрыс емес. Қазіргі исламдық қозғалыстардың арасында саяси жүйеге бейбіт жолмен қатысуды, сайлау үдерістеріне араласуды, әлеуметтік реформаларды жүзеге асыру-ды және қоғамның әлеуметтік жағдайын жақсартуды көздейтін ұйымдар да бар.

Сондықтан да исламдық қозғалыстарды зерттеу барысында олардың идеологиялық бағыттарын, саяси мақсаттарын, қолданатын әдістерін және нақты әлеуметтік-саяси ортасын ескеру қажет. Қорыта айтқанда, исламдық қозғалыстардың тарихи эво-лю-циясы діни жаңғырудан саяси моби-лизацияға, ұлттық деңгейдегі ұйымдардан трансұлттық желілерге дейінгі күрделі даму жолын қамтиды. Олардың қазіргі қоғамға ықпалы саясатпен ғана шектел-мей, әлеуметтік қатынастарға, білім беру жүйесіне, мәдениетке, азаматтық қоғамға және халықаралық қатынастарға да та-ралады. Осыған байланысты исламдық қозғалыстарды біртекті құбылыс ретінде емес, идеологиялық ұстанымы, мақсаты, ұйымдастырушылық құрылымы мен саяси әрекет ету тәсілдері әртүрлі көпқырлы фе-номен ретінде қарастыру ғылыми тұрғыдан маңызды. Бүгінгі таңда олардың эволюция-сын зерттеу жаһандану жағдайындағы дін

мен саясаттың өзара байланысын, мұсылман қоғамдарындағы саяси өзгерістерді және халықаралық қатынастардағы жаңа үрдістерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар исламдық ұйымдар мен қозғалыстардың қазіргі қоғамға ықпалы олар-дың діни қызметімен ғана шектелмейді. Олар білім беру, қайырымдылық, әлеуметтік қолдау, мәдени құндылықтарды сақтау және қоғамдық пікір қалыптастыру бағыттарында да белсенділік танытады. Сондықтан олардың қоғамдағы рөлін жан-жақты бағалау үшін діни факторлармен қатар әлеуметтік, саяси және экономикалық жағдайларды да ескеру қажет. Исламдық ұйымдар мен қозғалыстардың тарихи қалыптасуы мен қазіргі дамуы дін, саясат және қоғам арасындағы өзара байланысты көрсететін күрделі әрі көпқырлы құбылыс. Олардың эволюциясын зерттеу қазіргі мұсылман қоғамдарындағы өзгерістерді, исламның қоғамдық-саяси рөлін және халықаралық қатынастардағы діни фактордың маңызын түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан исламдық ұйымдар мен қозғалыстарды тарихи сабақтастық, идеологиялық ерекшелік және қазіргі әлеуметтік-саяси жағдай тұрғысынан кешенді зерттеу өзектілігін сақтайды.

Қаржыландыру

Мақала № BR31714927 «Қазақстандық динамиканың социеталды контекстіндегі көпқырлы бірегейлік пен қоғамдық консенсус: гибридті сынқатерлер жағдайында азаматтық бірлік модельдерін іздеу» іргелі ғылыми зерттеулер жобасы бойынша дайындалды.

Әдебиеттер тізімі

1 Islam: Basic beliefs. (n.d.). United Religions Initiative. https://www.uri.org

2 An introduction to the Abrahamic religions. (n.d.). SpringerLink. https://link.springer.com/chapter/10.1007/978-3-319-15548-7_1

3 Understanding Sharia: The intersection of Islam and the law. (n.d.). Council on Foreign Relations. https://www.cfr.org

4 Shari'a: Islamic law in the contemporary context. (n.d.). YaleGlobal Online. https://archive-yaleglobal.yale.edu

5 Prophet Muhammad (PBUH) as a political leader. (n.d.). IslamOnline. https://islamonline.net

6 Salafiyya movement. (n.d.). Encyclopedia.com. https://www.encyclopedia.com/humanities/encyclopedias-almanacs-transcripts-and-maps/salafiyya-movement

7 Hassan al-Banna. (n.d.). Religion and Public Life at Harvard Divinity School. https://rpl.hds.harvard.edu/faq/hassan-al-banna

8 With Islamization, Erdogan is reshaping Atatürk's Turkey. (n.d.). Fanack.com. https://www.fanack.com/turkey-islamization

9 Religion and secularism in the Middle East: A primer. (n.d.). Foreign Policy Research Institute. https://www.fpri.org/article/religion-secularism-middle-east

10 Islamism after the Arab defeat of 1967: The rise of a new ideology. (n.d.). The Washington Institute. https://www.washingtoninstitute.org/policy-analysis/islamism-after-arab-defeat-1967

11 Sadat's foreign policy: From the Soviet Union to the United States. (n.d.). Council on Foreign Relations. https://www.cfr.org/sadat-foreign-policy

12 The Muslim World League: Promoting Wahhabism. (n.d.). Oxford Islamic Studies Online. https://www.oxfordislamicstudies.com/article/mwl

13 Enjoining Al-Maruf and forbidding Al-Munkar. (n.d.). Islam Explained. https://islamexplained.info/enjoining-al-maruf-and-forbidding-al-munkar/

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Еңлік Құралғазықызы Қасабекова — аға ғылыми қызметкер, PhD, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, enlik78@rambler.ru:, ORCID ID: 0000-0002-8581-7815

Алмасбек Дүйсенбекұлы Шағырбай — жетекші ғылыми қызметкер, қауымдастырылған профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, almasbek85@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-9146-1408

Енлик Куралгазыкызы Касабекова — старший научный сотрудник, PhD, Институт философии, политологии и религиоведения Комитета науки МНВО РК, Алматы, Казахстан, enlik78@rambler.ru:, ORCID ID: 0000-0002-8581-7815

Алмасбек Дуйсенбекулы Шагырбай — ведущий научный сотрудник, ассоцированный профессор, Институт философии, политологии и религиоведения Комитета науки МНВО РК, Алматы, Казахстан, almasbek85@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-9146-1408

Yenglik Kassabekova — Senior Researcher, PhD, Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, enlik78@rambler.ru:, ORCID ID: 0000-0002-8581-7815

Almasbek Shagyrbay — Senior Researcher, Associate Professor, Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, almasbek85@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-9146-1408

IRSTI 21.21.31 | Research Article

RELIGIOUS COPING MECHANISMS OF KAZAKH YOUTH IN STRESSFUL SITUATIONS AND PSYCHOLOGICAL FUNCTIONS OF RELIGIOSITY

A.N. Akhmetova[1], K.K. Kaliyev[2], G.D. Rakhimova[3]

ABSTRACT

In the context of globalization, several factors can be noted that affect the stress of young people. For example, the abundance of information, the desire for an ideal life on social networks, the decline of cultural values, and economic instability, several factors can lead to the current Internet generation becoming discouraged or stressed. This article examines the psychological functions of religious coping strategies and religiosity of modern Kazakh youth in difficult psychological periods, that is, in stressful situations. The theory of "religious coping" proposed by Kenneth I. Pargament was used as a theoretical basis in the study. The main method of the study was the analysis of the results of a survey conducted among students of higher education institutions in Kazakhstan and studies in international scientific literature. Empirical data showed that the majority of students perceive religious practices as an important means of maintaining emotional stability and overcoming life's difficulties. In addition, respondents noted that spirituality contributes to the formation of meaning in life, strengthening the sense of psychological security, and social adaptation. As a result, it was determined that religion is an important socio-psychological resource that supports the psychological adaptation, emotional stability and social integration of young people in the conditions of modern Kazakhstan.

Keywords: Religiosity, Religious Coping, Kazakh Youth, Spirituality, Psychological Adaptation, Meaning in Life.

[1] Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan

[2]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

[3]Abai National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Corresponding author:
K. Kaliyev,
kaskyrbekkaliev@gmail.com

Citation:
Akhmetova A.N., Kaliyev K.K., Rakhimova G.D. Religious Coping Mechanisms of Kazakh Youth in Stressful Situations and Psychological Functions of Religiosity // Adam Alemi. – 2026. – Vol. 28. – No. 3 (109). – P. 260–269. – DOI: 10.48010/q6nrs794

Open Access
© The Author(s), 2026
This is an open-access article distributed under the terms of the Creative Commons Attribution 4.0 International License (CC BY 4.0).
https://creativecommons.org/licenses/by/4.0/

Received: 20/05/2026
Accepted: 06/09/2026
Published online: 30/09/2026

Қазақ жастарының стресс жағдайындағы «діни копинг» механизмдері және діндарлықтың психологиялық функциялары

Аңдатпа. Жаһандану жағдайында жастардың стреске ұшырауына әсер ететін бірнеше факторларды атап өтуге болады. Мысалы ақпараттың көптігі, әлеуметтік желілердегі идеал өмірді аңсау, мәдени құндылықтардың құлдырауы, экономикалық тұрақсыздық сынды бірнеше факторлар қазіргі интернет ұрпақтарын өмірден түңілдіруге немесе стреске түсуіне алып келуі мүмкін. Бұл мақалада қазіргі Қазақ жастарының психологиялық қиын кезеңдерінде, яғни стресс жағдайындағы діни копинг стратегиялары мен діндарлықтың психологиялық функциялары қарастырылады. Зерттеу барысында Кеннет И. Пергемент ұсынған «religious coping» теориясы теориялық негіз ретінде қолданылды. Зерттеудің негізгі әдісі ретінде Қазақстандағы жоғары оқу орындарының студенттері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері және халықаралық ғылыми әдебиеттердегі зерттеулер талданылады. Эмпирикалық деректер студенттердің басым бөлігі діни тәжірибелерді эмоционалдық тұрақтылықты сақтаудың және өмірлік қиындықтарды еңсерудің маңызды құралы ретінде қабылдайтынын көрсетті. Сонымен қатар респонденттер руханилықтың өмірлік мағына қалыптастыруға, психологиялық қауіпсіздік сезімін күшейтуге және әлеуметтік бейімделуге ықпал ететінін атап өтті. Нәтижесінде діннің қазіргі Қазақстан жағдайында жастардың психологиялық бейімделуін, эмоционалдық тұрақтылығын және әлеуметтік интеграциясын қолдайтын маңызды әлеуметтік-психологиялық ресурс екені анықталды.

Түйін сөздер: діндарлық, діни копинг, қазақ жастары, руханилық, психологиялық бейімделу, өмірлік мағына.

Механизмы религиозного копинга у казахской молодежи в стрессовых ситуациях и психологические функции религиозности

Аннотация. В контексте глобализации можно выделить несколько факторов, влияющих на стресс у молодежи. Например, обилие информации, стремление к идеальной жизни в социальных сетях, упадок культурных ценностей и экономическая нестабильность – все это может привести к тому, что нынешнее интернет-поколение будет испытывать уныние или стресс. В данной статье рассматриваются психологические функции религиозных стратегий преодоления трудностей и религиозность современной казахстанской молодежи в сложные психологические периоды, то есть в стрессовых ситуациях. В качестве теоретической основы исследования использована теория «религиозного преодоления трудностей», предложенная Кеннетом И. Паргементом. Основным методом исследования стал анализ результатов опроса, проведенного среди студентов высших учебных заведений Казахстана, и исследований в международной научной литературе. Эмпирические данные показали, что большинство студентов воспринимают религиозные практики как важное средство поддержания эмоциональной стабильности и преодоления жизненных трудностей. Кроме того, респонденты отметили, что духовность способствует формированию смысла жизни, укреплению чувства психологической безопасности и социальной адаптации. В результате было установлено, что религия является важным социально-психологическим ресурсом, поддерживающим психологическую адаптацию, эмоциональную стабильность и социальную интеграцию молодежи в условиях современного Казахстана.

Ключевые слова: религиозность, религиозное адаптирование, казахская молодежь, духовность, психологическая адаптация, смысл жизни.

Introduction

Modern society is progressing amidst radical socio-cultural changes. Accelerating individuation along with a weakening of social and existential stability and a rise of social environments fraught with different types of risks have all brought a very high level of psychological stress in everyday life. Economic insecurity, changing roles in society, incessant flow of information and higher intensity of social comparison have all contributed to a decrease in the individuals' capability to foresee the future which in turn has led to an increase in the demands made on their psychological adjustment resources. Therefore, contemporary stressors are not only rising in quantity but also in complexity, which results in increasing the need for new kinds of internal coping mechanisms. In these circumstances, the religiosity also has significantly transformed. In old times, religiosity was mainly thought of in terms of churches, rituals that didn't change, and community practices. However, in modern secular societies, it has become more and more individual and based on personal experience. Thus, Religion is not so much tied to a formal label as it is to the way a person finds meaning in life, spiritual needs inside a person, and the experience that is personal and subjective. Consequently, this change implies that religion should not only be considered a social institution but also a psychological phenomenon that takes place in the inner world of an individual. Hence, from this viewpoint, present-day religiosity is very much linked with the ways in which individuals find meaning in and manage their life struggles.

In this sense, religious coping has become a very influential concept. Religious coping can be defined as overcoming psychological difficulties through the invocation of religion. Religious coping is a process where individuals turn to religious faith, refer to religious characters, and engage in religious activities, to find subjective meaning in their sufferings and to control their psychological adjustments when faced with stress and crisis situations. Kenneth Lord Pargament's framework holds that religiousness as a symbolic system, empowers people to restore emotional balance, and making sense of hard times, even giving them a reason to live their life when confronted with stress, uncertainty, or life crises from an existential viewpoint [2, p. 112]. Pargament identifies two types of religious coping. First positive religious coping is one form and the includes aspects such as turning to God for help when things are difficult praying being patient and getting support from members of religious communities. Alongside this Pargament brings to the fore a negative religious coping too emphasizing that it is there. This sort of coping is realized through the idea that one is being punished by God for one's sins e.g. the belief that one is suffering due to sinfulness or through God's retribution. Both types of religious coping can be found among Kazakhs. Negative expressions in particular are found in destructive religious movements and sectarian environments. This study mainly focuses on the analysis of survey data of Kazakh youth practicing traditional Kazakh Islam. Nowadays, with the decline of traditional social support systems and the rise of individual responsibility, religion-based coping probably acts as one of the main ways through which people can help themselves psychologically with their internal resources. Therefore, it is still

quite a very good idea to study religious coping as one of the main notions that show the psychological nature of contemporary religiosity. Considering religious coping as a personal adaptation resource not only gives a psychological insight into current religious trends but also accurately interprets the role of religion in the maintenance of psychological well-being and life stability.

In the international academic circles, the religiosity and psychological well-being link has been one of the most studied topics in the past few decades. Through empirical studies, mainly inside Muslim societies, it has been shown that religion is not only a system of belief but also a major socio-cultural resource strengthening psychological resilience. The most common explanation in modern psychology of the religion of this phenomenon is the religious coping theory that resulted in a large number of researches. As an example, a research carried out in Saudi Arabia on women with cancer revealed that participants who had a high degree of religiosity displayed considerably higher psychological resilience and emotional stability [4, p. 220]. The authors decided that religious rituals are a significant factor in the control of fear, uncertainty, and emotional distress. Likewise, research done in Muslim communities in Norway by Ishaq, Østby, and Johannessen (2021) showed that people with strong religious beliefs were less prone to mental health issues [10 p. 100]. Studies first conducted in the USA and then extended to Iran, Turkey, and other European countries connect religion with aspects like social support, finding meaning, and moral stability. However, in Kazakhstan, research on this topic is very limited and only indirect research is available at the moment. But the rise in young people being more religious and the increasing appearance of conversion to different religions show the importance of studying this issue further [11, p. 174]

S. Faruk, M. Asadullah, and A. K. T. Tsang researched Muslim communities in Canada. First, the authors explored the ways of adjusting mental health services to the religious and cultural features of Muslim communities. Then, they discovered that systems of support that recognize the religious perspectives of individuals are much more effective. The authors stated that religion is an important factor in maintaining cultural unity and social security for migrant and minority communities [7, p. 70]. Furthermore, Megan Smith and her team explored a faith-based culturally adapted intervention model with young Muslim women. The research showed that by tailoring psychological treatments to the participants' cultural and religious traits not only builds trust in therapy but also helps to alleviate depressive symptoms [22, p. 11]. This underscores why it is so crucial to blend religion and culture with modern psychological aids.

Ali Heidari and colleagues, through a research conducted among medical students in Iran, also found mindfulness in spiritual practices to be positively linked with psychological well-being. The authors acknowledged that spiritual practices could help individuals in increasing the capacity for emotions regulation, the conclusion was drawn from. [9, p. 131].

Methodology

The purpose of the paper is to determine the use of religious beliefs and spiritual practices as a psychological resource by Kazakh students in situations of stress and life difficulties, their relationship with a sense of security, emotional state and meaning in life. The study was conducted in a cross-sectional design based on a quantitative approach, and the theory of religious coping proposed by K. I. Pargament was taken as a theoretical basis. Empirical data were collected through an online survey among approximately 300 students studying at higher educational institutions in Kazakhstan. 61% of the respondents were men, 39% were women.

The survey included indicators of the role of religious practices in overcoming life difficulties, feeling the support of God or higher powers, emotional comfort, a sense of security, meaning in life and general emotional state. The questions were based on the concepts of relying on religious beliefs, seeking help and receiving spiritual support in Pargament's theory.

Descriptive statistics, frequencies and percentages were used in data analysis. Possible relationships between religious practices and psychological indicators were considered comparatively, and the results were compared with international studies. Because the study was cross-sectional, the relationships identified were interpreted as subjective assessments of respondents and observed trends rather than as causal relationships. Since the sample was limited to students, the results cannot be directly generalized to young people in general.

Main part

Religious Coping and Psychological Well-Being among Kazakhstani Youth

The theory of religious coping was first introduced by Kenneth I. Pargament in his studies during the 1990s. However, this theory has neither lost its relevance in Europe nor in other parts of the world. Actually, it has become more significant especially in the context of globalization and in periods when people experience stress and illness like during the COVID-19 pandemic. Pargament argues that religion is a major source of strength for people when they go through psychologically difficult times and it even aids their endurance. For instance, he illustrates that religion can be of great help to individuals by arming them with direction, backing, and hope, which in turn enables them [19, p. 794]. Specifically, religion is a very important aspect in the method of solving life problems. Besides religious faith, people can get emotional support from problem-helping source individuals, especially, in the situation of stress [20, p. 94].


